

Мәуен ХАМЗИН

**Қазақ мемуарлық
романы**

Оқу құралы

**Қазақстан Республикасы Білім және ғылым
министрлігі
«Болашақ» академиясы**

Мәуен ХАМЗИН

**Қазақ мемуарлық романы
Оқу құралы**

УДК 821.512.(075)
ББК 83.3(5Қаз) я73
Х18

ПІКІР ЖАЗҒАНДАР:

Ж. Жарылғапов, филология ғылымдарының докторы, профессор
Қ. Сембисев, филология ғылымдарының кандидаты, профессор

ISBN 978-601-273-323-5

Хамзин М.

X18 Қазақ мемуарлық романы. Оқу құралы.

Қарағанды: «Типография Арко» ЖШС, 2016, 238 бет

Оқу құралы «Болашақ» академиясының Ғылыми Кеңесі мәжілісінде талқыланып, баспаға ұсынылды.

Оқу құралында жетекші жанр болып табылатын роман, оның ішінде қазақ мемуарлық шығармалары қарастырылған. Еңбек болашақ филолог – мамандарға, магистранттар және оқырман жұртшылыққа арналған.

УДК 821.512.(075)

ББК 83.3(5Қаз) я73

ISBN 978-601-273-323-5

© Хамзин М.

МАЗМҰНЫ

Кіріспе	4
1. Мемуарлық шығармалар	8
1.1. Мемуарлық шығарма туралы теориялық мағлұматтар	8
1.2. Әлем әдебиетіндегі мемуарлық шығармалар: тууы, дамуы, қалыптасуы	16
2. Қазақ әдебиетіндегі мемуарлық туындылар және дәстүр жалғастығы	18
2.1. Алғашқы мемуарлық туындылар: дәстүр мәселелері	18
2.2. Кеңес дәуіріндегі мемуарлық романдар (С.Кобесовтің «Орындалған арман», С.Сейфуллиннің «Тар жол, тайғақ кешу», С.Мұқановтың «Өмір мектебі», Ғ. Мұстафиннің «Көз көрген» романдарының өзіндік ерекшеліктері)	32
2.3. Тәуелсіздік жылдарындағы мемуарлық шығармалар	58
Қорытынды	230
Әдебиеттер тізімі	236

Кіріспе

Өнер – адам баласының көркемдік танымының нәтижесі. Әдебиет – өнердің бір түрі. Әдебиет – адамтану ғылымы. Әлемнің түрлі елдеріндегі әдебиеттің яғни сөз өнерінің тууы, дамуы, қалыптасуы, кемелденуі – бәрі де сол елдегі қоғамдық-әлеуметтік, тарихи, саяси жағдаяттарға тікелей байланысты. Әдебиеттің даму, өркендеу сапасын анықтайтын жайттарға көркем шығарманың танымдық, тәлімдік, эстетикалық деңгейін саралау жатады.

Демек, әдебиет теориясы қарастыратын мазмұн мен пішін, көркем шығарманың табиғаты, типтілік, типтендіру мәселесі, құрылым ерекшеліктері, әдеби үдеріс, көркемдік әдіс, әдеби бағыт, ағымдар, өнер және эстетика, әдебиеттегі тек, түр, жанр т.б біртұтастыққа көрініп, Адам атты жаратындының көркем бейнесін кескіндейді. Ал, өз мәнінде сомдалған көркем бейне эстетикалық деңгейін айғақтайды. Теориялық тұрғыдан алғанда, лайықты мазмұнға келісті пішін керек. Бұл салада айрықша орынға ие компонент – жанр. Жанр – тарихи категория. Адамзат қоғамының даму үдерісіне сай жанрда да белгілі бір дәрежеде өзгеріс, жаңғырулар болып тұратыны аян екеніне дең қойсақ, қазақ әдебиетінде мемуарлық жанрдың айрықша орын алатынын ескерген жөн. Бұл жанр, әсіресе, еліміз тәуелсіздікке қол жеткізген жылдан бастап қарқынды дамыды. Ендеше, оның туу, даму, қалыптасу жолдарын, өзіндік ерекшеліктерін айқындау маңызды міндетке жататынын айтқымыз келеді. Бұл орайда ұлттық әдебиеттегі мемуар жанры, оның өзіндік ерекшеліктері, қазақ болмысымен түйінделген негізгі арқауы т.б. мәселелер қамтылатынын ескерген жөн.

Руханият саласына жататын көркем әдебиет өзінің танымдық, тәрбиелік, эстетикалық сипаттарымен ерекшеленетіні мәлім. Ал осы мәселе, тарихи категория болып табылатын жанр тұрғысынан келсек, жоғарыдағы ұштағанның таным атты сипаты мемуарлық шығармаларда айрықша көзге түседі. Ендеше, оқырманның мемуарлық шығармалардан да көркемдік-эстетикалық ізденістер жүйесін көруге тырысатынын, шеберлік қырларын, тілдік оралымды таразылап көруге

талпынатынын жоққа шығармасақ та, бәріннен бұрын, таным қырларына ерекше ден қоятынын баса айтқан орынды. Сондықтан да мемуарлық шығарма – таным көкжисігін кеңейтетін жанр. Бұл – бірінші шарт болса, екінші шарт мынада. Егер әдебиет теориясы тұрғысынан келсек, бұл сала әбден қалыптасқан ұғымдар жүйесіне жататындықтан, теориялық ұғымдарға өзгеріс, жаңарту элементтерін енгізу сирек кездесетінін де айтуымыз керек. Алайда қоғамның дамуы, уақыттың өзгеруі, жұртшылық тарапынан сұраныстың күшеюі бірталай қалыптасқан ұғымдарға аз да болса, үстем, нақтылаудың енгізілетіні анық. Егер жанрды тарихи категория десек, бөлендей ауқымды болмаса да, жанрлық сипаттарға да аздаған жаңартулар енуі табиғи нәрсе. Ендеше, бұл жерде бірнеше жайтты ескеруіміз қажет.

Біріншіден, бір қарағанда, біз сөз еткені отырған мемуарлық роман жанры (бірде роман – эссе, бірде естелік – роман, бірде роман – хамса деп те аталып жүр, алайда бәрі де мемуарлық шығарма деген ұғымды береді) қазақ әдебиетінде тууы, дамуы, қалыптасуы бар тұтас дүние яғни дәстүр бұрыннан қалыптасқан.

Екіншіден, мемуарлық романның қағидасына яғни оған қойылатын талаптар тұрғысынан келсек, біраз шығармаларды мемуарлық сипаттағы дүниелер деп қабылдағанымыз орынды. Алайда олар толыққанды мемуарлық шығармаларға жатпайды. Мәселен, ондай шығармаларға жататындар: Ә.Нұршайықовтың «Автопортрет», «Екі естелік», Ә.Тәжібаевтың «Ойлар, толғаныстар. Эссе. Естеліктер» шығармалары т.б жатады.

Үшіншіден, мемуарлық шығарманың өзі іштей түрлі ерекшелік, сипаттарға толы болып келеді. Яғни, бұл жайтты да назарда ұстағанымыз абзал. Соңғы жылдары мемуарлық шығармалар қатары көбейуде. Оларды да саралап, зерделесу маңызды шаруаға жатса керек.

Міне, осы айтылғандардың өзі-ақ мемуарлық романдардың ұлттық әдебиетте маңызды орынға ие екеніне айғақ болса керек.

Аталмыш оқу құралына арқау болып отырған шығармалар, негізінен, 1917 жылғы Қазан төңкерісіне дейінгі және төңкерістен кейінгі кезеңдерде жарық көрген С. Көбесовтің «Орындалған арман» мемуарлық романы және С. Сейфуллиннің

«Тар жол, тайғақ кешу» романы мен С. Мұқановтың «Өмір мектебі», Ғ. Мұстафиннің «Көз көрген» романдары, сондай-ақ еліміз тәуелсіздік алған жылдардың ішінде жарияланған романдар нысанға алынды.

С. Көбесов, С. Сейфуллин, С. Мұқанов, Ғ. Мұстафин шығармалары жайында бірталай зерттеу еңбектері жарық көрді. Ал, М. Мағауин, Қ. Жұмаділов, Қ. Ысқақов, Ә. Нұршайықов шығармалары жайында іргелі зерттеу еңбектері жарияланған жоқ. Ендеше, ұлттық әдебиеттану ғылымында ауқымды орны бар осынау шығармаларды дәстүр мен жаңашылдық аясында зерделеп, саралаудың, әрқайсының өзіндік ерекшеліктеріне сипаттама берудің маңызы бар. Сондықтан да аталмыш жайттар оқу құралының маңыздылығын көрсететінін айтқанымыз орынды.

Егер әлем әдебиеті бойынша мемуарлық шығармалардың тууы ертеректегі уақытқа жатады десек те, шын мәніндегі олардың жетілу, қалыптасу кезеңі XVIII-XX ғасырдың үлесіне тиеді. Италиян драматургі К. Бальдонидің «Мемуарлар», А. Герценнің «Көргендер мен ойлар», М. Горькийдің «Менің университеттерім», С. Айнисдің «Бұхара» шығармалары бұл ойымызға айғақ бола алады. Бұлар туралы қыруар зерттеу еңбектері жазылды. Ал, С. Көбесов, С. Сейфуллин, С. Мұқанов, Ғ. Мұстафин т.б. мемуарлық шығармалары жайлы С. Қирабаев, Т. Кәкішев, Қ. Ергөбесов т.б. ауқымды еңбектер жариялады. Демек, біз қарастыратын тақырыптың алғашқы легінде тұрғандардың романдары жайлы біршама еңбектер жазылса да, бертіндегі мемуарлар туралы жазылған еңбектер аз. Осы айтылғандардың өзі-ақ бұл саладағы аталмыш оқулықтың өзектілігін байқатса керек.

Қазақ әдебиетіндегі мемуарлық роман жанрында өзіндік орны бар С. Көбесовтің «Орындалған арман», С. Сейфуллиннің «Тар жол, тайғақ кешу», С. Мұқановтың «Өмір мектебі», Ғ. Мұстафиннің «Көз көрген» романдары, бертіндегі авторлар ішінен М. Мағауиннің «Мен», Қ. Жұмаділовтың «Таңғажайып дүние», сондай-ақ Қ. Ысқақовтың «Келмес күндер елсі», Ә. Нұршайықовтың «Мен және менің замандастарым» атты шығармалары оқу құралына арқау болды. Жоғарыда

айтқанымыздай, ХХ ғасырдың басы мен кеңестік дәуірдің 20-30–жылдарында жарияланған романдар жайлы біршама жазылды. Ал, тәуелсіздік жылдары жарық көрген романдар ішінде Қ. Ысқақов, Ә. Нұршайықов шығармаларынан гөрі, авторларына үлкен даңқ әкелген, қоғамдағы алуан түрлі пікірлерге арқау болған «Мен» шығармасы мен «Таңғажайып дүние» екеніне ешкімнің дау айта қоймасы анық. Сондықтан да осы екі шығармаға біз де кеңінен тоқталуды мақсат тұттық.

Қазақ әдебиетіндегі мемуарлық романдар, олардың уақыт пен дәуір талабы аясында алатын орны, ұлттық әдебиетке қосқан үлесі оқу құралында кеңінен сөз болады.

Роман – көркем әдебиеттің жетекші жанры. Ол өмірдің нақты шындығын көркемдік ойлау арқылы кестелеп, танымдық, тәрбиелік, эстетикалық салада үлкен қызмет атқарады. Мемуарлық шығармаға көркемдік қырлары тұрғысынан алғанда, әрине, биік талаптар қою мүмкін емес, себебі, онда нақтылық, деректік сипаттар басым болып келеді де, өз уақытының қоғамдық-әлеуметтік, тарихи, саяси жағдаяттарынан мол мағлұмат береді. Өткенді білу, бүгінгімен салыстыру, болашаққа болжам – бәрі де мемуарлық шығармалардың тәліміне жатады.

Сондықтан аталмыш оқу құралы студенттер үшін қажетті дүние деп есептеуге толық негіз бар.

1. МЕМУАРЛЫҚ ШЫҒАРМА

1.1. МЕМУАРЛЫҚ ШЫҒАРМА ТУРАЛЫ ТЕОРИЯЛЫҚ МАҒЛҰМАТТАР

ЭССЕ – тұрақталған, қалыптасқан тұжырымдарға жаңа қырынан қарап, өзінше толғап, әрі дағдыдан, әдеттен, көне соқпақтардан бөлек, тың болжамдар мен түйіндеулерге құрылатын философияның, эстетиканың, әдеби сынның, публицистиканың, көркем әдебиеттің жанры.

Әдебиеттегі эссе – соны пікірлерге көбірек мән беріліп, оқырманды ой теңізінде жүздіретін, тандай қақтыратын, өзінше ойлап-сезіну қажеттілігін туғызатын, қаныңды қыздырып, рухани әлеміңе азық сыйлайтын, дүниесі құбылыстарын өткір қабылдаумен срекшеленетін көркем туынды.

Эссе табиғаты сыршыл сезімге, тіл бояуларының айрықша салтанатына, әшкесейлі композицияға құрылады. Өзгеше бітімді бұл өнер туындысында эссеист интеллектуалдық байлығын, аңғарымпаздығын, жарқын, тапқыр ойлылығын, өмір саяхатындағы көрген-білгенін, сезінген-түйгенін, тәжірибелерін жомарттықпен жайып салады.

Эссе сипатында туған туындыларға батыл болжамдар мен өткір ұсыныстар, пікір жарыстырулар мен талас тудыратын жорамалдар, ойлар, көксейге қонымды, таным көкжисгін кеңейтуге қозғау саларлық байламдар тән.

Эссе жанрының негізін салушы – XVI ғасырдың екінші жартысында өмір сүрген француз философы М. Монтень. Орыс әдебиетіндегі үлгісі – Ф. Достоевскийдің «Жазушы күнделігі» шығармасы.

Негимов С.

ҒҰМЫРНАМА (биография) – адам ғұмырының жылнамасы. Әдебиеттануда жазушының өмір жолын зерттеу. Бұл зерттеушілік жұмыс үшін өте қажетті, өйткені суреткердің өмірлік тәжірибесінің, әлеуметтік-тұрмыстың жай-күйі, толғаныстары көркем шығармашылықта көрініс береді. Көркем образдардың прототиптерін білуге, шығармашылық процесте жеке өмірлік материалдардың қорытылу жайын түсінуге,

суреткердің лабораториялық құпиясын ашуға көмектеседі. Сонымен бірге, жазушының онегелі өмірі мен мінез ерекшеліктері үлкен тәрбиелік те роль атқарады. Күнделіктер, хаттар, замандастарының естеліктері және суреткердің өзі жазып қалдырған әр түрлі деректер ғұмырнама жазуға негіз боларлық материалдар.

Жиырмасыншы ғасырдың басында қазақ әдебиеттану ғылымында библиографиялық зерттеу әдісі кең өріс алды. Оның айқын үлгісі Абайдың, Шоканның, Ахмет Байтұрсыновтың ғұмырнамасын жазған М. Дулатов еңбектерінен көрінеді.

Биографияның бір түрі – автобиография, яғни, автордың өзі жазып қалдырған ғұмырнамасы. Революцияға дейінгі қазақ әдебиетіндегі автобиографияның бір үлгісі 1914 жылы А.Н. Веселовскийге арналып шыққан «Эпиархиятқа» («Восточный сборник») жазған Міржақып Дулатовтың өз өмірбаяны бола алады.

Дарынды суреткер, ғалым Мұхтар Әуезов ұлы Абайдың ғұмырнамасын жан-жақты, кеңінен толғап жазса, Ахмет Жұбанов Құрманғазының өмірін өрнектеген еңбектер жазды.

Кеңестер Одағында М. Горькийдің бастауымен шығып, танымал болған «Өнегелі өмір» сериясы да өмірге тамаша ғұмырнамалық туындылар әкелді, М. Сәрсексөвтің қазақтың дарынды ұлы Қ. Сәтбасовтың өмір жолын жан-жақты баяндайтын деректі ғұмырнамасы осы салада жарық көрді. Бұл да ғұмырнаманың бір түрі.

Әбсеметов М.

ҒҰМЫРНАМА, мемуар (грек. bios – өмір, grapho – жазамын) – жеке тұлғаның өмірі мен атқарған жұмыстарының жылнамасы. Әдебиеттануда жазушының өмір жолын зерттеу. Бұл зерттеушілік жұмыс үшін өте қажетті, өйткені суреткердің өмірлік тәжірибесінің, әлеуметтік-тұрмыстың жай-күйі, толғаныстары көркем шығармашылықта көрініс береді. Көркем образдардың прототиптерін білуге, шығармашылық процесіте жеке өмірлік материалдардың қорытылу жайын түсінуге, суреткердің лабораториялық құпиясын ашуға көмектеседі. Сондай-ақ, күнделіктер, хаттар, замандастарының естеліктері

және суреткердің өзі жазып қалдырған әр түрлі деректер ғұмырнама жазуға негіз болады. Биографияның бір түрі – афтобиография, яғни, автордың өзі жазып қалдырған ғұмырнамасы. Ғұмырнама – көркем ғұмырнама, ғылыми ғұмырнама, академиялық ғұмырнама т.б. түрлерге бөлінеді. Ғұмырнама жазу дәстүрі көне дәуірден басталады (мысалы, Плутархтың «Салыстырмалы өмірі»). Әлемдік әдбиетте ғұмырнама жазудың шеберлері қатарында Дж. Вазары, Дж. Фостер, С. Цвейг, Р. Роллан, т.б. аталады. Көне түркі ескерткіштері де (7 ғ.) ғұмырнама үлгісімен жазылған. Мұның өзі қазақ әдбиетіндегі ғұмырнама жанрының тарихы ертеден басталатынын аңғартады. М. Дулатовтың 20 ғасыр басындағы ғұмырнамалық мақалалары, М. Әуезовтің, Абай, А. Жұбановтың Құрманғазы өмірі мен шығармашылығы туралы жазған кітаптары қазақ әдбиетіндегі ғұмырнама жанрының кемелденуіне ықпал етті. Кеңестер Одағында «Тамаша адамдар өмірі» ғұмырнамалық сериясы танымал болған. 20 ғасырдың соңында Д. Қонасов, Х. Ерғалисов, М. Мағауин, Ә. Нұршайықов, Қ. Жұмаділов, т.б. тұлғалардың ғұмырнамалық шығармалары жарияланған.

КҮНДЕЛІК – әр күнгі уақиғаны, жай-жағдайды тізіп отыратын жазу дәптері. Күнделік болған уақиғаның ізімен күнбе-күн жазылатындықтан, нақтылық, деректілігі мен адамның өзі көрген-білген нақтылы жай-жағдайдан, болған істен алған әсерін танытатын сыршылдық сипатымен де айрықша құнды болады. Әдебиет қайраткерлерінің күнделігінсіз дәуір тынысын, қоғамдық қарым-қатынастарды, әр түрлі адамдардың мінез-құлқын, іс-әрекеттерін байқататын көптеген деректер, ой-түйіндерді табуға болады. В.Г. Короленконың «Жазба кітапшалары» (жазушының 1880-1900 жылдарда жазған күнделігі), В. Инбердің «Үш жыл» (жазушының 1941-1944 ж. Ленинградтағы жазбалары) осындай бағалы күнделікке жатады. Әдеби шығармада кейіпкердің атынан берілетін күнделік оның көңіл-күйін, мінезін, жан сезімін неғұрлым терең, әсерлі көрсету үшін қолданылатын көркемдік тәсіл болады. Мысалы, М.Ю. Лермонтовтың «Печорин журналы» («Біздің заманымыздың

геройы» атты романда), М.Е. Салтыков-Щедриннің «Петербургтегі сырт кісінің күнделігі» т.б., Ж. Аймауытов «Ақбілек» романында кейіпкерлердің қарым-қатынасын айқындаудың ұтымды тәсілі ретінде Ақбілектің күнделік дәптерін шебер пайдаланған.

Күмісбаев Ө.

КҮНДЕЛІК – публицистикалық шығарманың бір түрі. Жазушының, ғалым не саяхатшының өз көзімен көріп-білген жайларын есте сақтау үшін жазатын жанр. Қарапайым күнделіктерде көбіне жеке адамның өміріне қатысты деректер сөз етіледі. Ал көркем күнделік жазушының әр алуан ішкі сезімдері, алған әсерлері, суреттеген түрлі оқиғаларымен қызықты. Алғашқы күнделік үлгілерін жазғандар – орта ғасырлардағы саяхатшылар, елшілер, жынамашылар. Атақты жазушылар Л. Толстой, Ф. Достоевский, И. Бунин, А. Чехов, т.б. өз ойларын күнделікке мұқият түсіріп отырған. Жазушының көркем шығармаларында астарлай көркем шешімдермен бейнелей беретін кейбір шындықтары, ішкі толғанысы, өмірден түйген пайым-парықтары, өз тәжірибесінде ақиқатқа жеткен, бірақ замандастары, қоғам қабылдай берейтін терең сырларын күнделіктерде нақтылы айтқан. Күнделікте өмірбаяндық деректер, өмір шындығы, заман суреті болған оқиғалар төңірегінен алыс кетпейді. Мысалы, А. Янушкевичтің 19 ғасырдың ортасындағы қазақ даласы, сол кездің адамдары, халықтың тұрмысы жайлы жазған күнделіктері осылай мұра. Қазақ ғалым, жазушылары арасында алғаш күнделік жазған – Шоқан Уәлиханов. Оның «Құлжа күнделіктері» – ғылыми көркем публицистикалық шығарма. Қазақ қаламгерлер ішінде Ғ. Мүсірепов, М. Мақатаев, Г. Бельгер, Б. Бұлқышев, С. Ерубасев, т.б. күнделік жазған. Көптеген жазушылар күнделік түрін (мысалы, Ә. Сәрсенбаев «Офицер жазбалары», Ә. Нұршайықов «Махаббат, қызық мол жылдар») өз кітаптарында пайдаланған.

МЕМУАР, ЕСТЕЛІК (фран. memoires – еске алу). Автордың өз көзімен көрген, қатысып, араласқан оқиғалар жайындағы жазбалары өмірбаян түрінде, күнделік түрінде, жол

жазбалар түрінде кездеседі. Қандай үлгіде жазылса да, әдеби шығарма жай естелік болып қалмайды. Естелік немесе өмірбаян, күнделік түрлерін пайдалану көркемдік тәсіл ретінде қолданылады, шығарманың өмірдегі болған уақиғаларға, нақтылы деректерге сүйеніп жазылғанын көрсетеді. Сонымен бірге, мемуарлық көркем шығармаларда белгілі тарихи кезеңнің айтарлықтай мәні бар уақиғалары іріктеліп алынып, жинақталып бейнеленеді. Жазушы өзі көрген, білген уақиғаларды әр түрлі адамдардың мінезін, іс-әрекетін, сол кездегі алған әсерін сақтай отырып, сондағы көңіл-күйі әусімімен суреттейді. Бірақ, жазушының сол өткен шындықты еске алып, қорытып, өзінше бағалап бейнелеуіне шығарманы жазған кездегі уақыт тынысының да ықпалы болмай қалмайды. Мемуарлық шығармада автордың өзі көріп білген жайлары, әртүрлі адамдардың әрекетін анықтап, айқастап айтатыны – бұл жанрдың өзгешелігі және артықшылығы. Баяндалған оқиғалардың нақтылығы да, әсерлілігі де осыдан туады. Бірақ, шығармада деректі материалдар, нақтылы фактілер неғұрлым көбірек болса, онда өмір шындығы солғұрлым терсең ашылады деу дұрыс болмайды. Мемуарлық шығармада деректілік, нақтылық, көзімен көрген, басы-қасында болған адамның баяндауына тән айғақтық, анықтықпен қатар, болған жағдайды сол адамның өз түсінігі, өз пікірі тұрғысынан қарап, өзінше бағалауға да мүмкіндік туады. Сондықтан мемуарлық шығарманың көркемдік қуаттылығы, өміртанытқыштық қасиеті, байқағыштық, алғыр ойлылық, сезімталдықпен бірге, өмір құбылыстарын терсең талдап, қорытындылай білуге, жинақтап бейнелеу қабілетіне де тығыз байланысты. Осындай қасиеттердің біте қайнасып, бірін-бірі толықтырып келуі мемуарлық шығарманың мазмұндылығын, көркемдік сапасын арттырады. Мұны Л. Толстой, С. Сейфуллиннің мемуарлық туындыларынан айқын аңғаруға болады. С. Мұқановтың өмір, әдебиет тарихы, ақын-жазушылар туралы ой толғайтын «Өсу жолдарымыз» атты шығармасы да оқырманға бсеретін мағлұматы мол шығарма.

Бекниязов Т.

ӨМІРБАЯНДЫҚ ЖАНР – жазушы өз тұсындағы қоғам жайын өз көрген-білгенімен ұштастыра, тарихи тұрғыдан баяндайтын, деректі көркем шығармалар жанры. Сондықтан, мұндай шығарма жазатын автордың өмірлік тәжірибесі сөз етуге тұрарлық, басқаға үлгі-өнеге боларлық дәрежеге сай келуі керек. Көптеген ақын-жазушылар кезінде өмірбаяндық жанрға қалам тартқан. Онда автордың тек өмірбаяны ғана қамтылып қана қоймай, ішкі жан дүниесі, ой-сезімі, арман-мүддесі, айнала ортадағы адамдармен қарым-қатынасы, тіпті, өз басы пені идеал тұтқаны арқау болады. Сондай-ақ жеке тұрмыстық жайлар ғана емес, автордың өзі өмір сүрген қоғамға қатысы туралы айтылып, түрлі әлеуметтік жайлар мен оған деген көзқарас білініп отырады.

Жазушының басынан өткен елеулі деген оқиғалар қамтылады. Өзі көріп-білген, көңілге түйген жайлар, саясат және қоғамдық күрес ахуалы тілге тиек етіледі. Автор өзін үнемі жақсы жағынан көрсетумен шектеліп қоймай, кейде жазу басқан, қателескен, қиындыққа тап келген сәттерін де бейнелеуі орынды. Бір сөзбен айтқанда, автордың өз тұлғасы келелі оқиғалармен ұштасып, тар көлемде қалмауының мәні зор. Сондықтан кез-келген автор өмірбаяндық жанрда шығарма жазуға ұмтыла бермейді.

Осы ретте В.Г. Белинскийдің шығармаға тар өмірбаяндық мағынада емес, адамзаттың, қоғамның, уақыттың үлкен өкілі де бола білу керек деген тұжырымды пікірінде терең мағына бар. Өмірбаяндық жанрдағы шығармаларға жататын үздік туындылар ретінде М. Горькийдің «Менің университеттерім», С. Сейфуллиннің «Тар жол, тайғақ кешу», С. Мұқановтың «Өмір мектебі» аталуға лайық. Бұл шығармалардың әдебиетте өз орны бар, оқырманға берер эстетикалық, танымдық, тәрбиелік мәні зор. Өмірбаяндық жанрдағы шығармалар көбіне қарасөз түрінде (повесть, роман) жазылады. Бұл жанрдың үлгілері естелік (мемуар) түріндегі шығармаларға жақын келеді. Бірақ уақиғаға ойдан шығарылған жағдайлар кейіпкерлерде еркін араластырылып, көркемдік қиялға көбірек орын беріледі.

Бекниязов Т.

МЕМУАРНАЯ ЛИТЕРАТУРА (франц. *mémoires*, от лат. *memoria* – память, воспоминания). В широком смысле – записи людей о событиях прошлого, которые они наблюдали или в которых участвовали. К ним принадлежат автобиографии, дневники, заметки и т.д. Основным условием для отнесения подобных записей к М.л. в узком смысле как особому виду искусства слова является установка их авторов на образное воспроизведение жизни. Подобно очерку, художественные мемуары основываются на том способе типизации, который предполагает выявление в самой жизни типических явлений, характеров и событий с последующим их точным отражением в образах. Из многочисленных фактов мемуарист должен отобрать и воспроизвести те, какие позволят в неповторимо конкретной форме раскрыть существенные, характерные для эпохи явления. Предполагая даже большую, чем в очерках, точность и достоверность деталей, этот жанр исключает возможность поэтического домысла в обрисовке исторических деятелей и событий. Даже самые незначительные отступления от документально подтвержденных фактов снижают познавательную и художественную ценность мемуаров. К выдающимся произведениям этого жанра относятся «Мемуары» К. Гольдони, «Поэзия и правда» И.В.Гёте, «Былое и думы» А. Герцена, «Дневник» братьев Гонкур, «История моего современника» В. Короленко и др. По многим своим композиционным и языковым особенностям художественные мемуары сближаются с автобиографической повестью; разграничить эти жанры часто не представляется возможным, хотя в последней вводятся вымышленные лица и события («Исповедь» Ж.Ж. Руссо, «Семейная хроника» и «Детские годы Багрова-внука» С. Аксакова, «Детство Никиты» А.Н. Толстого, «Вольница» Ф. Гладкова и др.).

БИОГРАФИЧЕСКИЙ МЕТОД В ЛИТЕРАТУРОВЕДЕНИИ – изучение творчества писателя как выражения его личного жизненного опыта, считающегося решающим творческим началом искусства. Крупнейший из представителей биографического метода – Шарль Огюстен де

Сент-Бёв (1804-1869). В своих работах «Литературные портреты» (т. 1 – 3, 1844 – 1852), «Беседы по понедельникам» (т. 1 – 15, 1851 – 1862), «Пор – Рояль» (т. 1 – 5, 1840 – 1859) стремился «проникнуть насколько возможно глубже» не только во внутренний мир, но и в домашнюю обстановку писателя. Ему казалось, что, уделяя первостепенное внимание «обыденным привычкам, от которых великие люди зависят не менее, чем простые люди», он тем самым «прикрепляет» писателя к «земле», к «реальному существованию». Бытовые обстоятельства, случайные встречи, переменичивые душевные состояния, наконец, свойства психики писателя приобретают в психобиографических портретах Сен-Бёва значение факторов, образующих идейное и художественное своеобразие литературного произведения, творчества того или иного писателя. В сущности, по такому же методу строятся в зарубежном литературоведении многие монографические исследования и в наше время. По справедливой оценке В.Г. Белинского, узко биографический подход к произведениям искусства есть эмпирическая крайность. Истинную, а не мнимую реальность придает личности писателя эпоха со всеми ее социально-политическими противоречиями и общественной борьбой, с идейными исканиями, открытиями и заблуждениями. Обогащая биографический, личный опыт писателя, они нередко и отрицают его, вынуждая писателя не только изменять обыденным привычкам, но и отказываться от образа жизни, мыслей и идеалов, свойственных его биографии, происхождению и социальному положению, заставляют переходить на позиции других классов, формировать новые идеалы, которые прежде всего и определяют пафос творчества. «...Ни один поэт не может быть велик от самого и через самого себя, ни через свои собственные страдания, ни через свое собственное блаженство: всякий великий поэт потому велик, что корни его страдания и блаженства глубоко вросли в почву общности и истории, что он, следовательно, есть орган и представитель общества, времени, человечество».

1.2. ӘЛЕМ ӘДЕБИЕТІНДЕГІ МЕМУАРЛЫҚ ШЫҒАРМАЛАР: ТУУЫ, ДАМУЫ, ҚАЛЫПТАСУЫ.

Әр халықтың әдебиетіндегі яғни сөз өнеріндегі ұлттық мінсз, пиғыл, таным, көзқарас, қысқасы, ұлттық болмыстан туындайтын ерекшеліктер болатынын ескерсек, мемуарлық шығармаларда да сондай сипаттардың болуы заңды құбылыс болып табылады. Қазіргі уақытта мемуарлық жанрға қатысты қалыптасқан пікірдің өзі де біршама орнықты дегенімізбен, шарттылығы басым скендігін естен шығармаған абзал. Себебі, тек пен түрден бастау алып, жанр ұғымымен байланысқан әдебиеттің өзіндік табиғаты жанрды тарихи категория ретінде қабылдауды қажет етеді. Сол тарихи категория тұрғысымен келсек, көркемөнердің сапа деңгейін айғақтаудың бірден-бір көрсеткіші түрлі жанрдағы шығармалардың ертерек немесе кештеу пайда болуында да емес, негізінен, ұлттық көркемдік ой-санасының деңгейінде, әлеустінде жатса керек.

Ертеректе пайда болған мемуарлық шығармалар қазіргі әдебиет қалыптастырған берік қағида-ережелеріне сай бола бермеген. Ендеше, мемуарлық шығарманың тууы, дамуы, қалыптасуы да ұзақ тарихи жолдан өтті. Ағылшын, орыс, француз әдебиетінде ертеректе пайда болған мемуарлар қазақ әдебиетіндегі мемуардан бөлектсеу. Оларда қоғамдық-әлеуметтік мәселелер көп қамтылмайды. Францияда мемуарлардың айрықша дамыған уақытына XV-XVIII ғасырлар аралығы жатады. Сарай адамдары (мысалы, XIV Людовик тұсында), негізінен, мемуар жазумен шұғылданған. Оларда тұрмыстық, өмір мәселелері қамтылған. Сол жазбаларды жазушы **А.Дюма** «Үш ноян» шығармасында пайдаланып, кәдеге жаратқаны мәлім. Алғашқы мемуарлық шығарма **Юлий Цезарь** шығармалары арқылы пайда болған. Олар негізінен, Византия империясы кезіндегі жазбалар. **Андре Моруаның** «Прометей, или жизнь Бальзака» атты кітабы бар. Бірде ол шығарма мемуар, бірде автобиографиялық шығарма деп аталып жүр. Герцог **Сен-Симон** көптеген мемуарлық шығармалар жазған. Ол шығармалардың өзегіне автордың өзі ұнатпаған адамдарына деген өштік, кек алу сияқты элементтердің арқау болғаны анық.

Мемуарлық шығарма бірінші кезекте нақты оқырманға арналады. Ондай шығарманың арқауына танымал тұлғалардың өмірі т.б. алынады. Уақыт өте келе, басында мемуар аталған шығарманың ауқымы, өзіндік ерекшеліктері де молая түскенін байқау қиын емес. Кезінде орыс зерттеушісі **М.Бахтин** күнделік, саяхат жазбалары, хаттар, исповедь т.б. айрықша жанрға жатқызып, нағыз шындықтың қайнар көзі деп атаған-ды. Шын мәнінде жоғарыда айтылғандарды яғни исповедь (шаманмен, арылу, ойлар мен тың қозқарастар жиынтығы деп түсінген жөн), естелік, хаттар мен күнделіктер, саяхаттық жолдағы туындыларды біртұтас күйде мемуарлық шығарма деп атағанмыз жөн. Белгілі бір текке басқа тек элементтерінің араласа жүретіні мәлім. Ондай жайттар көркемдік ой-сана, оредеңгейімен ғана емес, сол халықтың ұлттық болмыс сипаттарымен де тығыз байланысты екенін ескерген жөн. Орыс ақыны А.Пушкин туралы **А.П.Керн** «Воспоминания. Дневники» атты мемуарлық шығарма жазған. Белгілі бір халықтың даңқты перзенті және ел басында болған аса ірі оқиғалар жөнінде естеліктер, күнделіктер, эссе, толғамдар т.б. өмірге келеді, ал, олар, тұтастай алғанда, мемуар жанрына жатады десек, артық айтқандық емес.

Кеңестік дәуірдегі екінші дүние жүзілік соғысқа байланысты атақты қолбасшылар **Г.Жуков**, **А. Василевский** т.б. авторлардың естелік кітаптары жарық көргені мәлім. Танымал адамдардың өздері жазған немесе сол танымал адам туралы жазылған еңбектерді де қоруге болады. Аталмыш жанр туралы, оған жататын туындылар туралы теориялық сипаттағы еңбектерде шолу жасалады.

2. ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТІНДЕГІ МЕМУАРЛЫҚ ШЫҒАРМАЛАР

2.1. АЛҒАШҚЫ МЕМУАРЛЫҚ ТУЫНДЫЛАР: ДӘСТҮР МӘСЕЛЕЛЕРІ

Қазақ әдебиетіндегі мемуарлық шығармалар XIX ғасырда ғұмыр кешкен **Ш. Уәлиханов** есімімен тығыз байланысты. Ғалымның мемуарлық үлгіге жататын естелік, күнделік сипатындағы дүниелерінің маңызы зор. Сондай-ақ сәл бертініректегі **М. Дулатовтың** ғұмырнамалық сипаты басым шағын еңбектері, Абай туралы **М. Әуезовтің**, Құрманғазы туралы **А. Жұбановтың** кітаптары мемуар жанрына жататын шоқтықты дүниелер.

Қазақ әдебиетіндегі мемуарлық шығармаларды негізінен, XX ғасырдағы, Қазан төңкерісіне дейінгі, кеңес дәуіріндегі және тәуелсіздік тұсындағы яғни 1991 жылдан бергі уақыт деп, үш кезеңге бөлуге болады. Жоғарыда айтылған **Ш. Уәлиханов**, **М. Дулатов** дүниелері Қазан төңкерісіне дейінгі кезеңге жатса, кеңестік дәуірдегі кезеңге **С. Сейфуллиннің**, **С. Мұқановтың**, **Ғ. Мұстафиннің**, **Ғ. Мүсіреповтің**, **Е. Бөкетовтің**, **Х. Жұмалиевтің** т.б шығармалары жатады. Бұл тізімге **Ә. Нұршайықовтың**, **Ә. Тәжібаевтің**, **С. Талжановтың** еңбектерімен қатар, саяси тұлға туралы мемуарлық сипаты басым **І. Есенберлиннің** т.б. авторлардың туындыларын қосуға болады.

Ал, үшінші яғни еліміз тәуелсіздікке қол жеткізген кезеңнен бастап, осы уақытқа дейін жазылған осы жанрдағы шығармаларға **Д. Қонаевтың**, **С. Кирабаевтың**, **Т. Кәкішевтің**, **І. Есенберлиннің**, **Ә. Нұршайықовтың**, **М. Мағауиннің**, **Қ. Жұмаділовтің**, **Қ. Ысқақовтың**, **Х. Ерғалиевтің**, **Д. Досжановтың**, **А. Шәкәрімұлының**, **Тұрағұлдың**, **Ш. Мұртазаның**, **Г. Бельгердің**, **З. Кабдоловтың**, **Ш. Елеукеновтің**, **Қ. Бейсейітовтің**, **Г. Дулатованың**, **Ғ. Ахмедовтың** т.б. еңбектері жатады.

Қазақтың мемуарлық шығармаларына аса танымал тұлғалар туралы естеліктер де жатады. **Ж. Ысмағұловтың** **Б. Әшімов** туралы, **Б. Бодаубаевтың** **Е. Рахмадиев** туралы сыр-сұхбатқа

құрылған ғұмырнамалық романы, Т. Мәмесейіттің Ш. Мұртаза туралы, С. Міркемелұлының еңбектері, сондай-ақ М. Әуезов, Жамбыл, Ғ. Мүсірепов, Ә. Тәжібаев, Жұбан Молдағалиев, Қ. Ысқақов, Т. Әлімқұлов т.б. туралы естеліктерді де осыларға жатқызуға болады.

Мемуарлық шығармада да, оған жататын естелік, күнделік, қолжазба, т.б. дүниелер де автордың өзі қуә болған, бастан кешкен жайттарды баяндауы, соларға қатысты өз таным, көзқарасын білдіруі заңдылыққа жатады. Мемуар жанрының ауқымына енгін дүниелердің бәрінде де жекелеген субъективтік пікірлердің болатыны да ақиқат. Әр автор өз жазбасына азаматтық тұғырнама деп аталатын ұғым тұрғысынан келетіні ақиқат.

Халыққа танымал, атақты тұлғалар туралы мемуар сипатындағы еңбектер жазу ертеде-ақ қалыптасқан. Ағылшын әдебиетінде «Жолбарыс жүректі Ричард», «Юлий Цезарь», орыс әдебиетінде А.Толстойдың «Бірінші Петр», француз әдебиетінде «Людовик IV», қазақ әдебиетінде І.Есенберлиннің «Мұхиттан өткен қайық», Д. Досжановтың «Ақ Орда» сияқты шығармалары т.б. бар.

Мемуарлық туынды өткен уақыттың, автордың жүріп өткен жолының тарихы ғана емес, сонымен қатар, сол уақыт аясындағы қоғамдық-әлеуметтік, саяси хал-ахуалдың да айғағы.

Мемуар – әдебиеттің өнімі. Сондықтан да еліміз тәуелсіздік алғанға дейінгі кезеңде жарық көрген төмендегі қаламгерлер туындыларына тоқталайық. Ғалым Т.Кәкішев Ә. Тәжібаевтің «Жылдар, ойлар» жинағы туралы пікір білдірді: «...Өзі үшін тағы да жаңа бір жанрды мемуар жанрын тандап алыпты. Естелік сипаттас ой-пікірі бар кейбір мақалалары, сөйлеген сөздері ғана болмаса, Ә. Тәжібаевтің ұзақ сонар мемуар жазғанын тұңғыш кездестіріп отырмыз. «Жұлдыз» журналының екі санында жарияланған «Есімдегілер» жөнінде баспасөз бетінде ұнамды пікірлер, құптаған мақалалар жарияланды.

Қазақ әдебиетінде мемуар жазудың әр қилы түрі кездесуде. Кейбір олақ қолдан, қысыр мақсаттан туған естеліктер оны жазған адамның субъективтік тілегін ғана орындап, дүниеден өткен қайраткердің ойымен, пікірімен өзін-өзі аз-кем дәріптеп

алатындарды да кездестірудеміз. Не болмаса өзінің өресі жетпеген биіктерге тырбандап шықпақ болғандарға да көзіміз түсіп қалады.

Мемуар жазуға әркім құқылы болғанымен, ол өзінің өмір жолының сімсіні, халықпен, оның озық ерлерімен байланысты болуға тиісті екенін естен шығармаған абзал. Кейбіреулер тау басына етектен туырып қарағанын, алыстан байқағанын жазады. Мұндай естеліктер көбіне субъективтік «менге», өзін-өзі мақтауға бастайды. Мұндайдан сақ болған орынды.

Ал бізге жаңа өмірдің ыстық-суығына белсене араласып, үлкен биіктен ой толғайтын адамдардың дүниелері керек. Өйткені ондай шығармалар мәнді де, құнды болмақ. Сәкен мен Сәбиттің мемуарлары бұған айқын дәлел. Ә.Тәжібаевтың «Есімдегілері» жалпы жаңа өмірді емес, оның әдеби-мәдени тіршілігінің тынысын көркем суреттейді. Рухани байлықты жасаушылар жайында лирикалық сыр шертеді. Елдің мақтанышы, халықтың қалаулысы болғандар жайында қызықты жыр айтады. Көруші, атқосшы, қосшыбала деңгейінде емес, көбіне терезесі тең адамның келбетін танытып, ойы да, өресі де жететіндігін сездіріп отырады. Қуанышты құбылыс, ғибратты көрініс, қасіретті шындық, аңғал көңіл, адал сыр, не керек, социалистік жаңа әдебиетіміз бен мәдениетіміздің орнығуы, қалыптасуы, өркендеуі жайында мағыналы да ажарлы толғау тындаймыз.

Ә.Тәжібаев – қазақ кеңес әдебиетінің екінші буынының өкілі болғандықтан, тез өсейіп, ертерек ат жалын тартып мінген дарын. Алғашқы өлеңінен бастап көзге түсіп, ауызға алынған, жедел жәрдем көрген ақын. Бірден әдебиет орбитасына тартылған талант. Шәкірттік дәуірді тез өткізіп, адуынды іс-әрекетке аз уақытта-ақ араласып кеткен қаламгер. Таптық айтыс-тартыстың, келіспес күрестің көрігінде ерте шындалған жауынгер екенін, сондай-ақ алақөзділіктің де салқыны тиіп, әділдік жолында жүрмін дегенін кейде таныта алмай, қосақ арасында бос кетіп қалған кезеңдерін де байқаймыз.

Ә.Тәжібаев өмір шындығының бастауына көлегейлемеген, өзі көрген-білгені деңгейінде ашық айтқан, бірақ анайылап, жалаңаштап алмаған. Кейбір сұсты жайларды емеурінімен

танытып отырады, қазбаламайды. Іс басында болғандарды айрықша қажетті кезде ғана ауызға алады, өйткені, ел мен мәдениеттің үлкен проблемасы әңгімеленетін тұста олардың тасада қалып қоюы жарамас та еді. Жарық алып, сығалап қарауды, реті келген сәтте ессін қайтаруды мақсат етпей, болған шындықты үлкен мәнімен беруге, оны өскелең елдің тілек-талабына орайластыра айтуға талаптанған.

Өзінің өнерпаздық жолында қазақ халқының ұлы перзенттерімен алыстан диалогаснай, ішпегі араласып, жаңалықтың басы-қасында жүрген, әдебиет әлеміндегі бәрін ортақтасып, жауап беріп жүрген дарынның айтар ойы, берер тағлымы мол болары айдан анық. Октябрь арқасында ғана жылы қабақ көріп, шат тұрмысқа қолы жеткен жетім баланың осу жолының бұралаң соқпағына түсіп, із кесіп отырмаймыз. Оны шағын көлемде көп мағынамен, суреткер қаламының қалың бояуымен ажарлы етіп салып беруі, үлкен дарындар туралы хикаясын баяндауы әсерлі. Ойткені, өнерпаздарға жапау үшін, өнер өлкесінен суындау үшін Ә. Тәжібасвтың өскен ортасын, мөлідр бұлақтан алған өнегесін білгеннің артықтығы жоқ, қайта қажеттігі бар. Осы тұрғыдан келгенде оқушы қауымға, зиялы зерттеушілерге көпген бері мәлім екі жайдың таптырмай қойғаны едәуір елеңдетеді екен. Біріншіден, 1925 жылы астана Қызылордаға көшіп келуіне байланысты өткізілген митингте сөз сөйлеген пионер Ә.Тәжібасвтың ұмытылуы, екінші Әбділдә ақынның 1926 жылы жазылып, «Сыйлық №5» атты жинақта жарияланған тұңғыш өлеңінің көзге түспеуі дұрыс емес-ау деймін. Өйткені, бұл екеуінің әлеуметтік, әдебиеттік мәні бар деп білемін. Болашақ ірі ақынның қалың елмен алғаш кездесуі, көзге түсуі, танысуы әшейінгі деталь емес қой.

«Есімдегілер» жөнінде тек осы ескертпемен ғана шектелген жөн, өйткені, қазақтың жаңа әдебиеті мен мәдениетінің өркендету жолында аянбай еңбек еткендердің бәрі де тиісті көлемде, ұнамды деңгейде естеліктен орын алған. Мұхтар Әуезов пен Жамбыл Жабасвқа арналған беттердің мәнділігі, Шашубай, Нартайларға арналған новелла бояуларының айқындығы, тартымдылығы оқушыны қуантып, жылы сезімге бөлеп отырады. Естеліктен аңқылдаған ақ көңілдің,

«кісімсімейтін» еңбекшінің міңез-құлқын көріп, өзінің дарынды аға, аталарына бәйек бола қызмет істеп жүргеніне қызығасын, үлгі-өнеге алып, өзгенің бойына дарытқың келеді. Естеліктің ғибраттылығы, тәрбиелік мәнінің күштілігі, өнегелік сипатының сымбаттылығы еш күмән тудырмайды.

Жинақтың екінші бөлімі «Толғаныстар» деп аталған. Бұл да дұрыс сияқты, өйткені Ә. Тәжібаев қай еңбегінде болмасын жартылай айтуды, жымысқылай баяндауды білмейтін, әрқашан ағынан жарылып, «күйіп-пісіп», қызына айтатын қайраткер. Сондықтан да болар әр шығармасының, ол өлең бе, драма ма, жоқ болмаса, шағын мақала не жалынды сөз бе, бәрінде де ыстық сезімнің буы білініп тұрады. Салқынқандылықпен еңсар қалған ақынды көрмейміз.

Сәбит, Ғабит, Ғабиден, Асқар, Қамал туралы «Есімдегілердің» заңды жалғасы сияқты. Әр дарынның мүшелді тойларына байланысты мақалаларда естелік элементтерімен қатар ғылыми тұжырымдар, суреткерлік түйіндер іштей жарасымдылық тауып, қызық та тартымды оқылады. Кейде әңгімешіл Әбкеңнен әр дарын жайында сыр шертісіп отырғандай әсер аламыз. Ойлы пікірді оюлы да ажарлы сөйлесімдермен жеткізіп, оқушының айызын қандырып отырады. Шынын айту керек, мұндай шеберлікке көбіміздің қолымыз жете алмай келе жатырмыз.

Екінші бөлімнен бұдан кейін орын алған материалдардың түзілуіне сиптеп өзгеріс жасау қажет сияқты. Өйткені, жыл тәртібі, хронологиялық жүйесі сақталмаған соң жарияланар дүниенің мазмұны шешуші рөл атқаруға тиісті. Осыны автор әр тұста сақтай бермегенін көреміз. Ендігі материалдарды үйірлеп, топтастырып, оқушы ойын белгілі бір бағытта ұстап отырғандай етіп берген абзал. Осы тұрғыдан келгенде, жоғарыда аталған бас сөзден кейін жалпылық сипаты бар, үшінші декаданың қорытындысы іспеттес «Достар қуанышы мен сынын» берсе, одан кейін лирикаға арналған мақалаларды топтастырса, Абай, Лермонтов, Шевченко сынды ұлыларға арналған ыстық махаббат, ғибратты ойларды жүйелсіз орналастырып, содан кейін публицистикаларды іштей сараптап, бір-біріне бауырластыра берсе, екінші бөлімдегі толғаныстардың сыр-

сипаты барынша айқындала түсер еді. Әйтпесе, қазіргі орналасуларында жүйсілік жетіспей, ағындаған ойлар өзінен кейінгі скінші бір тың дүниеге кездескенде барар арна таба алмай кілт тоқтап қалып отырады, немесе бірнеше мақалалардан кейін қайтадан жылға тауып, аға бастайды екен. Мақалаларды проблемасына, көтерген мәселесіне, айтқан ойына қарай орналастырса, оқушыға ұнамды да түсінікті болар еді. Ә.Тәжібасвтың көркем қара сөз бен ғылыми тілді емін-еркін қолданып, айтайын дегенін он-оңай, ап-анық, ажарлы да әсем баяндап беру тәсілі автор стилінің айрықша атап көрсетер құндылығы. Қалың оқушы жұртшылықтың жүрегіне жол тауып, әдебиеттің абыройын арттырып, көркем сөздің беделін көтере түсетін де осындай еңбектерді ризалық көңілмен қуана оқитын оқырман барын ақын әрдайым сезіп отырады. Өзінің жазғандарына жауапкершілікпен қарағанда ғана уәлі де, қасиетті ой-пікірлер орен жаятындығын Ә. Тәжібасв тәжірибесі анық танытады».

Қазақ әдебиетінің классигі С. Мұқанов – өзі тұмыр кешкен кешегі кеңестік дәуірдің төл нәрзегі. Сол жүйенің идеологиясына да, ұстанымына да шаң жуытпай өткен жан. Қазір Алашорданың ұлы тұлғалары Ә.Бөкейханов, А. Байтұрсынов, М. Жұмабасв, М. Дулатов т.б. туралы мақтанып сезіммен айтудамыз. Ал, С. Мұқанов «Өмір мектебінде» сол қайраткерлерге қандай көзқарастарда болғаны мәлім. Ғалым Т. Кәкішев «Ескірмейді естелік» кітабында С. Сейфуллин туралы көлемді естелігімен бірге және дауыпназ ақынға қатысты С. Мұқанов көзқарасына да тоқталған. Сондағы, әсіресе, Т. Кәкішевтің кандидаттық диссертациясына қатысты жазған пікірін келтіре кеткен дұрыс деген ойға келдік. Бұл үзінділер, біріншіден, С.Мұқановтың коммунистік белсенділігі өз алдына, нағыз халықшыл, ұлт қаламгері екендігіне де куәлік ете алады. Асылы, адамды наным-сеніміне бола кінәлау дұрыс емес деген ойдамыз.

«Сіздердің тапсыруыңызбен ресми оппонент есебінде диссертант Тұрсынбек Кәкішевтің «Қазақ совет әдебиетінің қалыптасу дәуіріндегі идеялық творчестволық мәселелер (1917-1929 жылдар)» деген еңбегін оқып шықтым.

Меніңше, бұл – қорғауға тұрарлық және қорғаушыға филология ғылымының кандидаты атағын әлеруге жарарлық еңбек. Олай деуге дәлелдерім:

Еңбекті бастан-аяқ оқып шыққанда келтірген пікірін диссертант марксизм-ленинизм ғылымымен жақсы қаруланғандығын және сол қаруын ретті жерде дұрыс қолданып, пайдаға асыра алатындығын көрсеткен.

Көркем шығармаларын талқылап отырған уақыт бөлшегінің экономикалық және саясаттық жағдайларын диссертант терсе зерттеп, жақсы түсінген, осы жағдайлардың советтік көркем әдебиет шығармаларын жасауға қандай әсері тигенін орынды, дәлелді айтқан.

Талқылап отырған мезгілде жасалған көркем әдебиетті мол және ойланып оқып, әрқайсысының мазмұны мен көркемдігін марксизм тұрғысынан бағалауда ғылымда табанды адам екендігін көрсеткен, сондықтан көптеген шығармаларға берген бағасы дұрыс және терсе, ғылымдық баға.

Диссертанттың талқылап отырғаны – қазақ совет әдебиетінің шығармалары. Осы әдебиеттің өсуіне жағдай жасауда, өскелең әдебиеттің бет алысын дұрыс жолға сілтеуде, Бүкілодақтық Коммунист партиясының Қазақстандық бөлімі ерекше еңбек атқарғанын диссертант мол қамтып, баспасөзде мәлім материалдармен қатар, аз аталатын, біразы аталмаған архивтік материалдарды кең ақтарған, бұлардан өз пікірлерін бекітетін берік дәлелдер тапқан.

Октябрьден туған қазақ совет әдебиеті үздіксіз өсу жолында мол жетістіктерге ие болумен қатар, бөгеттерге де, қиын асуларға да кездеспей қойған жоқ. Отанымыздағы тап тартысының қазанына қайнап шыққан әдебиет, өзіне қарсы, яғни байшыл-ұлтшыл әдебиетпен қатты күресті де, Коммунистік партияның басшылығымен идеологиялық майданда жауларын жеңіп шықты. Осы күрес пен жеңістің жайларын да диссертант толық және дұрыс қамтыған.

Қазақ совет әдебиетінің 1925 жылы құрылған алғашқы ұйымы – « Қазақстан пролетариат, қара-шаруа жазушыларының бірлестігі» – әдебиеттің өзін және оның кадрлерін өсіруде зор қызмет атқарумен қатар, елсулі қателіктер мен кемшіліктер де

жіберді. Диссертант Қаз АПП-тың бұл әрекетін де дәлелді және әділ сипаттайды.

Ешбір әдебиет туа сала марқаймайды. Октябрьден туған қазақ совет әдебиеті басынан сәбилік, балалық, жеткіншектік дәуірлерін өткізіп, 20 жылдардың аяқ кезінде ғана марқайған халге жетті. Осы баспалдақтардың әр түсында қазақтың советтік жас әдебиетінің мазмұн және түр жағынан қандай дәрежеге көтерілгенін диссертант дұрыс бағалайды.

Қазақ совет әдебиетінің әр кездегі шығармаларын топтап талқылаумен қатар, диссертант жеке кадрлардың осу жолына да тоқтап, әрқайсысының шығармалық істеріне баға береді, жетістіктерімен қате, кемшіліктерін де тура және дұрыс көрсетеді: мәселен, Сәкен Сейфуллиннің НЭП саясатын алған түсінбеуін, жеке шығармасында паназияттық пікірді жырлап қалуын; Майлиннің, Дөнентасвтің революцияның алдыңғы жылдарында халық жауы – «алашорданы» мақтап қателесуін, тағы сондай кемшілік-қателіктерді.

Диссертант талқылаған шығармаларына идеялық жағынан ғана қарамай, поэтикасын талдап, көркем әдебиеттің бұл спецификасын да жақсы білетіндігін, білгенін дәлелдей алатындығын көрсетеді.

Диссертацияның тілі жеңіл, қонымды; пікірлері дәлелді, логикасы сенімді болып шыққан.

Осы тәуір жақтарымен қатар, диссертацияда елеулі кемшіліктер де бар. Олар:

Диссертант 1917-29 жылдардың әдебиетін талдайды да, оның Сейфуллин, Майлин, Дөнентасв сияқты сақа және күрделі өкілдеріне көп тоқтап, Жақан Сыздықов, Асқар Тоқмағамбетов, Ғабит Мүсірепов, Тайыр Жароков, Әбділда Тәжібасв сияқты буынды тізіммен атап, шығармаларын терең талқыламайды. Аталған дәуірдің әдебиет қазынасын жасауда бұл ақын-жазушылардың рөлдері бірталай. Оны қысқаша болса да баяндамау диссертацияға олқылық келтіреді.

Шығармалық жолында елеулі кемшіліктері мен қателіктері бола тұра, диссертант сипаттап отырған жылдарда қазақ совет әдебиетінде көрнекті орны болған жазушының біреуі – Ілияс Жансүгіров. Диссертант осы ірі фигураның тарихи тақырыпқа

жазған поэмаларына біраз тоқтағанда, совет тақырыбына жазылған еңбектеріне аз кідіріп, көп жерінде сыдыртпалап кеткен.

Жиырмасыншы жылдардың ішінде Сәкен Сейфуллин ақын ғана емес, қазақ совет поэзиясының іргесін қалаған Сәкен прозада да осы рөлді атқарып, «Тар жол тайғақ кешу», «Бандыны қуған Хамит», «Жер қазғандар» сияқты көлемді және тарихтық-әдебиеттік мәні зор шығармалар жасады. Диссертант бұл жайға да өте аз және болымсыз тоқтаған.

Сәкен Сейфуллиннің, Бейімбет Майлиннің, Сәбит Дөнентаевтың жетістіктерін де әділ және дұрыс бағалаған диссертант олардың саяси қателіктерін де айта отырып, осы қателіктердің арасындағы айырмашылықтарын шегіне жеткізе сараламайды.

Ең алдымен, Сәкен Сейфуллин мен Бейімбет Майлин жасаған қателіктердің арасында, Майлин мен Дөнентаев жасаған қателіктердің арасында елеулі айырма бар.

Сәкен Сейфуллин – бүкіл қазақ жазушыларының ішінен Октябрь революциясының алғашқы күндерінде-ақ жске бөлініп, революцияны бірінші күнінен-ақ жырлай шыққан адам. Онымен ғана қоймай, Сейфуллин революцияға мылтықпен де қызмет атқарып, суығына тоңған, ыстығына күйген кісі. Осы істерінде коммунистік идеяның жаршысы болған оның кей шығармасында қателік жіберуі – макрксизм-ленинизм жолымен коммунизмге тура тартқан бетінде әлдеқалай сүрінуі ғана.

Майлиннің қатесі Сейфуллиннен терсеңірек. Еңбекші халықтан, қалам ұстаған күнінен бастап өз тобының мұң-мұқтажын жырлай шыққан ол революцияның дұшпаны алашорданы «халық қамқоршысы» деп түсінді де, оны мақтаумен қатар, аз күн де болса, алаш әскеріне тілсінп, кіріп қызмет етті. Бірақ, Бейімбет бұл адасқан бетінен тез түзеліп, жиырмасыншы жылдардан бастап өз табының жолына түсті, сол таптың адал, белсенді жыршысы болды.

Биографиясы Майлинге ұқсас Сәбит Дөнентаев алашорда мәселесінде Майлиннен де ауыр адасып, совет әдебиетінің жолына 1924 жылдан бастап қана түсті, содан бастап ол да қазақ совет әдбиетін жасауға белсене араласты.

Мұхтар Әуезовтің советтік тарих алдындағы кінәсі бұлардан әлдеқайда ауыр. Егер оның 1932 жылы баспасөз бетінде жарияланған хатына сенсек, аталған жылға дейін ол марксизм-ленинизм жолына саналы түрде қарсы болып, сол жолдың өркендеуіне бөгет болуына тырысқан кісі. Бұл шақта Мұхтардың қаламынан сыншыл реализм бағытында жазылған «Қорғансыздың күні», «Жуандық», «Қараш-қараш» сияқты шығармалар тууы рас, бірақ жариялаған хатта Мұхтардың өзі айтқандай, негізгі шығармалары бұлар емес, ленинизмге қарсы жазғандары.

Бұл мәселеге көңіл бөлмесе де болар еді, егер тарихи шындықты бұрмалау, біз оппонировать етіп отырған диссертанттың ғана қателігі болса. Бұл қателіктің тамыры – 1958 жылы шыққан «Қазақ совет әдебиеті тарихының очерктері» деген кітапта жатыр. Оның 281-бетінде 1932 жылға дейінгі кінәсін «солқылдақтың қозқарасы» деп қана бағалаған. Бұл баға 1933 жылғы хаттарында Мұхтардың өзіне-өзі берген бағасына қарама-қарсы. Біз, әрине, Мұхтарды орынсыз және дәлелсіз қорғаушыларға емес, өзіне сенеміз.

Рас, Мұхтар қазір совет әдебиетінің қадірлі адамы. Оның «Абай» атты романы зор баға алып, совет әдебиетінің классикалық қорына қосылды. Бірақ бұған қарап, оның өткен айыбын бүркеуге болмайды. Марксизм бағытында жазылған тарих тек тарихи шындықты ғана жақтайды.

Аталған кемшіліктері бола тұра бұл еңбегі үшін Тұрсынбек Кәкішевке филология ғылымдарының кандидаты деген атақ беруге болады».

Егер қазақтың мемуарлық шығармасы жайлы сөз қозғасақ, бірнеше жайтты атап өткеніміз абзал. Олар мыналар:

Алғашқы бөлімде мемуарлық шығармаға байланысты теориялық анықтаманы бердік. Алайда автордың өзі куәсі болған, көзбен көрген жайттарды сол тұстағы қоғамдық-әлеуметтік, тарихи, саяси жағдаяттармен астастыра отырып суреттеуін мемуарлық туынды деп ат қойып, айдар тақсақ та, біріншіден, жанр – тарихи категория болғандықтан, әрбір кезең, дәуір, уақыт, қоғам талабы, замана тынысы арқасында түрленіп, өзгеріске түсіп тұратындықтан, мемуарлық жанрға да жаңару,

толығы, ауқымдану үдерістері тән. Бұл пікірге кеңестік дәуірдегі мемуарлық шығармалардың саусақпен санарлық тобы анық дәлел бола алады. Ал, тәуелсіздік таңы атқан соң дүниеге келген мемуарлық шығармаларды алайық. Олар, біріншіден, өте көп, демек, кезінде айтылмаған, жазылмаған, ұлттық рухың мен еркің бұғауда болған тұста ишарат, емеурінмен ғана білдірілген жайттар жарыққа шығуда.

Өз ауқымына естелік, өмірбаяндық очерк, күнделік, ғұмырбаяндық жазбалар, автопортреттер, деректік дүниелер, саяхат, сапар тұсында көрген, білгенін қағазға түсіру т.б. алатын мемуарлық шығарма қара сөз (проза), өлең сөз (поэзия) түрінде де кездесетінін айту қажет.

Уақыт жағынан алғанда, мемуарлық шығармалардан сол дәуірдің кескін-келбеті мен болмыс-бітімін бірден аңғаруға болады. Яғни сол уақыттың табы мен сызы, ұстанымы мен талабы, идеологиясы мен ұстыны. Мәселен, С.Сейфуллиннің «Тар жол, тайғақ кешу» романы тарихи-мемуарлық, деректік, публицистикалық шығарма деп келдік. Академик Р.Нұрғали: «... Тар жол, тайғақ кешуді» тарихи-мемуарлық роман деуден гөрі, құжаттық-саяси роман қатарына қосуға көбірек негіз бар» деген пікір айтады. Ақиқатында «Тар жол, тайғақ кешуде» публицистикалық, көркем шығарма элементтері, құжаттық, деректік, өмірбаяндық жайттар шебер тоғысқан. Автор – кеңес үкіметін, Коммунистік партияны айрықша құрметтеп, солар жүргізген идеологияға құлай берілген, елінің жарқын болашағы жаңа заман арқылы ғана туады деген пікірде болған, коммунистік арына шаң жуытпауға тырысқан адам. Оның осынау ұстанымы романында да айрықша көрінді. Ендеше, авторлық саяси көзқарасы ерекше көрінген деп романды олай айтуға негіз жоқ. Романда Сәкеннің саяси бағыты, сол бағыттан туындаған өзіндік «Мені» бірінші кезекке шығып, көзге ұрып тұрғаны анық, алайда бұл жайт және автордың тарихи сипаты басым оқиғаларды нақты құжаттармен айғақтап отыруы шығармаға құжаттық-саяси роман деп атау беруге негіз бола алмайды.

С.Мұқановтың «Өмір мектебі» романы мемуарлық, деректік сипаты жағынан қазақтың ұлттық әдбиетін жанр

жағынан байытты. Жанр көкжисгін кеңейтті. Шындығын айтсақ, қазіргі тәуелсіз елімізде бұл романды танымдық, тарихи, деректік әлеуеті үшін ғана бағалайды. Себебі, шығармасында тоталитарлық тәртіптің насихатшысы әрі қолдаушысы болған автордың көп көзқарастарымен қазіргі оқырман келісе бермейді. Тіпті тарихи тапымал тұлғалар (мысалы, Мағжан т.б. Алаш қайраткерлері туралы) жайлы айтқан қате пікірлері де авторға бүгінгі уақытта еш абырой әкелмейтіні аян. Бұл жерде жазушының ғұмыр кешкен заманы, сол заманға қатысты ой-пікірін ашық айтып, сол қоғамның белсендісі болуы, наным-сенімі т.б. жайттардың ақ-қарасын ажырату кешегі уақытты көрген жандар өз алдына, бүгінгі уақыт биігінен талдау жасайтын оқырман үшін де аса маңызды.

Уақыттық мәнге әдебиеттің ие екенін ескерсек, С.Кобесовтің «Орындалған арман» романы сол тұстағы ғана рухани сұранысты қанағаттандырған шығармаға жатады. Роман аталған соң, эпикалық кең тыныстылық, сол кезеңдегі қоғамдық-әлеуметтік, тарихи, саяси жағдаяттарды оқу-ағарту саласы бойынша ұштастырып, кесек ойларды айту шығармада кездеспейді. Егер ХХ ғасырдың отызыншы жылдары орын алған репрессияны екінші дүниежүзілік соғыс кідірткенін еске алсақ, елуінші жылдары сол зұлматтың екінші толқыны басталды. Оқыған, тоқығаны мол, сапасында саңылауы бар зиялы қауым өкілдерін аңду күшейді. С.Кобесовке де «Үсақ буржуазиялық көзқарас ұстанған» деген айып тағылды. Осындай уақыт аясында өмір сүрген жазушының шығармалары, әрине, таптық жіктеліс пен күреске толы болатыны белгілі. Сондықтан да жазушының қазақ байлары мен болыс, билерін надап, тонмойын етіп көрсетуі, қырдағы тап күресінің бірден-бір жақтаушысы болуы, заман талабына орай орыс кедейі мен қазақ жарлысының берік мызғымас достығы дегенді ұран етіп көтергені байқалады. Жер үшін қазақ пен орыс кедейлері ауқатты қазақтарға қарсы шығады. Терең пайыммен қарасақ, қазақ даласына келген орыс келіссөзі жерді онсызда орыс билігінің арқасында жергілікті ұлт өкілдерін ығыстыра отырып, иемденген еді ғой. Автордың бұл жерде жалаң схематизмге ұрынғаны бірден көзге түседі.

Ғ.Мұстафиннің «Көз көргені» де өз уақытының жемісі болып табылады. Шығармадағы бас кейіпкер – жазушының өзі. Романның құрылымында көркем әдебиет элементтері, тарихи оқиғаны нақты түрде беру сияқты тәсілдер молынан кездеседі. Демек, мемуарлық шығарма деп атағанымызбен, бұл жанрдың әдеби үдерісте түрлі қырынан танылатыны, ауқымдылығы, түрлі жанрлық белгілердің араласып келетіні анық.

Алаш көсемі Ә.Бөксіхан қаламынан туған дүниелер ішінде шағын ғұмырнамалық жазба, естелік әңгімеге жататын еңбектер бар. Оларға Абайға арналған еңбегі, «Кәкітай» деп аталатын дүниесі жатады. Абай туралы автордың еңбегі «Абай (Ибраһим Құнанбаев)» деп аталған. Ол 1906 жылы «Семипалатинские областные ведомости» газетінде (№250) жарияланған. Еңбекте – Абай өмірі, ортасы, ақындық өрісі – бәрі де ықшам нақты деректермен берілген. Ал, «Кәкітай» атты еңбек 1915 жылы «Қазақ» газетінің №105 нөмірінде жарияланды. Мақаладан Алаш қайраткерлерінің риясыз достығын, берік байланысын, берілген ант, уәдеге адалдығын көрсеміз.

Жалпы, Алаш арыстары, кейінгі ірілер өз жазбаларында қазақтың ұлттық мүддесіне адал танымал азаматтар туралы көптеген жазбалар қалдырды. Оларда көркем очерктің, автопортреттің, ғұмырнамалық деректердің мол екенін баса айтуымыз керек.

Дәстүр мен жаңашылдық – тарихи-философиялық ұғымдар. Ал, жанр – тарихи категория. Кез келген жанр, ең алдымен, жаңашылдық түрінде дүниеге келеді. Келген сәттен бастап-ақ ол жұрт назарын жаңашылдығымен өзіне аударта және оның әсер-ықпалымен басқа дүниелер жариялана бастаса ғана ол дәстүрге айналмақ. Мысалы, Абай мен Әуезов дәстүрі орыс әдебиетіндегі Толстой, Достоевский т.б. дәстүрі бұл ойымызға дәлел бола алады.

Дәстүр мен жаңашылдық – әдебиет пен өнердің даму барысында сабақтастық пен жаңғыртуды, мұрагерлік пен қайта жасауды, бұрынғы мен соңғының байланысын білдіретін ұғым. Дәстүрге ғасырлар бойы қалыптасып, сұрыпталған әдебиет-ұғымдар, жол-жобалар, көзқарас түсініктер жатады. Жаңашылдық – өткен өмірдің, кешегі күннің тәжірибесі мен

жәмістерінің ішінде мән-мағынасы бай, дәрежесі жоғары, заман талабына жауап беретін, бұрынғы-соңғының шеңберінен шығып, болашаққа кең жол ашатын аса маңызды ізденіс-әрекеттер. Ол жалпы өркениеттің дамуына әсер етеді, осы жолда туып, орнығады. Дәстүр мен жаңашылдық – диалектикалық бірлестікте болып, ескі мен жаңаны жалғастырады, тарихпен бірге дамиды, өндірістің шығармаларында шешендік дәстүрді шебер пайдалана отырып, үлкен жаңалық әкеледі. Мемуар бұрынғы «memoire», «memoria»-память, белгі семантикасынан беретін, әдеби мағынада, жазушының өмірі, қоғам, ондағы адам жөніндегі ой түйгені, өткергенінен естеліктері, күнделік, жазба ретгі белгі, пікірлері көрсеткіштерін беретін әдеби шығармаларға ұласады. Біздіңше, мемуар әдеби түрдің салалары сияқты, тіпті көне дәуірден бастау алады.

Мемуар – тұжырымалық әдебиеттің ішкі бір жанры. Мемуарлық туындыда да көркем әдебиеттегідей өмірлік материал көркемдік жинақтауға түседі. Кейінкерге түй-түлға болған адамдар мінезі белгілі бір адам (кейінкер) бойына жинақталуы, жинақталып ірі образға айналуы мүмкін. Көркем әдебиет пен мемуарлық әдебиет арасындағы айырмашылық – бірінде автордың араласуы белсендірек те, екіншісінде әлсіздеу болмақ. Бірінде кейінкерге еркіндік аз беріледі де, екіншісінде еркіндік молдау беріледі. Мемуарист автор «Менің мақсатым азғындық жолға түскен жүргінші әйелді бейнелеу еді, Анна Каренина менің еркімнен шығып кетті...» – деп айта алмайды. Мемуарда қамтылатын өмір шындығы, көбіне, ойдан шығарылмайды. Өмірдің өзінен алынған шындық, мемуарда көркемдік шындық райында қабылданады. Мемуарлық шығармадағы өмір шындығы – автордың өмірбаян беттері. Жоғарыда айтқанымыздай, ұлы жазушы Л.Н. Толстойдың өмірбаяндық трилогияны жалғап жаза түсіп, өз өмірі өз атынан баяндалатындықтан, ыңғайсызданып үшінші кітаптан кейін тоқтауы осыны аңғартады. Бірақ, оған қарап мемуарлық шығармада автор өмірлік материалды ірілендірмейді, ескімейді, болған қалпы сипаттай береді деген ұғым тұрмауы керек. Мемуар көркемдік жинақтаудан тым тысқары тұрмайды. Көркем әдебиеттегідей тым еркін жинақтау болмағанымен, өзіне

лайық көркемдік жинақтауды мемуарлық шығарма да бастан кешеді. Кейіпкерлердің ішкі психикасын мемуарист жазушы өз сезінісі, я адамдардың ашылысынан әкеле алады. Мемуар кітаптар тарихи не псевдонимі бар әдеби шығармалардан өзгеше. «Мен» атынан сөйлесер өмірде болғаны тарихи келмес шығармалардан да ол дәлдігімен басқаша тұрады. Мемуарда адам биографиясы ұзақ та, тік түсе алады. Бұл жанрда бір адамның естелігінен, екінші одан, үшінші онан, төртінші адамдар естелігі кездесетін жағдайлар болады. Естеліктерден образдардың жасалуы мүмкін.

Қазіргі жанрлық тұрғыдан жан-жақты өрістеген қазақ прозасының басым саласын ғұмырнамалық, эссе, эпистолярлық формада жазылған шығармалар құрайды

2.2. КЕҢЕС ДӘУІРІНДЕГІ МЕМУАРЛЫҚ РОМАНДАР (С.КӨБЕЕВТИҢ «ОРЫНДАЛҒАН АРМАН», С.СЕЙФУЛЛИННИҢ «ТАР ЖОЛ, ТАЙҒАҚ КЕШУ», С.МҰҚАНОВТЫҢ «ӨМІР МЕКТЕБІ», Ғ. МҰСТАФИННИҢ «КӨЗ КӨРГЕН» РОМАНДАРЫНЫҢ ӨЗІНДІК ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ).

Бірден басын ашып айтайық, қазақ әдебиетінде мемуарлық шығарма жазушылар С.Көбесев, С.Сейфуллин, С.Мұқанов романдарынан үлгі алды, сол шығармалардың мемуарлық шығармаларға әсері тиді деп айту екіталай. Оған себеп, біз өз жұмысымызда тоқталған М.Мағауин, Қ.Жұмаділов, Қ.Ысқақов, Ә.Нұршайықовтар тиісінше өздерінің «Мен», «Таңғажайып дүние», «Келмес күндер елесі», «Мен және менің замандастарым» сияқты шығармаларын еліміз тәуелсіздікке қол жеткізген кезеңде жариялады. Еліміз егемендік алғаннан кейінгі кезеңде сөз еркіндігі, ой бостандығы күшейгеннен кейін жазушылар өмірлік дерек негізінде ғұмырнамалық жанрда шығармалар жаза бастады. Олардың көтерген тақырыптары, пайдаланған формасы, айтар идеялары, ұстанар концепциялары әр түрлі болғанымен, шығармаларының жазатын жанры біреу ғана – ғұмырнама (автобиография). Әсіресе, қазақ ғұмырнамалық романдарының ішінде көлем мен көркемдігі

тұрғысынан ерекше деп танылатыны Ә. Нұршайықовтың «Мен және менің замандастарым», М. Мағауиннің «Мен», Қ. Жұмаділовтың «Таңғажайып дүниесі» романдарының қоғамдағы тарихи кезең ақиқатын бейнелеудегі шеберлік қырлары ерекше. Оқырман қауымға суреткерлік тұмырдың болмысын танытатын бұл туындылар әдебиет ғылымы үшін ғана емес, жалпы адамзаттық мәселелерді қозғаумен де құнды дүниелер болып табылады. Міне, сол себепті де бұл жазушылардың тұмырнамалық шығармаларындағы өмірлік деректерді зерттеудегі әдбиетімізде көркемдік таным мәселелерінің оң шешімін табуына зор септігін тигізеді.

Тұмырнамалық көркем шығармалардың типологиялық ерекшеліктері қарастырылған. Жалпы атауы «тұмырнамалық» проза деп аталуына қарамастан, бұл ыңғайдағы туындылар іштей тұмырнамалық (автобиографиялық), мемуарлық, эпистолярлық болып жүйеленеді. Олар бір-бірімен табиғаты жақын, әрі бір шығармада элементтері араласып келе беретіні тағы бар. Ішкі жанрлық жүйеде «тұмырнамалық» шығарма деп, көбіне белгілі бір қоғамда өмір сүрген даңқты адамдардың өмірінен жазылған деректі туындылар аталады. Айталық, кешегі кеңес өкіметі кезеңінде дүние-ғаламның даңқты тұлғалары өмірінен жазылатын «Жизнь замечательных людей» сериясы бойынша 1933 жылдан бастап, бүгінгі күнге дейін жарық көріп келе жатқан деректі кітаптар сериясын ғалымдар осыған жатқызады. Бұл – мейлінше кең, тынысты серия. Сонымен қатар осы сериямен сабақтас «Жизнь в искусстве» (1967 жылдан жарық көреді) сериясы да болып саналады. Ол – бірыңғай өнер адамдары өмірін арқау ететін деректі туындылар жүйесі. «Жизнь замечательных людей» сериясын «Өнегелі өмір», «Тамаша адамдардың өмірі» деп тәржімалап жүрміз. Аталған серия бойынша Мәскеудегі «Молодая гвардия» баспасынан қазақтың айтулы азаматтарына байланысты (Шоқан, Сәкен, Қаныш т.б.) деректі тұмырнамалық туындылар жарық көргені мәлім. Өзге жанрлардан мұның ерекшелігі – қоғамда даңққа бөленіп өткен тұлға жайында дербес автор (өзге адам) жазады. И. Стрелкова – Шоқан Уәлихановтың, Тұрсынбек Кәкішұлы – Сәкен Сейфуллиннің, Мәдеу Сәрсекеев – Қаныш Сәтбаевтың

өмірі туралы жазды. Біз бұл орайда «Бүкілодақтық» өреде жарық көрген туындыларды ғана айтып отырмыз. Қазақ әдебиетінде ғұмырнамалық прозаның небір асыл үлгілері бар.

Сонымен қатар ғұмырнамалық шығармалардың тағы бір жүйесі – «автобиографиялық» туындылар. Әдебиет тарихында небір тамаша автобиографиялық роман, повесть, әңгімелер жазылған. Бұл жүйедегі шығармалардың авторы, кейіпкері атының өзі-ақ айтып тұрғандай – өмірі сипатталатын адамның өзі. Автобиографиялық туындылардың бір ерекшелігі – автор мен кейіпкер бір болып келеді. Автор көбіне өз өмір дерегінен ауытқымай, формасын тауып сөйлейді. Алайда, қоғам өмірін жан-жақты қамтып, эпикалық тыныс алып, кең құлашты суреттеуге бара бермейді. Көбіне-көп шығармалардағы уақыт және кеңістік туралы толғамдарды өмірінен өріп шығарады. Автобиографиялық шығармалар көп желілі болмай, көбіне бір-сікі тармақты ғана болып өрітсейді. Мәселен, Дат жазушысы Андерсен Нексенің «Автобиографиялық повестері», Ғабит Мүсірповтің өз өмірінен жазған шағын формалы туындысын «Автобиографиялық әңгімесі» деп атағанын білеміз.

Ғұмырнамалық шығармалардың тағы бір жүйесі – мемуар. Мемуар жанрында роман, повесть жазыла береді. Ғұмырнамалық туындылардың бұл жүйесі авторға мейлінше еркіндік береді. С. Айнис, Андрей Белый, Александр Бенуа, Сәбит Мұқанов мемуарлық шығармаларын деп атауға болады. Онда қоғам өмірі басты кейіпкер өмірімен телқабыс алынып, оның қабатында көп желі жарыса қатар тартылып, сгізделс суреттеліп кете барады. Кейіпкер табиғаты да эпикалық тыныспен беріліп, характері жан-жақты ашыла береді.

Біз ғұмырнамалық проза дегенде, осының автобиографиялық жүйесіне ден қоямыз. Біз талдайтын шығармалар автобиографиялық сипатта.

Бүгінгі қазақ мемуаристикасының қалыптасу жайы бүкіл элем әдебиетінің озығынан, орыс әдебиетінен оқу арқылы жетіле түскен. Ол ұлттық әдебиетіміздегі мемуарлық дәстүрлердің негізгі жолын ескере отырып, күрделене жаңарған, жаңа мазмұнмен түлеп, мәселен деп бағытта түрленс көркейген жанр. Орхон-Енисей жазба ескерткіштері назар аудартады.

Ескерткіш бойынан биография мен естелік элементтерінің үшқындарын табамыз. Бұл бүгінгі мемуаристикамыздың, оның ішінде ғұмырнамалық форманың ұлттық саласы, сонау көнеден скенін еске алғызады. Алғашқы мемуар үшқындарының туу себептері, ескерткіш авторларының соңына белгі қалдыру ғана мақсатынан емес сияқты. Тоныкоктің «Түрік білгіш қағанының еліне осы ескерткішті бағыштаған, Мен» – деуінде халыққа тәрбисін мұра етпегі де, үлгі етіп ұрандауы да жоқ емесей. Мүмкін мұндай ескерткіш қалдыру сол кездің дәстүрі үшін аса маңызды болған тәрізді. Орхон-Енисей жазбалары сияқты ескерткіштердегі өмірбаян элементтері сол болған адамның өзі туралы айтқандарына жүйеленеді.

«Словарь литературоведческих терминов» кітабында жалпы мемуар құрамында құрастырылғандықтан да болса керек, түрлі мемуар жазбалары дараланып жатпайды, сондықтан, күнделіктер кесек-кесек қалпында алынады.

Естелікті үш бөлімге (естелік, биографиялық естелік, жол жазба естеліктері) болу де нақтылы емес. Бұлай қарау жалпының қарарына соның құрамындағыны да теңгермелеу болмақшы.

С. Моминскийдің «Мемуарлық – автобиографиялық жанр туралы» ойында мемуарлық – автобиографиялық жанрының түбегейлі қасиеттері мен туу заңдылықтары өте терең жататынын, мемуар құрамы біршама келісімді болатынын «Мемуарларда, әдетте бірнеше жанр түрлері араласып келіп отырады: естеліктер, жазбалар, күнделіктер, өмірбаяндық», – дегендей жүйеде келтірген. Бұл топшалауды әзірге салыстырмалы дұрыстық деп қарауға болады. Түрлі мемуарлық хат – жазба деректерді, көрген – түйгенін, жол суретін тез сәулелендіріп тастайтын ескерткішті жазбалар, ғылыми және естелік іспетті мақалалар, еңбектер т.б. мемуарлық әдбиеттен тыс қарайтын мәселелер емес.

Ал, жоғарыдағы шығармалар (С.Көбеев, С.Сейфуллин, С.Мұқанов романдары) тәуелсіздікке дейін жарық көрген-ді. Яғни уақыт та, заман да, қоғам да мүлде басқа идеологияның бақылауында болатын. Солай десек те, кез келген қаламгер тың жанрға қалам тартқанда, өзінің алдындағы жазушының

ұстаным-ұстынын қабылдамаса да, ол жазған шығармаға үнілетіні анық.

Ендеше, мемуар – француз тілінде еске алу деп аталса, қоғам келбеті, атакты танымал тұлғалар, уақыт талабы – бәрі де ондай шығармадан тыс қалуы мүмкін емес. Сондықтан да кейінгілер үшін С. Көбесов, С. Сейфуллин, С. Мұқанов романдары бірнеше қызмет атқарды деуге толық негіз бар.

1. Танымдық қасиет. Мемуар жазған М. Мағауин де, Қ.Жұмаділов те, Қ.Ысқақов та, Ә.Нұршайықов та, С. Көбесов, С. Сейфуллин, С. Мұқановтар заманын көрген жоқ. Ендеше бұлардың сол заман туралы түсініктері сол романдар арқылы қалыптасты деуіміз қажет.

2. Сол аға буын өкілдерінің заманындағы қоғамдық-әлеуметтік, тарихи, саяси жағдаяттардан толықтай мағлұмат алуы. Яғни өздері де куә болған тоталитарлық заманның қырсырынан хабардар болуы.

3. Сол тұлғалардың наным-сеніміне, өмірлік ұстанымына бүгінгі күн биігінен үңіле алуы.

Сондықтан да қысқаша болса да, алғашқы мемуарлық романдарға тоқтала кеткеніміз абзал.

Жазушы С. Көбесовтің өз өмірін, әлеуметтік көзқарасын, сол кездегі тарихи жайттарды зерттеуде де «Орындалған арман» кітабының ерекше маңызы бар. «Орындалған арман» мемуар болғанда, жазушының жай көргендерін тізбелесу емес, адам образдарына, әр түрлі характерлерге бай көркем шығарма. Кітапты оқып отырғанда, ең алдымен, өзінің көп жылдық өмірін халық қызметіне арнаған, екі дәуірді басынан кешірген, талай қилы кезеңдер, қалтарысы мол жылдардан өтіп, қазақ халқының бұрынғы ауыр халі кезінде халқына адал қызмет еткен, кейін өз еңбегінің жемісіне ие болып, қоғам қайраткері дәрежесіне көтерілген қарт педагог-жазушының образы көз алдыңыздан өтеді. Кітапта сол адамның ескі және жаңа өмірі, күрес жолы, көзқарасының қалыптасуы, нанымды образды түрде суреттеледі. Айналасында болып жатқан өзгерістерге бақылаушы болып сырттан қарап тұрмай, С. Көбесов біте араласып жүреді. Сондықтан оның қандай оқиғаға болмасын, өз көзқарасы, өз қатынасы білінеді. Жазушы өз образын орталық

фигура етіп ұстайды да, ескі қазақ ауылындағы таптық қайшылықтар, байлар мен кедейлер арасындағы стихиялық соқғынысулар, жер дауы, жесір дауы, 1905 жылғы алғашқы орыс революциясының қазақтарға әсері, 1916 жылғы көтеріліс, қазақ-орыс достығының нығаюы жайын кейде кесек оқиғалар арқылы, кейде ұсақ штрихтер арқылы айқын көрсетіп отырады. Шығарманың негізгі қаһарманы ел басындағы ауыртпашылықты бірге көрседі, қолынан келгенін халық мүддесі үшін жұмсайды. Қараңғылық пен надандықтан халқын құтқарып, білімнің ұрығын себуге талаптанған ол, бала оқытады, елді тәрбиелеуге комектесерлік әдеби шығармалар жазады. Әлсуметтік күрестер кезінде шаруалар жағында болады. Халық арасында жаңа үкімет мәнін, оның саясатын насихаттаушылардың қатарында жүреді.

Қарт адамның күрес жолы көп адамға үлгі боларлық. Кітапты оқып отырғанда оны айқын сезінесіз. Шығарманың әрі авторы, әрі қаһарманы С. Көбеевті ерекше сүйсіз де қадірлейсіз.

Қазақ сахарасына алғаш келген мәдениет шырағы—орыс-қазақ мектептерінде әуелі өзі оқыған, кейін сол мектепте бала оқытқан автор «Орындалған арманда» орыс мәдениетінің қазақ даласына кең тарауы мәселесіне, ондағы мәдениет қайраткерлерінің ерекше еңбектеріне зор мән береді. Қазақ халқының ұлы ағартушысы, педагогі, жазушы, тұңғыш оқу инспекторы Ыбырай Алтынсариннің бұл жолдағы еңбегін С. Көбеев жоғары бағалайды. Кітапта шағын ғана орын берілсе де, ол Ыбырай бейнесін жап-жақсы көрсете алған. Ыбырай образын жасауда автор өз көргендері мен ел аузындағы, ол жөніндегі әңгіме-аңыздарды орынды пайдаланады. «Орындалған армандағы» Ыбырай оқушыға жап-жақсы әсер қалдырады.

Ыбырайды Спандияр алғаш рет Сауытбай тойында (1986 шамасы) көрседі. Торғай уезінің оқу инспекторы бұл елге мектеп ашу мақсатымен келген. Оның көпшілік алдында сөйлеген сөзінің жалпы мазмұнын Спандияр былай баяндайды:

«Ғылым да, өнер-білім де орыс жұртында. Біз ғана сол ғылым, сол өнер-білімнен құр алақан қалып келеміз. Бұған ең алдымен өзіміз кінәлі. Өйткені өзіміз талпынып, өзіміз әрекеттенбесек, бізді ескеріп, қамқор болар әкім жоқ. Заман

өнерлі, білімді болуды талап етеді. Сауатсыз, қараңғы ел озық ел деп саналмайды... «Өнер жастан» шығады деген екен үлкендер. Ендігі жерде сол жас өренді оқыту керек. Біз бүгінгі таңда әуелі екі жылдық ауыл мектебін ашуды ғана көздеп отырмыз. Өйтпеске амалымыз жоқ. Төрт жылдық мектепке сабақ беретін оқытушыларымыз жетіспейді. Төрт жылдық мектеп таяудағы келешектің мәселесі. Екі-үш жылдан кейін болыс-болыс ел орталарынан төрт жылдық мектеп ашпақшымыз. Бұл үшін, ең алдымен мектеп үйлерін салып алуымыз керек. Ауылдық мектеп – мектеп үйі ғана салынған ауылда ашылады. Мектеп ашуға бүкіл ел болып ат салысуымыз керек».

Бұл сөзінде ұлы ағартушы, педагог-жазушы, өз шығармаларындағыдай, елді өнер-білімге, оқуға шақырады. Қазақ халқын орыс тілін үйренуге, мәдениетке жетуге үндейді. Өзінің аз жылдық инспектор болып істеп жүрген кезінде, Ыбырай қазақ ауылдарынан көптеген халықтық мектептер ашу мүддесіне қызмет етті. Өз заманында оннан астам училищелер мен болыстық мектептер ашуға көмектескен. Қазақ жерінде тұңғыш қыздар мектебін ұйымдастырып, Ор қаласында оқытушылар семинариясын ашуға жәрдемдескен.

Бірақ Сауытбай ауылында мектеп ашу идеясы бірден іске аспайды. Ауылдың болыс-билері бұл іске жете мән бермегендіктен, оның үстіне ауыл молдаларының ықпалымен балаларын орысша оқытудан қашып, екі жылдық мектеп үйін салуды кешіктіре түсіреді.

Бұл мектеп 1887 жылдың аяқ кезінде ашылады. Әуелде мектеп ашылады деп ойлап қуанған ел бұл әңгіменің еш хабарсыз басылып кеткеніне ренжіп жүргенде, үміт оты қайта жанады. Молдаға оқуға барып, онымен сыйыса алмай айырылысқан Спандияр да осы мектепті асыға күтеді.

Мектеп ашылған күні әкесі ертіп келіп тізімге кіргізген Спандиярды болыстың бұйрығы бойынша мектепке алмай қояды. Оған Ыбырай Алтынсарин көмек жасайды. Бұл жайды Спандияр былай еске түсіреді: «Шырағым Ыбырайжан, – деді әкем, баламды мана жазып алған еді. Желтоқсанның 10-да оқу басталады, сол күні әкеліп салыңыз, балаңыз оқуға алынды

деген. Ең алдымен әлділердің балалары алынады деп, менің баламды тізімнен шығарып тастаған ұлықтар болу керек».

– Дұрыс емес. Бұл – жалғыз байлардың балалары оқысын деп ашылған мектеп емес, жалпы қазақ балаларына ортақ мектеп. Шынында, мектепке ең алдымен нашарлардың балалары алынуы керек, – деді Ыбырай.

Осы арала меңгеруші мектептен шығып, біздің қасымызға келді. Түсі ашулы сияқты көрінді.

– Ыбырай аға, – деді меңгеруші, – мынау уездік ұлықтар, болыстар кедей балаларын шығарып, тек бай балаларын алындар деп жатыр. Мен ондай нұсқау жоқ деп көріп едім, «бұрын болмаса, енді болғаны. Мектепке алынған балалардың тізімін қарап шығып, біздің бекітуіміз дейді. Олай болса, менің бұл мектепте меңгеруші болып істеуімнің қажеті қанша? Өзіңіз барда осы мәселені үзілді-кесілді шешіп қалуымыз керек шығар деймін...».

Ыбырай қабағын түйіп, жүзі сұп-сұр болып кетті. Екі көзі шатынап, сазарған күйінде ойға шомып, әлдсқайда алысқа қарап, біраз үндемей тұрып қалды.

Балмүганбет болыс біресе меңгерушіге, біресе Ыбырайға жалтақ-жалтақ қарап, тілі күрмелгендей кекештеніп:

– Е,е... екі-ақ бала ғой... Екі-ақ бала тізімнен шығарылған... Е-е-е біреуі біздің ағайышымыз, мына Кобейдің баласы да, біреуі... біреуі осындағы бір нашар адамның баласы. Бүгін оқуға кіргенімен, ертең шығып қалатын балалар. Ояз, болыс қиянат етіп жатыр деп, түндік желпілдетіп жатудың қажеті қанша?-деді қинақтап.

Ыбырай оның сөзін мүлде естімеді ме, білмеймін, меңгерушіге қарап:

– Мектептің жалпы қазақ балаларына арнап ашылып отырғанын білесіз. Бай балаларына арнап ашылған мектеп емес. Уездік ұлықтардың да, болыстардың да мектепке алынған балаларды мектептен шығарып тастауға хақы жоқ. Менің рұқсатымсыз бірде-бір баланы тізімнен өшіруші болмаңыз. Мектеп ашуға жиналған қаржы осы кедей шаруалардікі, халықтікі екені есіңізде болсын. Болыс пен байлардың қанша қаражаты шығыпты бұған, – деді өктем дауыспен.

Меңгеруші менің әкеме қарап:

–Сіз неге оқытпайтын болдыңыз балаңызды? – деді.

–Оны айтып жүрген кім?

–Болысың айтты ғой

–Өтірік айтады, – деді әкем, – баламды оқудан шығарып тастады деп, мына кісіге арыз айтып тұрған жоқпын ба?

–Неткен опасыз, жауыз адамдар елі! – деді меңгеруші.

Ыбырай менің маңдайымнан сипап, бетіме үңіліп қарап:

–Оқисың ба, балам? – деді.

–Оқимын.

–Оқы, балам, жақсы оқы, – деді де, меңгерушіге қарап:

–Тізімнен өшірілген болса, қайта жаз. Кедей балалары да оқуы керек.

Мына балаға көзіңнің қырын сала жүргейсің. Сірә, әкесі осы елдің мықтыларына жақпай, зәбір көрген адам болу керек, – деді.

Осыдан кейін С. Көбесов Ыбырай Алтынсаринмен қайта кездесе алмайды. Ыбырай 1889 жылы қайтыс болады. Бұл жай «Орындалған арманның» «Ауыр қаза» атты тарауында суреттеледі. Ыбырай өлімінің үстінде де Спандияр оқытушы болып, халыққа қызмет етуге бекінеді.

Спандиярдың естелігінде өзінің алғашқы оқытушысына да ұнамды сипаттамалар беріледі. Ол Ыбырай Алтынсарин жолын ұстаған, ел ішінде мәдениет, білім ұрығын себуде аз да болса еңбек сіңірген алғашқы оқытушылардың бірі есебінде суреттеледі. Оның тек оқытушылық қызметін емес, ауыл ішіндегі ағартушылық еңбегіне жазушы үлкен мән береді. Өзінің тұңғыш оқытушысының еңбегін суреттей келіп, Спандияр оның ата-аналармен өткізген бір жиналысын еске алады. Бұл жиналыста оқытушы оқудың мақсатын түсіндіреді. «Орысша оқысаң ұлық боласың, тілмаш боласың» деген теріс ойлардың бәріне тойтарыс бере келе, ол оқудың мақсатын Ыбырай сияқты халыққа қызмет ету, өнерпаз болу деп ұғындырады. «Осы сөздің өзі бізге де үлкен әсер етті. Мен, шынында, не үшін оқитынымды, қандай мақсатпен оқитынымды тұңғыш рет осы жиналыста ғана аңғардым.

Мүғалімнің әлгі сөздері көксейіме қонып, өзі сияқты оқытушы болсам екен деп арман етіп отырдым. Кейін төрт жылдық болыстық мектепте, одан соң Қостанайдағы екі класты орысша-қазақша мектепте оқыған жылдарда болашағым жол сілтеген шамшырағым, мені ілгері жетектеген осы арман еді,— дейді С. Көбесев.

Жазушы өз басынан кешкендерін байланыстыра отырып, «Орындалған арманда» жаңалық атаулыға жапы қас қазақ байларының артта қалған мешу ой-дүниесін, озбыр моралін батыл ашып көрсетеді. Оздерімен аталас Сауытбай, Сандыбайлар — тек бір ауылдағы байлар ғана емес, бүкіл қазақ байларының типтік бейнелері. Олардың кедейлерге жасаған зорлық-зомбылықтары, тек бір ауыл ішіндегі шісленіс, келіспеушіліктен гөрі таптық күрестің анық белгі береді бастағаны екенін автор сол кезде-ақ анық байқаған. Ол қазақ ауылындағы таптық тартысты өз көзімен көріп оседі. «Қазақ ауылындағы әлеуметтік мәселені кеңінен суреттейтін «Қисық кегі» деген роман жазу ойымда болды. Бұл романда 1880 жылғы Қисықтың соққыға жығылып олуінен бастап, 1916 жылғы көтеріліске дейінгі қазақ ауылындағы әлеуметтік, таптық қайшылықты суреттемекші едім»,—дейді С. Көбесев ертерек кездегі бір әңгімені еске түсіріп.

Спандиярдың жас кезінде бай ауылдар шұрайлы мал өрісін, жақсы шабындық жерлерді, ең ақыры балығы мол колдерді де өздеріне қаратып, кедейлерді жерсіз қалдырады. Бұған наразылық жасап, бой көрсеткен кедейлер малын өрістен айдап кетпей, мал басына арнаулы кісі қалдырып тұрады. Кедей ауылдың бұлай басынуына ыза болған Сауытбай, Сандыбайлар бір күні «Бұл ауылдың әбден бетін қайырып, тауын шағып, енді қайтып беттесі алмайтындай ету үшін» Олжабай деген бір есер соқты жіберіп, мал ішінде жүрген момын шаруаны соққыға жығып өлтіреді.

Бала кезінде үлкендердің аузынан естіген осы әңгімені, болашақ жазушыны, қазақ ауылындағы әлеуметтік күрестің шісленісуінен туған оқиға деп біледі. Оның бұл тақырыпқа роман жазу туралы ойлауы осыны аңғартады.

Молда алдынан қашып кетіп, әкесінің шаруашылығына көмектесіп жүрген жылы, жас Спандияр байлардың кедей адамдарға жасалған бір озбырлығын өз көзімен көреді. Кедей ауыл иемденіп, шөбін шауып жүрген Әйімтайжарық шабындығын Сауытбай, Сандыбайлар өздеріне қаратып алып, бір орыс байына сатпақшы болады. Бұған көнбеген кедейлер (ішінде Спандияр да бар) шабындық басын мекендеп, кетпей қояды. Олар Сауытбайдың қарулы жігіттеріне қарсы тұрып, беріспейді. Бірақ байлар, кейін кедей ауылдың барлық шапқан шөбін өртеп жібереді.

«Біздің аулымызда осындай шіеленіскен үлкен тартыс бар еді. Мұны өзі билеп-төстеуші ауылдағы бай-болыстар мен жоқ-жұқа кедей шаруалардың арасындағы тартыс еді. Осы тартыс сол кезден бастап, мен есейген шаққа дейін, революцияға дейін, барған сайын өрши түспесе, бәсеңсіген жоқ».

Қазақ ауылындағы шіеленісе бастаған тартыстың осындай әр жерде бір бой көтеріп көрініс беруі, шаруалардың байларға қарсы қол жұмсауына батылдығының жетуі – 1905 жылғы орыс революциясы әсерінің қазақ даласына жете бастағанын аңғартады.

Әрине, кеңес жазушысы болып жүріп дүниеден өткен С. Көбесовті алғашқы тар көзқарастың шеңберінде қалып қойды деуге болмайды. «Орындалған арманның» авторы дүниеге, оның құбылыстарына жаңаша қарайтын, жаңаша түсінетін адам. Жазушының бұрынғы болған оқиғалар жөніндегі байыптаулары, материалды қорыта білуі осыны аңғартады. Ол өзінің ерте кездегі көзқарасын, әлеуметтік күрес жолындағы әрекеттерін жалғандық қосып боямаламайды, шын жазады.

«Орындалған арман» кітабында С.Көбесов өзінің көп жылдық өмір тәжірибесі мен жарты ғасырдан астам уақыт істеген қоғамдық жұмысының бай тәжірибесін баяндайды.

«Орындалған арман» – тек автордың естеліктері ғана емес, өз алдына көркем шығарма. Жазушы онда тарихи негізге сүйеніп отырып, сол кездегі әлеуметтік-қоғамдық жағдайды, адамдар образын көркемдікпен ашады.

Халық арасында осындай құрметке бөленген кітаптың бірі – «Тар жол, тайғақ кешу». Өз халқының сүйікті ұлы, ардагер

ақыны Сәкен Сейфуллиннің бұл кітабы – шынында да Қазақстандағы революциялық күрестің шежіресі іспетті шығарма. Ең алғаш рет 1922-1925 жылдары «Қызыл Қазақстан» журналында үзінді күйінде жарияланған бұл еңбек, оқушы жұршылықтың назарын өзіне бірден аударады. Халық оның тезірек кітап болып басылуын асыға күтті. Бұған сол кезде «Еңбекші қазақ» газетінде жарияланған хаттар мен хабарлар айқын дәлел.

Қазақ әдебиетіндегі алғашқы мемуарлық романдардың бірі – «Тар жол, тайғақ кешу» алғаш рет 1927 жылы Қызылорда қаласында араб әрпімен жеке кітап болып басылады. Жазушы кейін оны өңдеп, бірсыпыра редакциямен, 1936 жылы латын әрпімен екінші рет бастырды. «Тар жол, тайғақ кешудің» содан кейін жарық көруі – 1960 жыл. Бұл жылы ол үшінші рет басылды.

Романда басынан аяғына дейін өрбіп, дамып отыратын тұтас желі, сюжеттік линия жоқ, Сәкен өзінің Омбы семинариясын бітіріп, 1916 жылы Пұра бойына мұғалім болып келгенінен бастап, 1919 жылдың күзіне дейін көрген, бастан кешкен жайларын әңгімелейді. Осы әңгіме арқылы оқушы революция алдындағы қазақ ауылының хал-жайы, тұрмыс күйімен, 1916 жылғы маусым жарлығы тұсындағы елдің стихиялық күресінің туу себептерімен, 1917 жылғы Ақпан революциясы, Қос өкімет, Керенский, Колчак үстемдігі тұсындағы жайлармен және большевиктердің революциялық күресінің тарихымен танысады. Автор әңгімесі, тек тар көлемдегі Сәкеннің өз биографиясы емес, кең әлеуметтік тұрғыдан баяндалады. Романдан біз оның революциялық жолға түсуіне өзінің жеке басының елден ерек қасиеттері емес, революциялық дамудың тарихи беталысы, әлеуметтік өмірдегі күрес, себептер болғанын түсінеміз.

Жазушы романда толып жатқан факт, тарихи материалдар келтіреді. Бірақ ол фактыларды жалпылама тізбей, оған суреткерлік тұрғыдан қарайды. Типтік ортаны суреттеу арқылы, типтік характерлерді даралап көрсетеді. Адамдардың әртүрлі іс-әрекеттеріне негіз болып отырған әлеуметтік себептерді ашады.

Әрбір жеке фактының өзінен ол, үлкен қоғамдық мәні бар қорытынды жасайды.

Романға қарағанда, Сәкенді революция жылдарының ғана оқиғасы емес, революциядан бұрынғы ауыл өмірінің өзі-ақ ойландырған тәрізді. Омбыдағы мұғалімдер семинариясын бітіріп келген жазушының 1916 жылғы мамырда ауылшаруашылығы санағына қатысып, қазақ ауылдарын аралауы оны ел өміріне, оның тұрмысындағы ауыр жағдайларға тап стеді. Осында жүріп ел өміріндегі өзгерістермен, жалпы халықтың кәсіп-күн көрісімен танысады. Күні кеше Омбы семинариясының шәкірті болып жүріп, қазақ халқының қапас өміріне риза болмай, оқу-ағартуды аңсаған жас бүгін ұйқысы қанып тұрғаннан кейін алқа-салқа болып қымыз бен әңгіме аулап жүрген кәсіпсіз, бейсауат, ауыл адамдарының өміріне сын көзімен қарайды.

Белгілі сюжеттік желіге құрылмағанмен, роман оқиғасы бірінен-бірі өрбіп, дамып, толығып отырады. Жазушы жоғарыда көрсетілгендей, революция алдындағы ел өмірінің жайын суреттей келіп, халықтың 1916 жылғы маусым жарлығын қалай қарсы алғанын жазады. Бұл тұста да халықтың қабырғасын ел басына түскен зор ауыртпалық қайыстырады. Кішкене татар баласының гармонынан ол ел басына орнаған қасіреттің мұнды күйін естиді. Сонымен қатар Сәкен осы ауыр қайғымен бірге, бір жағы үрейленіп жатқан елдің бойында өлімге бел байлап, жауыздыққа қарсы күреске шыққан меңіреу күш барын байқайды. «Ел тұңғиық жалпақ теңіздей қозғалды... Тұңғиық қара теңізге қара дауыл соқты. Теңіз шайқалып күңіренді. Күңіреліп, толқып, тұнып жатқан меңіреу күшін көбігімен сыртқа шашты» дейді. Қара дауыл соғып теңессізден халық теңізімен бірге болашақ революционер Сәкен де ілгері басады, әлеуметтік күреске араласады. Шығармадағы автордың өз образының нанымды шығуы оның көктен түсе қалған дайын революционер күйінде алынбай, халықтың азаттық жолындағы күресімен бірге өскенін көрсетеді.

Қоғамдық өзгерістерден тыс қалмай, қазақ аулы да революциялық оқиғалардың құшағына кірсі түседі. Автор аз айтса да, әлеуметтік күрес жолына түсе бастаған ауылдың

өмірін нанымды бейнелейді. Ел өміріне кірген осы әрекеттер Сәкеннің өзін де қоғамдық істерге батыл тартады. Осындай жағдайда патша өкіметінің құлауын еңбекші халықтың шын ықыласымен қабылдауыда заңды еді. Бірақ халық бұны жете түсіне алмады, әр түрлі жорамалдады. «Бостандық! Бостандық!» –деп зарлап, буржуазияшыл ұлтшылдар жар салады. Кейбіреулер мұсылман болып бірігуді ойлайды. Пәтуәсіз жиналыстар қобсейді. Бір Ақмоланың өзінде талай жиналыс, талай комитет сайлауы болып өтеді. Осындай комитеттің бірі – Ақмоладағы қазақ комитеті. Бұл комитет әуелгі кезде бірталай пайдалы жұмыстар істейді. «Біздің істеп жатқан үлкен бір ісіміз – қалыңмалды құртып, әйелдерді сүйгеніне жіберіп жатырмыз... Бір күнде он сегіз әйел бостандық қағаз алған кезі де болды», – дейді Сәкен. Қырдағы елдерде болыстық комитеттер құрылады. Оған ел жеген әкімдердің кіруіне тыйым салады. Бірақ комитет шешуші істер істей алмайды. Бұрын көрген зәбірін қайтармақ ел 1916 жылғы халықты қақсатқан екі болыстың үстінен арыз жаудырады. Бірақ әлсіз комитет бұл мәселені өзі шеше алмай, Омбыға жібереді. Сәйтқамалов сияқты байлар мен сол арқылы нараға толған жесір шенеуніктер Гаякович, Орловтарды жазалауға қаланың комиссары Петров көнбейді. Комитет мүшелері де қорқады. Омбы комитеті болса, байлар мен фсодалдардың қолтығына кіріп, әлгі арыздарды аяқсыз қалдырады. Қазақстанның барлық жерлерінде де қазақ комитеті сияқты ұйым құрылып, оның басында қазақ байлары мен болыстары отыра бастайды. Орал облысын «ел қылуға» жиналғандар съезге үнсіз қатысып, күш беріп отырған «жердегі жалғыз» Салық болыстың аузына қарайды. Ол «Тәйт әрі! Шықсын! Бұл әйелдер жиналатын жер емес!» – халықтық өкіметтен дәметіп, теңдік іздеп келген қазақ әйелдерін қуып шығады. Байшылдықтың ықпалы Ақмоладағы қазақ комитетін де өзіне қаратып алады. Олар жаңа сайлауда «Жас қазақ» басшыларын түгелдей қуады. Комитетке тек байлар кіреді. Бұл комитеттің халыққа пайдалы жұмыс істей алмай, тек байлардың малымен мүлкін күзеткеннен басқа жұмысы да болмаған еді. Сәкен «Тіршілік» газетінде жариялаған «Күзетші иттер» деген

өлсінде комитеттің осы күзетшілік әрекетін ашы мысқылдап әшкерелейді.

Қазақстандағы революция үшін күресте осы секілді әртүрлі партиялар таласқа түсіп жатты. Олардың өз газеттері, баспа орындары болды. Газет мақалаларын, олардың авторларының кімдер болғанын дәлелді келтіре отырып, Сәкен «Тар жол, тайғақ кешуде» газеттердің бағытын, жүргізген жолын, ұстаған позициясын әңгімелейді.

Бұғаудағы таршылық өмір сабағы ашындырған жолбикс «көсемдердің» ықпалына кетпей, өз теңдігін өзі алатын заманы туды. Петроградта Керенский құлады. Азаттық күні сәулесін шашты. Ақмоладағы қазақ комитетінің де халық алдында беделі қалмай, көпшілік тарапынан қуғынға түсті. Жауыздығын қайта істей бастаған бұрынғы жуан таяқ бай, молдалардың әрекеті оның тезірек құлауына себеп болды. Комитетті комиссар Петровтың қорғауы да сақтай алмады. Орталық үкімет басына большевиктер келді. Совет өзінің халық бұқарасына сүйенген, солардың мүдделерін көздейтін жаңа үкімет құруға қабілеттігін танытты.

Қазақстандағы өкімет үшін күрес Октябрь социалистік революциясынан кейін де қызу жүріп жатты. Бір жерлерде Совдеп құрылып, халықты жаңа үкімет жағына тартып жатса, екінші жағында дербес, «тәуелсіз» өкімет құруға талап жасалды. Міне «Тар жол, тайғақ кешу» романында Сәкен осы екі қоғамдық күштің тартысын, тарихи нақты фактрлармен баяндайды. Ақмола большевиктері Қазақстанда алғаш Совет жағына шыққан ұйымдардың қатарында Совдеп құрады. Ол қаладағы қазақ комитетін қуып, Земствоны Совдептің қарауына алу үшін күрседі. Олар Омбыдағы жастардың демократтық советімен байланыс жасайды.

Совет үшін күрес Қазақстанның барлық облыстарында кең өріс алады. Батыс Қазақстанда Ә. Әйтисов, Қостанайда Ә. Жанкелдин, А. Иманов, Көкшетауда А. Шәріпов, Атбасарда Ә. Майкөтов, Қызылжарда К. Сутюшев сияқты халық ұлдары өз елін революциялық жолға бастайды.

1918 жылы маусымда басталған чехословак ылаңы, ақ бандалардың күшімен Ақмолада Совет үкіметінің құлауы совет

жолына шыққан жас күрескерлердің жаңа басталған батыл адымын қиып, олардың қамауда қиыншылықтар көруіне себепкер болды. Патшашыл казактардың қолында болып, арғынан жауыздығымен аты шыққан атақты атаман Анненковтың қарамағына өтіп, тұтқындағы большевиктер адам айтқысыз ауыр азаптар шегеді. Олар Ақмоладан Қызылжар қаласына дейін қыстың қақаған суығында жаяу айдалды. Одан атаман Анненковтың азап вагонында қиыншылықтар көрді.

«Тар жол, тайғақ кешу» – тілі бай және тартымды кітап. Мұнда әңгімешілдік, публицистика және көркем сурет астасып келіп отырады. Мұның өзі онда суреттелетін әртүрлі қоғамдық саяси бағыттар, адамдар тағдырымен тікелей байланысты. Автор өзінің революциялық күрес жолындағы достары мен дұшпандарын – кедейлер мен шаруаларды, қала адамдарын, мәдени даму мен идеялық осудің ір сатысында жүрген интеллигенттерді, залым болыс пен желім байларды, «пандар» мен оның қаққын тазыдай ымын аңдып отырған «күлдары» көріп, естіп, тілдік жағынан да даралайды. Ән мен күй үстінде, халық тағдырын ойлау, толғану кезеңдерінде жазушы мейлінше сезімталдықпен оқушының көз алдына елестетер тамаша картиналар жасайды.

Суреттеліп отырған объектіні жарқын көріністермен елестету үшін жазушы әдәмі тілдік теңеулерді мол пайдаланады. Жоғарыда келтірілген колчак жеңдеттерінің зұлымдық әрекеттерін құтырған қасқырдың шабуылына ұқсатып суреттеу – осының бір дәлелі. Ескі ауылдағы жиналған топ ішіндегі болыс, билердің адуындығын ол көкке тойып, топырақ шашып күжілдеген бұқаға теңесе, 1916 жылғы маусым жарлығы бойынша патшаға жігіт бермей наразылық білдірген елге келіп, кіжінген губернаторды жазғытұрғы күйіттеніп шабынған бурамен салыстырады.

Бұл айтылғандардан «Тар жол, тайғақ кешу» кем-кетігі жоқ шығарма деген қорытынды тумады. Қазақ әдебиетінде бұрын қалыптасқан, көркем проза дәстүрінің жетімсіздігі Сәкен романына да сөзсіз ықпалын тигізді.

Романда автордың социалистік революция мен совет өкіметі жолын халықтың азаттық алуының бірден-бір жолы деп

түсінуі, өздеріне қосылмағандардың бәрін дұшпан санау түсінігі орын алған. Мұндай ұғым көбінесе Алашорда қайраткерлері туралы көзқарасында байқалады. Оларды контрреволюцияшыл күштермен қоса сынап, «әшкерелеген» болады. Алайда бүгін де бұған түсіністікпен қарап, күрес адамының өз позициясын қорғауы деп қарауымызға болады. Тарих бізге бүгін совет үкіметі жолы бостандықтың бірден-бір жолы дегенімен, бірақ та тарих дөңгелегі солай айналып кеткенін көрсетіп отыр.

Сонымен бірге романда уақиға мемуар түрінде баяндалғандықтан кездесетін қайталаулар, мақала тілінде әңгімесу сарындары ұшырайды. Әрине, бұлар – жаңа қалыптаса бастаған жас әдебиеттің тәжірибесіздігінен туған жайлар.

Жалпы алғанда, «Тар жол, тайғақ кешу» – Қазақстанда социалистік революция үшін күрес жолында өткен оқиғаларды жарқын суреттеген туынды. Оны оқи отырып, сол кездің атмосферасын, қайшылықты шындығын, қиын асуларда әртүрлі көзқарас ұстанған топтардың іс – әрекеттерін көреміз. Автордың өз бағытын асыра бағалауы да көзге шалынбай қалмайды. Оның бәрін сын тұрғысынан қараудың артықтығы жоқ.

Қазақ әдебиетінде өзіндік орны бар шығарманың бірі – С. Мұқановтың «Өмір мектебі» романы. Диссертациялық жұмысымызда «Өмір мектебі» романына тоқталып, талдау жасағанды жөн көрдік».

Сәбит Мұқанов талантты туындылары арқылы қалың оқырманның ыстық ықылас, махаббатына бөленген қаламгер. Оның кезінде шынайы шабыттан туған өлең, поэмаларын былай қойғанда, «Ботагөз», «Сырдария», «Мөлдір махаббат», «Аққан жұлдыз», «Өмір мектебі» сияқты романдары жұртшылықтың сүйіп оқитын романдарына айналды. Осылардың ішінде жазушының тек өз өмірбаяны негізінде жазған «Өмір мектебі» трилогиясы шоқтығы биік, саңлақ туынды.

Мұнда автор балалық шағынан, жарасты жастығынан, толысқан азаматтық кезінен мол мағлұмат берсе отырып, қазақ халқының жарты ғасырға жуық өмір тарихын, тұрмыс-салтын, моралі мен этикасын кең көлемде қамтиды. Сонымен қатар, тарлан таланттың өзіне тән құнарлы стилі, тайға таңба

басқандай қолтанбасы, суреткерлік хас шеберлігі адам образын психологиялық нәзік талдау арқылы әдемі өріктей білуінен де байқалады.

«Өмір мектебі» роман-трилогиясының басты тұлғасы – Сәбиттің өзі. Сондықтан шығармада келісті көркем тілмен суреттелетін өмір көріністері, әлеуметтік-психологиялық мәні бар қайшылықтар, этнографиялық суреттер, елдің ескі сенім-нанымдары орталық персонаждың көзімен беріліп, қоңіл таразысына түседі.

Әсіресе, трилогияның «Азапты жолда» деп аталатын бірінші кітабының ерекшелігі – ондағы нәзік те күрделі психологизмнің басталулары әр қаһарманның отбасындағы әдет-дағдыларынан, өмір тәртібінен нәр алып, олардың психологиясын терең бейнелеуге әсер етеді. Атап айтқанда, романда саятшы Ораздың отбасы, аққоңіл азамат Шәйіттің жан ұясы, тағдыр-талайы, арманды өкінішке толы Мұқанның әулеті де кең ауқымда суреттелген. Шығармадағы автордың бұл тәсілі жекелеген образдардың тұрмыс-тіршілігін, тағдырын әлеуметтік өмір құбылыстарымен жалғастықта алып, жарыстыра сипаттауына мол мүмкіндік береді.

Көркем прозадағы реалистік шындыққа негізделген психологиялық талдау тәсілі адам характерін жан-жақты ашып, оның жан дүниесінің қыртыс-қабаттарын толық қамтуды талап етеді. Бұл ретте С. Мұқанов өз кейінкерінің қоғамдағы орны мен жеке тұрмысындағы әдет-дағдыларын да естен шығармайды. Ол сол кездегі қазақ ауылында феодалдық қоғамның қарым-қатынастары қалыптастырған әменгерлік дәстүрді, әлеуметтік алалықты, діни оқу жүйесін де өткір сынға алып, өз тұрғысынан бағалайды.

С. Мұқанов «Өмір мектебі» трилогиясында әртүрлі топтағы адамдардың портреттер галереясын жасады десек, солардың ішінен С. Сейфуллиннің, Ә.Досовтың, А. Асылбекстың, В. Гозактың, У. Жәнібековтың, Ж. Қыстаубасстың және т.б. сүйкімді бейнелері психологиялық жағынан дәлелденген.

Сәбит 1925 жылы азық-түлік жинау мақсатымен Қызылжар қаласынан елге шығып, Қаратал ауылында келсеңіз бір оқиғаның куәгері болады. Колчактың ақ бандыларына қарсы

күрескен бұрынғы партизан Жақып Қыстаубас өкіметтің қаулысына орай, кедейлерге жер бөліп берелі. Ол осы науқанға қарсылық білдірген Жүсіп қажының баласы – Сыздықты соққыға жығады. Соған қорланған қажының туысы – Әбіл аудандық милицияның бастығы Семянякинге келіп арызданады.

С. Мұқанов ел өмірінің көз көрген куәгері ретінде кейбір тарихи ірі тұлғаларды аса марапаттап, я әсірелемей, қаз қалпында сипаттайды, ұсақ-ұлан әлеуметтік, тұрмыстық құбылыстардан ойлы түйін, айшықты сурет жасайды. Атап айтқанда қазақ кеңес әдебиетінің қаз басып, ілгері дамуына атсалысқан қайраткерлер: С. Сейфуллиннің, Б.Майлиннің, І.Жансүгіровтің, Ғ.Мүсірповтің, Ә. Тәжібасвтың, И. Байзақовтың және т.б. өнер адамдарының образы соған дәлел бола алады.

Әрине, көркем әдебиетте кейіпкердің сұлу портретін мүсіндеу – ең қиынның қиыны. Өйткені оның кескіндемесінің сана сфераларына тікелей қатысы бар: жан қозғалысының қараңғы қалтарыстарын, жүректің нәзік дірілін, бір тоқтамға келе алмай, өзімен-өзі арпалысын қиналғанын, яғни жан-сезім құбылыстарын сыртқы көріністерімен қоса-қабат бейнелеу өте ұтымды.

Автор осы тәсілді ақиық ақын, ірі қоғам қайраткері – С. Сейфуллиннің сомдағанда шебер пайдаланады.

Романда идеялық қарсылықтары Сәкенді менмен, тәкаппар, киімнің әдемісін, әйелдің сұлуын ұнататын ақсүйек адам деп бағалайды. Кім біледі, мүмкін осы пікірлердің де жаны бар шығар. Қаламгер ақын табиғатына тән осы мінсз-құлық қырларын қимыл-әрекет арқылы бейнелеп, оны Сәкенге психологиялық мінсздеме беретін көркем құралға айналдырған.

Сәбит әке-шешесінен ерте айырылып, жастайынан жоқшылықтың, жетіспеушіліктің дәмін татады. Бірақ соған қарамастан, өлең сөзімен әуестеніп, өнер әлеміне құлай беріліп, өз бетінше ізденіп, оқуға қатты талаптанады. Сол үшін ат аяғы қияндағы Омбы қаласына сапар шегеді. Әйтсе де, алыс шаһарда Сәбитті құшағын ашып, күтіп тұрған ешкім жоқ. Болашақ тағдырының не болатыны, түсетін оқуы да белгісіз. Сондықтан осы пейзаждық суреттемедегі «ерсілі-қарсылы жөңкілген бұлт»,

«айнала жүйткіген жел» шәкірт баланың сапарға аттанар алдындағы жүрексінген, толқыған, күнгі коңіл-күй ауандарын дәліме-дәл беретіндей.

Халық басынан кешкен сапарды Сәбит «Өмір мектебі» атты үш томдық тарихи мемуарлық романына арқау етті.

«Өмір мектебі» кітабында бас кейіпкер автордың өзі, ол сондағы оқиғаларға белсене араласып отырады, замана жайында да толғаныс, тебіреністерін ортаға салады. Бұл кітап халық өмірін, түптеп тарта, асықпай-саспай кең қамтиды да, оның салт-сана, әдет-ғұрып, дәстүр құбылыстарын егжей-тегжейіне дейін дәл суреттеп отырады. Біздің көз алдымызда қырық жыл бойғы уақыттың алуан түрлі қарбалас шиеленіс, қызу және қызық оқиғалары дәл бүгінгідей барлық әр – нәрімен туындап жатады.

Романның бірінші кітабында Сәбит Мұқанов революцияға дейінгі қазақ ауылындағы феодалдық-патриархалдық қарым-қатынастардың сонау тереңде жатқан түп-тамырларына дейін өте дәл және үлкен шыншылдықпен айқын ашық көрсетті, жан түршігерлік жоқшылық, теңсіздік, зорлық-зомбылықты, отаршылдар мен байлардың екі жақты қанауымен теңкісіз нанымды суреттермен бейнелеп берді. Бірақ суреткер әлеуметтік әділетсіздіктің түп тамырын дәл басып, ашын көрсетіп қана қоймай, халықтың терең қойнауында, халықтың жомарт жанының қалтарыс құрышында жыл санап жиналып, қонысына сыймай сыртқа тепкен жаңа да жарқын күштерін көргендіктен аңғарып, жеріне жеткізе сипаттай білді. Бұл арада көптеген оқиғаларға автордың өзі белсене араласып, көзімен көргені өмірбаяндық мемуарлық шығарманың сәтті шығуына айрықша ұтымды әсер етті. «Өмір мектебі» – аса дарынды, өзгеше ұқсамайтын өзіндік мәнері бар әңгімешіл ретінде автордың өзін-өзі дәл тапқан төл қасиет туындысы. Ол барлық оқиғаны өз атынан баяндау формасын да дұрыс таңдап алған, сондықтан да шығарма жемісі соншама нанымды, дәлелді болып өздігінен құйылып-төгіліп тұрады. Ауылдың жарлы-жақыбайларының қайнаған ортасынан шыққан, барлық ауыл кедейлерінің балалары сияқты, революцияға дейінгі жетімдік пен жоқшылықтың ауыр қасиетін басынан кешкен үлкен

жазушының, қоғам қайраткерінің өмірі кітапта өз халқының бостандық пен қайта өрлеу үшін күрестегі тарихи жолымен табиғи жағынан кияласып, астасып жатады.

Сәбит Мұқанов қоғамның барлық топтар өкілдерінің аса бай портрет галереясын жасады десек артық айтқандық болмас еді. Оның кітаптарында әсіресе халықтың өзі ішінен шыққан қарапайым адамдардың, ер көңілді, адал бейнеқорларды: аңшылар мен малшылардың, ұсталар мен ер-тұрман шеберлерінің, етікшілер мен тігіншілердің, зергерлер мен кілемшелердің – өз іскерлігін мақтан тұтатын және оның үстіне суырып-салма ақындығы мен ділмар шешендігі бар, әнші-жыршылығы бар алуан түрлі кәсіп иелерінің образдары өте-өте тартымды шыққан. Мәселен, саяткер аңшы Ораз бен Атқелтірдің, жаны сұлу халық шеберлері Қабдол Хасеннің, Жабайдың, сондай-ақ дарынды домбырашы, ертегішілердің жарқын бейнесі ұмытылмай есте қалады. Жазушы басқа бір топты да ерекше сүйіспеншілікпен суреттейді. Олар – қазақтың революцияға дейінгі үркердей ғана демократияшыл интеллигенциясы. Баймағанбет Ізтолин, Спандияр Көбесов, Мырзағазы, Халит, Ғабит Мүсірепов. Баймағанбет Ізтолиннің бейнесі айрықша айқын, ерекше сүйіспеншілікпен суреттелген, әңгіме арқауына оның өлеңдерінің еніп отыруы да сәтті шешім болып шыққан. Жас ақын, халық мұғалімі Ізтолин революцияға дейінгі басқа да көптеген ауыл балалары секілді жас өспірім Сәбит Мұқановқа шын жаны ашып, қамқорлық жасайды. Ізтолин образы арқылы жазушы туған халқының бақыты мен бостандығы үшін күреске ұмтылған қазақтың интеллигенциясының алдыңғы қатарлы аз ғана тобының революцияға араласуын, онда атқарған рөлін нанымды сипаттады.

Сонымен қатар осы романда әсіресе, оның ұлағатты ұлы адамдармен кездесуі, өзінің шығармашылық өсу жолы, қоғамдық, мемлекеттік қайраткер ретінде еліміздің игілігі үшін қызмет атқаруы, қаламгер достары, қазақ халқының белгілі өнер қайраткерлері жайлы сансыз сырлар шертіледі. Солардың ішінде Қажымұқан, Балуан Шолақ, Иманжүсіп сияқты күш аталары мен өнерді өрге бастыруда елге елсулі болған Иса

Байзақов, Күләш Байсейітова, Ақмолалық атакты Ғазиз ақын, Әміре Қашаубасев сияқты ор тұлғалар да баршылық. Жазушы өз шығармасында бұл адамдардың есімдерін құрметпен атай отырып, олардың адамгершіліктері, өмірдегі өрен жүйріктігі жайлы жұртшылыққа толық мағлұматтар бере кеткен.

Жаңа өмір орнату, жаңа адамдар тәрбиелен шығару, әрине оңайға түскен жоқ. Сәбит Мұқанов оны жақсы біледі және бұрылыс-бұлтарыстарының тігісін жатқызбай боямаға салмай-ақ, жаңа дүние орнату жолындағы күресте жеңістеріміз бен жетістіктеріміз үшін қаншама құрбандық бергенімізді бүкпей ашып айтады. Осыған орай турасын айту керек, «Өмір мектебі» – Қазақстандағы ең ауыр кезеңнің, ауыл шаруашылығында орескен қателер жіберілген 1929-1932 жылдардың қайшылықтарын батыл да терең ашып көрсеткен қазақ әдебиетіндегі ең татымды, ең тұңғыш шығармалардың бірі. Жазушы бұл кезеңді партиялық тұрғыда байсалды ой елегінен өткізіп, ол туралы партиялық қаржымен, шын және әділ әңгімелейді. Нағыз халықтық сипатта жазылған бұл еңбегіне суреттелетін жайттардың бәрі де социалистік дәуірдің қым-қуыт қызу оқиғаларын бастан өткізген жауынгердің, коммунист жазушының көзімен суреттеледі, сондықтан да мұндағы айтылған әңгімелердің бәрі өзінің тарихи нақты шындығымен баурап алады, оқушыны тебіренгітіп, болған іске кәміл сендіреді, сонымен қатар оған эстетикалық ләззат беріп, заманымыздың ақиқат көркем шындығы жайлы деректерді молайта түседі. Жазушы өзі туралы, өзінің рушылдығымен оны жесуі туралы, өзінің үйленуі, баласының туу туралы жазғанда да ақиқатқа қиянат жасамайды.

«Өмір мектебі» мемуарлы шығарма болғанымен, қазіргі дәуірімізбен үндесіп тұр. Ол тіпті өзінің балалық шағын баяндағанда да біз оның ақырына дейін ақылмен қорытқан, айқын позициясы бар осы заманғы үлкен жазушы екенін аңғарып отырамыз.

Қазақ әдебиетінде Сәбит Мұқановтың «Өмір мектебі» атты трилогиясының айрықша мәні бар. Өйткені 20 ғасырдағы қазақ халқының аумалы-төкпелі тағдыры, жаңа заманның адуынды бейнесі көркем арнадан көрініп, эпопеялық сипатқа ие болады.

Осы мәнді шығармаға байланыстыра бір жайды айрықша атап көрсеткен жөн. «Тура айтып, туганыңа жақпайсың» дегендей, дүниде шындықты айтудан, оны тарихта болған ірі тұлғалармен жанастыра айтудан қиыны жоқ. Сөзсіз, ақиқат әрқашан ашы, ал оны көркем шығарма бетінен көре беруге ешкім де құмар емес. Сөз жүзінде құптағанмен, көңілде сызат қалып қояды. Сөзбенің «Өмір мектебінде», әсіресе, оның үшінші томы «Есее жылдарында» болсын талай қайраткерлердің тарихтағы түр-келбеті, іс-әрекеті ашық айтылып, айқын суреттеледі. Оны өздері де, кейінгі ұрпақтары да тіксіне қабылдап, ұнамсыз болса сөзге қалдырып жатулары не сан. Сондықтан көркем шығарма деп жанға тимейтін әйтеуір біреулерді суреттеген шығармадан тарихи шындық негізінде жазылған туындылар дау-дамай тудырып жатады. Ал мұның өзі әдебиеттің әлеуметтік қызметін өсіре түсіріп, шығарманың өміршеңдігіне, жазушы пәрменділігіне жол ашады, ел алдындағы бағасын асыра түседі.

Сәбит Мұқанов шындық жолында күресе білді. Т. Кәкішев өзінің 1999 жылы «Егемен Қазақстан» газетінде жарияланған мақаласында былай дейді: «Сәбит тағдырына қатты алаңдадым, оны кінәсіз, мінсіз, кемшіліксіз деп ешкім есептемейді. Өмір өткелінде өзінің демократтығынан, адамға жақындығынан Сәбіне жететін жан жоқтығынан емес, осы әдетін толық сақтамағаннан таяқты көп жеген адамды табу да қиын. Тұла бойы қайшылыққа толы қайраткер араша түсу мақсатымен емес, бір сыр-сипатын тарихи шындық деңгейінде көрсетуді ойлап, көпшілік түгілі тіпті Сәбиттің өзі білмеген, жұрттың көзіне түсе қоймаған бір құжатты бір оқушыға таныстыруды қажет тауып отырмын, өйткені, ол өсек-аянның ішіне су құяды.»

Сәбит Мұқановтың кім болғандығын, не тыңдырып кеткендігін түсіндірмесін деп арамгер болудың еш қажеті жоқ. Тарихи таразысына, уақыт күдіретіне кезіккен ұлы дарынның артында қалдырған мол мұрасының қазақ әдебиеті мен мәдениетінде қандай салмағы бар және өзі өмір сүрген заманның ең айбынды жаршысы болып жүргенде қоғамға қандай олжа салды, дүниетаным мейірімдерінен нені іріктеп алып, келешекте қалай жалғастыруға тиістіміз деген түбегейлі

мәселелер тоңірегінен ой орбітіп, қорытынды жасаған жөн деп ойлаймын.

Қоғамдық өмір еш уақытта бір ізбен жүрмейді. Замана доңғалағы әрқашан жаңа арнамен ілгерілейді деген диалектика заңына бағынғанда ғана ұлы қайраткерлердің қадіріне жетеміз, ардақтаймыз, мадақтаймыз. Сәбит Мұқанов осындай кемселердің қатарынан табылатын қайталанбас тұлға скеніне де дау жоқ. Сондықтан оның әлеуметтік – қоғамдық іс-әрекетіне, ұлылығын танытатын ел-жұртына рухани азық болған әдеби шығармашылығына күдіреті күшті уақыт белдерінен қарайық. Сонда ғана қазақ әдебиетіне қосқан орасан зор үлесі өзін-өзі айқындалады.

Сәбит пенде ретінде адамға мейлінше үйірсеқ жан болатын. Еш адамды жатсынып, бөтенініп көрмеген, үлкенмен де, кішімен де тең сөйлесіп, тіл таба білу жағынан да, жақынан да ойын жасырмай айтатын әдет Сәбиттің күнделікті тірлігінде, жазған шығармаларында әсіресе «Өмір мектебі», оның үшінші томы «Есеу жылдарында», әдебиеттің бүгінгі өкілдері жайында жазған мақалалары мен естеліктерінде тарихи шындықтың бетіне шіркеу түсірмей, ақиқатты ашық жазу, ұлы тұлғаның бақыты да, соры да болды деп ойлаймын.

Сол кезде болып жатқан саясатқа қоғамдағы тартысқа қарамастан шындықты бар бет пердесімен, ашық, өзгеріссіз мына отырған біз кейінгі ұрпаққа жеткізу менің ойымша, үлкен батырлық.

Дарынның өнселі де, жемісті жолына шолу жасап, Сәбит Мұқанов қазақ совет әдебиетінің негізін қаласқан, оның өркендеуі үшін орасан еңбек сіңірген аса қорнекті сөз шебері, ел еңбекшілерінің бүгінгі өмірінен, ой-арманынан нәр тауып, шабыттана жырлаған азамат ақын, дәуір шындығын көркемдік деңгейде суреттеген халықтық жазушы, сахна өнерінің өркендеуіне үлес қосқан драматург, әдебиеттанушы.

Қазақ әдебиетіндегі осы жанрды сөз еткенде, скі түрлі дерек, пірірді еске алғанымыз абзал. С. Мұқановтың «Балуан Шолақ» шығармасы повесть деп аталып келді. Ал, ғалым Қ. Ергөбектің пікірін келтірсеқ, бұл жайтқа басқаша қарауға тура келеді. Ғалым былай деп жазады. «Міне, осындай қытымыр

заман, қасаң уақытқа ескіні тірілгерліктей, дәстүрді жалғастырарлықтай жақсының басына айналып – «Абай» (М. Әуезов) романы жазылды. Оқырман көңілін көнге бұрайын деген ойда «Балуан Шолақ» (С. Мұқанов) туды. Қазақ әдебиетінің отызыншы жылдардағы жай-күйі, жығылған рухы, идеология қолына су құйған малай мінсезін ойға алғанда аталмыш екі шығарманың орны ерекше. Әрине, біз бұлай дегенде «Абай» мен «Балуан Шолақ» романдарын өзара теңестіруден аулақпыз. Ескі атаулыдан бөзінің, жалған жаңаны қолдан жасап, оны зорлап жаздырып, зорланып жазып – итәуреге түсіп жатқан зобалаң уақытта қазақтың ХІХ ғасырда өмір сүрген ақын, әнші композитор дегендей екі тарихи адамына бет бұрған, сол арқылы жығылған рухты қайта тіктеуге, халықтың езілген еңсесін Абай, Балуан Шолақ арқылы қайта көтеруге тәуекелі жеткендікті айтамыз. Біз, бұл екі шығарманы осы тұрғыдан қатар атап отырмыз. (Қырқыншы жылдардың әдеби сынында, жауынгерлердің майданнан жолдаған хаттарында тарихи тақырыпқа жазылған бұл екі шығарма қатар аталады, қатар мақталды). Әйтпесе, бұл екі шығарманың жанры да, табиғаты да әр басқа екені әмбеге аян ғой. Бұл – отызыншы жылдар әдебиетіндегі төртінші тақырып, бесінші ала бастаған – тенденция.

«Абай» – көп томдық романдар желісінің басы, «Абай жолындай» эпопея қарлығашы. Қазақ халқының ХІХ ғасырдағы әлеуметтік өмірін, этнографиялық құндылықтарын, қазақшылық қадір-қасиетін, абыз қарттарын, өзара ру тартысы, соған орай билер институтын, рухани қазына-байлығын түгелдей Абайдай философ ақын көзінен өткізіп кең де кемел көрсеткен үлкен туынды – «Абай» жөні бөлек. Жазылып аяқталған соң да жарық көрген мерзіміне орай (1942), келесі онжылдықтар – қырқыншы, елуінші жылдар еңшісінде әңгімеленер, кең талданар.

Ал, «Балуан Шолақ» – алғашқы нұсқасында «Батырлық поэма» жанрлық анықтамасымен жарық көрді. Әдебиетте әлі күнге «повесть» аталып, қайта басылым көріп келеді. Біз, бұл орайда, «Балуан Шолақты» роман деп дәлелдеген ғалым Темірғали Нұрғазин пікіріне ден қоямыз. Бұған мынадай пікір

қосамыз: «Балуан Шолақ» – қазақ әдебиетіндегі ғұмырнамалық романның төлбасы.

Мәселесі – шығарманың жанрына да қатысты. Дегенде, бұдан да гөрі тереңірек мән – шығарма мазмұнында, мінезінде, айтқан ойларында. Әлбетте, шығарма, атынан аңғарылғандай, қазақтың өнерпаз ұлы – Балуан Шолақ жайында. Осы шығармада тартыстың тың сипаты бар. Балуан Шолақ – орыс өктемдерімен, бай-қулақтармен тартысады. Оның өзі Кеңесары Қасымовтың портретін орыстардың ойыншыққа айналдыруына байланысты туып, үлкен өшпенділікке ұласады. Роман жарық көрісімен-ақ, тиісті орындар романның осындай ұлттық сипаты, ұлтшылдық ойларына байланысты «Балуан Шолақтың» қолданыстан алып тастады. Әлгідей тараулар қысқартылған соң ғана тиісті орындар «Балуан Шолақтың» қайта басылуына рұқсат етті. Бұл – елуінші жылдары еді». Академик С. Қирабаев С. Мұқановтың «Балуан Шолақ» туындысы туралы төмендегідей пікір білдіреді.

«Балуан Шолақ» романы алғаш «Әдебиет және искусство» журналының 1941 жылғы сандарында жарияланып, 1942 жылы кітап болып басылды. Бұл – өмірде болған, XIX ғасырдың екінші жартысында өмір сүрген ақын, әнші, балуан, цирк өнерінің шебері, қазақ ортасында аты кең жайылған қайраткер Балуан Шолақ (Нұрмағанбет) Баймырзаұлы туралы тарихи шығарма. Алып күштің иесі Балуан Шолақ қоғамдық тартыстардан бойын аулақ салып, әншілік, серілік өмір кешкен. Бірақ оның жолына тұрушылар аз болмаған. Алдымен, ел билеушілерге ол ұнамаған, күндеушілер де табылған. Соның бірде-біріне жауап бермеген Балуан жолына кедергі келтіргендерді сырып тастап, жөніне жүре берген, сәкімге мойын ұсынбаған, ойына алғанын істеген. Сәбит Балуан Шолақтың осындай дара мінезін көрсете отырып, оның өнерін, елді думанға бөлеп жүретін рухани дарынын негізге ала суреттейді. Шығармада Балуанның туғанынан өлгеніне дейінгі өмірі тұтас қамтылған. Өзін қанша өмір талқысынан аулақ ұстауға тырысқанмен, қоғамдық орта Балуанды өзіне тәуелді етуге тырысқаны романда суреттелетін әр оқиғадан көрінеді. Патша өкіметі оларды туған жерінен көшіріп, жерін орыс шаруаларына алып берген. Соны кек тұтқан Балуан орыс

атаулыны жау санайды, орыс деревнясын өртейді, патша солдаттарымен күреседі. Алғашқы күреске түсіп жеңген баланың аты-жөнін сұраған Паң Нұрмағанбет оның өзімен аттас скенін ұмытпай, «Жаман иттің атын бөрібасар қояды» деп, «Сен, Нұрмағанбет болмай-ақ қой, атың Балуан болсын, оны олқысынсаң, Шолақ деген сөзді қосайын» деп атын тартып алады. Осындай жағдайлар – Балуан Шолақ көрген әділетсіздіктерді құрайды. Кейін әр түрлі жаламен түрмеге түсіп, түрменің қабырғасын бұзып шыққан, кек қайтару үшін уездің қызын тауға алып қашып кеткен Балуанның кесек бейнесі мен оқыс істері оның өмірін қызықты етеді. Оның үстіне халық ортасындағы Балуанның ерке мінездері, Ғалиямен махаббатының тарихы әңгімеленеді.

Балуан Шолақ бейнесі романда осындай қайшылығы мол күйінде суреттеледі. Қанша дара күш иесі болуға тырысқанмен, оның өмірінің, әділет үшін күресінің өзі әлеуметтік сыпат алады. Оны халық сол үшін жақсы көреді, сыйлады, күрескер деп таныды. Балуанның 1916 жылғы халық көтерілісіне тілектес болып, Амангелдіге хат жазуы – осы халықтық көзқарасқа келуінің белгісі. Ұлт-азаттық қозғалысын бастауға ниет білдірген ол осы бір тұста дұшпандары қолынан қаза табады. Беймезгіл заманда қайшылықты өмір кешкен Балуан өмірінің халықтық сыпаттарын дәл танып, кеңінен суреттеген Сәбит романының тәлімдік, көркемдік мәні де осында». С. Мұқановтың «Балуан Шолақ» шығармасы беймезгіл замандағы қазақ өнерпазының трагедиялы жағдайын бейнелген.

2.3. ТӘУЕЛСІЗДІК ЖЫЛДАРЫНДАҒЫ МЕМУАРЛЫҚ РОМАНДАР

Балалық шақтан баяндай келетін шығармалар адам биографиясын өрбітіп жатады. Сондықтан да ол ғұмырнамалық (автобиографиялық) болады. Енді туу кезі жоқ автобиографиялықта да детальдарсыз тұратын және өмірдің ссейген мезетін (мәйлі, көп жылдарды болсын) қамтитын ғұмырнамалық-ғұмырнама естеліктер боп қарастырылуы жөн. Айтылар әрі суреттелінер ойдың негізгі барынша терең жазылған «Мен және менің замандастарым», «Мен»,

«Таңғажайып дүние» мемуарларын да біз автобиографиялық деп табамыз. Өмірдің барлық сәттері, әрбір сағат, минут, күні, айы түгел қамтылмаса да, керісінше автордың өмірінің аса бір қажетті де қымбат сәттері таңдан алынып жазылған, ғұмырнамалық (автобиографиялық) деу – мемуарлардағы сәбилік, болмаса кісі қатарына келуге дейінгі балалық өмір суреттерінің, адам өмірі тарихының жасалуының, жүйелі берілуінде жатқандай.

Жалпы аталған шығармалардың баяндалуы, суреттелуі, композициялық формалық, сюжеттік формалық жақтарынан қарайтын болсақ, әр шығарманың өзіне тән ерекшеліктері бар екенін көреміз. Қазақ мемуарының бүгінгі беті мемуарлық түрлердің алуандарын көрсетумен қатар, соларды өз тұлғаларында топтай да келері бар. Ол әрі өмірбаяндық, әрі сәттелік мемуар – «Мен және менің замандастарым», ғұмырнамалық әрі сериялар «Мен», «Таңғажайып дүние» тұр.

М. Мағауиннің ғұмырнамалық хамсасы өткенді елестету ретінде келтіргенде, оның көз алдында жүріп жатқан істерге, не өткен жайға жазушының сол шақтық тұрғысынан ғана емес, бүгінгі күн тұрғысынан да қарап жазғандай.

Әдебиет әлеміне із салған жанның табиғатын тану өте қиын, әрі нәзік проблемалардың бірі. Кейде қаламгердің өмірбаянын, қайда оқып, қайда жұмыс істегенін, тіпті кімді сүйгенін білу аз. Оның үстіне кейбір авторлар өзі туралы егжей-тегжейлі өмірбаяндық роман жазу үстінде. Авторды білу үшін былайша өзін-өзі жазу да кемшілдік көрсетеді, өйткені қаламгер образы бүкіл шындықтың бәсірессі бола алмайды. Сірә, біз авторды тану үшін қаламгер концепциясын, яғни автор шолуын, әлем танымын, жан-жүрекке үңілуін, сосын қандай саяси-әлеуметтік, әлеуметтік философиялық көзқарастарға келуімен жинақтауға тиіспіз.

Көркем әдебиеттің әртүрлі саласында ұзақ сапар шегіп, сңбегі еліне танылып, қайраткерлік қызметі танылған шағында Мұхтар Мағауиннің азаматтық болмысын және бір жаңа қырынан танытқан, бұрын-соңды қалам тартпаған тың жанрдағы «Мен» ғұмырнамалық хамсасы 1998 жылы жарық дүние есігін ашты. Бұрын соңды қазақ әдебиетінде кездеспеген «Мен» деген

атауды алғашында оқырман қауым таңданыспен қабылдағаны жасырын емес.

Кітаптың аннотациясы: «Қазақстанның халық жазушысы, Абай атындағы мемлекеттік сыйлықтың, Түркияның халықаралық «Түрік дүниесіне қызмет» сыйлығының иегері, Мұхтар Мағауиннің «Мен» атты мемуарлы хамсасының алғашқы екі кітабында автордың қаламгерлік жолы және ғылымдағы ізденіс машақаттары туралы әңгімеленеді, бұл – жеке бір адамның ғұмырбаяны емес, тұтас бір дәуірдің суреті. Романның тілі шұрайлы, оқиғасы ширыққан тартысты, заман шындығы барынша шынайы әрі әсерлі бейнеленген: кітаптың тағылымы мол» деп берілген. Бұл аннотациялық анықтама жазушы хамсасының ішкі әлемін айқын аңартып тұр. Дегенмен, оқырманға бұл да аздық етеді. Ең бастысы, хамсаның атауындағы сырлы «Мен» сөзінің мәнісін философиялық тұрғыдан бағамдап көрсетік «Мен» (философияда) – адамның дүниеге және өзіне-өзі өзімен қарайтын жекелігінің, даралығының рухани орталығы. Өзінің іс-әрекетін дербес меңгере білетін және жан-жақты бастамаға қабілетті адамның өз «Мені» болады. Философия тарихында көптеген концепциялар «Менді» идеялық негіз ретінде түсіндіреді, адам «Менінің» нақты тарихи негізін көре біледі. Оларда бұл проблема көбінесе философиялық жүйелер құрылысының түпкі проблемасы ретінде қойылды. Декарт бойынша, «Мен» өзін ойлаушы субстанцияға жататын сияқты, рационалды танымның интуициялық негізі ретінде көрсетеді және осы арқылы өзінің дербестігін қуаттайды.

Мен – концепция – индивидтің өзі жайлы түсініктерінің біршама тұрақты, азды-көпті мәні бар, қайталанбас деп саналатын жүйесі индивид өзінің өзге адамдармен ара байланысын сол негізде құрып, өзіне сол тұрғыдан қарайды.

Суреткер Мұхтар Мағауин ғұмырнама хамсасының алғашқы жолдарынан-ақ «мен» ұғымының жазушының жеке көзқарасы тұрғысынан қандай мағыналық мәні бар екенін былайша жазады:

«Шытырман, яғни менің еншілі өмірім, таңбалы жазуым. Бастан өткен ғұмырдың көңілдегі суреті. Қаламға ілінген

жазудың жүректегі жүгі. Тұтас ғұмыр емес, бердерлі белестер ғана. Дәл жазу емес, дертті толғаныстар ғана өмір-арқау, жазу өрнек. Екеуінің тұрмысы бір – менің өзім. Мен... кіммін? Ешкім білмейді. Өз ұғымым да бұлдыр, Анық ақиқат: тегім – кісі, дінім – ислам, пәсілім – түркі, ұлтым – қазақ, ұраным – алаш, есімім – Мұхтар, сойым Мағауин, туған жылым-миләди 1940, бүгінгі жасым-слу алтының үстінде...».

«Саған сол тап күндердің өзінде күш берген немесе? Сенім болса керек. Өзінді өте жақсы көретін елді. Мен жазбасам, қазақ әдебиеті тұралап қалады, мен күресесем, ежелгі мұра біржола ұмтылады, атаның аруағын арқалап жүрген-жалғыз өзім, алаштың келер ұрпаққа жеткізетін – мен, Мен ғана болмасам, ұлысымның ырысы ортаяды, ұрпағымның көкірек-көзі ашылмайды, мен, мен деп ойладың. Аз ба, көп пе бар жасағаның еңбегің-осы сенімнің көрінісі».

Міне, жазушының жан сырынан ұққанымыз «мен» тек жекелік ұғымда ғана көрініп қоймайды, жас, албырт, өмірге енді қадам жасаған жасты талпындыратын қуаттаушы ұлы ұғым. «Мен» жекелік ұғымның астарынан ұлы түсінік, ұлы ұғым-сенім пайда болады екен. Жалпы, бұл шығарма тек ғұмырнама дүниесі ғана емес, осыған қатысты түлі түсінік, ұғымдарды жинақтаған үлкен нәлсапа екен.

Саналы ғұмырында әр түрлі қызметтер атқарып, талай жауапты істерді тыңғылықты тындырған, жазушылықты редакторлықпен ұштастыра білген Мұхтар Мағауин «Мен» романының алғашқы жолдарынан-ақ көздеген түпкі ойды:

...Яғни мұрат-жуанмен белдесу, ұзынмен бойласу емес, өз жұртыңның қажетін өтеу, мүмкін болғанша, ең соңғы сәтіңе дейін әуелгі құбыла бағдарыңнан тайқымау. Бір сөзбен айтқанда, жазу. Ал соңғы жылдары дәл осы жазу бізде шамалы болғанын осымен нешінші мәрте қайталап айтамыз? Бала жылады, балтыр сыздады, анау болды, мынау болды – уақыт оздырып алдық. Енді, өткеннің орны толмаса да, келешектің ессі кетпес үшін, табандап отырып жазу керек. Жазу? – деп нақтылап айтып көрсетеді.

Жазушы М. Мағауин тек көркем әдебиет әлемінде ғана емес, ғалымдық дүниетанымы тұрғысынан да замандастарынан

өн бойы озық болған жан. Өмірінің көбі өтіп, азы қалған шақта ғұмырнамалық баянға бел шеше кірісуін романның алғашқы беттерінен-ақ танытады:

«Өте ұзақ ғұмыр кешіппін. Өмірдің көбі өткен, азы емес, әлденседей бір бөлшегі ғана қалған. Абай атам айтқандай, келер заманың – көк тұман. Сәуле – көмескі, үміт – буалдыр. Сен... сенің кесімің әуел бастан белгілі. Тозаңнан жаратылдың, топыраққа айналасың. Ештеңе өзгермейді... Бірақ, ұрпағың бар емес пе! Бүкіл ұлысың, ұлттың алдындағы тар кешу немен тынбақ? Азаматыңды қажытып, жеткізетінің жігерін күм қылып, бәсіре байлығыңды талапайға салып, жұртыңды біржола тоздырып бара жатқан заманға қарсы тұрар қайла барма? Сен білмейсің. Білсең де жүзеге асыра алмайсың. Сенің білгенің, қолыңнан келер жазу ғана еді. Сонымен қанағат таптың. Сонымен өміріңді ұзарттың. Кеуденді басқан кер заманда қасірет, зардың өзі күш беріпті. «Мен сияқты ерлерді – Жаратты ма сен құдайым – Қайғыдан шіріп өлерге, –Кейінгі туған бала үшін!...». Бұл – Қазтуған – Мұрат. Сен малдандың, бірақ осы денгейге жеткенше, яғни, қайғыдан шіріп өлмес бұрын бар запыраныңды ақтарып кетпек едің».

Ал, жазушы М. Мағауиннің қаламы алдыңғы екі жазушыға карағанда мүлде басқаша.

«Жобаның аты – «Алтын дәптер» еді. Яғни, жазу жазылған, жазу жазылатын дәптер. Алтын емес, кәдімгі тор көз, қарапайым қағаз. Мұқабасы да әшекей, өрнексіз – жұқа кара дермантин. Әуел баста, мұқабадан кейінгі сыртқы бетіне «Шимайлар» деп жазылған екен. Яғни ойға келген әр түрлі шығармалардың сұлбасын таңбалауға арналған. Уақыт оза келе әуелгі атауын тарта сызып, үстіне байыппен, қалың әріптермен «Алтын дәптер» деп жазыппын.

Бұл тор көз, қалың кара дәптердің бүгінгі ғұмыр жасы отыз бес болса керек. Студент кезде басталған. Бірінші беті «Сюжеттер» – «1960-1961» деген тақырыппен ашылыпты. Ең соңғы таңба – «1996». Яғни, мен әдебиетке алғаш рет нық қадам басқаннан бергі отыз жеті жыл бойы жазуға жобаланған, жазылған және жазылып үлгермеген барлық шығармалардың сұлбасы осында».

Әр жазушының шығармаға да келу жолы әр қилы десек, алдыңғы екі жазушы үшін табиғи сананың қызметі басым болса, соңғы жазушы үшін қолда бар күнделіктің деректік маңызы айқын болып тұр. Тақырыптарын тапқан жазушылар үшін екінші дерек көздері қызмет атқарған еңбек ордасы, әріптестік орталарының да ықпалы аса мол болғанын көреміз.

«Адам жас кезінде жүрегіне сенеді, жүрек жетектеген жаққа ойланбастан жөнеле береді: айтқан ақыл, берген кеңес оның құлағына кірмейді. Ал қарт кісі көзі мен құлағына сенеді: өзі көріп, анық нәрсесін оймен өлшеп, көңілмен зерделейді. Содан кейін ғана ілгері аттан аяқ басады».

Қабдеш Жұмаділовтің де айтпақ ойы осы тұстан табылады: «Бастан кешкен жайларды сараптай келгенде, көзім жеткен бір нәрсе: бұл өмірді жақсы деп мақтауға да, жаман деп даттауға да болмайды екен. Өмір – сенің ырқына көнбейтін, аңысы мен тұшысы аралас, бас-аяғы жоқ, шегеіз-шексіз таңғажайып бір дүние. Сен оған соғып өтер қонақсың», – деп толғанады.

М. Мағауиннің ғұмырнамасының бастапқы беттерінде жазылған мына жолдардан да шығармашылыққа арқау болған тағдыр – талайдың жүйесін көреміз.

«Мен Абай атам мезгілдей онша күрделі жұмбақ емесіні, бірақ біз арғы заманмен өлшегенде, соқтықнасы әлдеқайда көп, соқпағының бәрі теріс, кигаш, айрықша бұлыңғыр кезінде жасадық, рас, алдыңғы аталарым – Ақан, Мағжан, Мадияр, Мұқанмен салыстырғанда біршама тыныш дәуірде күн кешіппін, бірақ менің де шығалаңға түсіп, ышқынған, қиналған күндерім, ай, жылдарым болды. Бұл сөз – өнер жолында, ождан азабы, рухани қысымға да қатыссыз, оның бәрі – таңдап алған талқы, табиғи сыбаған; менің айтып отырғаным – кәсілетке толған он сегіз, жиырмадан бұрынғы, тіпті мектеп бітірген он жетіден бұрынғы, менің он бір жасым мен он бес жасымның аралығындағы өмір кезеңі...».

Ғұмырнамалық әдебиет қазір қазақ әдебиетінде өз алдына бір жүйе болып, әдебиеті дамыған әлем елдерінде ғұмырнамалық деректі, деректі көркем шығармалар көптеп жазылады. Қазақ әдебиетінде бірінші нышан ретінде аз да, әлсіз көрініп, енді-енді күш ала бастаған ғұмырнамалық шығармалар

келешегі-кеніш. Ғұмырнамалық әдебиеттің бүгінгі саяқ кезінде де, келешектегі кемел кезінде де бірқатар, бір жүйе туындылардың жуан арасында қаншама туынды кобейді.

«Роман – үлкен жолдағы айна» дегені бар Стендальдың. Ол өмір жолын, әлсуметтік тартыстар жолын, адамдар тағдырын айтып отыр. Қ. Жұмаділов қазақ халқы өмірінің әр қырын суреттегенде, үлкен айнаны романды да жақсы пайдаланады.

Творчестволық зертханаға сніп, жске шығармалардың қалай, қандай жағдайларда туғанын қарастыру ләзім. Жазушының жоспарлары, эскиздері, аяқталмай қалған шығармалары ғылыми тұрғыдан түгелдей тексерілген кезде ғана, біз ол туралы толық түсінікке ие боламыз. Ғұмырнамалық романдардың авторлары өз өмірінен жазған шығармаларының өмірлік дерегі мен көркемдік шешімін зерттеу – ғылымға қажетті нәрсе.

«Мен» деген үлкен философиялық маңызы, өмірлік мәні бөлсе тақырыпта жазылған М. Мағауиннің бүкіл басынан кешірген, тарихтың әр түрлі кезеңін қамтитын көркем шығарманың өмірге келуі кездейсоқтықтан пайда болған жай нәрсе емес.

Бұл романның көтерген өмірлік материалдары, образ жүйелері, көркемдік тәсілдері, әдебиетіміздегі орны деген мәселелер төңірегінде бірқыдыру толымды ойлар жинақталғанмен, бүгінгі биіктен, бүгінгі өрседен сол туындыларға қайта бір назар аударып, байлам жасағаны әдебиет ғылымы үшін өте мәнді мәселелердің шешімін табуына зор көмегін тигізгені анық.

Бағамдап қарасақ, әр суреткердің еңбек стилі, шығарма жазу тәсілі әр түрлі, бұл аса ауыр, әрі қызықты жұмыс. Егер арнайы зерттесе, құнарлы тұжырым тудырап объекті болғандықтан, біз ғұмырнамалық хамсалардың шығармашылық зертханасына ерекше тоқталып отырған жайымыз бар.

Мұхтар Мағауин шығармашылығы қазақ сөз өнерінің, әдебиет ғылымының ұлттық сипатын айрықша терең танытатын ерекше тұлғалы құбылыс. Ғасырлар бойы өнерпаздардың мың сан ұрпағы жасаған шебер де әсем өрнектер, әуен-сарындар, мотив-идеялар, ауыз әдебиетіндегі тамырланып жатқан

байлықтар, жазба әдбиеттегі қазыналар ұлы қаламгер шығармаларына нәр беріп, оның эссем мәдениетіне құнарлы, арналы өзен болып құйылуына жағдай жасады.

Кемсегер жазушының сол шығармашылық жолының қалай басталып, дара жол табуы секілді зертханасының ешкім білмес құпияларына былай өндіруіне тіркес болған «Мен» романы еліміз егемендік алған бақытты дәуірімен тұтаса келді.

Дегенмен, жазушы ғұмырнамалық жанрда шығарма жазуды қолға алмақ болған нисті бұдан жиырма төрт, жиырма бес жылдай бұрын ояңған болса керек.

Шын мәнінде, М. Мағауиннің «Алтын дәптер» деп аталатын жобасының, яғни, жазу жазылған, жазылатын дәптері осы ойларға тіркес болмақ. Алтын емес кәдімгі тор көз, қарапайым қағаз әуел баста кейінгі сыртқы бетіне «Шимайлар» деп жазылған екен. Яғни, ойға келген әр түрлі шығармалардың сұлбасын байыппен, қалың әріптермен «Алтын дәптер» деп жазылған екенін айтады жазушы.

«Алтын дәптерді» қаламгер алғаш рет 1961 жылдың көктемінде ашып, алғашқы жоспарын бейнелеген. 1-ші беттегі әуелгі үздік жазу «Өмірбай бейнесі. Практикада. Қыз». «Мен оны адам сияқты үйленбеген жігіт екен деп жүрсем...». Тұсында: 1961 – «Жаңылысу» деген таңба бар. Яғни, бұл 1961 жылы жазылған «Жаңылысу» деген әңгіменің әуелгі жан-жобасы «Жаңылысу» әңгімесіне дейін бірнеше әңгімелері жарық көрген болады. «Бір уыс бидай», «Тіленші», «Әйел махаббаты», бірінші әңгіме жазған М. Мағауин ол кезде өзін, қалыптасқан қаламгер деп айтады.

Жазушының шын сыры осылай ашылғанынан оның өмір жолының қиын да қилы, шуақты да шұрайлы болғанын анық байқаймыз. Сол себепті де жазушының «Мен» ғұмырнамалық романының алғашқы кітабы «Сұрлеу – соқпақ немесе жазушының жан азабы» деп аталуы жоғарыдағы ойдың мәнін аша керек. Қаламгердің «Алтын дәптер» жобасынан бұрын жазылған «Тіленші» әңгімесінің шығармашылық жолы күрделі болады. Мұның себебі әңгіменің тақырыбы мен идеясында болса керек. Ұлттық тұнығы бұзылмаған, ұлттық ұлы үрдістерден таза табиғи тәрбие алған жас Мұхтар Мағауиннің

Алматыға білім қуып келгенде, іш тартып, өшпенділіктің ұясын жүрегіне орыстандыру саясатын көзбен көріп, қорлықтың шет жағасын бастан кешіреді. Саясат пен өкіметтің сөзі мен ісі екі бөлсек, аз ұлттар көрген отарлау мен рухани қанаудың бұғауынан халқын, тілін, ділі мен дінін, салт-дәстүрін сақтап, сол жолда күресуді өзіне негізгі, түпкі мүдде етіп бекітеді, сол жолда бар ғұмырын сарып етуге бекінеді. Бұлар өте күрделі мәселелер еді, әуелде нақты шешімін таппаса да керек, бірақ бұғана бекігеннен соң жиырма төрт-жиырма бесте жазылған «Қобыз сарынын» айтпағанда, таза жазушылық жолға түскен «Таының өлімі» мен «Көк мұнардан» бастап, «Көкбалақ», «Жыланды жаз», «Аласапыран», «Шақан – Шері» және Совет дәуіріндегі қазақ прозасының ең соңғы туындысы – империясының түбіне жеткен 1991 жылғы тамыз бүлігінен үш күн бұрын «Сары қазаққа» дейінгі аралықтағы ең негізгі, ең тәуір шығармаларының бәрі де отаршылық жүйеге қарсылық көріністері болып табылады.

«Алтын дәптер» – 1964 жылғы жазбалар турасында бастаған негізгі мәселеге келсек, «Қобыз сарынына» қатысты көне әдебиетті зерделеу және монографияның өзін жазу үстінде, әуелгі балаңқы ой, үстірт әсерден туындаған тарихи трилогия сол ойда тұрған қалпы арада бір жыл өтпей мансұқ болады. Және де, ескі заман, негізінен ХІХ ғасыр мінезіне, оқыс оқиғалар, өзгеше адамдар төңірегінде құрылмақ «Ескілік көлеңкесі» деген әңгімелер кітабы да жүзеге аспайды. Жазушының ескі жыраулар мұрасына жол ашқан 64 жылы проза жасалмайды. Бірақ көңілдегінін бәрі көмексізде қалмайды. Сол жылы ойластырылған «Көк мұнар» романы 1971 жылы жазылады. «Нар – қызыл. Бәйге ат трагедиясы» деп, бір-ақ ауыз сөзбен белгіленген хикаясы арада он бес жыл өткен соң, 1979 жылы қағазға көшіпті.

«Алтын дәптер» – 1965 туралы мана, жөнекей ескертуден шектелдік, «Аласапыран» аян түсті дедік, яғни, бұл тараптағы негізгі әңгіме – алда. Бұл жылдары «Қобыз сарыны» тәмам болды, талқылау – қудалауға ұласады. Жас ғалым бұл уақыттарда аспирантураны бітіріп, жұмысқа орналасады, зерттеудің негізгі деген тұстарын баспасөзде жариялауға

уақыттың қобін арнайды. Мұнан кейінгі өмірдің біразын жазушы диссертация қорғау машақатына оздырады. Ол кезде тың, саяси талапқа қайшы болып табылатын ғылыми еңбекті жазып және оны қорғау М. Мағауин үшін кандидаттық дәреже алу үшін емес, қазақ хандығы дәуіріндегі жасалған белгісіз мұраны қатарға қосу, ұлттық әдебиеттің арғы тарихын негіздеу болатын. Үлкен мақсат көп кедергілерге кездесіп, ақыры тура жиырма екі ай өткенде, 1967 жылдың наурызында Қазақ университеті филология факультетінің Ғылыми кеңесінде ресми қорғаудан өтті. Аруақты бабалар қолдаған М. Мағауиннің қиын да күрделі ғылымдағы жолының даңғылы ашылғандай болып, оны әлі де күрделі мәселелер күтіп тұрған еді. Өмірде кездесетін кездейсоқтық пен салдардың нәтижесінде болып, оның көбісі қаламгердің өмірде қиналуы мен қуануына тікелей әсері болғанын да өмірде болған көптеген оқиғаларды да әсем етіп композицияға ұластыра білген. Мұның түсында жазушы жоспарына енген «Ақжалға кеткен Сейіттің баласы» – арада жиырма жыл өткен соң, 1988 жылдың қаңтарында жазылды.

Тағы бір әңгіме мен бір хикаясы бұдан ертерек жүзеге асты. Ал әйтеуір жөн-жоба емес, нақты көрінген екі роман да тоқырап тұрады.

Мұның біріншісі – XVIII ғасырдың 50-жылдарын қамтитын көлемді тарихи шығарма, «Аласапыранның» бұрын жазылуға тиіс еді, кейін шегінді, одан соң араға Ораз-Мұхамед заманындағы Қазақ Ордасы туралы тағы бір роман салып жазбақ болады, оның да орайы түспеді, сөйтіп, ерте жоспарланған, әуел бастан аса мәнді саналған ең көлемді дүниелерінің бірі әзірше жүзеге аспай жатыр. Тіршілік болса, жазармыз деген үміттен арылмайды.

Сол жылы жобаланған екінші роман күрделі ғана емес, шатақ еді. Тұспалмен белгіленген: «Бір әулеттің тарихы 1905-1975 ж. Оқыған бұтағы».

Б тағдыры; Ш тағдыры құрып бітеді. Оқымаған бұтағы: Мамай, Мұрат тағдырлары; Едіге. Роман. 30-бөт» деген санаулы сөзге көп мағына жүктелген. Бұл романда ұлттық жана замандағы қайта ояну кезеңі, Алаш қозғалысы, террор мен репрессия, 32-жылғы ашаршылық, әлемдік соғыс зардабы, «тың

көтеру» отаршылдығы-үш ұрпақ тағдыры арқылы ғасырдың әуелгі үш ширегінде болған күрделі оқиғалар, ғаламат анағ сипатталуға тиіс еді; ең соңында ұлт болашағында жарық сәулесі көрінбес. Көлемі отыз баспа табақ деп мөлшерленген роман, жаза қалса, слуге жетіп жығылар еді.

Жазушының «Алтын дәптер» жобасында жоспарланған шығарманың бәрі бірдей жазылмаған. Оның себебі әр түрлі ғұмырнамасында жазушылық ұстанымына адал М. Мағауин шығармалардың өмірге келмеуінің себептерін де баяндап отырады.

Ескі жыраулар мұрасына жол ашқан 1964 жылы проза жасалмайды. Бірақ көңілдегісінің бәрі көмескі де қалмайды. Сол жылы ойластырылған «Көк мұнар» романы 1971 жылы жазылады, «Нарқызыл. Бәйге ат трагедиясы» деп, бір-ақ ауыз сөзбен белгіленген хикаят арада он бес жыл өткен соң, 1979 жылы қағазға көшеді. «Алтын дәптер» – 1965 туралы жөнскей ескертумен шектеледі, «Аласапыран» аян түсті дейді, яғни, бұл тараптағы негізгі әңгіме – алда. Бұл жылы жазушы «Қобыз сарынын» тәмамдайды, талқылау – қудалауға ұласады, зерттеу еңбектің негізгі тұрғыларын жариялайды және ағымдағы баспасөз бетінде түзелге жазық әңгімелесуге негіз жасайды, – жаңа прозаға жазуға мұршасы келмейді.

Десе де, жаңа, 1968 жыл жазушының жекке өмірі мен шығармашылығына мол табыс алып келген сәтті кезең болады.

Қаламгердің қырық жыл бойы тапқан барлық шығармашылығына өріс болған «Алтын дәптердің» 1969 жылғы алғашқы бетінде бұған айқын мысал ретінде «Тазының өлімі» әңгімесін ерекше атап өтеді.

«Алтын дәптердің» куәлігіне қарағанда, 60 жылы ойластырылған. Бір арқардың өмірі. Қазақтың даласы – табиғаты, аңы мен адамы... Өтіп бара жатқан өмірдің бір көрінісі.

Қаламгердің алғашқы проза жинағы баспа жоспарына осы, жазылмаған хикаясы атыммен ұсынылған екен.

Мұның біріншісі «Қазақ даласынан, Ноғай ордасынан Қазанға кеткен көмекке келген жасақтар. Нәзік ұлдарының тағдыры. Ұрыс қимылдары. Ең ақырғы қақтығыс. Бір адам онға

қарсы соғысқан осы шайқаста Қазан хандығының тарихы, тағдыры, жалғыз Қазан ғана емес, бүкіл Орталық Азияны мекендеген түрік халықтарының тағдыры шешілген еді.

Екіншісі: «Доспанбеттің ақырғы күні. Астраханның алынуы, қала сыртындағы қырғын. Қайта бірігу туралы ойдың біржола жерленуі.

Яғни, ойластырылған, бірін – ертең емес, әйтеуір бір кездес жазылуға тиіс екі хикаят та біздің мемлекетіміздің ортағасырлық тарихындағы бетбұрыс, ауыртпашылық кезеңдеріне арналыпты.

Енді тағы бір белгі: «Абай туралы биографиялық роман. Ақын және қоғам». Бұл да замана туралы шығарма болуға тиіс еді. Мұхтар Әуезов Абайынан басқарақ бітімдегі ұмтылыс, қайраткер Абай.

«Алтын дәптер» 1971 жылдың басындағы алғашқы таңба. «Сәкеннің өмірінің соңғы сағаттары». «Болмасқа болып, қара тер», «Қорлықпен өткен өмір...».

Бұл жолдағы жоспар Сәкен Сейфуллинді иткес талатып өлтіріпті деген сөзге орай жазылғанын айтады. Аяушылық сезімнен емес, Алла мен тобадан дейді. Сәкен Сейфуллиннің ұлтшыл идеяға онша көне бермейтін, пенделік тіршілігі туралы баяндағысы келген жазушы бұл шығарманы жазбайды, «Ойша жазылды» деп біліңіздер дейді.

Қаламгердің жиырма мен отыз жасының арасында жүзеге аспаған қаншама туындыларын айтып отырады. Бұлар – әуелгі жобалар. Одан бергі ширек ғасырдағы тағы қаншама хикметтер болған. Орайымен жазыла қалған әрбір шығармада, әр түрлі себеппен жазылмай қалған он шығарманың аманаты бар. Біз сол жүзеге аспаған шығармалардың рухымен жазушы болдым дейді. Хеминуэйдің атақты Айсберг теориясын басқа тұрғыда көшірсе, жазушының жүзеге асқан шығармаларын – Мұхтардың үстінгі, сегізден бір ғана бөлігі, оны мұхит айдынында көтеріп тұрған сананың терең түкпірінде қалған, тар заманда жарыққа жол таппаған, енді уақыттың жылы ағысымен жиектей мүжіліп жатқан кесімді сағатында еріп бітіп, жазушының өзінің ішінде кететін, жазылып үлгермейтін ең асыл туындылары деп біліңіз.

Жазушының «Алтын дәптерін» 1974 жылы Жәлел-әл-Дин Сұлтан туралы ғұмырбаяндық роман жоспарланыпты, 90-жылға таман жазылады», – деген ескертпесі бар. Бұдан басқа ски хикаят, бір әңгіменің сұлбасы тұр.

«Шығармашылық ғұмырдың не бір сүрлеу соқпағынан сүрінбей, жығылмай, мұқалмай, шаршамай өтіп, қазақ ұлтының классикалық әдебиетінің негізін салуға аянбай тер төккен Мұхтар Мағауин шығармашылық зерханасын зерттегенде, жазушылық өнердің тың құпия-сырларына қанығамыз. Қиын-қыстау кезінде жазушыны алып шыққан не? деген сұраққа жазушы: «Мені шаршатқан, қажырымды қайтарған – оск-аяқ емес, сауатсыз сын да емес, тіпті соңғы ски кітаптың қиын тағдыры да емес, басқа нәрсесі болатын. Остап Бендер айтқандай, осы шаруалардың тұсында мен адамға деген сенімнен айрылдым және сезімім қылау түсті. Төлемін миллион алған жоқ, керісінше, миллиондарды қоса бердім. Ал қаламгердің сабақты жіптік сезімі бар шығармасының болат арқауы, иенің жасуындай сенімі берік тұруы, боран мен тұманның өзінсі көктей өтетін құдіретті сәулесі, адастырмас жолбасшы – тас үстін, торапты құбыланама».

Күнделіктің шығармагер өмірінде ерекше рөл атқарғанын халық жазушысы Мұхтар Мағауиннің «Мен» ғұмырнамалық хамсасынан анық көріп білеміз. Жазушының «Алтын дәптер» деп аталған күнделік дәптері осыған айғақ. «Сүрлеу – соқпақ» деп аталған алғашқы кітабында жазушы осы «Алтын дәптерге» 25 роман, 40 повесть, жүзден астам әңгімесі жоспарларын жазады.

М. Мағауиннің «Мен» ғұмырнамалық романының композициялық құрылысы мен сюжеттік желісінде бір ізділік байқалады. Қаламгер романы оның 1960 жылдардан басталған студенттік өмірдің шығармашылыққа, «Халық жазушысы» мәртебесіне не болған аралықты қамтиды. Романда көркемдік қиял, көркемдік болжам жоқтың қасы. Тек жазушының белгілі шығармалары жазылғанда қолданылатын өмірлік деректердің көркем шығармаға айналу жолындағы кейбір суреткерлік шығармашылықты баяндауында кездесетін ерекшеліктері бар. Авторлық ниет, шығармашылық нысана ғұмырнаманың композициясына ерекше ықпал жасаған. Шағын ортадағы аз

уақыттың ішіндегі тартысқа мол мерзімді қамтитын әрекет шығарманың көркемдік бітіміне хроникалық сипат берген. Жазушы басынан өткерген жайларды, қандай күйлер кешкенін, ұтқан-ұтылған жайларын өзі ортаға салады. Реалистік әдісте жазылған ғұмырбаянға қойылатын ең үлкен талап – автор-көліккер мен өзі де өмірлік тұнғалардың тілінің табиғи арнадан, өмірдегі қалпынан шығуы. Халық әдебиетіндегі асыл маржаңдарды үнесі шығармашылықпен жаңғырта, өзгерте, құлпырта пайдаланудың үлгісі, шыншыл, принципшіл қасиеттің иесі

М. Мағауин шығармашылық жолда кейбір қиындықты көрсек де, осы жолынан таймайды. Ғұмырнамадағы шағын орта, қысаң аудан емес, өмір құбылыстарының кең шебері қамтылған. Қаһармандар ішінде сол кездегі және көзі тірі қазіргі зиялы қауымның, жазушылардың негізгі өкілдері түгел бар. Әр заман, әр дәуір сол кезеңдегі өнерден өз келбетін, өз рухын, өз жүрегінің дүресілін танысын, қан тамырының бүлкілді ағысын көруге құштар. Өмір мен өнер орайындағы бұл сабақтастықты ешбір суреткер аттап өткен емес. Тарихтың жабылып кеткен көне беттерін ақтарып, соларды шығармасына тиск қылған жазушының өзінің мақамынан, ұқтырмақ, ұсынбақ мұратынан оның дәуірімен қаншалықты ет бауырлыққа, үндестікте екенін аңғару қиынға соқпайды.

М. Мағауиннің «Мен» ғұмырнама шартына жауап берерлік, хроника ізін қуып отыратын фактілер сәйкестігін ғана құнттайтын дүние емес, әлсуметтік тартыс арнасында ашылған характерлер жасау мақсаты да ескерілген. Өршіл рухты сипаттағы жанды, гибратты ғұмыр кешкен күрескер қаламгер өз өмірі туралы роман жазарда, фактілерді сұрыптап, деректерді сқшеп, оларға авторлық идеал тұрғысынан баға берудің мәнін күшейте түспек. Жеке құбылыстардың арасындағы байланыстарды ашу, заңдылықтарды табу, сырт көзге түсініксіз жайттарды ұғу жазушының ең алдымен зерттеуші ретінде басын ашып алатын істері. Бұдан кейін өмір шындығында қиянат жасамай, бірақ әсте фактография, схематизм, штамп, жетегінде кетіп қалмай, көркемдік заңдарына лайықтап бейнес жасау қамы басталмақ.

Ғұмырнама тарихи тақырыпқа барған жазушының суреткерлік концепциясы жоқ жерде хронологиялық фактілер жетегінде кетіп қалуы қиын емес. Заңды, тарихи белгілі есімнің өзгеше сипаты, даралық қасиеті үлкен бір ісімен, аршынды қимылымен көрінсе керек. Осы талапты қатаң ескерген

М. Мағауин ғұмырнама жазудағы басты мақсатын былайша жеткізеді. «Ғұмырбаяндық сипаттағы осы кітапты жазудағы негізгі мақсат та өткенді қайта тірілту емес, өзімді мақтау емес, ақталу, тәңірі берген талаптың тасқа кетілгенін айта отырып, тағдыр-талайым арқалатқан уәжіп-парыздың біразы отелмей қалғанына себеп сылтау табу, Алла тағалам бұдан ары азды-көпті ғұмыр сайласа, қаламымды, қатқыл санамды ашық қылысып деген тілек нәтижесі. Адам алдындағы емес, аруақ, құдай алдындағы есеп».

Жазушы үшін шығармашылықтағы ең керекті нәрсе, басты шарт – көзбен көріп, құлақпен есту, қолмен ұстау, факті жетегінде кету емес, материалды эстетикалық тұрғыдан сараптау екенін біз қарастырып отырған жазушылар

Ә. Нұршайықов, М. Мағауин, Қ. Жұмаділовтердің ғұмырнамалық романдарының басты ерекшеліктері ретінде атап көрсетуге тиістіміз:

- 1) Бұл романдар авторлардың өз өмірлерінен жазылған;
- 2) Хронологиялық жүйеде бірізділік кездеспейді, себебі, автор кейіпкерлер ғұмырларының барша кезеңін бейнелеуді мақсат тұтпаған;
- 3) Авторлардың дерек көзі ретінде пайдаланған материалдарында біркелкілік сақталмайды. Мәселен, М. Мағауин өзінің шығармашылық күнделігіне сүйенсе, Ә. Нұршайықов күнделік пен ретроспективалық тәсілді қолданса, Қ. Жұмаділов тікелей авторлық сананы арқау етеді;
- 4) Өмірлік шындық, деректілік, тарихи, қоғамдық, әдеби ақиқат қатаң сақтаған.

Міне, көріп отырғанымыздай авторлардың жеке өмірінен жазылған ғұмырнамалық романдардың тек өздеріне ғана тән осындай ерекшеліктері жан- жақты ескерілген.

М. Мағауиннің «Мен» ғұмырбаяндық хамсасын оқығанда жазушының қаяусыз шындықты танытуды бірден-бір мақсат

еткеніне көзі жетеді. Ол өз өмірін, бастан кешіргендерін сылап-сипап көрсетуден аулақ. Өмірінің қиындығы мен қызығы қатар жүрген М. Мағауиннің өз ісіне адал, мақсатына берік жан екенін шығармашылық еңбектен анық аңғаруға болады. Автор – кейінкер шығарманы этикалық шығарма мақамына сай оқиғалардан бастайды. Романның өзін автор бірде хамса, бірде өмірбаян деп атап отырады.

Ә. Нұршайықов пен Қ. Жұмаділов ғұмырбаяндық романдарындағы ерекше бір өзгешелік, М. Мағауиннің «Мен» деп атаған ғұмырбаян романында өзінің шығармашылық жолын арқау етуімен айрықшаланады. Романның жазылу стиліндегі бастапқы ерекшелік автордың таңдап алынған оқиғасының дені дерлік тек автор шығармашылығының процесіне арналғандықтан, ол бірінші жақтан және – «Мен» жіктік жалғауынан болып келеді. Ғұмырбаян заманның көкейкесті ойлары, адамның қат-қабат тағдыры, уақыт алдындағы жауапкершілік жайлы шығармашылық өнердің нәсіпін толғайды. Романдағы қаламгердің оқырманы мен жас жазушыларға айтар ойы символдық мәнге ие, жинақтаушы күші бар көркем деталь. Шығармадағы стиль даралығы және дерек көздерінің көркем шешімі туралы бір-бірінен бөліп айтуға әсте келе бермейді. Жазушы өзінің халық құрметіне бөленіп, әдебиетте ұлы істер тындырғанын да паш етеді. Кешегі советтік империяның сайтан саясатының астында ұлттық әдеби шығармалар жазу кімге болса да оңай тимегені анық. Бұл ойымызға орай екі ғұмырнамалық шығармадан да жазушылардың жан сығалап мына жайттарға көңіл аударғанын қарастыру керек.

«Біз жер – әлем тарихындағы ең былғаныш, ең қылмыскер қоғамда күн кештік. Былықпай, шылықпай, түзу жүріп, жай ғана тіршілік жасаудың өзі артық күш тілеген заманда, өнер жолынан айнамай еңбек ету шектен тыс қиындыққа түсетін еді» деп, М. Мағауин еске алса, сол кезде қоғамның аталған шындық бейнесін Қабдеш Жұмаділов «Таңғажайып дүние» ғұмырнамасында әсерлеп көрсетеді. «Біздің бертінге дейін «Қазақ совет әдебиеті» деп дабырлатып келген бодан елдің әдебиеті болатын Қазақстанға келіп, қайыс ноктаның орнына

тсмір ноқта кигеннен кейінде, сшкім менің маңдайымнан сипаған жоқ. Екі империя тұсында да саяси жақтан сенімсіз, үкіметке қадірсіз жағдайда ғұмыр кештім».

Екі жазушы, екі көркем-эстетикалық әлем болғанымен, бір қоғам да, бір саясаттың астында, бір тарихи кезеңде өмір сүріп келеді. Міне сол себепті де олардың тағдырлары ұқсас. Екі ғұмырнама автор кейіпкерінің тақырыптары әр түрлі болғанымен, идеялары көп жерде ұқсас келеді. Әсіресе, бұл айтылған пікірлер М. Мағауин мен Қ. Жұмаділов ғұмырбаяндарының әдеби шығармашылық туралы өмірлік тәжірибеден көрген білген, көңілге түйген ғылыми-теориялық маңызы зор пікірлер айту тұсында тоғысады.

«Демек, бодан елдің жазушысы арқалаған жүк» – басқа жұрттың жазушыларынан әлдеқайда ауыр деген сөз. Ұлт азаматтығы үшін, оның тілі мен діні үшін күресетін де, қуғын-сүргін, репрессия бола қалса, алдымен құрбандыққа шалынып, басын беретін де – сол жазушылар деген» жолдар Қабдеш Жұмаділовтің кешегі және бүгінгі қазақ әдебиетінің басынан кешірген халі. Ал, бұл концепцияға осы тұрғыдан келетін М. Мағауин күрделі де ақиқат айтып, оқырманы мен жас ұрпақты ізгі бастамаларға бағыттайды.

Халқымыз басынан кешкен қилы жол, тайғақ кешу, тас босаға тар өткелдердің трагедиялық оқиғалары, ел қамып жеген, ойшыл даналар, жұрттың сүйген, жүректі батырлар образдары, әр дәуірде әлеуметтік күрес сахнасына шыққан хандардың, айыркөмей, жезтаңдай билердің, қилы-қилы көзқарас өкілдерінің бейнелері, халықтық бірлік елдік ұйытқы отансүйгіштік, патриотизм сарындары – осылардың бәрі жанды түрде тұтас келіп, Қабдеш Жұмаділовтің тарихи романдарының идеялық-эстетикалық сапасын, поэтикалық, жанрлық қасиеттерін құрап, олардың әдебиетіміздің төріндегі орнын белгілесе керек.

Кешегі социалистік режимнің қатал ұстанымдарын шет елде, шет жерде жүріп көрген, өзің туып өскен елдің өгсй ұлы болып, шекараның арғы бетінде ер жетіп, ес білген Қ. Жұмаділовтің шығармашылық жолды таңдауының өзі үлкен образдар жүйесі мен қомақты өмірлік материалдарды жүзеге

асырып көркем шығарма жазуында үлкен арман ізгі үміт жатқанына шүбә жоқ. Қиын-қыстау заманда қазақ жастарының көркем өнерге деген құштарлығы мен таланты терең толғаныспен шығармаларында баяндалуы қаламгердің өзі ғана емес айналасы жастардың талаптынан да мол хабар береді.

Қаламынан туган керектары романдар тұрмақ, пышақтың қырындай ғана жұқалтаң дүниесі жарыққа шыққан бойда-ақ тағы бір шедевр жазылып тасталғандай жұрттың бәрін таңқалдырып тастайтындай. Ешқандай титул-анықтауышты қажет етпейтін жазушы Мұхтар Мағауин оқырманын осыған үйретіп алды. Қаламгер ғана тартатын ащы азапты еш рахатқа айырбастамай, әдебиетке адалдық танытып келеді. Мағауин өзінің кім екенін біледі. Кім екенін білгендіктен де кеудесін қысып тұрған қуатты қайда сыйғызарын білмей, кезекті кереметін тудырады немесе... дйттеген адамының бетіне тілінің уын тігеді. Бәлкім, ол адам – қазақтың аймаңдай айтулы тұлғасы, жапырылып жолында жататын қастерлісі, қасиеттісі шығар, бірақ ол Мағауин үшін ешкім емес. Дәл қазір ол өзінің тірі классик екеніне көзі де, көңілі де сенін отыр. Себебі, өзі менсінбейтін жазушылар қолындағы бір кесек сом алтыннан шебер білезік соқпақ түгілі, быт-шыт етін іске алғысыз қылатынын біледі. Сөз жоқ, кез-келген жерде өзінің айтып жүргеніндей, ол – сонау жыраулар поэзиясынан бастап, бүкіл қазақ пен орыс, шығыс пен батыс әдебиетін неше қайтара аударып- төңкеріп оқыған білім иесі. Иә, Мұхтар Мағауин – білімді жазушы. Соңғы жылдары, әсіресе «Мен» шыққалы бері адамды адам ретінде емес, кәсіби шығармашылық жағынан көбірек құрметтейтін, өзін шын сыйлайтын адамдар болмаса, әдеби ортаның денін өзіне қарсы қойып алуының үлкен себебі осы «білім» дегенде жатқан сияқты.

Мағауин өзгенің дарынсыздығын, білімсіздігін кешірмейді. Ол оны топастыққа балайды. Өз қарақан басы білімсіз болса да, топастығын әдебиетке әкелмесін. Жазушының жазғандары мен кездесулерде айтып қалатын әңгімесінен осы жайды айырып, аңғарып қалу қиын емес.

Жалпы, автор табиғатын тану өте қиын әрі нәзік проблемалардың бірі. Кейде қаламгердің өмірбаянын, қайда

оқып, қайда жұмыс істегенін білу аз. Сірә, авторды білу, тану үшін қаламгер концепциясын, яки автор шолымы, әлемтанымы, жан-жүрекке үңілуі, сосын – әлсуметтік көзқарастарға келуімен жинақтауға тиіспіз. Ол үшін біз авторлық концепцияға тоқтала кетуді жөн көрдік.

Авторлық концепция – қаламгердің шығармашылық, азаматтық ұстанымының да айнасы. Оның объективті ғана емес, субъективті де әлемі болатыны белгілі. Жазушының заман талабына (тоталитарлық жүйе) емес, ішкі түйсігіне бағынатынын ескеруіміз қажет.

Авторлық концепция – шығармадағы адам концепциясымен сабақтас қарастырылатын күрделі мәселе. Оны ақын- жазушы, яғни өнер адамы өз ұстанымы тұрғысынан, ал философтар философиялық категория ретінде қарастыратыны белгілі. Адам концепциясы көркем туындының мазмұнын, яғни тақырыптық – идеялық ерекшелігін қамтитыны мәлім.

XX ғасырдың алпысыншы жылдарында әдоби процеске араласқан қаламгерлер қоғамда аз да болса туындаған «жылымық» сәтті терең түсіне білді. Санада, яғни қаламгер санасында сілкініс пен серпіліс пайда болды. Жалпы адамзат баласының санасы өмірдің аса іргелі категорияларына назар аудара бастады. Қаламгер де адам. Яғни өнер адамының санасындағы өзгерістер жалпы адамзаттық проблемалардан туындаған болатын.

Адамзат баласының XX ғасырдың алпысыншы жылдарынан басталатын тарихи даму кезеңінде ірі бетбұрыс, тың өзгерістердің болғанын ешкім де жоққа шығара қоймас. Ал өзгеріс, бетбұрыстардың өздігінен бола қоймайтыны мәлім. Адамзат қауымының ішкі әлемі, жан дүниесіндегі бұлқыныс, сілкініс пен серпіліс, бәрінен бұрын, дәл бұрынғыша ғұмыр кешудің енді мәні болмасына баршаның көзін жеткізді. Осындай серпіліс сипаттары, ең алдымен руханият саласында, әсіресе әдебиетте кескінделгенін айрықша айтқан абзал. Себебі тек өнер ғана қандай оқиға, құбылыс болмасын, оған өміршеңдік сипат дарытады, мәңгілік ғұмыр сыйлайды. Тек өнерге ғана мәңгілік өмірдің, адам ғұмырының сыры, жұмбағы мәлім. Тек өнер ғана өз күдіреті арқылы нақтылық пен

шынайлықты кескіндей алады. Ал өнерді жасаушы – адам. Өнер адамы. Ақын. Жазушы. Демек соның санасындағы өзгеріс. (Ол жасаған өнер туындысында драмалық коллизиялардың асқынған түрінің, көбірек бейнеленуіне алғышарттар жасады). Яғни қаламгердің авторлық концепциясында белгілі бір дәрежеде заңдылық деген ұғымның бар екенін ерекше айтқан жөн. Бұл шығармаларда дәл солай болуының негізгі бастауы қоғамның шынайы келбетіне, саяси-әлеуметтік, тарихи жағдайларға әр қаламгердің өз уақыты биігінен үңіліп, зерделесуінде, соның нәтижесінде қалыптасқан авторлық концепцияда жатыр дегеніміз жөн.

Біздіңше, Мұхтар ғалым, Мұхтар қаламгердің жазушылық концепциясының бұр жаруы «Қобыз сарынынан» басталады да, қазір төрткүл дүниеге танылған «Аласапыранымен» толыса түсті, ал марқайып бітті десек, жазушы қаламын тартып алғандай болар едік. Сондықтан да біз Мұхтар Мағауиннің «Мен» романы арқылы автордың дүниетанымдық-концептуалдық ерекшеліктерінің бір тармағын тарқатқалы отырмыз ұлт танымында Менің екі мәні бар.

Бірінші Мен – тәкәшарлық, менмендік, оңмензеген өзімішілдік, өрөкіректік. Бұлар Меннің кесанатты, кесірлі, торттағандап жатқан жаман жағы. Бұл – Мен! Менмен! – деп тұрған озбырлық. Екінші Мен – жауапкершілік, батылдық, ерлік. Бұл – Меннің шешімділігі, жасампаздығы, дүниенің төрт бұрышына тірек болар қасиетті жағы. Мұхтардың, қазақ әдебиетінің сом тұлғасы Мұхтар Мағауиннің Мені – осы Мен, қасиетті Мен. Оның Мені, менмен емес, Сенім Мені. «Саған сол тар күндердің өзінде күш берген неменсе?» – деп сұрақ қояды да, «Сенім болса керек», – деп жауап қайырады ол өзінс-өзі. «Мен жазбасам, қазақ әдебиеті тұралап қалады, мен күреспесем, ежелгі мұра біржола ұмытылады. Атаның аруағын арқалап жүрген жалғыз өзім, алаштың мұратын келер ұрпаққа жеткізетін – Мен, Мен ғана, мен болмасам ұлысымның ырысы ортаяды, ұрпағымның көкірек көзі ашылмайды. Мен, Мен ... деп ойладың. Аз ба, көп пе, бар жасаған еңбегің – осы Сенімнің көрінісі», – дейді ол. Бұл өзін білген адамның, жақсы білген адамның, өзінс сенімі мықты адамның, әрі дәтіне берік, сөзінде

тұра білген табанды кісінің сөзі. Хилон айтқан, «Өзіңді-өзің таны, сонда Құдайды да, Дүниені де танып білу оңай» – деген сөздің шындығына бір кепіл осы Мұхтар Сәнімі. Біздің жыл санауымыздан талай заман бұрын жер басқан жеті дананың бірі айтқандай, өзін-өзі таныған Мұхтар «Орныммен жұмсалған тіршілікте мән жоқ» – дейді. Мұны ол даналық үшін айтпайды, өз қабілетін сезіне отырып, өзін іске шақырып, еңбекке жету мақсатында айтады. Бұл оның қағидасы, бағыттамасына айналған девизи. Демек, ол уақытын босқа өткізбеген кісі, содан да Мен дейтіндей биікке көтерілген талант иесі, яғни 1% талантқа 99% еңбегін қоса білген жанкешті қажыр-қайрат иесі. «Иә, «Алдаспанды» Мен шығардым! Мен болмасам, кім шығарар еді? Менің арқамда, мен сияқты азаматтардың арқасында қазақ халық болды, ел болды!» – дейді ол. 1978 жылы Ленинградта «Поэты Казахстана» деген атпен алты ғасыр антологиясы жарияланды: «Алдаспан» түгелімен, оған қоса Мұраттың «Үш қияны», «Шортанбайдың зары», «Дулаттың толғаулары», Алаш-Ордашыл Ғұмар мен Нарманбет, кертартпа Мәшһүр Жүсіп, ең соңында – атын атаудың өзіне тиым салынған Шәкәрім. Бұл кітап та өзінен өзі келе қойған жоқ, дайындық – ауыр еңбек болса, өткізу – қып-қызыл бейнет болды». «Алдаспан», «Поэты Казахстана», «Бес ғасыр жырлайды» бір емес, бірнеше жыл, ал соларды өткеруге, жаладан, пәлден арашалауға кеткен уақыт бұдан да көп... дегеніне осы жолда өз басының да күдікке қалып, шығармашылығына тосқауыл болғанын қоссақ, қандай батылдыққа барып, батырлық жасағанын аңдаймыз. Ақысыз-пұлсыз, аяқ-абыройсыз, тек қана Азаматтық парыз үшін басты бәйгеге тігіп, тәуекелге тұру ғой бұл. Көшулі жатқан бұл қазыналарды алтындай жарқыратып, айбарлатып шығару ол заманда оңай болып па! Сол кезде Мұхтарды бөрілер талай таламақ, реті келсе қылғытпақ та болған екен, әйтеуір аман құтылып жүріпті. Қалайда өзін аруақ қолдап, тәңірі сақтаған. Қатал заманның қатты тағдыры бала кезінен белін бекем будырған, сұңғыла көңілі саясаттың сайқал мінезінен ерте түңілген, жиырмасының өзінде әдебиетке Мен дайынмын деп ұмтылған шағында, «Сонау 1960 жылы менің бастапқы, «Тіленші» деген әңгімемнің алғашқы сөйлесмін : «Кім?

Неге?» деген сауалмен қарсы алып еді. «Мұндай сөйлем болмайды» – деп еді ашуланып. Бейтарап біреу емес, «Мәдениет және тұрмыс» журналында отырған, сол замандағы белгілі жазушы. Келер жылы «Жұлдызда» тағы бір үлкен кісі «Кешқұрым» деген шағын әңгімені ары бір, бері бір айналдырып, бетіме қарап, мүсіркей күліп: «Басы қайда, аяғы қайда?» – деп сұрап еді. «Қазақстан әйелдерінде» пысықырына тыжырынған. «Лениншіл жаста» шамданған. «Қазақ әдебиетінде» айқайлап ұрысқан. Бәрі де үлкен әдебиеттің мұратын-мақсатын, санасы мен санасын алға тартқан. Бұл деген сауатсыздық, бұл деген – парықсыздық, бұл деген... бұл деген бала әдебиеттен аулақ жүрсін» деп ит қосқан кездің өзінде беті қайтпай, өз сенімі, өз Менімен таймай оқи, іздене берген, жаза түскен классик болудың «Алтын дәптерін»-жоспарын жасаған, талмай күресе жүріп, ғылым мен жазушылықты ұштастыра білген азамат, күрескер азамат. Әдебиет үшін, ғылым үшін туған сайыпқыранның нақ өзі.

Мұхтардың жазушылығы ғылымға, ғылыми жазушылыққа, бұл екеуі еріксіз саясатқа, сол заманның таптық идеологиясына еріксіз сүтғынып кетіп, сынаржақ саясат күзетшілерінің аяқтарын басып кетіп, ойбайлатып, кіжіттіп жатады. Кейін бұған айқай қосылып, дабыл қағады. Не шошыныс, неден үрікті? Ол – «Алдаспанның» жарқылынан, «Қобыз сарынының» зар үнінен, «Көк мұнардың» шындығынан, тыныш, тұнық өмірге қазақтың аруақты, аркалы ақын-жырау, ойшылдарын көтеріп, ұлтты оятқанынан, оған тарихың бар дегенінен туған дүрлігіс болатын.

Отыздан асқан шағына жазушы өзі қомсына қарайды. «Межелі жастан әлдеқашан өтіп кеттік, бізді алға сүйреп, айбар болар бедел де, атақ пен даңқ та жоқ. Жазу да онша көп емес. Әйткенмен, тым аз да емес-басылып шыққан бір роман, бір монография, үш хикаят, он бес әңгіме – толық екі том... яғни, қаражаяу емеспіз. Сенің жасыңда жалғыз-ақ кітаппен жер әлемге танылған қаншама классик өтті. Ал сен жарып-шығу, киыр көк жиекке жол ашу қайда, ауыл арасына да жеткен жоқсың, тым құрыса қазаққа танылмапсың», – деп кінәлайды өзін. Бекер намыс, әрине жазушының жетер жерін біле тұрып, жолын тосқан қарақшылардың тосқауыл-торқауынан құтылуға

кеткен уақытын, жұмсаған күш-жігерін есепке ала айтқан болар. Болмаса, дәл осы шағы оның ғылымда да, жазушылықта да орда бұзған кезі еді ғой.

Сол кездегі іштей жасақталған «Жаңа Алаш қозғалысы» қайраткерлерінің бірінің ғана замандас мәңгірттерге жасаған ықпалы, шетке шыға бастағанды елге қайырып, карага қосқаны – қандай ганибетті істің нәтижесінен, ғалымдық сәбектен, сөз құдіретінен туып отыр. Мұндай ықпал санаулы ғана емес, не сан. Талай-талай бел-белестерде сілкіне білген қазақ санасына Мұхтар Мағауин қаламынан шыққан сөздердің ұшқын түсірмеуі, оятпауы, алдаспандай жарқылдатпауы мүмкін емес қой.

«Біздің замандағы алаштың ардагер азаматтары заман орайынан туындаған ең ұтымды жолды тапты және мақсат-мұратын толығымен жүзеге асырды. 1960 жылдардың бас кезінде берік қалыптасқан. Жаңа алаш қозғалысының ресми ұйымдық бірлігі де, ресми орталық басқару жүйесі де, жарияға шыққан ресми бағдарламасы да болған жоқ. Бірақ бағыт бір, тілек-ортақ, мақсат-айқын болатын. Осының белгісі ұлттық, ағартушылық деген жалғыз ауыз сөзге сияды. Біз әр жерде секендеп көзге түспей, күш жинауымыз, халқымызды арандатып аямай, ең алдымен көкірек көзін ашуымыз қажет деп білдік...

Бұл сана ең алдымен әдебиет тарихын тану, ежелгі мұраны зерделеуден, содан соң өнер тарихын бағамдаудан басталды. Ізінше көркем әдебиетте қанат жайды; тек рухани өмір ғана емес, ғылымның барлық саласында – қазақ оқымыстылары үлкен нәтижеге жеткен медицинада, нақты және техникалық ғылым аймағында жасалған жұмыстар, осы орайдағы еңбектерімен әлемдік өреге тайталасқан азаматтарымыз ең алдымен ұлттық тұғырды бекітуге қызмет етті» – дейді. Міне, осыдан бастап Мұхтардың «Мені» бізге айналды. Ол ұлт мүддесі үшін зәредей іс бітірген пендені, сол жолдағы азаматтықты қолдағандардың ешқайсысының да еңбегін ұмытпайды. Өйткені интернационалдандыруды ашық орыстандыруға айналған кешегі заманда қазақ рухын, қазақ дінін, қазақ тілін сақтап қалуға майдандасқандар, мәңгірттік індет бетін қайырғандар, ұлт рухының жарасын емдеуге білсе

түргендер осылар еді ғой. Осындай нист, осындай қимылға біздің еліміз бүгін бұрынғыдан да зәру болып отыр-ау. Ақылы бардың ақшасы болмай, ақшасы көптің ақылы жетпей, әлеуметтік қайшылыққа ұшыраған мына қоғамда ұлт пайдасына шешілер үлкен істер үміт қалууда. Оны ойлайтын, өзіне ондай жауапкершілік алатын жас қайда? Мен дейтін қазақ зиялыларының жас буыны, жаңа буыны қашан шығар? Бар да шығар-ау, қоқыстан аршылып шыға алмай жатыр ма екен, әлде әлі мектепте жүр ме екен, кім білсін? «Алтын дәптердің» алғашқы бетінде: «Маған қарсы адам – қазақ халқының жауы» деген жазу тұр. Тапбаланған уақыты – дәптердің бір мүшесінде, 1972 май. «Алдаспаның» ойраны өтіп, «Көк мұнардың» дауы қызған кезде жазылығты. «Мен дегенім – өзім, Мұхтар Мағауин. Осылай деп мендім. Қазақ деген – мына мен дедім. Сол сенімнің күшімен бар шығалаңнан өтіп, бүгінгі күнге жеттім. Қазір бұл сөзді бұрынғыдан кеңірек мағынада ұғамын. Мен – ұлттық мұрат. Мен – алаштың жолы. Алаш жолына, ұлттық мұратқа қарсы адам, әлбетте, қазақ халқының жауы болса керек», – деп біледі ол.

Осылай-осылай ауылдан келген қазақы мінезді Мен, студенттік Менге, аспиранттық Менге, ғалымдық Менге, азаттық Менге биіктейді. Күрес қаруы – жазу. Жазғанда да ешкімге ұқсамауды, басқа айтпағанды, айта алмай жүргенді таңдау, именшектен төменнен жоғары қарамай, биіктен асқақ тұрып сөйлеу – қазақ әдебиетіне келген жаңа сарын, тың ой, өзгене бір мектеп іргетасын қалайды. Жазушының көркем шығармаларында қазақ «әдебиетінде елеулі түрде орын алған шарттылық, жасандылық, ойдан қосып, долбарлаушылық атымен жоқ. Талантты акын поэзиясындай мінсіз құйылған қарасөздің көңілге күдіксіз қонар ойлы өрнегі. Мынасы қалай дей алмайсыз. Жазушы әр сөзіне, әр кейіпкеріне, әрбір айтпақ ойына жауаптылықпен қарайды. Бұл ғалымдық, зерттеушіліктің, әрбір дерек, табылған мұраларға мұқият қарап дағдыланғандықтың да салдары болар, негізінен көркем сөзге жаратылған табиғи қабілеттің қарышы, аршындылық қасиет болса керек. Қазақ мінсін социалистік реализмге соқтырмай, әріден, түркілік тектен ксііптеп, табиғи қалпында сомдайды.

Жазушы ғалымның бірінші күнгі шат – шөлскей тар мінезі, қалам үстінде өткен дәуір, дәурендермен, қазақтың небір сойларымен жолығысып, ой тоғыстырған сәттерде кеніп, биікке өрлеген көксілдей шарықтап, шалқып жүрс береді.

«Кейін, жеткен, болған, толған күнімізде бір айтқаным бар: «Қазтуған, Шалкиіз, Доспамбеттің шағын ғана бір толғауына менің кез келген романымды айырбастан жіберуге болар еді, өйткені, жыраулар мұрасы халқымыздың неше ғасырлық рухының көрінісі, қайталанбас, тозбас, байлық, ал біз сол қазынаға бірдеңе костық па – ол әлі белгісіз нәрсе» деп. Белгілі болған күннің өзінде осы сөздер толық күшінде қалар еді. Басқаны былай қойғанда, мен жасаған барлық шығарма арысы Ежелгі Түрік, берісі Қазақ Ордасы заманында қалыптасқан рухани қуаттан бастау алады, яғни Шалкиіз, Доспамбет, Қазтуған, одан соңғы Бұқар Жыраулар болмаса, жұрт білген Мұхтар Мағауин деген жазушы болмас еді, шашалы орнесі, шектеулі өрісі, тапалтақ тұрғысы бар, жабайы жазарманның қатарын толтырар едік», – дейді өзі.

Міне, Мұхтардың Мені Ақтамбердінің «Шын ұрпағы жаңағы сүйкімсіз шал емес, мына мен», «Қазтуған деген – Мен , Доспамбет деген – Мен деп өзіне жауапкершілік алады. Ешкімге бір әрпін дуалы ауыз бабалар сөзіне киюге, құрбандыққа шалуға бар. Тіпті, соған дәті шыдап барған да ғой. Бес ғасыр мұрасын тірілту жолындағы тартыста басын бәйгеге тігуге барғаны ақ-қой» деп атап өткені белгілі. «Мен, мені мен еткен – сол Аталарым еді. Алаштың Аруағы. Халқымның мәңгілік рухы. Өткенге сенім. Болашақтан үміт...» деп өзі айтқандай, сол Бабалар Мұхтарды айын оңынан тудырып, күнін солынан шығарып, ісі түркі жұрттарының биігіне көтерді. Оған Түркия Жұмхұрияты Жазалар және санаткерлер қоғамының «Түрік дүниесіне қызмет халықаралық сыйлығы лайықталды. Зор құрмет, үлкен мерей, ұлт мақтаны болған іс. Жазуды қасиет тұтқан, сөзді сиқырдай көрген, ойды – даналық, ақылды білім санаған қаламгер, ойға алғанын орындап, мұратына жеткен соң, Мен демей енді не десін! Сонау Түркіден келе жатқан салтымызда күресте шыққан палуанның, жекпе-жекте жеңген батырдың, дауда теңдік бермеген шешеннің, киын – қыстауда

халқын соңына ерте білген көссемнің масаттануы бар. Ол дандайсу, даңғойлық емес, мейірлену, мейірге бөлену, ауыр мехнатты жүктен арылу қуанышы, жеңістің рухани масайрап, марапаттануы. Міне, Мұхтар Мағауиннің бұл Мәні – осындай:

Мұнар болған күнді ашқан:
Тарихта талай сырды ашқан,
Күмән болған жырды ашқан,
Көркем бір сөзді кестелеп,
Әдебиетке нұр шапқан

Ғалым-жазушының үлгерткенін бүгін бір салмақтар болсақ, өлшемін табу қиын. Талай жазушының еңбектері саясат отына күйіп кетті. Егер, бүгінгі талғаммен қазақ әдебиеті қайта сұрыпталар болса, мұраға қосылар нәрсе көп емес. Сол көп еместің қоржынына Мұхтар Мағауин қазыналары түгелдерлік түспек, өйткені, Мұхтар Мәнін де қазақ халық әдебиеті (ауыз әдебиеті емес), қазақ тарихы, қазақ даналығы, қазақ кейпі мен қазақ сөзі жатыр.

Кез-келген әдебиеттің тарихына зер салсақ, оның белгілі бір кезеңде топырағынан, сәлден соң жаңа арна, соны серпінмен дамығанын аңғара-мыз. Білікті ұстаздарымыздың, зерделі аға-апаларымыздың пікірлеріне жүнісек, қазақ әдебиеті де осы айналымның үрдісінен көрініп отырған көрінеді. Мәселен, ХХ ғасырдың басында қаулай дамыған қазақтың көркем қара сөзі сол кездегі өзекті тақырыптарды — әйел бостандығы мен елдің басына туған алмағайып заманды, аласапыран оқиғаларды кестелейді: М.Дулатовтың «Бақытсыз Жамалы», С.Торайғыровтың «Қамар сұлуы», С.Көбесовтің «Қалың малы», Ж.Аймауытовтың «Ақбілсек», «Күнікөйдің жазығы», «Қартқожасы», М.Жұмабаевтың «Шолпанның күнәсі», Б.Майлиннің «Шұғасы», М.Әуезовтың «Қаралы сұлуы» т.б. шығармалары осыған дәлел бола алады. Әйткенмен, жиырмасыншы жылдардың соңы мен отызыншы жылдары орыс-көңес шовинизмінің салдарынан қазақ, халқын ойсыратып кеткен ауыр нәубет, коммунистік қызыл террордың ұлт рухына тұтқа болар азаматтарды жаппай қуғын-сүрінге ұшыратуы

әдебиетіміздің сол қаулаған қарқынмен өрістеуіне тұсау салды. Есептіреп барып, оншақты жылдың мұғдарында есін жиган әдебиетіміз бұдан былайғы жерде «сүйікті» коммунистік партияның саясатын, «күн көсем» Лениннің «көрсендік» болжамдарын, орыс халқының «ағалық, қамқорлығын» қазақ ауылдарын тәркілеу мен ұжымдастырудың «жеңістері мен жемістерін» бөстірте жазуға ыңғайланды. Әрине, сол мезгілдері — кеңес-герман соғысы және одан кейінгі жылдары жарыққа шыққан прозаның бәрі іске алғысыз деп түбегейлі кесіп-пішін айтуға болмайды. Қос Ғабекен тәрізді хас шеберлердің қаламынан «Қазақ солдаты», «Оянған өлке», «Шығанақ», «Миллионер» тәрізді шығармалары туды. Ең бастысы, осы бір сапырылысқан дәуірде қазақ әдебиетінің Хантәңірісі, Алаш жұртын ай астындағы әлемге паш еткен әйгілі «Абай жолы» роман-эпопеясы дүниеге келген еді.

Елуінші жылдары «ұлтшылдыққа», «мызғымас одақтағы» халықтардың өз тарихын тануына қарсы кезекті науқан ұйымдастырылып, «тың көтеру» желісімен қазақ даласы түбегейлі отарланып болғаннан кейінгі әдебиетіміздің деңгейі Абылайдың атақты түсін еске салып тұратын тәрізді. Доспамбет пен Ақтанберлілердің тұсында арыстандай айбатты, Абай мен Шәкәрім кезеңінде жолбарыстай қайратты, Мағжан мен Жүсіпбектің дәуренінде көкжалдай сұсты, тағы бір белесте ку түлкідей айлалы болған жазушыларымыз бұл уақыттары айналып келіп ұлттық рухты мансұқ ете бастады. Құдды, түс қорытындысында көрініс беретін күрт-құмырсқа, бақа-шаян тәрізді. Тіпті көп жазғышпайды былай қойғанда, жоғарыда өзіміз есімін ілтипатпен ауызға алған Ғабекен — Ғабит Мүсірсұпов «... пролетариат табының міндеттерін атқарысып жатқанын ұғынбаған жазушы — ол социализмнің саналы жасаушысы емес, жалпы ағымның екпінімен ағып жүре берген жаңқа» деп, ұлттық мүддені тасасында орыс отаршылдығы тұрған тап тартысына айырбастап жібереді.

Оның үстіне, өле-өлгенше осы пікірге имандай ұйыған Ғабекен басқалардың да өз талабына сай келуін қадағалап отырған тәрізді. Дегенмен, М.Мағауин әдебиет әлеміне араласа бастаған жылдардың мұғдарында «Абай жолын» алдыға салып Сәбегеннің

«Аққан жұлдызы», С.Жүнісовтің «Ақан серісі», Д.Әбіловтің «Сұлтанмахмұты», Ж.Молдағалиевтің «Дала қоңырауы» т.б. тәрізді тарихи романдар жарық көрді. Әсіресе, талайлы тарихымыздың ақандақ беттерін ашудың бастауы болып І.Есенберлиннің «Қаһар» романының оқырман назарына ұсынылуы тоталитарлық құрылымның құрсауына іліккенімен құллықтың қамытын мойындай қоймаған саналы қауымға қатты әсер етті. Осындай кезеңде — ұсақ халықтарды орыстың ығында ұстауға тырысқан кеңестік-щовенистік пиғыл мен азаттық аңсаған Алаш рухының шарнысқан дәуірінде әдебиет майданына араласқан Мұхтар Мағауин бірден екінші жолды — шырғалаңы көп, әйткенмен түбі ұлы мұратқа қол жеткізетін ұлттық рухты ұлықтау жолын таңдайды.

«Иә, һу, иә хақ! Тәңірі тағалам Мен атамның белінен шықпай, анамның құрсағына түспей тұрғанда өзгеше сыбаға әзірлепті, тозаңнан адамға айналған соң барлық нәле-жаладан сақтапты, зіл-заладан аман өткеріпті, талап беріпті, бақ беріпті, ақыл-ой беріпті, жазу беріпті; Мен соның бәрін кәміл түйсіндім, артықша мейірімге өзгеше алғысым болды, күнірлік етпедім, ысырап жасамадым, әр күнім, әр сағатым есеппен жұмсалды, әр ісім иманыммен өлшенді, барлық күш-жігер, қажыр-қайратымды бір-ақ мақсатқа — Тәңірінің тура жолына, халқымның игі мұратына бағыштадым, бірақ Тәңірі тағалам, өзін көрдің, сапарым ауыр болды, табаныма пенге емес, істік кірді, мандайыма тас емес, топ тиді, сонда да төрт тағандағам жоқ, шайқалсам да жығылмадым, сіңірім созылды, жұлным жұқарды, әлім азайды, бірақ жойылмадым, күш кеткен кезекті майданнан соң жаңа серпін, тың қуат тауып, қалпыма келіп отырдым; Тәңірі тағалам, өзін көрдің, арпалыс пен айқас, іркіліс пен бөгеліс менің тегеурінімді тежеп, қарқынымнан қайырып отырды, бәрінен еттім, бірақ елшеусіз өмірімнің біраз бөлігі зая кетті, ойға алған істің тым құрыса ширегін жүзеге асырғам жоқ, соған ішім ашиды, өмір сүрген ортам, ғұмыр кешкен заманым еркін көсілуіме мүмкіндік бермеді, Тәңірі тағалам, мұның бәрі менің еркімнен тыс болды, дәл осы ретте кінәм бар шығар, күнәм жоқ — осыны айтып кетейін деп едім...» — деп шалқитын Мұханның дәл осылай тебірене, таусыла сөйлесуіне

толық құқық бар тәрізді. Өйткені, ол қазақтың тең жарымы қырылып, бірсыпыра бөлігі жұмыр жердің әр түкпіріне тентірсен, саналысы мен сауаттысы коммунистік-фашистік жүйенің жемсауына түскеннен кейін атамскенде азшылыққа айналған жұрттың рухын таптауды, өзіне тән болмыс-бітімін жоғалтуды мақсат еткен орыс отаршылдығының ең бір асқынған кезеңінде әдебиет әлеміне араласты. Сол жәдігөй қоғамның қазанында қайнай жүріп Алаштың мұратына мұрындық болар деген оймен ұлтжанды шығармалар жазды.

М.Мағауин ныспылы жас жазушыны біз жоғарыда атаған туындыларынан басқа «Кешқұрым», «Жаңылысу», «Қияндағы қыстау», «Түнгі қонақтар», «Күтпеген кездесу», «Иссіз», «Менің балаларымның туысқан ағасы», т.б. әңгімелері арқылы танып үлгерген оқырман мұхиттағы мұзтаудың (айсбергтің) көзге көрінетін бөлігін қызықтағандай күй кешкенін енді ғана, «Мен» романы қолға тиген соң біліп отырмыз. Ал жарық дүниеге шықса да мезгілді кезеңде оқушы назарына ұсынылмай қалған «Бір уыс бидай», «Тіленші» сияқты, кеспапты қоғамның құбыжық келбетін әшкерелейтін әңгімелер «Алтын дәптерде» айшықталғанымен әлі күнге дейін көркем сөзбен кестеленбеген хикаяттар мен романдар өктемдіктің алдында бүгілген тіземізді, иілген басымызды тездетіп тіктеуге ықпал ететіні күмәнсіз еді. Өйткенмен... Жә, оны жазушының өзі жеріне жеткізе айтты емес пе?!

Соңғы жылдары қазақ тілінде ғұмырбаяндық шығармалар қарқынды жариялана бастады. Бұл ретте Ө.Әбішевтің «Айтпай кетті демелдер», Қ.Жұмоділовтің «Таңғажайып дүние», Е.Брусилковскийдің «Дүйім дүлділдер» сияқты роман-естеліктерін, осы мәнзелдес басқа туындыларды тілге тиек етсек те болады. Бұған дейін С.Сейфуллиннің «Тар жол, тайғақ кешуі» мен С.Мұқановтың «Өмір мектебін» мемуарлық еңбек ретінде қарастырып, кеңестік қоғамды дәріптеудің озық үлгісін солардан табатын оқырман тұлғасы таныс болғанымен мән-мазмұны соны шығармаларды оқып, рух оянуының жаңа сайысына көтерілгендей болды. Сөйтседағы осы топтағы туындылардың ішінде М.Мағауиннің «Мен» романының жөні де, жосығы да бөлек. Өйткені, ол ең алдымен роман хамса.

Яғни, бес кітаптан тұратын шығарма. Оның оқырман қолына тиіп үлгерген алғашқы екі кітабында автордың жазушылық ғалымдық тұмыр сапарындағы оқиғалар жайлы сөз болады. Екіншіден, ол қаламгердің өз басынан кешкен қилы қиындықтары мен ізденіс-машақаттары ғана суреттеліп қоймайды, сонымен бірге қоғамдағы алуан қайшылықтар, халықтар абақтысына айналған мемлекеттегі адамдардың тоталитарлық идеяның құлына айналу процесі, атақ-даңқ, материалдық игілік үшін тілі, діні, ділі бір пенделердің опасыздыққа, екіжүзділікке, алдап-арбауға баратыны нанымдылықпен көрініс береді. Осы тұрғыдан алғанда шығарма «жәке бір адамның тұмырбаяны емес, тұтас бір дәуірдің суреті» – деген дұрыс.

Алдыңғы жылы аштыстың асқарына толған жазушы жайлы облыстық және республикалық мерзімді басылым беттерінде бірнеше мақала, естелік жарық көрді. Соның бірі М.Мағауиннің «Тазының өлімі» хикаятын (автор повесть деген жанрды осындай анықтамамен алған екен, сол тоқтамды біз де ұстандық) жазғанға дейін әріптесі Ә.Кекілбасевтан кейін жүріп, тек сол шығармадан соң ғана оның алдына түскен көрінсін деген әзіл-шыпы аралас әңгіме айтылады. Шынында да осы «Тазының өлімі» хикаяты кейінгі үлкен жазушы Мұхтар Мағауиннің қаламгерлік қалыбын келістіріп, қаламын шыңдаған шығарма болған тәрізді. Оны автордың өзі де ашық айтты: «Тазының өлімі» сыншылар тарапынан мақталған жоқ, жамандалған да жоқ, советтік әдеби топанның ішінде кете берді, бірақ бүгінгі орта жасар және егде оқырман мені жазушы ретінде ең әуелі осы хикаят арқылы таныса керек.

«Мен» романында төмендегідей оқырманды елсң еткізерлік жолдар бар:

Бейсекен жұмысты талқыға ұсынарда бұл кісіні алдымен атаған, оның үстіне, бүгінгі аттанысқа дем беруші және ең басты ұйымдастырушы сияқты, — өткен жылы ғана менің қоржыныма қол сұққан сұғанақ ағам, мен мақтала бастағанда және қандай мақтау, ерекше жайсызданған, ит талаған тауықтай үрпип, құлазып, панасыз қалғандай еді, теоретик ағам көнігі саясаткер, су жұқпас шешен, әккі тәсілмен жарқ етіп аунап түсіп, мүлде

қарама-қарсы бағыттан ұйтқи соққанда бірден жадырады, аздан соң, футбол додасында отырғандай, дегбірден біржола айырылды... өткен жылы ғана бастан-аяқ менен ұрланған деректер негізінде бір мақала жазған. Ғылымдағы ұрлық — сойыс емес, өңештан өте салатын мал емес. Сіңбеді. Дерегін алды, дәйегі қате болды... Енді, міне, құдайы жарылқады. Бұрынғыдай жексе мағлұмат, оқшау дерек емес, хандық дәуірдегі әдебиетті тұтасымен жинақтап, қағазға түсіріп, бастырып, түптеп, қолына бердім... Сонымен қатар осы бір ай ішінде диссертациямды тұтасымен көшіріп алғанын, келесі мақалаларында, кітабында менің деректерім ғана емес, маған тиссілі ой-толғам, байып-байлам, зерттеу-тексеру нәтижесі — тұтасымен осы кісінің нәпақасы боларын тағы білем». Бұл — «Мен» романындағы тартыста — аспирант М.Мағауиннің «XV-XVIII ғасырларда жасаған қазақ ақын-жыраулары» атты кандадаттық диссертациясын талқылауға арналған ғылыми кеңесте ғалым ағамыз Ханғали Сүйіншіәлісов жайын сипаттайтын жолдар.

Халқымыздың «Ғылым — инемен құдық қазғанмен тең» деген аталы сөзін жақсы білгенмен оның мәніне бойламаған, ғұмыр сапарына ұстын етіп ұстанбаған кейбір ғалым ағаларымыздың кескіні мен парқы шығарманың басқа тұстарында да айқын көрініс береді. Айталық, «Енді жылайсыз ба, күлесіз бе, осы кітапты үлкенді, кішілі қаншама зерттеуші ақтарды, оқыды, бірақ мына толғауды көрмепті... Ешкім көрмеген. Көрссе, кирилл қарыптың 1879 жылғы басылымын ғана қолға ұстаған. Оның өзін бір сәтке ғана үстірт қараған... Қолына ұстады, орыс жазуының қазақ мәтінінде алғашқы қалыбын сырттай тамашалады, сонымен тоқтады, ал мына 1906 жылғы, толықтырылған «Мәктубатты» ұстап көрудің өзін артық санады, ұстамаған, көрмеген. Бұл да толық пайым емес екен. Мен әлгі бес жүз кітапты және екі мың томға жуық қолжазбаны түгел сүзіп шыққан соң, алдыңғы ағаларымның ештеңеге қол тигізбегенін, шырғалаңы жоқ, қауіп-қатерден ада совет заманына сүйсінуге күн өткергенін көрдім, ал жаннан кешіп, әріге аттағандар белгілі бір адамдар мен кезеңдердің төңірегінен

ұзай алмаған», — деген үзінді жоғарыда айтқан пікірге дәлел болар деп ойлаймыз.

М.Мағауиннің бұрынғы көркем шығармаларында сипатталатын кейбір оқиғалардың кейінгі ғұмырнамалық еңбекте де көрініс беруі жазушының өзі өмір сүрген дәуірдегі қоғамды, онда жасаған адамдардың қарым-қатынасын шынайы кескіңдегенін дәлелдейді.

М.Мағауиннің «Мен» атты ғұмырнамалық романында автордың шығармашылық еңбегіне, ғылыми жұмысқа, жалпы қоғам өміріне белсене араласқан сәтінен бастап бастап кешкен елсулі оқиғалары, төңірегіндегі, елдегі өзгерістер баяндалып, оларға жазушы көзқарасы тұрғысынан баға берілді. Атауы кеңестік-социалистік болғанымен ақиқат мәні орыстық-шовинистік құрылысқа біржолата құл болған, шен-шекпенмен марапатталып, мансап иелену үшін туган халқының қызыл қанына, аңы жасына пысықырмай қызмет ететін, ұлттық намыстан жұрдай жағымпаз жандардың есімдері аталады. Олардың ішінде көркем-әдеби төл туындыларын былай қойғанда «...Советке қарсы, үкімет пен партияға қарсы халықтар достастығына, әсіресе, бізді осы бақытқа жеткізген коммунизмге бастап отырған ұлы орыс халқына қарсы...» ұлтшыл, панисламшыл, пантүрікшіл «Қобыз сарыны» жазған, «Алдаспан», «Бес ғасыр жырлайды» жинақтарын құрастырып жарыққа шығарған Мұхтар Мағауинді ата жаудан кем көрмеген С.Имашев, М.Есенәлиев тәрізді партократтар, Е.Әукөбасев сияқты билік басындағы зенталақ жазушысымақтар кез-келген қастандыққа бара алатынына көзің жеткендей болады. Оған күмән келтірсейін десең, сол Сағдат Нұрмашұлының орнын басқан З. Камалиденовтің 1986 жылғы желтоқсан оқиғасы тұсында екі қолы бірдей қазақтың ұл-қыздарының қанына боялғаны мансапқа құл болған пенделердің қандай да қылмыстан тайынбайтынын аңдайсын. Шын мәнінде бұл романда келсеңіз қылықтарымен көрініс беретін Х.Сүйіншіәлиев, З.Қабдолов, Е.Исмайлов, С.Садырбаев, М.Базарбаев сынды ғалымдардан әлдеқайда қауіптірек десең, қателесе қоймаспыз. Өйткені, туысқан ЦК-сына, жаналғыш КГБ-сына сүйсініп, қазақ әдебиеті тарихының алыптарын

сараптауға үлкен ұлттан З.Кедрина, Н.Баскаков тәрізді түрешілер тапқан билік тұтқасындағы мансапқұмарлар ұлттымыздың бөленбай ғасырлық асыл мұрасын үйелменімен қосып өртеп жіберуге шімірікпес еді. Ал жоғарыда аталған зерттеушілеріміздікі «Қобыз сарынының» авторына деген жеке бастың қызғаныш, ішітарлығы болатын.

«Мен» романы алмағайып күн туғанда кара басының қамын ойлап жалтақтық көрсеткен, жаңбыр-жаңбырдың арасынан, су болмай өтуді мақсат тұтқан Т.Нұртазин, Б.Шалабасв, Ә.Әлімжанов, М.Қаратаев, С.Мұратбеков, Р.Нұрғалиев тәрізді ағаларымыздың да көмескі қырларын көрсете кеткен екен.

Ғылымдағы көзқарастары тым шалғай, қайшылықты болғанына қарамастан Қ.Жұмаливтің білікті зерттеушілігіне әділ бағасын берген қаламгер үшін қуандық. Автор Қажым ағамыз туралы айта келіп, «Бұл — дарынды адам еді, заман бұзған адам еді, жетпеген, ұқпағаны көп, бірақ әдебиеттану саласында бітіріп кеткен шаруасы да аз емес», – дейді.

Біз жұмысымызға арқау етіп алып қарастырып отырған «Мен» романында автор көңілінен шыққан, оның жазушылық, ғалымдық жолына ізгі ниет қосқан ағалары мен замандастары да аталып өтеді. Ең алдымен, әрине, Бейсекен — қазақ әдебиеті дамуына әлшеусіз үлес қосқан ғалым, ұстаз Бейсенбай Кенжебаев, ХХ ғасырдағы қазақ Аристотелі Әлкей Марғұлан, әдебиеттің өз ағасы Ғабит Мүсірепов, «жаным — арымның садағасы» деп, ақ жолдан таймаған Сәкен Иманасов, ұлтын ұлықтайтын ұл-қыздардың қамқоры ширек ғасырға жуық республикамызды басқарған Дінмұхамед Қонаев, «Аласапыранның» ауыр жүгін құрастырушымен бірдей көтерген арқалы ақын Қадыр Мырзалисв, ұлтжанды ағалар Рахманқұл Бердібаев, Бүркіт Ысқақов, Қалаубек Тұрсынқұлов, Мәлік Ғабдуллин, т.б. толып жатқан ізгі ниетті, қызғаныштан ада, таланты дара тұлғалар туралы жылы лебіз айтылады.

Нысан етіп алған авторымыздың шығармасының «Мен» деген атына қарап және осы кітап туралы ел ішінде айтылып жүрген кейбір әңгімелерге назар аударып отырып, Мұхтар Мағауин өзінен басқа жазушыны көзге ілмейтін, жеке басын дәріптеуді ғана мақсат тұтқан қаламгер ме деп ойлаған

сәттеріміз болған. Бірақ шығарманы аударып-төңкеріп оқу барысында ол пікіріміздің жаңсақтығын аңғарғандаймыз. «Менің» авторы былай дейді: «Мен өз жеткен биігімді метрмен өлшемей-ақ қояйын, пенденілік мінім де көп шығар, бірақ ешқашан да қызғаныш, күндеу сезімдері болған емес. Тұрғылыстарымның табысына тілектес сүйініш қана болды. Әбіштің алғашқы өлеңдеріне, әдебиетке скипидеп келгеніне сүйіндім, ал бұл менің жазуым өтпей, өрісім қиылып тұрған кез еді, — досымның табысын өз қызығымдай көрдім. Біз университетке түскен кезде жас жазушы Тобық Жармағанбетовтың әңгімелері көріне бастады... Кейінірек, баспаға орналасқан шағымда кезектен тыс жоспарға енгіздім, қолжазбасын соңынан сұратып алдық, екі, әлде үш кітабын шығарып бердім; сол, баспада жүрген кезде Оралханның әуелгі әңгімесін оқып, Қабден екеуіміздің қалай қуанғанымыз есімде, өкшемізді басып, әдебиетке үлкен жазушы келді деп. Тәуелсіздіктен соңғы кезең әдебиеттегі өзгеше құбылыс, — Бекежан романдары болды, замана тақырыбын игеруде, дәл сол кезеңдегі зорлықті өтеуде бәріміздің алдымызға шықты, қазіргі қазақ әдебиетіндегі ең зор төрт-бес жазушының қатарына қосылды деп талай жерде айттым...Ең соғы әдеби қуаныш — Қабденнің естелік романы болып тұр...». Әріптестері туралы осындай толымды толғамдар айтатын Мұхтар ағамыздың Тәңірідей тұлғалары бар екен. Оның мысалы мынадай: «Мен осы өмірімде ештеңеден қорықпайтын екі адам көрдім, бірінші — Илияс Есенберлин, екіншісі — Олжас Сүлейменов». Жұмыр жерді жайлаған үлкенді-кішілі ұлттар мен ұлыстардың ешқайсысынан кем түспейтін ата тарихымыз барлығын, көшпелі жұрттың әлемдік мәдениетке қосқан үлесі бүгінгі болған, толған мемлекеттерден мысқылдай да кем түспейтінін әдебиеттегі ерлігімен, қажымас қажырымен — «Қаһар», «Алмас қылыш», «Жанталас», «Алтын орда» тәрізді тарихи романдарыммен дәлелдеген Ілкеннің батылдығына, сұңғылалығына таң қалмасқа шараң жоқ. Тек осы еңбектерімен-ақ ұлттық батыр деңгейіне көтеруге лайық. І. Есенберлин туралы ілтипатты інінің мына бір пікіріне де назар аударарлық: «Әңгіме бұдан әрі ушықса, ақылға ғана емес, әдіс-амалға да жетік, жоғарыда үлкен

сүйеніші бар Ілексең ситенеден тайынбайтын еді. Шынында да Компартия — Имашев пен Есенәлиевтің жекеменшігі емес қой, мүгедек майдангер Есенберлинге де қатысты. Есімде, сол жылы жаз ортасына таман болса керек, «Алдаспанның» дауы біршама басылған соң Ілияс Есенберлин ЦК секретары Имашевтың өз қолына, тікелей өзіне арналған көлемі он екі бет наразылық хат тапсырды.

Сен былай етіп отырсың, солай етіп отырсың, қудалап отырсың, қысып отырсың, әлдекімдердің қолшоқпарына айналдың, партиялық этиканы ғана емес, партиялық тәртіпті де бұздың, мұндай, менің жеке басыма қарсы жолсыздықты тоқтатуды талап етемін деп, өте қатты жазылған еді. Ашынған ғана емес, ашудан шыққан дүлей, ұстамсыз ыза емес, ақылға, есепке құрылған қуатты қарсылық, қарсылық қана емес, қатал ескерту болатын».

Ал орда бұзар отызға жаңа толған шағында Еуропаның аузы даулы сыншысы «мамандығы бойынша — инженер-геолог, табиғи таланты жағынан — лингвист, ал Тәңірінің шапағатымен ақын болған — деп баға берген Олжесең өзінің атақты «Аз и Я» кітабымен орыстық-шовинистік пиғылдағы кеңес империясына үрсей әкеліп, жарты әлемді дүрліктірген еді. Өктем ұлт өкілдерінің тарихы қай кезден басталатынын, оны зерттеуге өзге халықтардың да өресі жететінін көрсету «мызғымас достық одағының» қабырғасы қайысып, өзегі шіріп тұрғандығын дәлелдеді. Тіпті, 1986 жылы қазақтың қыршын жастарын тоталитарлық жүйеге қарсы тұруға ықпал еткен тегершіктің бірі осы «Аз и Я» болды десек, қателесе қоймаспыз. Сондықтан ұлттық мәселеге келгенде ерекше табанды Алаштың туы ешбір жұрттан кем болмауын жан-тәнімен қалайтын... «аспаннан шұға жауса, құлға ұлтарак тимейді», заң жүзінде орысқа, украин мен гүржіге тиесілі бір тұтам мата — түрі бөлек, діні белек, қазыналы аймақтың басы артық, қалаусыз күзетшісіне айналған қазаққа тиесілі емес еді. Қағаз жүзінде заңдастырылған, баз біреулер ештеп жүзеге асырып та жүрген аз ғана жеңілдіктің өзі бізге арналмаған болатын. Қызыл империя Қазақстан үшін жазылған заң жоқ деп білді», — деп шырылдайтын Мұханның

ағалары жайлы дәл осылай ағынан жарылмауы мүмкін де емес еді.

Мұхтар Мағауиннің өз шығармаларынан тыс атқарған жұмысының бір қырына азын-аулақ тоқтала кеткенді жөн көрдік. Ол — жазушы, ғалым ағамыздың 1978 жылы Ленинград баспасынан шаққан «Поэты Казахстана» антологиясы еді. Бұл мәселеге ерекше мән беріп, ден қойып жатқанымыз, «Меннің» авторы атап көрсеткендей, Мұхтар Мағауин деген жазушы болмаса, қазақ әдебиетінің қабырғасы қаусап, құлап қалмас еді; «Қобыз сарнына» өзек болған диссертация да ертелі-кеш бір зерттеушінің назарына ілігіп, жазылатыны дау туғызбайды. Ал «төңкеріс бесігі» атанған Ленинградтан орыс тілінде жарық көрген қазақ ақындарының жыр жинағы тамыры тереңде жатқан, көркемдік деңгейі, көтерген тақырыбы әлемдегі ең үздік поэзия үлгісімен тайталасатын әдебиетіміздің барлығын айдай әлемге паш етті. Осы азатты, абыройлы жолда отыз жылдық гүмырын оздырып, жікпіл, жандайшап ағаларымен, мансапқор ағайындарымен, шовинист өктем ұлт өкілдерімен жағалас, жаға жыртғыса жүріп діттеген мақсатына жеткен Мұхтар Мағауиннің төмендегідей артық-ауыс әрекетіне кешіріммен қарадық: «Сол күндерде, Жазушылар одағының екінші қабатындағы кең алаңда атағы зор ақсақал ағаларымыздың бірімен беттесіп қалып едік, сәлем алмастан, әй-шай жоқ: «Барлық ұлтшылдар мен халық жауларының басын қосып біріктіріп шығарыпсың...» деп сөз бастағаны; артын тосуға шыдамым жетпеді, «Ә, сақалыңды... — дедім. — Әкесінің аузы... Алдыңғы ағаларыңды айдатып бітіп едің, енді кейінгі балаларға көшпек екенсің. Өй, әкесінің... Сақал да жоқ екен ғой сенде ұстап алып, күзейтін...». Сақалы болмаса да жағасы бар, еміне ұмтылып едім, сол жерде тұрған Хамза Абдуллин араға түсті. «Ойпыр-ай, шырағым-ай, есінің мұндай мінезің жоқ сияқты еді ғой, не болды...» деп басу айтты. Сақалсыз ағам сырғанап жөнелді, бірақ мен тоқтай алмай, артынан тоғытып аталарын түгендеп шықтым».

Мәңгілік империя болмайтынына кәміл сенген, көне дәуірден күмбірі жететін Шын, Мысыр, Эллада, Парсы мен Рим сияқты державалардың күйрегенін, әлемді тігіреткен Ғұн, Алтын Орда тәрізді мемлекеттердің тарих топанының астында

қалғанын жақсы білетін М.Мағауин күндердің күнінде кеңестік қызыл бірлестік те тарап тынатынын сезбей қалған жоқ. Бірақ осынау сәулелі сәтті өз көзімен көрстініне тасбақаның аяңымен Қазақстанның табалдырығынан аттаған тәуелсіздіктің 10 жылдық мерекесіне куә боларына күмәнді болғаны хақ. Бірақ, Тәңірінің жазуымен қаз тұра бастаған, әлемдік қауымдастықтың ұлы көшіне қосылуға талпынған халқының қуанышын бірге бөлісіп отыр. Сондықтан да «Мен» авторының: «1963-1993 — Ата мұрасымен, «Алдаспанмен» өткен отыз жыл — менің бар ғұмырым. Қасыретім, қиындығым. Қайғы мен зарым. Қуанышым, бақытым. Мерей, мәртебем. Мәңгілікпен тілдескеннен артық қандай мерей, қандай қуаныш болуы мүмкін. Сол мәңгілік рухты халқыңның бүгінгі санасына жалғастырудан артық қандай мәртебе болуы мүмкін. Ал бақыт... Оны кейінгілер айтсын. Менің өзім білетін ең үлкен бақыт — қара түнск заманда бабаларымның Көк күмбезінен сая тапқаным, сол күмбезді тұрғызған қасиетті аруақтарға шырақшы болғаным. Мен... Мені Мен еткен — сол Аталарымыз еді. Алаштың Аруағы. Халқымның мәңгілік рухы», — деп шаттана, мақтана шалқуына әбден құқы бар ғой деп ойлаймыз.

Жазушының өзі шығарманың бірінші кітабына роман-эссе, екінші кітабына роман-естелік деп жанрлық анықтама беріпті. Естеліктің өзі дербес жанрдың жүгін көтеру-көтермеуі белгісіз. Өйткені бұл сипаттағы шығармалар бұрындары мемуар аталып, қарастырылатын. Мысалы, С. Сейфуллин «Тар жол, тайғақ кешу», С. Мұқанов «Өмір мектебі», т.б. Ал, эссе деген ұғымға келетін болсақ, онда өмір шындығын нақты, әрі көркем бейнелеудің қалыптасқан құрылымдық белгілер жүйесі бар болғандықтан, дербес жанр бола алатын сияқты. Қазіргі кезде тарихи дерсктер мен мәліметтердің сезімге бағыныштылығы көрініс табатын шағын эпизодтар мен суреттер жасау арқылы образ жасауға талпынатын шығармаларды эссе деп жүрміз. Міне, осы тұрғыдан алсақ, Мұхтар Мағауиннің «Мен» романының екі кітабы да эссе деген атауға лайық тәрізді. Айталық, мына жолдардағы: «Бірінші ағам — бірінші деп отырғаным — жасы үлкендігіне емес, одан үлкендер бар. Бейсекен жұмысты талқыға ұсынарда бұл кісіні алдымен атаған,

оның үстіне, бүгінгі аттанысқа дем беруші және ең бастысы ұйымдастырушы сияқты — өткен жылы ғана менің қоржыныма қол сұққан сұғанақ ағам, мен мақтала бастағанда, және қандай мақтау, ерекше жайсызданған, ит талаған тауықтай үрпіп, құлазып, панасыз қалғандай еді, теоретик ағам кәнігі саясаткер, су жұқпас шешен, әккі тәсілмен жарқ етіп аунап түсіп, мүлде қарама-қарсы бағыттан ұйтқи соққанда бірден жадырады, аздан соң футбол додасында отырғандай, дегбірден біржола айырылды» деген жалғыз сөйлемде қаншама сурет, көркемдік кескін бар. Бұл— оқиғаны жай ғана бейнелеу емес, онда жазушының осы кейіпкерді жеккөрісі, жиреніші бар. Осы сөйлемге ғана қаншама сезім сәулесі түскен. Шығарманы әрі қарай оқып, мысалды жалғастырсақ, бояудың одан әрі қоюланып, кейіпкерлердің іс-әрекеті жанданып жүре береді: «Е-е... — дейді, орындығын сықыр еткізіп, өңешін созып. — Иә-ә...— дейді келер сәтте. Қышыры қанып, артын орындыққа сгей түседі. Бар ләззатын астындағы тақтайдан тауып жатқандай. I-i-i... Ү-ү-ү...» мекірене жылжып, орындықтың шетіне жетті. Түсіп қалуға, лықпн шығып, жерге құлауға шақ отыр. Сол қолында еденге түссе ештеңе сезер емес. Қозып, әбден бабына келді. Теоретик ағам бізді біржола талқандадым деген сыңаймен, өктем, токмейіл кейінге қорытындылаған ұзақ тирадасын аяқтар-аяқтамастан, жұтына шаналып, ілін әкетті».

Жазушының «Мен» романының екінші кітабына, нақтылай айтсақ «Қия жолдар» роман-естелігінің кейбір деректеріне сүйенсек, ата-тарихымыздың өткенін тануға, өшкенін жағуға мектеп қабырғасынан бастап көңіл аударған М.Мағауин студенттік шағында мақсатты ісімен айналысуға зор мүмкіндік алады. Оның үстіне аспирантурада оқыған жылдарында Б. Кенжебасов сынды көрнекі ұстаздың тәлімін тұтынып, қатпарлы дәуірлердің тереңінен сыр шертетін қазынаны көмкерген кітапханалар мен мұрағаттарға еркін бойлап, әр буманың, қадым заманынан қалған жазбалардың арасынан бабалардың асыл мұрасын тірнектеп жинайды. Осы тынымсыз еңбектің нәтижесіндей болып, Қазақ хандығы дәуіріндегі әдебиет өмірге қайтып жолдама алды. «XV-XIII ғасырларды жасаған қазақ ақын-жыраулары» атты диссертациялық еңбек Мұхтар

ағамызды филология ғылымының кандидаты деген ғылыми атаққа жеткізсе, «Қобыз сарыны» монографиясы бүкіл Алаштың абыройын аспандатады. Әлемдік өркениетке көшкелі «тағы халықтар үлес қосуы мүмкін емес деп түйін жасаған еуропалық астамшылдық пікірдің талқанын шығарған бұл шығарма. Еуразияның алып құрлығында үш жүз жылдық бойы үстемдік жүргізген Алтын орданың бір өңірінде шаңырақ көтерген, дербес отау құрған қазақ елінің асқақ, дарынды поэзиясы болғанын дәлелдеді: Оның үстіне монография адамзат тарихындағы ең озбыр, топас империяның отар елінде дүниеге келуі, ұлы орыстың қамқорлығы» нәтижесінде ғана «бұратана халықтар бақытқа қол жеткізеді» деп коммунистік-шовинистік идеология төбесен тоқтап отырған дәуірде жазылуы ғылымдағы үлкен ерлік емес деп айта алмаймыз. Өйткені қылышынан қан тамып тұрған кеңес кезеңінде әдебиетіміздің алтын дәуірін құрайтын жыраулар мен ақындардың біразының есімін атаудың өзі кешірімес күнә болатын. Қазақстан Ресейге өз еркімен қосылды, бұның жергілікті тұрғындар үшін прогрессивті мәні болды деп жақауратқанмен, бұрынғы патшалық державаның, кешегі кеңестік империяның бізге отар ел ретінде карағаны бұлтартпас шындық.

Сондықтан да осындай дәуірде «Қобыз сарыны» сияқты монографияның жарық көруі ашық күнгі найзағай жарылысынан кем болған жоқ. Өйткені, аталған ғылыми еңбектің сыртынды:

— Арасынан қытай, орыстың,
Қорған ап, тыныш жатырсың,
Өзің — Жәнібек, елден асқан батырсың!
Тіл алсаң іздеп қоныс көр,
Желмая мініп жер шалсам,
Тапқан жерге ел көшір,
Мұны неге білмейсің!?
Бұл арадан көшпессен,
Айтқаныма түспессен,
Кәуір алар қаланды,
Шулатар қатын-баланды

— деп болжам айтқан Асан қайғы; Азаттық пен асқақтықтың ақ туындай:

...Билер отты би соны,
Би ұлының кенжесі,
Буыршынның бұта шайнар азуы,
Бидайықтың көлжайқаған жалғызы,
Бұлұт болған айды ашқан,
Мұнар болған күнді ашқан
мұсылман мен кәуірдің,
Арасын бұзып дінді ашқан
Сүйіншіұлы Қазтуған! ! !
Айнала бұлақ басы тең,
Азаулының Стамғұлдан несі кем,
Азаулының Аймадет Ер Доспамбет ағаның
Хан ұлына несі жоқ,
Би ұлынан несі кем!
Тәңірінің өзі берген күнінде
Хан ұлынан артық еді менің несібем!

— деген жыр жолдарын тоғилткен ер балалар, Алаштан озып туған Шалкиіз, Жиембет, Марғасқа, Ақтамберді, Үмбетей, Тәтіқара, Бұқар жыраулар, Көтеш, Шал ақындар тұр. Әрқайсысы бір ғасырдың жүгін кетергендей тұлғалар. Халқымыздың маңдайына біткен осы алыптардың аузын айға білеген хандардан қаймықпай, билерден жасқанбай, далалық демократияның ғажап үлгісін керсеткеніне таң қалмасқа шараң жоқ. Билеушісінің көрінен де, зәрінен де қаймықпай:

— Еділден аққан сызашық
Біз көргенде тебінгіге жетер-жетпес су еді —
Телегейлей сайқалтып,
Жарқыраған беренді
Теңіз етсе тәңірі етті
Жағасына қыршын біткен тал еді —
Жапырағын жайқалтып,
Терек етсе тәңірі етті;
Тебінгінің астынан
Ала балта суырысып
Тепсінісіп келгенде

Тең атаның ұлы едің,
Дәреженді артық етсе төңірі етті!

— деген қабылан жүрек Шалкиіздің;
Ашуланба, Абылай,
Ашулансаң, Абылай
Көтерсермін, көнермін,
Көтеріп қазға салармын.
Өкпеңменен қабынба,
Өтіңменен жарылма,

— деп ақпанның ақ боранындай бұрқырайтын Бұқардың асау жырлары азаттыққа шақыратынын отарлаушы озбырлар білмей қалған жоқ. Еліміздің сзілген еңсесін көтеретін, рухын жігерлендіретін ғаламат күш осынау асыл мұра еді. Сондықтан оның қайта оралып, киіз туырылықты қазақтың иігілігіне айналуының мәні зор болды. Себебі, «Қазақ — жыршыл халық. Жыр — біздің ең басты тарихи байлығымыз. Егер жыр болмаса, қазақта болмас еді. Отырықшы халықтар өз елдерінің қол жеткен өркениетінің белгісі деп қалаларын, архитектуралық ескерткіштерін, құрылыстарын ұсынса, көшпелі ата-бабаларымыз бізге ұлан-ғайыр ауыз әдебиетін мұраға қалдырған»,— деп тарихшы ғалым ағамыз Ж.Артықбас айтқандай, әдеби мұра бүгінгі тәуелсіз еліміздің мемлекеттік болып қалыптасу процесіне өзінің зор ықпалын тигізді. Әрдайым өзше жоғары талап қоятын және таланты мен қалам қарымы әріптестерінің ешқайсынан кем түспейді деп білетін жазушының бұлайша ағынан жарылуы бабалар мұрасына тәнті болуы деп түсінгеніміз ләзім шығар. Шынында да біз қарастырып отырған қаламгердің кейінірек жазылған төл шығармаларынан ғасырлар қойнауынан терсеңірек жеткен деп, сонау Көк Түрік. Алтын Орда дәуіріндегі арда жұрттың өршіл рухын жеткізіп тұрғандай.

Жұмысымызға арқау етіп алған шығарма мен оның авторының көркемдік кестелерді қолдануы өзге еңбектердегі сәтті оралымдарды, сұлу тіркестерді тап басып, олардан шынайы қуаныш алатынын, деректер мен дәйектерді шебер қолданып, өзінің түпкі мақсатына жету үшін соларға жиі жүгінетінін мүмкіндігімізше көрсетуге тырыстық. Сөйтіп,

хамсаның, яғни бес кітаптан тұратын шығарманың алғашқы екеуінің — роман-эссе мен роман-естеліктің жанрлық табиғатын шама-шарқымызша сипаттаған болдық. Ендігі тоқталмағымыз жазушы Мұхтар Мағауиннің «Мен» романының тіл және стиль ерекшелігі. Шалкиіз жыраудың:

— Қара басты ақ күскен

Кендір баулы ақ желкен

Көк теңіздің жал толқынға жектірдің! — деген жолдарына таңдана тамашалай қарайтын, оның тіл көркемдігін, сөзінді де әуенді, асқақ та табиғи болмыс-бітімін бүгінгі өктем Еуропаның ешбір халқына бітін көрмеген керемет, мұндай асқақ арман, өршіл рух, алуынды сезім тек бәдәуилер дәуіріндегі, шұрайлы шырайы қазіргі жеміс прозасында ғана бар үлгі деп білетін автормыз:

«Қазақ тілі — асыл сүйегі, табиғи болмыс бітісі, тума қасиеті тұрғысынан алғанда, әлемдегі ең бай, ең әсерлі, ең оралымды, мағынасы терсең, қуаты зор, әуезі сұлу, түрлену, жетігу, даму мүмкіндігі шексіз, ғажайып сырлы тіл», — деп түйіндейді ойын. Бұны, әрине, қанына тартқан қаламгердің қазақшылығы, әсірелеп көрсетуі деп қоя салуға болар еді. М.Мағауин қаламынан туған әрбір тың шығармаға оқырман қауымның ерекше ықылас танытуын, оған бей-жай қарамайтынын осыдан байқаймыз. Өз еңбегін мақтаныш студент, бар болмыс, бояуымен жарқырай көрсетуден ешбір қысылмайтын кейіпкеріміз: «Біз өзіміз қазақ тілінің табиғи қасиет-болмысы негізінде, ой ағымы, сезім толқыны, қимыл, сурет орайы және мағына, әуез ыңғайыммен, өзгеше үлгіге ден қойдық, ұтымды ма, жоқ па, бұрынғыдан басқаша жаздық деп ойлаймыз; осы орайда, тіл ұстарту, сөз саптау ғана емес, бүкіл көркемдеу жүйесінде бізге тыным мен тыныс берген бір сәтті жағдай — «Аласапыранға» дейін, жазарман жұрт пікірінше, тәуірлердің есебінен тысқары тұруымыз. Ал «Аласапыраннан» — соң топан қаптаса да батпайтын болдық», — дейді ағынан жарылып.

Шығарма шымыр, бояуы қанық, оқиғасы әсерлі болу үшін аталған факторларға қосымша көп ізденіс, мол дерек пен дәйек қажеттігі де дау туғызбайды. Сондықтан, Мұхтар ағамыздың:

«Аласапыранға» алыс, жақын дайындық және тікелей жазу кезеңінде Ораз Мұхамед жүрген жолды түгелге жуық сүзіп өттім, жері жат, тынысы бөлск Рязань мен Муром, Суздаль мен Владимир өлкелерін, қолдан шыққан Қиян Дала мен Қырымды, ең бастысы — Хан Керменді танып, білгендей болдым. Мұның бәрі — қажетті, мәнді, бірақ үстемге дәйек еді. Шын мәнісінде «Аласапыранға» менің өмір бойы қастерлеп жинаған табиғи эскиздерім, таңдаулы слайдтарым мен ең жақсы күнге сақтаған түрлі-түсті, деректі жоспарларым түгел кетсе керек. Жанды сурет қана емес, қоңіл түкпіріндегі сырлы, мұнды сөзімдер, мидың барлық қатпарындағы ой-толғам, парасат-найым — табиғат берген, тағдыр сыйлаған ең асыл, ең қымбат қазынамызды осы кітаптың бетіне токтік!»— деп ағынан жарылуы.

Сөзбен сурет салуда осыншама ізденген, тіршілікті тануға талпынған; тек қана теңіздің алуан көрінісін аңдап, оның тынысын тану үшін, ақжал толқын көмкерген Ақыраудың әр мезгілдегі, түрлі күйдегі келбетіне ұзақ сағаттар бойы тапжылмай телмірген жан қиналысы тәңгі етпей қоймайды. Бұл — ойды көркем кестелесудің әдістері мен тәсілдерін игеру бағытында атқарылған іс болса, өзіндік жазу стилін, ерекшелігін қалыптастыру да біраз бейнетке түссе керек, мына бір мысалдан осыны байқаймыз:

«Сонау жиырма жасымда, студент кезімізде, 1960 жылы жазылған «Тілснші». «Бұл жолы да... отыр скен», — деп басталатын. Редакциядағы белгілі жазушы, жай ғана белгілі емес, атақты роман, хикаят, әңгімелер авторы, Пәленбай деген ағамыз осы алғашқы сөйлемді нұқып көрсетті де, бетімізге тіке карап, дік етіп: «Кім?» — деп сұрады. —Кім?» «Кім скені одан әрі белгілі болады», — дедім мен. «Мұндай сөйлем болмайды!» — деді белгілі жазушы. «Болады!» — дедім мен. «Болмайды! Алдымен сөйлем құрап үйрен! Кім скенін айт. Мырқымбай... отыр екен десең — бәрі түсінікті болар еді» «Ол — бұрынғы Мырқымбайдың жазуы, — дедім мен. — Мынау — басқа. Кім скені түсінікті емес пе. Әйтеуір бірсу отыр. Жақсыз сөйлем». «Жаман сөйлем! — деді белгілі жазушы. Сауатсыз, жаман сөйлем!» «Жақсы, жаман деп отырғам жоқ. Жақсыз! — дедім

мен. — Орыстар «безличное предложение» дейді, қазақша да бар...». Керіс осы арада тоқталды. Классик ағам маған үдірейе бір қарады да: «Мә! — деді қолжазбаны тара еткізе, алдыма лақтырып. — Әкет! Ештеңе шықпайды. Пікірімді аяғына жаздым. Кет! Көрінбе! Әлбетте белгілі жазушы, қалай аталатынын ұмытса да, көркем шығармада, ауыз-скі тілде бастауышсыз сөйлем болатынын біледі, бірақ ондай құрылым бастауышы бар, анықтама сөйлемге жалғас берілетін, — жақсыз сөйлеммен бастау әдетке еңбеген кез. Мен редакциядан түңіліп оралған соң Төлк скеуіміз, көп ұзамай, Әбіш үшеуіміз, жақсыз сөйлем мәселесін» әжептәуір талқылағанымыз есімде. Сөлкет түгі де жоқ, керісінше ұтымды, дәл осылай бастауға болады деп шештік. Ал қазір қалам ұстағанның бәрі жақсыз сөйлеммен бастайды, тіпті, артық әдетке енген». Әрине, жазушы біткеннің бәрі емес шығар, бірсыпырасы алғашқы сөйлемдерін жұмбақ кейіпкермен оның кім екенін айқындамай бастайтыны рас. Себебі, оқырман оның сыртында тұрған жасырын жанның кім екенін білуге одан әрі сүйрей жөнелетіні даусыз. Сондықтан, оқушысын қызықтыратын, құмарландыратын тәсілден жазушының бас тарта қоймайтыны хақ. Әйтсе де, бүгінгі әдебиетшілер арасына әбден орныққан осы тәсілдің пайда болуы мен қалыптасуының қаншалықты даулы болғанына енді көзіміз жетіп отыр.

Тіл көркейтудің, стиль ұстартудың үлкен бір мектебі аударма деп білетін М.Мағауин, басқа тілде жасалған, қалыптасқан дайын формаларды қазақы үлгіге түсіріп пайдалану жас қаламгердің өрісін кеңейтетінін ашық айтады. Әйткенмен, кім көрінгенді алып соғып аударма беруге болмайды екен. Мәселен, Чеховтың, Джек Лондонның, Мопассан мен Мюльманнның жекелеген әңгімелерін, сезімтал суреттерін тәржімалауды пайдалы деп білген Мұхтар ағамыз өз еңбегінің нәтижесінде қазақ тілінде тамаша сөйлеп кеткен Хағардтың «Сүлеймен патшаның кеніші» романын тап-таза зиянды аударма деген тоқтамға келеді. Тілін байытуға, сөзден кестелі өрнек жасауына ешқандай онды әсерін тигізбеген, тек қаламақы табу мақсатымен атқарылып, бірсыпыра уақытын ысырапқа сайған тәржіманы осылай деп бағаламасқа амалы да жоқ. Әйткенмен,

бүгінгі күні кемеліне келген, өзі айтқандай, болған, толған шағында аудармадан біржола бастартпайды: Түркі жұртының ұлы мұрасы Орхон—Енисей жазуларын — Күлтегін-Тоныкөк жырларын, қытай жұртының ұлы ойшылы Конфуцийдің даналық ғақылия сөздерін және ең бастысы, Алла тағаладан ұлы пайғамбарымыз Мұхаммед ғалайхиуассаламға түскен күдіретті кітап Құран кәрімді қазақ тіліне тәржімалау талабы екенін айтады. Тәңірінің пешенесіне өлшем берген уақытының әр сәтін есеппен, ұтымды пайдалануға тырысатын, ең аяғы қаламы мен сиясының, қағазы мен дәуітінің көңілдегідей болуын қалайтын талғампаз, кінәмшіл ағамыздың сөзге де соншалық жоғары талап қоюы таң қалдырмайды. Әйткенмен, жазушының кейбір құрмалас сөйлемдерді өзінің ерекше әуезділігімен, үнділігімен, тыныс белгілері қабаттасып келіп тұрғанына қарамастан жеңіл оқылады. Пікіріміз дәйекті болу үшін мысалдарға жүгінейік:

«Қобыз сарыны» деген үлкен тақырып қойдым, бұрынғы, «XV-XVIII ғасырларда жасаған қазақ ақын, жыраулары» деген атауы — анықтама тақырыпша болып кетті», «Филология ғылымдарының кандидаты дәрежесін алуға ұсынылған диссертация» деген айғақтама — «монография» деген тұжырыммен алмастырылды, кіріспе, қорытынды тараулар да осы ыңғайда ықшамдалды; орысша қысқаша аннотация және кітаптың жарық көруі туралы қазақша ғарза жазып, Одақ ғимаратының бірінші қабатында орналасқан «Жазушы» баспасына бардым». —Нәсіп:

«Бұл Ғаббас ақсақалдың Шал ақын туған төңіріктен шыққаны, ғұлама білімдарлығы көрініп тұрды, алаштың абзал қарттарының соңғы бір тұяғы деп білдік, бірақ жөнін, қазіргі мекен-тұрағын қумаған едік, ежелгі мұраны, оның ішінде, біз айналдырған ақын-жырауларды осы заманға жалғаған тағы қаншама абзалдар бар, солардың жан-жағын тексеріп, арнайы бір жазу керек еді, оған кезінде мұрша келмеді, енді кешігіп қалған сияқтымыз; бұл жерде айтайын деп отырғаным, Ғаббас атамыз 102 жасқа келіп, осы беріде ғана, Алматыда, белгілі экономист ғалым, профессор баласы Мұқаш Елсүсізовтың қолында дүниесі салыпты, мұны да білмес едім, заманнан заман сткенде, Ғаббас ақсақалдың немере қызынан туған шөбересі қыз

жисні, өз атасы да бүгінгі қазаққа белгілі әулет екен, менің үшінші ұлыммен табысып, біздің шаңыраққа келін болып түсті». Алғашқы сөйлемде 59 сөз болса, екінші сөйлемдегі сөз саны одан екі есеге жуық көп — 115. Бірақ осыған қарамастан, әрқайсысы бір абзацқа бергісіз сөйлемдер жеңіл оқылады, есте жақсы сақталады. Сөз саптау шеберлігін меңгерген ежелгі түрік, орта ғасырлық қазақ әдебитетінің мәйегін емген, уызына жарыған қаламгер ғана қамти алатын ауқым. Бұған Шалкиіздің Би Темірге айтқан арнауын, Азаулының Аймадст Ер Доспамбет ағаның «Айнала бұлақ басы тең» толғауын, Қарға бойлы Қазтуғанның «Мадақ жырын», басқа да жыраулар мен ақындардың «алтын сандығын» армансыз ақтарып, ұрпағына асмар еткен мұрасынан керсегін қалқып ала алған жазушы құлаш сермейді. Ынта қоялық:

«...Салп-салпыншақ анау үш өзен,
Салуалы менің ордам қонған жер,
Жабағылы жас тайлақ
Жардай атан болған жер,
Жатып қалған бір тоқты
Жайылып мың қой болған жер,
Жарлысы мен байы тең,
Жабысы мен тайы тең,
Жары менен сайы тең,
Оатташыға бұзаудай,
Боз сазаны тоқтыдай,
Балығы тайдай тулаған,
Бақасы қойдай шулаған,
Шырмауығы шөккен түйе таптырмас,
Балығы көлге жылқы жаптырмас,
Бақасы мен шаяны
Кежідегі адамға
Түн ұйқысын таптырмас
Қайран менің Еділім

Мен салмадым, сен салдың,
Қайырлы болсын сіздерге
Менен қалған мынау Еділ жұрт!..»

Бір ырғақ, бір деммен айтылған, лақ сткізіп төге салған, Қазтуғанның «Еділмен қоштасуы» атты жыраудың сағынышы мен іңкәрлігін жеткізген, мұның бөліскен жыр қазіргі қазақ қарасөзінің қалыбы емес деп кім айтар.

Салаласып та, сабақтасып та байланысатын, Мұхтар қаламгердің құрмалас сөйлемдерін жіліктесп, бөлшектеп беруге де болар еді. Әйткенмен, онда тілдің осы бір бөлшегі өзінің әуезділігімен, скпінді ырғағынан айрылып қалатындай болып көрінеді. Өйткені, жазушы пайдаланылатын сөйлемдегі бірыңғай мүшелер тек анықтауыш, пысықтауыш, толықтауыштан, немесе, «атқа жеңіл Телпекбай» бастауыштан ғана емес, шеберлік жетіспейтін жерде іксемге көне бермейтін баяндауыштардан да, оның ішінде, тұрлаулы мүшенің скі-үш сөзден құралағын күрделі түрінен жасала береді. Мысал керек пе, мінскейіңіз:

«Соғым сойғанбыз, бірақ қасқыр мен қазаққа ет көптік жасамайды, оның үстіне, біз, әдетте қысқа скі қара жығатын едік, алайда жер шалғай, ақ қар, көк мұзда жеткізудің өзі бір жылқы тұрады, жол азабын айтып, соғымның барын айтып, жік-жаппар болып, әрң тоқтаттым». Көріп отырғанымыздай, бұл — жай ғана тіркестіре салған, нүкте орны үгірмен ауыстырылып, тек құрмалас сөйлем жасау мақсатынан туган тәсіл емес, ойды ұтымды жеткізудің, әр сөзге үстеме мағына беру ниетінен туган оңтайлы әдіс.

Жоғарыда айтылған пікірге қарап біз қарастырып отырған жазушы еңбегі тек құрмалас сөйлемдерден тұрады екен деп ой түюге болмайды. Мұхтар ағамызда жай сөйлемнің, жайылма сөйлемнің, толымды, толымсыз сөйлемнің, скі-үш сөзден тұратын, тіпті жалғыз-ақ сөзден жасалған сөйлемнің алуан түрі бар. Керегінше мысалға алып қажетінше кздеге асыруына болады. «Болды. Ертеңіне азаннан автобусқа отырып, Таскескенге тарттым. Жүз он шақырым. Асфальт жол. Екі сағат. Жеттім...».

Алдыңда жазушының құрмалас сөйлемдерін талдағанда, олардың бәрін бір қалыпқа сыйғызып жай сөйлемдер жасауға болмайды, өйткен жағдайда шығарма көркемдігіне нұқсан келуі кәдік деген ой айтқанбыз. Бұл жолы да сол пікірді қайталауға

тура келеді, тек қана басқа қырынан келіп, басқа тұрғыдан айтқанда. Жазушының жалаң және жай сөйлемдерін араластырып, тыныс белгілерін өзгертіп, құрмалас сөйлем жасауға болмайды. Өйткені, жоғарыдағы мысалдарға қайталап көз жүгіртсек, тек ондағы сөздер ғана сәулелі сурет жасап, шығарма шырайын кіргізіп тұрған жоқ, сонымен қатар әрбір сұрақ белгісі, нүкте тиесілі жүк көгеріп, тиесілі қызмет атқаруда. Қазақ тілінің құдіретін паш етіп, айдынын асқақтатуда. Авторымыз екі сөзінің бірінде айналып соға беретін азаттық, тәуелсіздік, ұлттық рух мәселесінің тұғыры болып, ұлы мұратқа жеткен бүгінгі күніміздің негізін қалаған осы тіліміз десек, асырып айтқандық болмас. Бұл — бүгінгі күні біздің ойлап тапқан жаңалығымыз емес, түбі бір түркінің тәуелсіз күнін көкесеген алып аталар мен ағалардың аманаты еді.

Түркі жұртына түгел аманат болып табылатын осы жәдігерді жадына тұтқан М.Мағауиннің шығармашылығындағы тағы бір ерекшелік, оның қазақ тілін — көнессін де, жаңасын да жетік білуі. Жоғарыда өзіміз мысалға келтірген интервьюінде философия ғылымының докторы, профессор Т.Әбжанов: «... Тіл ауылда. Ұлы Мұхтар: «Менде Абай тілінің мәдениеті бар» деп мақтанса, ауылдың тілі — сол Абайдың тілі» деген түйінді пікір айтады. Тура осы ойды мақұлдағандай болып Мұхтар Мағауин де:

«Менің болашақ жазушы ретіндегі үлкен бақытым — Абай рухы танып тұрған Шыңғыстау өңірінде (Бақанас — Көпбейіт) дүниеге келуім, қазақтың ежелгі даналығын, асыл сөзін, дәстүр-салтын, әдет-мінсін бойына сіңірген, Абайды өз көзіммен көрген, Әлихан мен Міржақыпқа өз үйінде дастарқан жайып, табақ тартқан үлкен әкемнің тәрбиесінде болдым, ескілік сақталған (ол кездің тілімен айтқанда «артта қалған») алыс ауылда өсіп-жетуім, ежелгі жыршы, ертегіші, әңгімеші қарттардың соңғы жұқанасын көруім ғана емес, біздің шанырақтағы ұлттық дәстүр, өз әкемнің «Тіл құрал», «Әдебиет танытқышпен» сауат ашқан, танымы бөтен, тәжірибелі мұғалім болуының арқасында қазақ әдебиетінің озық үлгілеріне әліппемен ілесе жол ашуым, сол екпінмен, кейінгі қаламгер

құрдастарым «Ботагөзге» жетпей жатқан шақта, Толстой мен Тургеневті тануым болса керек», — дейді.

Сөйтіп, тіл құдіретін ерте тануы, Алаштың асыл қазынасы тұнып жатқан мағлұматтардан мейірімі қана сусындау мүмкіндігіне ие болуы жазушы Мұхтар Мағауиннің тілін байытты, өзгеше өрнек табуын қамтамасыз етті. Айталық, оның бұрын-соңды жарық көрген шығармаларында күнделікті өмірімізде қолданыста ұшыраса бермейтін сөздерді кездестіріп қалатын едік: фатика, тізкіім, шэр, шерменде («Торпақ»), жегі, мүкөмал, тэмат («Архив хикаясы») т.б. Алайда қарастырып отырған авторымыздың «Аласапыран» романындағы архаизмдердің молдығы, бір кездері халқымыздың сөздік қорында болған түрлі тарихи себеп-салдарлардың, адамзаттың эволюциялық даму факторларының әсерінен қолданыстан шығып қалған ұғымдардың, түсініктердің жиілігі ерекше ізденістің, тынбай талаптанудың нәтижесі деп білеміз. Мұхтар Мағауиннің айтуынша, қазақтың байырғы тіліне ерекше зер салып жүрген қаламгер Нұрқасым Қазыбек зәңгіме болып отырған диалогиядан алты жүздей тың сөз ұшыратыпты. Ал тарихи танымдық тақырыпқа кейінгі жылдары кеңінен құлаш ұрып жүрген жазушы, ғалым Тұрсын Жұртбай өзіне бейтаныс сегіз жүз сөз тіркеп алғанын мәлімдепті. Әрине, аталған ағаларымыз, олардың әріптестері жинап-теріп алған сөздерін қоймаға жасырып, сүрлеп, сақтамайтыны белгілі – келесі шығармаларына, ретін тауып пайдаланады. Сөйтіп, ол ортақ игілікке айналады, жазушы тілді дамытып, байытуға үлес қосады.

Бұрын-соңды қолға ұстаған көркем әдебиеттен кездестіре қоймаған, кездестірсек те көңіл бөлмеген біраз сөзді өзіміз диссертациялық жұмысқа арқау етіп алған «Мен» романының өңе бойынан да ұшыраттық. Мәселен, «нәшірият» — мекеме; «барақат» — ләззат; «асмар» — аманат, мұра; «көрез сөз» — соңғы сөз, қоштасу, арыздасу, бақұлдасу; «озан» — автор; «мешалла» — шүкір аллаға!.. Әзірге қолымызға тиген қос кітаптан, дәл жоғарыдағыдай тың ұғымдар болмаса да, сирек кездесетін, мән-мағынасына біз сияқты оқырман қауым әлі де болса тереңдеп бойлай алмай жатқан тіркестер кездеседі.

Айталық, «шәйіт», «гази кету» — ізгілік үшін мерт болу; «ит-ырғылжын» — зуре-сарсаң; «арсы мен күрсіге бой таластым» — мәртебем көтерілді; «мұрат хасыл» — мақсат айқын; «аруақ алқайды» әруақ кетірмейді, қолдайды; «оқсатып жазамын» — қатырып, келістіріп жазамын; «шал қоян» — өте жүйрік қоян; «зират жел» — өкпек жел, т.б. Бұлар және осы сияқты, біз аңдамаған, ондаған, жүздеген сөздер тіл қорының қатарына қосылар болса, Мұхтар сияқты жазушылардың арқасында рухани мұрамыз кемелдене түсетіні күмән келтірмейді.

Ғалым Г.Поспелов «Советский роман» атты еңбегінде мемуарға мынандай сипаттама береді: «Характерная черта, произведение мемуарного плана к широким социальным обобщениям, стремление выйти на перекресток истории, связать личное стремление через сердце рассказчика с общей народной судьбой. В мемуарной прозе тоже есть свое «Документ» – биография автора. Писатель как бы заключает с читателем особый договор: ручаюсь собственной жизнью, что это было так, но в то же время перед нами «Записки» не «отчет», о произведении художественной, в котором есть поэтическое обобщение, характеры, образный строй, художественная структура все каждый раз до крайности индивидуально». Қ. Жұмаділовтің «Таңғажайып дүние» ғұмырнамалық романы 624 беттен тұрады. Жалпы романға келсек, жанр жағынан ғұмырнамалық, өйткені автордың өз өмірі туралы баяндалады. Яғни бірінші жақтан баяндалады. Алғашқы еңбекті өз зайыбы Сәулеге арнаған. «Бұл кітабымды жарлы-жақыбай кезімде стегімнен ұстаған, алтындай бес бала сүйгізіп, отбасын бақытқа кенелткен, ала қағаздың азабын, тұрмыстың ащысы мен тұщысын ұзақ жыл бірге татқан өмірлік серігім Сәулеге арнаймын!». Эпиграф ретінде Томас Маннның: «Ақын-жазушы кім десеніз, ол – бүкіл өмірі символға айналған адам. Егер мен өзім жайында айта бастасам, оның замана туралы, жалпы адамзат туралы, хикая болып шығарына сенемін. Бұған сенбесем, қолыма қалам алмаған болар едім», – деген сөзін келтірген. Осы арқылы автордың алға қойған мақсат-мұратын байқауға әбден боларлық.

Әр жазушының шығармашылық жолы әр қилы десек, ғұмырнамалық романға қалам тартудағы түпкі ойын Қабдеш Жұмаділов былайша баян етеді: «Кешкен жайларды жақсы деп мақтауға да, жаман деп даттауға да болмайды екен. Өмір-сенің ырқыңа көнбейтін, ащысы мен тұщысы аралас, бас-аяғы жоқ, шетсіз-шексіз, таңғажайып бір дүние. Сен оған соғып өтер қонақсың.

Сөйтсе тұра, бар ғұмырың күреспен, талас-тартыспен өтетіні ғажап! Демек, тіршілік дегенің – сыры толық ашылмаған ғажайыптар әлемі. Жазушылық өнер де сол ғажайыптардың бірі...Осынау бәрін ой таразысына салып келдім де, бұл кітаптың атын «Таңғажайып дүние» деп атадым».

Роман жайлы сөз қозғағанда, онда көрінетін тарихтағы адамдар туралы ой-пікірлері субъективті сипатта екендігін ескерген жөн. Жазушының дәуір туралы, өзінің өмір жолы туралы толғануының ішкі динамикасы роман ерекшелігінің бірі. Әдеби үдеріс қай жанрда болса да өз дәуірінің өмір шындығына негізделген. Ал өмір шындығы әр жанрда әр түрлі тереңдікте қамтылады.

«Қаламгер өз туындысын: бірінші бөлім «Үшқан ұя», екінші бөлім «Қыран қия», үшінші бөлім «Алматы аспанында», төртінші бөлім «Жайылған тор», бесінші бөлім «Қанат талды», алтыншы бөлім «Түлеу», жетінші бөлім «Самғау», Тоят (Эпилог орнына) деп аталатын бөлімдерге бөлген.

Қабдеш Жұмаділов өз ғұмынамасын жазғанда өткенді елестету ретінде келтіреді, көз алдында жүріп жатқан істерге, не өткен жайға жазушының сол шақтық тұрғысынан қарай да жазады. Жазушы елестету әдісін тек өз тарапынан ғана қолданып қоймай, кейде оны кейіпкерлеріне де тән етіп келтіреді.

Мысалы: «Мен есікке таянғанда, Мұқаметқали жұртқа қарап сөйлеп отыр екен. Кейбір дыбыстарды таңдайынан қайырып, ыңыранып, сөйлей ме, қалай? Бірақ әр сөзді мәнеріне келтіріп, қоңыр үнмен келістіріп айтады:

– Өздеріңіздің қайыр-дұғаларыңызбен аман-есен орталарыңызға келіп отырмын. Бұл да болса ел-жұрттың, осында отырған сіздердің арқаларыңыз. Басыма қатерлі қиын

күндер туғанда да, арқа сүйер елім барын, ағайын-жұрттым барын бір сәт естен шығарған жоқ. Сіздерді үнсімі есте тұттым. Егер айрандай ұйыған ел бірлігі болмаса, арт жақтан бүлік шығып, күдік туып жатса, маған бұл жолы ел – жұртты қайта көру жоқ еді! – деген мазмұнда біраз сөздер айтты»...

...Шын суреткер әдебиетке өз өмірбаянын, мол тақырыбын ала келетіні белгілі. Жазушының концепциясы, стилі, қолтаңбасы дегендер осы тақырып ерекшелігінен туындайды. Алайда, сол тақырыпты игерудің өзі біркелкі болмайды. Кейде болашақ шығарманың материалын тынымсыз ізденіс үстінде, құм арасынан кебек алтын сүзгендей, тарих қойнауын ақтарып жүріп табатын болсаң, енді бірде тағдырдың асау толқыны сені өзімен бірге дөңгелетіп алып кетеді де, сол өзің куәсі болған сан алуан оқиғалар қолыңа еріксіз қалам ұстатады. Менің шығармашылық тәжірибемде осы жағдайдың ексуі де ұшырасады».

Бұл келтірілген романдардан алынған мысал жолдар автор-кейіпкерлердің ғана көргені мен ортақтас түйіскенімен шектелмейді, жазушылардың да оқырманға деген айтар ойлары сияқты.

Қ. Жұмаділов суреттеген адам басындағы күйініш не сүйініштік сәттер, жекке басындағы монологтық ойлану да (бала күндеріндегі кезең, туған елге оралуы, жаңа-дүниес, жаңа қоғамдағы өмір, өткен өмірге есеп беруі, тағы да тіршіліктегі жайлар туралы айтылар ойларында кездесседі) шығарма бойында үзік-үзік көп кездеседі. Жазушының адамдық тәбірінісі – қаламгерлік толғанысқа ұласып отырады. Тарихи дәуірге куә болған, автор-кейіпкердің бұл жолдық сапары – оның өмірге келуі, туған ұясы күйреп, жетімдікке кезігуі ғұмырнамалық романдарда әр түрлі болып келеді.

Қабдеш Жұмаділов шығармашылығының жаңа бір жанрлық қырын айқындайтын туынды – «Таңғажайып дүние» атты ғұмырнамалық романы. Бұл роман «Жұлдыз» журналының 1998-1999 жылдардағы сандарында жарық көрді. Ғұмырнамалық роман туралы сөз еткенде, оның жанрлық табиғатын ескереміз. Бұл жанрда қалам тербеген жазушылар аз емес. Басқа халықтардың әдебиетін айтпағанның өзінде, С.

Сейфуллиннің, С. Мұқановтың, Ғ. Мұстафиннің, М. Мағауиннің, Ә. Нұршайықовтың мемуарлық дүниелері осының айғағы.

Роман желісі жазушының балалық шағынан бастап бүкіл ғұмырына негізделген. Өз өмірінде көзі көрген оқиғаларды қоғамдық-саяси, әлеуметтік жағдайлар мен сабақтастыра қарастырған.

Мемуарлық туындыда суреткер роман, повестердегідей шығарма сюжетін әр тараптан өрбітіп, үлкен арнаға құйып отыруға мүмкіндігі келе бермейді. Суреттелетін оқиға жазушының өз басы тікелей я жанама түрде қатысатын болғандықтан, шығарманың сюжеттік желісі автордың дүниетанымы мен көрген-түйгендеріне негізделеді. Осыған орай мемуарлық шығармаларда құжатты фактіге сүйену, дәлелдеу жиі орын алады да, суреттеулерден гөрі баяндау тәсілі басым болып келеді.

«Таңғажайып дүние» романының өзіндік сипаты – жазушы екі түрлі қоғамдық (Шығыс Түркістан және Қазақстан) жағдайды салыстыра келіп, өз замандастарымен қарым-қатынасын, қоғам, адам, уақытқа деген көзқарасын, күйініш-сүйінішін танытып, өзіндік дүниетанымын ұсынып отырады.

Әдеби процесс қай жанрда болса да өз дәуірінің өмір шындығына негізделеді. Ал өмір шындығы әр жанрда әр түрлі тереңдікте ашылады. Роман жайлы сөз еткенде, онда көрінетін тарихтағы, өмірдегі адамдар туралы жазушының ой-пікірінің субъективті сипатта екендігін ескерген жөн. Қаламгердің дәуір туралы, өзінің өмір жолы туралы толғануының ішкі динамикасы – роман ерекшеліктерінің бірі. Өткен өмірден қазіргі және болашақ дәуірдің ішкі байланыстарын іздеп табуға тырысып отырады.

Ғұмырнамалық романның маңыздылығын танытатын келелі бір мәселе- өзінің шығармашылық өмірбаянын жан-жақты қамтуы. Әдебиет – ардың ісі екені аян. Жазушы не жайлы, кім жайлы жазса да, алдымен, осы өлшемге сүйенсе, оны шығармасы көпке ортақ дүниеге айналады.

Жазушының 60 жасқа қадам басқан шағында жазған көркем туындысына «Таңғажайып дүние» деп тақырып қоюының

әдеби-тарихи, философиялық мәнінің неде екендігін жауапты романның соңғы беттеріндегі мына жолдардан оқимыз: «Бастан кешкен жайларды сараптай келгенде, көзім жеткен бір нәрсе: бұл өмірді жақсы деп мақтауға да, жаман деп даттауға да болмайды екен. Өмір-сенің ырқыңа көнбейтін, ащысы мен тұщысы аралас, бас-аяғы жоқ, шексіз-шетсіз таңғажайып бір дүние. Сен оған соғып өтер қонақсың. Сойте тұра бар ғұмырың күреспен, талас-тартыспен өтетіні ғажап! Демек, тіршілік дегенің – сыры толық ашылмаған ғажайыптар әлемі, жазушылық өнер де сол – ғажайыптардың бірі... Осының бәрін ой таразысына салып келдім де, бұл кітаптың атын «Таңғажайып дүние» деп атадым.

Роман жазушының тек өмірінің дерегінен ғана емес жазушылық өнердің қыр-сыры, суреткер зертханасы, қоғам, саясат, тарих т.б. әлеуметтік мәселелерді «жеке тұлғаның» ғұмырлық кезеңдерімен бірлікте беруімен де ерекшеленеді. Дегенмен, автор өзінің ғұмырнамалық романының жанрлық формасы туралы былайша толғанады:

«Әсілі, бұл кітапты өмірбаян дегеннен гөрі, адам мен қоғам туралы, замана туралы толғау деген дұрыс болар. Мемуар – біздің әдебиетте кенже қалған жанр. Мемуарда болған нәрсені бүкпей айту – басты шарт десек, оған кеңестік дәуірде екінің бірі тәуекел ете алған жоқ. Күнделік жазу, жазыққан хаттардың түбіртегін сақтау да еңбек. Негізінен, зердеге сүйенуге тура келді. Адам жадынан артық сүзгі жоқ. Қажеттісі есте қалады, қажетсіз ұсақ-түйегі ұмтылады. Демек, бұл шығарманы естен кетпес сәттердің жиынтығы десе де болады. Өмір жолында қайырымды, жақсы адамдарды көп ұшыратыппыз. Жақсылайдың шарапаты тиіпті. Кесір-кеспаты тиген кісілерде аз болмапты. Солардың бәрі қаз-қалпында қағазға түсті».

Ғұрып романда бастан-аяқ көріне бермейді. Халықтың әдет, салт-ғұрыпсыз ұлттық характері жоқтығын ескерсек, Қ. Жұмаділов романдарында бұл еленген де, елінің дамуымен бірге өскен. Халықтың ас жеу, көшу-қону, қысқы-жазғы отырысы, киінісі мен сөйлесі, еңбек барысы да осыны аңғартады. Бұл жайлар шоғырлана суреттелінеді, бара-бара бір елдің этикасы мен этимологиясына да логикалы астар да болады. Романда

халықтағы ырым-сенім де ескеріледі. Ол бірде халықтың сонау бала кезінен келе жатқандай хал жайы жүректен беріледі. Бұл – баланың атын қою, өнерліден өнерлету сияқты жайлары.

Өмірлік қозқарастар дәуірмен, қоғамдық жұмыспен, ортамен байланысты алынады. Шығармадағы кейіпкерлердің іс-әрекеттері мен сөйлеген сөздері табиғи күйінде, шынайы болмысымен беріледі. Суреттелген жағдайлардағы қоғамдық ортаға танымал жандардың мінсз-құлық ерекшеліктері сол күйінде беріліп отырады. Жазушылар осы жағдайларды жақсы ескеріп, болған оқиғаларға кейіпкерлерінің араласуындағы сәттерді, өмірлік мәселелерді солар арқылы бағамдайды.

Тағдыры қилы, талабы зор, арманы асқақ Қ. Жұмаділовтің сыр-сипатын төмендегі жолдардан көрсеміз:

«Өмір бойы өзгелер туралы да кітап жаздық қой. Өзіміз жөніндегі әңгіме жеңіл болар деп ойлағанбыз. Онымыз күпіршілік екен. Сонау бір заманда, қаймағы бұзылмаған көшпенділер арасында дүниеге келіп, әлденше өкіметті бастап өткермек, бір емес, екі бірдей империяның теспісін көрген, содан көннің көзіндей болып бүгінгі күнге жеткен адамның өмір жолын баяндау оңай шаруа болмай шықты. Әсілі, бұл кітапты өмірбаян дегеннен гөрі, адам мен қоғам туралы, замана туралы толғау деген дұрыс болар».

Шығармагерлердің қайсысының өмірлік шығарма жазудағы мақсат – мүдделері, авторлық ұстанымдары, жанрға баса назар аударулары ортақ екендігі атап айту ләзім.

Өткен өмірдің болашақ ұрпақтың қажетіне жарар, рухани сананы серпілтуге қажет, кез келген адам танып біле бермейтін, тек бір ортаға ғана тән оқиғалардың бүкіл бір ұлттың болмысын таныту үшін, қаншалықты қымбат екенін де осы жолдардан сезінеміз.

Халқымыздың рухани дәулетіне эстетикалық жаңа байлық, мол қазына қосып, елінің махаббатына бөленіп, аты аңызға айналып, туындылары тұғырға көтерілген қазақ әдебиетінің ардақты есімдерінің бірі – Қабдеш Жұмаділов екендігі қазір көпшілікке аян шындық.

Халқымыз басынан кешкен қилы жол, тайғақ кешу, тас босаға тар өткелдердің трагедиялық оқиғалары, ел қамын жеген,

ойшыл даналар, жұртын сүйген, жүректі батырлар образдары, әр дәуірде әлеуметтік күрес сахнасына шыққан хандардың, айыркөмсей, жезтаңдай билердің, қилы-қилы көзқарас өкілдерінің бейнелері, халықтық бірлік елдік ұйытқы отансүйгіштік, патриотизм сарындары – осылардың бәрі жанды түрде тұтас келіп, Қабдеш Жұмаділовтің тарихи романдарының идеялық-эстетикалық сапасын, поэтикалық, жанрлық қасиеттерін құрап, олардың әдебиетіміздің төріндегі орнын белгілес керек.

Кешегі социалистік режимнің қатал ұстанымдарын шет елде, шет жерде жүріп көрген, өзің туып өскен елдің өгей ұлы болып, шекараның арғы бетінде ер жетіп, ес білген Қ. Жұмаділовтің шығармашылық жолды таңдауының өзі үлкен образдар жүйесі мен қомақты өмірлік материалдарды жүзеге асырып көркем шығарма жазуында үлкен арман ізгі үміт жатқанына шүбә жоқ. Қиын-қыстау заманда қазақ жастарының көркем өнерге деген күштарлығы мен таланты терең толғаныспен шығармаларында баяндалуы қаламгердің өзі ғана емес айналасы жастардың таланттынан да мол хабар береді.

Ғұмырнамалық және тарихи тақырыптарға бару Қабдеш Жұмаділовтің «Таңғажайып дүние» романын жазуына алып келеді. Мұның алдында «Соңғы көш», «Дарабоз» жазылды.

Қазақ әдебиетінде болған оқиғаны суреткер белсенділігінің, жазушы батылдығының куәсі, халықтық принципті берік ұстанып жазған тарихи романдары Қабдеш Жұмаділов есімін оқырман махаббатына бөлеп, әдеби-сын назарын оның шығармашылығына күрт аударды. «Соңғы көш» романы Мемлекеттік сыйлықты алды. Тарихи тақырыпты көтерген «Дарабоз», «Сәйгүліктер» романдары. Бұл романдар «Жұлдыз» журналында жарық көріп, бірнеше тілдерге аударылды. Кітаптардың бәрі де сынның, оқырманның талқысынан түсіп жатыр, шет елдерде аударылып жатты.

Кейінгі Кеңес үкіметінің саясаты шекараның арғы бетіндегі қазақтардың өміріне әсері, екі алпауыттың Қытай мен Орыстың қысымы бұрын соңды қазақ әдебиетінде сөз болған емес-ті. Белгілі жәйттерді қайта айтатын нәрсе емес, қиын психологиялық шығармалар, санадағы эволюцияны, ауыр

трагедияны тарихи оптимизмді бейнелейтін туынды қажет еді. Суреткерлік позиция, соқыр сүрлеуге түсіретін қиын объектіге Қабдеш Жұмаділов оңтайлы бір қырынан келген.

Әлеуметтік әр түрлі топтарды қамтитын көп салалы, тоқсан тоғыз тараулы роман емес, кейіпкерлері өз тартысы жинақы, өткір идеялы шығарма жасау мақсаты алға қойылған.

Қазақ прозасының ішкі структурасы, жанрлық формалардың дамуы, өзгеруі, жаңаруы туралы әлі айтылмаған тұжырымдар көп. Халық фольклоры мен проза ортасындағы байланыстың өзі қат-қабат. Бір қарағанда, көз шалынатын фольклордағы қалыптасқан сөйлем жүйелерін, тұрақты сөз тіркестерін, мақал-мәтелдерді, оралымдарды пайдалану, дайын сюжеттік арнауларды, образ қалыптарын алу өз алдына, бүгінгі әдебиеттің ішкі тынысынан әсер етіп отырған іргелі фольклор бар. Қазіргі қазақ тарихи романының жанрлық формасын әдеттегі суропалық конондармен білу, бағалау қиын, оларды деректі тарихи роман, роман-хроника дегеннен гөрі ұлттық әдебиеттегі жана жанрлық роман-шежіре деп тану ақиқатқа жақын келеді.

«Таңғажайып дүние» ғұмырнамалық роман ғана емес, Қабдеш Жұмаділов шығармашылығының тұтас зертханасы деп айтуға әбден болатын туынды. Балалық шақтан басталып баяндалатын оқиғалар тізбегі жазушының алпысты алқымдаған кезеңін тұтас қамтитын өмірдің өзінен тұрады. Алғаш рет өмірге деген түсінік танымы боз биснің сойылу сәтінен басталса, шығармашылыққа деген құмарлық нағыз қазақы ортадағы аңыз әдебиеті үлгілерінің озық үлгілерінен дастан, қисса, жырлар мен толғаулар, айтыстар мен ертегі, аңыздар тыңдаудан басталғаны анық.

«Шыңжаң газетінде» ай сайын басылып жатады. Қашан да қатардан қалғысы келмейтін намысқой жас Қ. Жұмаділов әрі барлық сабақты беске оқып, қатарының алды болған озат оқушы енді ақындық өнерді игеруге бар ықыласымен кіріседі.

Алғашқы қадамының бірден жақсы стартпен басталуы көңіліме зор сенім ұялатты. Өлеңді енді өндірте жазатын болдым. Сол алғашқы өлеңнен кейін, мен үшін газеттердің есігі айқара ашылды. Аймақтық, «Тарбағатай газеті» мен өлкелік

«Шыңжаң газеті», жаңадан шыға бастаған «Шұғыла» журналдарына үзбей жазып тұрдым. Бірақ бұл кездегі өлеңдер уақыт талабынан, газет сұранысынан көп ұзамайтын, болсақ дүниелер еді», – деп еске алады қаламгер.

Жалпы, қаламгердің гимназияда білім алған жылы алғашқы шығармашылық жолының осы ортадан бастау алған үлкен өсу мектебі болады. Негізінен, жас ақынның прозаға келуіне даңқты жазушы Қажығұмар Шабданұлымен кездесіп, жақын танысып білісуіне «Бақыт жолында» деген әйгілі көркем повесін оқуы әсер етіп, ендігі жерде жаңа бір серпіліс, яғни прозалық шығарма жазуға деген ойға жетелейді. Бұл турасында жазушы ғұмырнамасында былай дейді:

«Қажығұмардың жазда айтқан кеңесі әсер ете ме, маған енді проза жанрында да қалам тербей көрсем деген ой келді. Басында ойға оранған тақырыпты қалай жазарымды білмей қиналып жүрдім. Оқиганы суреттеп жазып та көрдім Бірақ, оларым өзіме ұнамайды бәрі өтірік сияқты болып көрінген соң, жыртып тастадым. Өлең деген ешқандай дайындықсыз-ақ, ойдан туа беруші еді, проза дегеніміз оңай көрінбейді екен. Көркем проза мен өлеңнің айырмашылығына енді ғана шындан ой жүгірте бастадым».

Роман – тұтас дәуірдің көркем бейнесі, көкжиекті елде болса, әңгіме сол көркемдік әлемнің бір бөлігі десек, өмірді әбден зерттеп танымай тұрып, кейінкеріңді көз алдыңа айқып елестетудің өзі, қолға қалам алу мүмкін емес.

Әңгіме «Жамал» деген атпен 1956 жылы «Шұғыла» журналының бірінші санында жарық көрді. Бұдан кейін жазушы прозалық шығарма жазуға асықпағанын, себебі алғашқы осы шағын әңгіменің өзі қаламгерге үлкен дайындық керек екендігі туралы ойлады.

Мұнан кейін жазушының шығармашылық жолы өзінің туған жері Қазақстанда жалғасады. Қазақтың Ұлттық Университетінде білім алып жүрген жас жігіт әдебиетінің небір майталман ғалымдары мен қаламгерлерінен білімнің нәріне қанығып, шығармашылықтың әдіс-тәсілін, жанрлық ерекшеліктерін терең танып біледі.

Алғашқы шығармалар жинағы «Тұңғыш кітап» деген сериямен «Жас дәурен» деген өлеңдер топтамасында жарық көрсе, кейінгі әңгімелер жинағы «Қаздар қайтып барады» деген атпен басылып шығады. Мінскей, осылай жазушының арманы үлкен ағыстың өзін табады. Бірақ, Ә. Нұршайықов, М. Мағауин көрген шығармашылықтың шырғалаң жолы Қ. Жұмаділовті де айналып өтпейді. Өз кезегі келгенде Қ. Жұмаділов те себепті де себепсіз, оңды-солды сын мен кедергіге көп ұшырайды.

1968 жылы әңгімелер жинағы, 1969 жылы «Көксітесті» романы жарық көрген қаламгердің дарыны әдеби қауым мен оқырманнан жақсы бағасын алады. Өмірдің өзіннен аталып алынған бұл шығарма жазушының өзі жақсы білетін бір жігіттің өмірінің шындығы, шыралаң тақырыбы бейнеленеді.

1970 жылы жазушы үш үлкен үміт пен арманның мәресіне жеткен кезі болады. Себебі сол жылы өз өмірін өзек еткен «Соңғы көш» романын жазса, жазушылар одағы мен Компартия мүшесіне берілген құжат қолына тиесілі.

Цензураның қырағы көзіне Қытай Республикасынан келгендігі мен ұлтшылдық идеясын анық білдіретіндіктен, Қ. Жұмаділов ерекше бақылауға алынады. Орталық Комитеттегі қырағы көз, әсіресе, коммунистер Есет Әукесев және бас директор Әбілмәжін Жұмабаевтар жан-жақтан қысым жасаса, әрине редактордың орынбасарлығын атқарып жүрген Қ. Жұмаділовке роман жазу оңай шаруа болмайды. Ендігі жерде жазушы уақыт пен ортаның ыңғайына қарай сәбкеттенеді.

«Таңғажайып дүние» романының «Самғау» деген тарауы Қабдеш Жұмаділовтің тек шығармашылық зертханасының ерекшелігін ғана емес, жалпы жазушының шығармашылық өнер, психология, философиялық жақтарына деген өзіндік қалам ұстанған тәжірибесінің де қорытынды түйіндерін айтады, жан-жақты талдап, мысалдармен дәлелді көрсетеді. Жазушының өнерді жан-жақты меңгерген, білімділігі мен біліктілігін арттырып, көп жылғы тәжірибенің нәтижесінде, мұнан кейінде «Тағдыр», «Атамскен» романдарды жазады. Көптен бері қаламгердің көкейінде жүрген үлкен бір тақырып – тарихи шығарма болатын. Жазудың қиындығын оңайлатқан бір жайларды да жазушы шаттана сөз етеді. Ол дегеніңіз қоғамда

да, саясатта да жаңа бір жариялылықтың лобі келіп, ақ дақтардың ашылып, тарихи тақырыпқа кең жол ашылған кезең еді. Ештендеп жасқанбай, көсіле жазуға мүмкіндік туады. Материалдан да тапшылық көрмеген жазушының роман оқиғасын өмірі із түспеген тұғас бір дәуірден ойып алуына тура келеді. Мүмкіндіктің бәрін сәтті пайдаланған жазушы шығарманың мазмұны ғана емес, форма, стиль жағынан да кемелдікке ұмтылады. Прозадағы табиғи үйлесім, формалық тепе-теңдік дегендер де толық ескерілді. Роман төрт бөлімнен, қырық тараудан тұрады. Әр бөлім – он тарау. Сөйтін, «Тағдыр» романы қай жағынан алсаң да ешкім дау айта алмайтын дәрежеге жетеді.

Қабдеш Жұмаділовтің суреткерлік қалыбындағы атап айтарлық тағы бір ерекшелік, оқырмандарын өзі алдын-ала психологиялық түргыдан дайындап алуына тура келеді. Мәселен, Қытай мемлекетінде қазақтар барын, онда өзгеше өмір қалыптасқанын біле бермейтін қалың жұртшылықты көшпенділердің соңғы ұрпақтарының тыныс-тіршілігіне бойлай ендіруіне тура келеді.

Қазақ әдебиетінің тарихында үлкен орны бар, тарихи тақырыпты игеруде шығармашылықтың өзіндік мектебін қалыптастырған Қабдеш Жұмаділовтің жазушылық өнер туралы айтқан ой толғаныстары да қаламгерлік өнердің пәлсафалық негізін біліп, тануға сентігін тигізетін ғылыми-теориялық маңызы зор еңбек болып табылады.

«...Бодан елдің жазушысы арқалаған жүк-басқа жұрттың жазушыларынан әлде қайда ауыр деген сөз. Ұлт азаттығы үшін, оның тілі мен ділі үшін күресетін де, қуғын-сүргін, репрессия бола қалса, алдымен құрбандыққа шалынып, басын беретін де – сол жазушылар. Ал, адамдар соны біле тұра, осы бір қатерлі жолды неге таңдайды? Біздіңше, оның әр түрлі себебі бар. Біріншісі – бойға біткен талант ырық бермей, осы жолға еріксіз итермелейді. Екінші себеп – өз халқына деген шексіз сүйіспеншілік. Ұлтын шын сүйген адам ғана осындай құрбандыққа бара алады».

Н. Ақыштың «Қазақ мемуарлық романы» атты диссертациялық зерттеу жұмысында «Мемуарлық романның

өмірбаяндық сипаты күшті болып келеді, бірақ кез келген өмірбаяндық шығарма, соның ішінде естеліктер де мемуарлық роман бола алмайды. Осы аталған субъекті жазу барысында ұсынатын теориялық қорытындының бірі осындай болуға тиісті», – деп тұжырымдайды.

Тап осылай тәжірибелік ой-нікірлермен бөлісу Қ. Жұмаділов шығармасының соңғы беттерінде бедерлі бейнеленді. Қ. Жұмаділов ғұмырнама жазуда алдыңғы екі жазушы сияқты нақты дерек ретінде күнделікті ізбен жүріп отырмайды. Негізінен, жазушы өзінің сан жылдарғы сарабдал санасына сүйенді. Шығармасының тарихилығы басым болып келетін жазушы өмірінің ең бір қилы кезеңдерін бейнелеуге күш салды. Бірыңғай хронологиялық жүйесмен жүрмесе де, жазушы сәбилік, жастық, ағалық шақтарында бастан кешірген ғұмырды өз атынан дәлелді оқиғалар келтірумен сомдайды. Қытай жеріндегі қуғын-сүргін басталған өмір жолының қазақ жеріндегі жалғасын тұтас таныту үшін, қаламгер ғұмырнамасында көркемдікті игеру жағы басым түсіп жатады. Ол кейде Қытай енісінде кеткен Шығыс Түркістан табиғатын әсем пейзажбен бейнелеп, баяндалар оқиғаға экспозиция ретінде ұсынса, адам бейнесін тура әлі көркем етіп жеткізу үшін портретті беру арқылы мінездік тұлғаларға ұластырып отырады. Бұлайша оқиғаны айғақты, деректі сомдау автор-кейіпкердің суреткерлік шеберлігін анық танытады. Қазақ қауымына аса таныс емес. Қытай жерінде өмір кешкен тарихи тұлғаның өмірін де осы Қ. Жұмаділов ғұмырнамасынан танып біледі. Барынша өмірлік материалдар негізінде жазылған шығармалар қазақ әдебиетіндегі ғұмырнамалық жанрдың табиғаты мен болмыс бітімін таныту да озық үлгілердің қатарынан санауға келердей. Автор-кейіпкерлер өмірлік деректер негізінен жүріп отырғанымен, олар жалпы бұл деректерді сомдалар шақтың негізгі көзі ретінде пайдаланады. Қазақ әдебиетіндегі ғұмырнамалар көбіне жеке тарихи тұлғаның өткен өмірін бейнелейтіндіктен, олардың, орыс ғалымы Г. Винокур айтқандай, «тарихи мәтіні» басым болып келуі кездесуі заңды да. Дегенмен, көркем-ғұмырнамада бейнеленетін тарихи оқиғаларда автор – кейіпкерлердің көркем әрі шынайы

характерін ашатын тұстары ғана бөлініп алынады. Зерттеліп отырған прозаның тағы бір ерекшелігі кейіпкерлер нақты өмірде болған, тұлғалы жан болуы себебі бұл шығармалардың деректілік, құжаттық айғақтары негізді болып келеді. Автор-кейіпкер үшін ең басты мәселе, бұл тұрғыда, шығармашылық процесстің материалдарын жинау, еске түсіру, сұрыптау. Онан ары да қаламгер жұмысы ауырлай түседі. Ендігі жерде шығарманың жүзеге асуы процесінде қажетті эстетикалық таным тұрады. Өмірде білу, көру, бастан өткеру, бұл ғұмырнаманың бір жағы болса, сол дайын айтылған, деректі дүниені көркемдік танымға айналдыру – ең күрделі тұсы. Ғұмырбаяндық шығармалар айғақтық, дәлдікті, өмірлікті талап етеді, бұл шығарманың құжаттылығын жоққа шығармайды. Осы тұрғыдан келсек, ғұмырнамалар тек әдеби көркем туынды ғана емес, деректі көркем дүние де болып табылады. Олай болған күнде ғұмырнамалық көркем шығарманы деректі көркем шығармадан бөліп тұратын басты құрылым бұл екеуінің арасындағы танымдық және эстетикалық мүмкіндіктерге байланысты болса керек. Нақты өмірдің өзінен алынғандықтан, Ә. Нұршайықов, М. Мағауин, Қ. Жүмаділов ғұмырнамалық шығармаларында көркем қиял жоғары мәнге ие емес. Жазушылардың кейбір өткен оқиғаларды бейнелеуде айтылар пікір, ойларына қарай көркем-шынайы болжамдардың ара-кідік кездесуі заңды да. Тарих және тарихи тұлғалар мен оқиғалардың автор-кейіпкерлер ғұмырларына қатысты тұстары ғана алынып отырғандықтан, қаламгерлер бұл мәселерге аса сақтық және ыждағаттылықпен қарайды. Көркем туындылар стилінде баяндаудың қызметі жоғары болып келеді. Себебі, оқиғаны бастан өткерген автор-кейіпкерлер бірінші жақта өз атынан баяндаса, кейде сол оқиғаның ортасында жүріп бейнелеуі де ұшырасады. Біз қарастырған ғұмырнамаларда өмірлік шындықтың көркемдік шешімін беруде, авторлар психологиялық талдаудың түрлі әдіс-тәсілдерін қолдануы кездеседі. Өмірде болған тарихи тұлғалар бейнесінің көркемдік бейнесіне бару үшін, олар кейіпкерлердің ішкі жан-дүниесіне енуге ұмытылады. Өздері бастан кешірген оқиғаларға қатысты

көйпкердің портреттік сөйлеу, іс-әрекеттері арқылы бейнеленіп, деректіктен арылып, көркемдікке үйлестіреді.

Ә. Нұршайықов, М. Мағауин, Қ. Жұмаділовтер ғұмырбаяндық шығарма жазуда қазақ ұлттық мемуары мен Еуропа, Ресей шығармагерлерінің дәстүрлі жолдарынан зор хабарлары бар екенін танытты, және өздері жазған шығармаларында осы игі дәстүрді онан әрі жалғастыра түсті. Әрқайсысы, мәселен, Ә. Нұршайықов «Мен және менің замандастарым» арқылы естелік айтудың ғұмырнама үшін көркемдік маңыздылығын көрсетсе, М. Мағауин өз ғұмырын арқау ете отырып, жазушылық таланттың көркемдік танымының полсафасы мен болмысының ерекшеліктерін өз тәжірибесімен танытса, Қ. Жұмаділов ғұмырнама үшін тарихи танымның көркемдікпен игерілуіндегі қаламгерлік идея мен тақырыптың мән-маңызын ашты. Зерттей келе зерделегеніміз, ғұмырнамалық роман тәуелсіз ұлттық әдебиетіміздің көркем-эстетикалық өлемінің көкжиегін кеңейтіп, тарихи танымымызды тереңдетіп, әдеби көзқарасымыздың біліктілігін дамытуға зор үлес қосып, әдебиеттану ғылымындағы жанрлық өсуге мол мүмкіндік алып келеді.

Автор шығармасының желісі өзінің балалық шағынан бастап, бүкіл ғұмырына негізделген. Өз өміріндегі болған оқиғаларды қоғамдық саяси, әлеуметтік жағдайлармен сабақтастыра қарастырған. Мысалға айтсақ: «1989 жылы Шыңжаң сапарынан алған әсерімді жұртшылықпен бөліссейін деп, «Көп жылдар өткен соң» атты жол-естелігін жаздым. Ештенені әсерлемей, бұрмаламай, көрген-білгенімді қазақалпында қағазға түсіргем. Қытайдағы реформаның табыстарын, ел тұрмысының түзеліп, молшылық, тоқшылық орнағанын айттым. Сонымен бірге жердің тозғаны, тарихи ескерткіштердің жойылып бара жатқаны, қазақ арасында қалың мал мен рушылдық кеселдердің өсіп бара жатқаны тілге тиек болды. Ең соңында, КГБ жансыздарының арандатуымен жазушы Қажығұмар Шабдан ұлының әлі күнге дейін түрмеде отырғанын айта келіп, Қазақстан үкіметіне қандай жолмен болса да қаламгерге қол үшін беру керек деп жұртшылыққа үндеу тастаған».

Ғұмырнамалық туындыда суреткер роман, повесть, әңгімелердесті шығарма сюжетін әр тараптан орбитіп, үлкен арпаға құйып отыруға мүмкіншілік жасаған, суреттелетін оқиғаға өзбасы тілектес, я жанама түрде қатысты болғандықтан шығарманың сюжеттік желісі автордың дүниестанымы мен көрген түйгеніне негізделген. Автордың бұл романды жазуының да себептері жоқ емес. Өмірді терең барлаған жазушы ел туралы, халық дәстүрі жайында, әр алуан оқиғаның куәсі болып отырады да, оқырманға несі құптатып, неден безендірмек болғанын шығармада анық айтады. Қаламгер өмірден көрген жақсылығын да, шеккен жаманшылығында бүкпесіз ашық айта алған. Ғұмырнаманың құндылығы қамтылған материалдардың молдығы ғана емес, соны жеткізуші баяндаушының дүниестанымы мен көзқарасының тереңдігінде.

Автордың өзі шығарманың идеясын былай көрсетеді: «Түбінде ғұмырнамалық шығарма жазу жоспарда бар болатын. Бірақ, оны сәл кейінірек асықпай жазармын деп жүруші едім. Сөйтсем, оным жаңсақтық екен. Кейін деген осы емес пе? жасым алпысқа толғанда жазбаған мемуарды енді қашан жазасың? Мемуарды басқадан бұрын мен жазуым керек. Өмір дегеннің мынау. Шекараның екі жағында қақ бөліп жатқан бастауы онда, жалғасы мұнда. Тағдырдың айдауы мен осы сызықтық өзін ары-бері сан рет кесіп өттім, кейін кім зерттейді, сол шашылып жатқан ғұмырды? Мен басқан жолдарды кім жүріп өтеді? жарайды, менің сары ізіме түсіп зерттейтін бір фонатик табылсын ақ дейік, бірақ мен бастан кешкен, мен ғана сезінген жайларды, оған кім айтып береді? Әрине, өзімнен басқа ешкім айта алмайды...Бұдан кейін басқа шығарма жазармын, жазбаспын, ал бір кітапты міндетті түрде жазуым керек. Оның аты ғұмырнамалық роман. Идея осылай туды. «Идея – автордың дүниестанымдық сипаттағы тұжырым-бағалаларынан өрбитін көркемдік тұтастықты қортындылаушы деуге болады». Шығарманың идеясы – тақырып, оқиға және оның құрлысы шығармада қатысушылардың арасындағы тартыс оларды суреттеу әдістері түптеп келгенде – жазушының сол шығармадағы айтайын деген идеясына бағытталғанда қандай идеяны үндеуі жазушының өмірге деген көзқарасы,

дүнистанушылығына негізделді. Шығармадағы суреттелетін өмір құбылысын – тартыстарды образ арқылы оқушылардың көз алдына сілестете ой сезіміне әсер ете отырып, жазушы оларды өзі меңзеген бақытқа жетелейді.

Автордың бастан кешкен жайларды сараптай келе, бұл өмірді мақтауға да жаман деп даттауға да болмайтындығын айта келіп, өмір еснің ырқына көнбейтін, ащысы мен тұщысы аралас бас аяғы жоқ, шексіз, таңғажайып бір дүниесі. Адам соған қонақ болып келеді. Сөйте тұра тартыспен өтетіні ғажайып! Демек тіршілік дегеннің – сыры толық ашылмаған, ғажайыптар әлемі. Жазушылық мәнер де – сол ғажайыптардың бірі. Осының бәрін автор ой таразысынан өткізе келе шығарманың тақырыбын «Таңғажайып дүние» деп атаған. Тақырып – шығарманың заттық болмысы болып табылатын бөлшегі.

Қ. Жұмаділовтың романында өмір жолы мен шығармашылық жолы қатар өрбіп отырады. Қытай жерінде қазақтардың ауыр жағдайы жоқшылық пен мұқтаждық жайлаған елдің халін тебіренсе суреттейді. Автордың алғашқы өз әкесі салдырған «Сібетті» мектебінде, «Шәуішекте» оқығандығы айтылады да, осы кезде болашақ қаламгердің тырнақ алды туындысы «Жамал» әңгімесі жарық көрді. Студенттік кездегі шығармашылық туындысынан сөз қозғайды.

Жиырмамыншы ғасыр – қазақ романының дүниесіне келіп қалыптасқан, қарыштап дамып, өркен жайған ғасыры. Жаңа эпос көп ұзамай-ақ өзінің жанрлық балаң кезін артқа тастап оқиғалық сипатымен, әлеуметтік-тұрмыстық пішінін тауып, қанаты қатайып тез өркен жайды. Бүгіндері ол сақайып, күрделі кең арналы терең тынысты әлеуметтік-психологиялық роман дәрежесіне көтеріліп отыр. «Таңғажайып дүние» қазақ прозасының осы бір жетекші жанрының бұл күнде мейілінше марқайып өсіп, әлемдік әдебиет төріне еркін самғаған дәуірде туған шығарма.

Мысалға: үлкен дәуірдің келбеті, қала берді арыстандай ақырған екі империяның тарихы мен тыныс тіршілігін қатар суреттеу (Қытай мен Қазақстан арасы) әдеби талаптарға нормаға сай басты дәлел. Үлкен философиялық категорияларда ой тербететін өмір құбылыстарын, жаңа уақыт жаңа мезгіл

деңгейіне көтеріп, қанық бояу, парасатты көркем тіл тапқан бұл роман тақырыбы мен проблематикасы, характер сомдаудағы шеберлігі, эмоционалдык эсері мен ықпалы жағынан көп ерекшеліктері бар дүние.

Жаңа мазмүн өзіне лайық жаңа түр тапқанда ғана шығарма көздеген межесіне жетпек. Романның құндылығын таптығатын түсы – жазушының қазақ халқының өткеніне, әдебиеті мен мәдениетіне деген сыни көзқарастары. Ол үнемі жазушының жолымен параллельді суреттеліп отырады. Мысалға: «Әуезов шығармасымен тұңғыш рет 1944 жылы ауылда жүргенімде танысқанмын. Алматыдағы «Қазақ елі» баспасынан Шыңжаң қазақтары үшін араб әрпінде басылып шыққан «Абай» романының алғашқы екі кітабы Шәуешекке де жеткен екен. Қалаға жиі қатынап, сауда-саттық жасайтын Мөлғажы деген ағамыз сол екі кітапты ауылға әкелінгі. Бұрын қолдан көшірілген кисса-дастандар болмаса, тасқа басылған кітапты көріп тұрғанымыз осы. Алғашқы бетінде Мұхтар Әуезов деген кісінің ай маңдайлы, бұйра шашты, келіскен суреті тұр. Молдалардың айтуынша, Құран текті мұндай қалың кітаптар көктен түссе керек еді. Жер басып жүрген екі аяқты пенденің де кітап жазатының, әр кітаптың авторы болатынын бірінші рет біліп, сұмдық таң қалғаным есімде...

Бұрын жеңіл оқылатын жыр дастандарды ғана жаттап өскен маған ұзақ хикаялы қалың кітапты оқып шығу оңайға түскен жоқ. Романның тілі де, оқиғасы да тым күрделі, ауыр сияқты көрінеді. Тек бірден қызықтырып, жетектеп әкеткен нәрсе: алғашқы тарауында бас кейіпкер Абай өзім құралпы он үш жасар бала екен. Екінші бір жеңілдік: мұнда суреттелетін оқиғалар да, адамдар да – менің күнде көріп жүрген дүниелерім. Өзіме стене жақын көшпенді қазақтар.

Адам үшін оның өмірінен қымбат ештеңе жоқ, ендеше сол жолда автордың кесіп өткен «Тар жол, тайғақ кешуінің» болашақ ұрпаққа үлгі боларлық тұстары аз емес, ең маңыздысы қаламгер канша қиындық көрсе де, өзінің халқы, оқырманы, оқырман алдындағы парызы еш ұмытылмайды, қаламын тежмейді, жазған үстіне жаза түседі.

Романда автор әрбір туындысы дүниеге келген сайын ерекше әсерде болатындығын көркем өрнектей білген.

«... Ал көштің арты әлі де үзілер емес... Мен сол үдерде көшкен елге қарап, өмірдегі басты бір арманым орындалғандай. Өз тағдырыма мың да бір алғыс айттым. Көз алдымда басымда жүрген романның соңғы тараулары жазылып жатқандай. Мен бұрын өз кейіпкерлерімнің тағдыры немен аяқталарын біле алмай, әр түрлі ойда жүретінмін. Енді міне ол да айқындалды. «Романым дайын тұр, тек жазылуы ғана қалды» – деп Б. Фловер айтқандай, ақырғы нүкте қойылды. «Соңғы көш» деген атты да аузыма Құдай салған шығар. Мынау – сол көш қой болашаққа бет алған. Асау-арда көшпенділердің соңғы бір тұяқ серпілуі... Елге ел қосылып, іргесі бүтінделсе, бұл қазаққа одан артық не керек?

Жазушы Қабден Жұмаділов социалистік реализмнің қасаң қағидаларын еш мойындамаған, мүмкіндігінше халықтық сипаттағы дүниелер тугызуга тырысқан. Оған романды оқу барысында көз жеткізуге болады. Суреткер романда өткен өмірі мен қазіргі және болашақ дәуірдің ішкі байланыстарын іздеп табуға талпынып отырады. Қандай қиын замандар бастан өткізседе қаламгердің рухы жеңілмеген. Ол халқының бойындағы кеселдерді ашы шындықпен айта отырып болашаққа сенетін оптимистігінен бірде жаңылмайды. Мысалға: ашы шындықты айтудан жаңылмайтындығын автордың «Самғау» бөлімінде келтірілген.

Бұл тарауда біз «Таңғажайып дүние» ғұмырнамалық романын образдарға талдаймыз және де автордың стилі, тіл қолданыстағы тағы басқаларына талдау жасаймыз.

Алғаш образ дегенге тоқталсақ, «Образ – шығармашылық ой жемісі. Әдеби образ – нақты өмірлік шындықтан алынып суреткер санасында танымдық және шығармашылық үрдістер нәтижесінде жан-жақты – екселген және бейнелі сөз арқылы қайта жасалған әсерлі де көркем өмірлік шындық». Образ – эстетикалық мәні бар, ойдан шығару арқылы әрі нақты, әрі жинақты жасалған адам өмірінің әсем суреті. Ал образдылық дегеніміз – суреткерлік, сөздегі сурет. Көркем әдебиеттегі басты тұлға – суреткер. Жазушы өзінің романында оқырманды

тағдырына ортақтастыра білген. Әрине онер – қашанда ардың ісі. Қаламгер не жайлы, кім жайлы жазса да алдымен осы өлшемге сүйенсе, оның шығармасы көнке ортақ рухани дүниеге айналады. Әрбір образдарды әдеби шығармаларға айналдырғанда автор көңіл сүзгісінен қайта-қайта өткізген ол Жұмаділовтің қанына сіңген құштарлық. Образға талданбастан бұрын, «Таңғажайып дүние» тұмырнамалық романның бас кейіпкері Қабдеш Жұмаділов образына мінездеме жасау үшін жүйелі жоспар құрамыз және мысал келтірміз.

Олар: 1) жас кезі, 2) осу кезеңі, 3) оқу жолында, 4) күрескер 5) жазушылық кезең. Қабдеш Жұмаділов романда – реалистік образ. «Реалистік образ – өмірлік шындыққа негізделген; эстетикалық-гәрбиелік мәні зор; қоғамдық сипаты айқын; өз бойына жалпылық пен жалқылықты қатар дарытқан, сонымен бірге қоғамдық, көркемдік дамуға байланысты ұдайы өзгерсе, жетілу үетінде көрінетін шынышыл бейне». Образдар жүйесі – идеяның көркемдік көрінісі. Бұл ретте Қабдеш Жұмаділовтың неше қырлы көркемдік позициясы, көркемдік ізденістері назар аудартады. Ең маңыздысы – образдар шындығы мен олардың іс-әрекетінен туған логикалық-көркемдік шешім.

Жас кезі – жастайышын өте зерек, құйма құлақ баланың талабы өз ата-бабасына тартқандығын көпшілік айтатын. Ол өз атасы Күдеріге бір шама тартқандығы. Зеректігіне дәлел әкесінің інісі Нұрахметтің басшылығымен көптеген дастандарды жатқа айтатындығы. Сонымен қоса қыр баласына тән аңқаулығы да бар еді. Шамасы төрттен беске қараған шағым болар. Бір күні сілем қатып үйге келсем, әкесінің жанында бір бейтаныс адам отыр екен, айналасына алақ-жұлақ етіп қарайтын шегір көз сары кісі мен үйге кірген соң әкесі бұрылды да :

–Жүкс, мынау – жаңа сөз етіп отырған менің балам гой, - деді мүлде тың әңгіме бастап. Осы күнге дейін шыдағаным да жетер. Бүгін баламды алып кетейін деп келдім. Ана жылы көшіп бара жатқанда көштен түсіп қалыпты. Тапқан қуанады, тапқан алады, снді баламды өзіме қайтар.

Мен мынау не айтып отыр дегендей апама таман жабыса беремін. Әкесім үндемей мұртының астына күліп қана қойды. Тек апам ғана:

–Өйтіп, біреудің баласына жала жаппаңыз. Бала өзіміздікі, – деп қарсы дау айтқан болды.

–Мен жала жауып отырғаным жоқ. Баламның белгісі бар, – деді. Әлгі адам өршеленіп, онан соң отырған жерінде бешпентінің түймесін ағытып көйлегінің етегін көтерді де, егер менің балам болса, қарынының дәл үстінде маған тартқан мынадай шұңқыры болуы керек. Сенбессендер қараңдар, осындай шұңқыры болса, бала – менікі, – деп кіндігін көрсетті.

Менің ішім қылп ете қалды. Анадай шұңқыр менде бар ма, жоқ па соны әлі күнге дейін білмей келіпін ғой. Пыр етіп ұша жөнелген торғайдай табалдырықтан ытқып шықтым. Киіз үйді айналып, қарынымды ашып қарасам, әлгінің айтқан белгісі айнымай келіп тұр. Енді далаға қарай зытайын. Ауыл сыртындағы ұшақаттың ішіне кірдім де, тырп етпей жатып алдым. Жаңағы кісі атына мініп, бел асып кеткен соң ғана үйге келдім. Бұтаның арасында шыбын-шіркей талап, күнге пісіп, әбден түтігіп кетсем керек. Әкем менің түрімді көріп:

–Жергекте соққан, қу жынды! Баламның жүрсін ұшыра жаздапты-ау! – деп бағанағы қонаққа ренжіп ұрысып жүр.

Сөйтсем, ол әкемнің Дүйсенәлі деген құрдасы екен. Өзі баламен де, үлкендермен де ойнақтасып жүретін кісі еді. Бірақ, сол жолы мені жұбату оңайға түскен жоқ. Әкем мен шешем екі жақтап, «кіндік» деп аталатын ондай шұңқырдың Дүйсенәліде ғана емес барлық адамдарда болатынын айтып жатыр. Ақыры менің көңілімдегі күдікті бір жола тарату үшін екеуі де көйлектерін көтеріп, қарындарын көрсетуге мәжбүр болды.

Жас баланың өмірге деген көзқарасын қаламгер ерекше суреттеген, яғни мұнда образдың (даралығын) біртіндеп қалыптастыруын байқаймыз. Бұл ішкі жан күйзелісімен біте қайнасқан. Мысалға бұл образдың ішкі жан дүниесін дәлелдеуге мысал:

Нұрқан: ... Сендердің көптен күткендерің осы емес пе еді?! Ендеше, жылап сықтаудың не орны бар? Сендер жеңдің де, мен жеңілдім ... Енді маған разы шығарсындар?! Құтыла алмай жүргендерің мен болсам, қарамды батырайын... Қош болындар: деді де, атының басын бұрып алып жүріп кетті

«Апыр ау, Нұрқан әпкемді ұзатуға бұл ел неге асықты, ол әлі де ортамызда жүре берсе болмас па еді? деймін ішімнен.

Біз оны неге ренжіттік?» Соны айтуым мүң екен, мені бір өксік қысып, ал кеп жыламасым ба. Өзімді тоқтата алсайшы. Дауыс шығармай, үнсіз қыстығын егіле беремін ... Осынау ел жұртқа, ата анаға окпелеп, қасарысып көріспей аттанған Нұрқан әпкем үшін жылап тұрған жоқпын ба? Бәлкім, дәл қазір өзім де айқын сезіне қоймаған махаббат бостандығы үшін жылап тұрған шығармын».

Бұл тұста әдет-ғұрыптың кейбір белгілеріне қарсы шығуы сананың өсуіне тікелей әсер етеді.

Өсу кезеңі. Бұл уақыттағы қаламгердің алғаш мектеп табалдырығын аттауымен ұштасады. Жас алғыр баланың білімге құштарлығы айқын көрінеді. Шерияздан Елеукуновтің бір мақаласында «оныншы класты бітіретін жылы Үрімжідегі «Шұғыла» атты журналдың бірінші санында «Жамал» деген әңгімесі жарық көрді. Қабдештің сессю жылдары тым ерте басталғанын көреміз. Балғын талапкердің алғашқы өлеңдеріндегі әлеуметшіл лирикалық қаһарман прозасындағы ел қамын жегіш авторлық тұрғы жастық дәуреннің махаббат, қызығы мол ауылында Қабдештің көп аялдамағандығына айғақ» . Дүниеде өз жақынының алыстап, келмеске кеткені әрбір адамның жүрегінде өшпес орын қалдырары хақ. Қаламгердің әкесінің дүниеден өтуі – ол да бір қасірет, жас өспірімнің келешекке деген сенімін арттыру нақтылы суреттелген. Болашақ қаламгердің шынайы образды ашуына түрткі болған да осы.

Оқу жолында. Әкесінің арманы баласының білімді азамат болуы еді. Бұл арман орындалғандай. Өйткені білімнің барлық саласын игеруге талпынған жас қыранның келбеті осы кезде сомдалған. Оқу білім қуып келген баланың жүрегі жаралаған жай, ол Тұрсын Мұстафиннің «жазықсыз жазалануы» еді. Бұл эпизотта кейіпкер өзіне сан салалы сұрақтарды қардай боратып, бірақ бірде біреуіне жарытып жауап бере алмағандығы. Бұл қасіреттің өзі жас кейіпкердің басына ғана емес, бүкіл қазақ халқының басындағы қасірет екені көзге анық көрінеді. Кейіпкердің психологиялық жағынан танытуда диалог, мінсдеу, жанама мінсдеу, психологиялық мінсдеу тағы басқа

компоненттер орын алған солардың ішіндегі характерді даралайтын реалистік тәсіл қаһарманның өзін өзі зерделуі (самоанализ) алдыңғы мысалға дәлел (Тұрсын ағайдың жаңа ғана «осының бәрі өтірік жала, алдамшы үгіт») – деді – оң солда, есіл ердің шынымен – ақ жазықсыз кеткені ме? Егер ол жазықсыз болса, неге бір адам әділетін айтып, арашалап алмайды? Аландағы мыңдаған халық бір ауыз тіл қатпай, неге үнсіз қарап тұрды? Тұрсынның алдынан өткен жүздеген шәкірттің тым құрыса біреуі қарсы сөз айтуға жарамағаны ма? Әлгі «көп қорқытады терсең батырады» деген қайда. Өкіметтің сол көпшілікті көзге ілмегені қалай? Сол кездегі Қытай жағдайы төтенше. Бұл елде сөз бостандығы деген ұғым атымен жоқ, олар әр сөздің астарында идея, оның артында адам тұр деп есептеген. Сол оқу кезінде жас жеткіншек сақшылардың архивінде жұмыс атқарып, өз танысының бұл кейіпкердің біріншіден алғырлығы, екіншіден жақынға деген махаббатын көрсетеді.

Күрескер. Бар арманы орындалғандай ата жұртқа білім нәрімен сусындауға келген жас талаптың образы шебер сомдалған. Оқуға қабылдану барысындағы қиыншылықтарды мойымай көтерген кейіпкер қажырлы да қайратты мінездерін көрсете білді. Мысалға: Гүлбанудың тағдырына араша түсуі. Бұл жерде автор жеке өз басын ғана емес, қазақтың қызының көз жасының төгілмеуі үшін қол ұшын созады. Қаламгердің ғұмырына көз жіберсек, ондағы адам жанының драматизімінен хабар беріп тұрған көп нәрсені байқауға болады.

«Стиль түзету» кезінде көрген қиыншылықтары авторды ширата түсті. Империяның жасаған саясатына көну заман талабы еді. Қанша қиыншылық көрсе де ешқашан болашақтан үміт үзбеген Қабдеш Жұмаділов, бұл азаптан ақыры құтылды. Қаламгердің өзіндік стилін, дара келбетін, оның сомдаған образдары деген пікірге келісетін болсақ, жазушының осы үрдістер таныла алғандығын атап өту артық болмас. Қаламгер көркем кейіпкерге шартты ұғым ретінде емес, белгілі бір кезеңнің қоғамдық, рухани жүгін көтеріп тұрған заманның, дәуірдің тұлғасы ретінде қарайды. Шығармада өте керемет берілген образдың бірегейі бұл Қабдештің анасы Қанипа. Дәуірдің бар қиындығын көрсе де, еш уақытта мойымай бар

ауыр жүгін өзі көтерген асыл ана баласының болашағынан үміт күткен ардақты ана автордың жазушылық қасиетінің ашылуына қол ұшын берген осы жан. Салт пен ғұрыпты қатаң сақтап, қара шаңырақты берік ұстап отырған. Жазушының әкесі Жұмаділ осындай образға жатады. Өйткені ақсүйектердің ортасынан шыққан адам келбетін өлгенше жоғалтпаған. Өзгеге еш қиянаты жоқ, болашақтан мол үміт күткен қазақтың көреген адамы сомдалған. Образдар жүйесі – авторлық идеяның көркемдік композициясы, идеялық ізденістері назар аудартады. Ең маңыздысы – образдар шындығымен олардың іс-әрекеттеріндегі көркемдік шешім. Шығарманың эстетикалық принциптерінің, көркемдік сапасын танытатын компоненттердің бірі – характерлер. Ал бұл ретте автор характер жасауды шебер үйлестірген. Мысалға: әкесінің ақсүйек ортадан шыққандығын құдасының үйіне баласымен барғанда, (жер ақысының төлсмін сұрап барғанда) құдасының айтқан сөзіне намыстанып, күн боранда үйге қайтуы. Характер жасауда – шығарманың басты кейіпкері Қабдеш Жұмаділовтің негізгі арманы бар білгенін, түйгенін ақ қағазға түсіріп елдің қажетіне жарауы еді. Оны автор орындады, көздеген мақсатына жетті. Мақсатына жетуге себепші болған – тура мінезділік. Психологиялық тереңдікті танытатын компоненттердің бірі – қаһарманның портреттік мінездемесі. Портреттік кейіпкер характерінің динамикалық дамуын көрсетудегі мәні өте зор. Портрет тек қаһарманның сыртқы пішіні ғана емес, оның ішкі сарайын ашуға қызмет етеді. Портреттік деталь, штрихтардың орны ерекше. Мысалға: «Әуезов ортадан жоғары бойы бар, ат жақты кең маңдайлы, құлжа бас, толық адам екен. Маңдайы мен бет бітімі тұтас бір өңірдей екен», — деп Құнанбайды суреттеуі қазір жазушының өз бейнесіне келетіндей. Бұл Мұхтардың алпысқа толатын жылы ғой. Ол кісі маған кітаптағы суретінен әлдеқайда жүдеу, тіпті қартайып қалған сияқты көрінді, маңдайы кейін деп қоңырқай өңі жұқара солғындап, бурылдай бұйра шашы мен шығынқы шүйдесі мен екі шекесіне барып шоғырланған шарасы мол, төңірегі айқын кемсерленіп тұратын ұялы көздерінде әлденеден қажығандық, бір тұңғық мұң бар ма қалай?

Автор адамның бет-бейнесі мен бірге киім-киісін қоса суреттеудің қаһарманның әлеуметтік дәрежесін анықтау мақсатында пайдаланылған. Мысалға: 1) Мәулен Балақасов әлпеті қазақтан гөрі түрікке ұқсайтын, бұйра шаш, құсұмсықтау кісі тұғын. 2) Әпкеміз қолаң шашын қала қыздарынша желке тұсына дөңгелесте қиып тастаған екен, үстінде жағасы ойық шолақ етек, шолақ жең көйлек қана бар... Қайта мына порымы алма мойынын айшықтап, аршын төсін көрнекті етіп, өзге қыздардан ерекшелеп тұрған тәрізді. Мұнда Нұрқанның жаңашылдыққа бет бұрғандығын әлеуметтік дүниестанымшылық өскендігі айқын сезіледі. Осы арқылы Нұрқанның характерін ерекшелей білген. Суреткерлік даралығын оның пейзажды шығарма композициясы мен тұтастығын ашуынан көрінеді. Пейзаждың идеялық-эстетикалық көрнектік образға талдау жасау арқылы ашады. Пейзаж мезгілдік роль атқару мен бірге, кейіпкердің көңілін, ішкі мәнін ашуда үлкен көркемдік мәнге ие. Мысалға: «Шамасы, желтоқсан айының орта шені болар. Күн шайдай ашық, бірақ ауада бет қарыған қызыл шұнақ аяз бар еді. Сол жылы Тарбағатайдың күнгей бетіне қар қалың түскен. Айнала аппақ тап-таза. Тал теректердің бұтағына дейін мысық құйрықтанып, қолың тиіп кетсе сау ете түскелі майысып зорға тұр. Жер-дүниені басып жатқан қалың күпсек қар күн нұрына шағылып бейне күміс тозаңын сеуіп тастағандай жалт-жұлт етеді. Біздің қыстауды айнала қоршаған жон-жота, бел-белестер, жұп-жұмыр соғымға сойылған қойдың құйрығындай томырылып, көзге шалынады. «Бұл пейзажды бейнелесуде мезгіл мен мекен нақты берілген. Мезгіл – желтоқсан айы, мекен – қыстауда. Кейде пейзаж оқиғаларды дамыту, қаһарманның мінез қырын ашу, шығарманың эмоционалдык қуатын арттыу мақсатында қолданылады. Мысалы: әкем ақ тілеп атандырмаған сапарым осы шығар-ау! Малдыбай аңғары құлағызып бос қалғандай, дүние тепе-теңдігінен ажырап, өңірде бір үлкен өзгеріс болғандығын осынау көктемдегі аласапыран табиғаттың өзі-ақ аңғартып тұр». Автор романда табиғат көрінісі көтерген мәселеге, тартыстың сипатына қатысты бейнеленген. Туындыда ескеретін бір жайт диалог. Диалог – әйтеуір бір кейіпкер атаулының талғаусыз сөзі емес, ол

дүниетаным, мінез айқындаудың ең төте жолы екі мәлім... Сондықтанда нағыз диалог сөздер мен мінездің кәміл көрсеткіші тәрізді. Сен ұмытпай, мына жігітті ұмытпай біздің үйге ертіп кел – деп тапсырды.

Мақатанға керегі де сол болатын.

–Жарайды, Маған аға, сөз жоқ, келеміз, – деді лып етіп.

–Отағасы, мен – Мақатанның жетектеп жүрген бәсере дойбышысы емеспін. Егер қарымта қайтарғыңыз келсе, өзімді шақырыңыз, – дедім.

Мағауия шалыс басқанын енді сөзге керек, бір сәт аңырап тұрып қалды да:

–А, солай ма еді ... Кешір, бауырым : Мақатан біздің үйді жақсы білетін болған соң айтып жатқаным ғой, – деп жуып-шайған болды.

Біз сол күні ет жең, сорпа ішіп, негізгі шаруамызды артығымен орындадық та, қайтып кеттік».Сол кезде қанша жүдеп ..., о баста құдай жаратқан өр кеудесі осы диалогта көрініс тапқан.Тек өр кеуде емес бұнда автордың ішкі мені толық қалыптасқандығы, адамзат баласына әрқашан жауабын тіктен қайыруы.

Бұрын он рет, жүз рет, тіпті өмір бойы көрген, бастан кешірген оқиғаларды көркем шығармаға айналдырып қағаз бетіне түсірер сәтте сол оқиғаларды ерінбей, жалықпай тағы да әлденеше рет көңіл сүзгісінен өткізіп барып жазу – Қабдеш Жұмаділовтің қанына сіңген қасиет. «Жазушы әр сөйлесімде кеткен әрбір артық буынның, не болмаса жетпей тұрған бір буынды сезінуге тиіс». Осы тұрғысынын алғанда бір назар аударатынымыз – ол ішкі монолог. «Монолог – грек сөзі, бір сөз деген мағынаны білдіреді. Әдеби шығармадағы кейіпкерлердің көңіл-күйлерін білдіретін толғау сөзі, кейіпкерлерді сөйлету тәсілі. Монолог–кейіпкерлердің өз-өзімен сырласқандай, ойланып-толғанатындай болып айтылатын сөзі. Монологтың мағыналығы сол адамның ішкі сырын, көңіл күйін-күйін, психологиясын терең ашып көрсетуге өте ыңғайлы». Тарихи шындықты көркем бейнелеуде қаһармандардың психологиялық дәйектілігіне мән бере отырып, халық трагедиясының табиғатын ашады. Суреткер оқиғаны суреттеуде түрлі көркемдік тәсілдерді

қолданған. Солардың бірі – ішкі монологқа салмақты көбірек түсірген. Қытай жерінде қазақ диаспорасының басына түскен қиямет заманында адамдардың сыр аша беруі неғайбыл еді. Жазушы осыны да қатал ескерген. Шығарма онысымен де шынайы.

Қаламгер өзінің жерін географиялық дәлдікті сақтай отырып суреттеген. Мысалы : « ... енді әкемнің қара қыстауы Малдыбайға келе жатырмыз. Алғаш шыр етіп жерге түскен жер, ес кіріп, етек жапқан, көбелек қуып, қозы баққан жерлер ғой. Осының бәрі кейде түсіме кіретін.. Туған жерді сағынғанда ұлдарыма мынадай сөзге айтып беруші едім. Сонау шығыста, алыста Тарбағатай деген тау бар. Сол таудың күнгей бетінде кең аңғарлы Малдыбай бұлағы бар. Аңғарлы ну тоғай, жыныс орман. Құшақ жетпейтін, қыстың күндері бұтағына бүркіт қонақтап отыратын, алып бәйтеректер көкке бой созып тұратын. Сол тоғайдың нақ ортасында, іргесі құйма тастап қаланған, бабаларың Күдер бидің қара қыстауы бар. Сендердің көкелерің сол қыстауда дүниеге келген». Жазушы көбіне-көп табиғатты, сұлулықты, адамның ішкі-сыртқы жан сарайын, баршамызға тән ғашықтық сезімді жеріне жеткізе жырлай білу тіршілік тамырын тап басумен бара-бар.

Жазушының туындысында ерекше көзге түсетін бір қасиет халқымыздың ауыз әдебиеті, салт-дәстүрі, өнерге деген құштарлығын ерекше бір сезіммен ұлттық калоритін қалыңдата суреттеуі. Өнерге деген сүйіспеншілік – адамның өмірге деген құштарлығының белгісі. «Жарты сағатта жығып, жарты сағатта тігіп ала қоятын баспананы тек қана көшпенділер ойлап тапқан дей келе, көшпенділердің ұлы дәстүрін көштің әрбір сырын бүге шігесіне дейін жеткізіп, өрнектейді. Көліктегі жүктің үстіне қалы кілем, сәнді алаша, жаңа сырмақтар жабылды. Бойжеткен қыздар мінген аттарын алтынды және күмісті ер тұрмандарын да жарқыратып көрсететін кез осы тұс. Өйткені, бұл көш жол жөнекей талай ауылдардың үстінен өтуі мүмкін, бұл кімнің көші дегенде, жұрт тым жүдеу көрінбеуі керек». Қаламгердің ауыз әдебиетінен нәр алғандығын оның анасының жоқтауынан көруге болады :

«Асылдан қалған кез едің,
Айнымас ердің өзі едің.
Қапыда сенен айырылып,
Қайғыңа қалай төземін?
Қара бұлт торлап аспанды,
Қара бір көзден жас тамды.
Үмітте күткен ұланың –
Қабдешінің аргта жас қалды» ...

– деп жырлаған.

Құда түсу салтына байланысты да эпизоттар келтірілген «Ертеңіне жиналған жұртқа тай табағы тартылады. Желініп жатқан етте, ішіліп жатқан қымызда есеп жоқ. Қыз отауы жақта жар-жар айтылса, екінші бір жақта балуандар күрессіп, ауыл сыртында көкпар қызып жатты. Құданы суға салу, неше күннен бері тобеге көтеріпі төрге отырғызып қойған құданы сүйреп алып шығады да бірнеше жігіт қаумалап ұстап тұрады, көлкіп жатқан бөгетке тастап кеп жібереді. Әйтседе, алмақтың да салмағы бар. Суға салынған құда, міндетті түрде кит киюге тиіс». Романдағы кесек эпизоттар ғана емес, әр көрініс, әр сюжет, әр сәт жан дүниесінің болмашы бір қалтарысы мен әр сөз үшін жанның қанша қайрат, қанша жігер, қанша тер төккені қаламгердің көркем сөзге деген жауапкершілігін көрсетеді. Шығармада кездесетін метафора, метанимия, кейіптеу, құбылту, табу, теңеу түрлері сырлы өрнектелген. Мысалы: Жеті қазынананың бірі ит иссі қайтыс болғанын қимай, бейіт басында жүргені оның иссіне деген адалдығын бейнелсіді. Қаламгер көркем сөзді ойната білу арқылы, әрбір оқиғаның соңынан дәлелді болу үшін мақал-мәтелдерді қолданған. Кезінде Күдер атасы айтып кеткен мақалдар: 1. Құдай қаңсып отырып пансып отырғаннан, кеуіп отырып, теуіп отырғаннан сақтасын. 2. Тәуіптің жақсысы дертке қоспағаны, бидің жақсысы – дауға қоспағаны. 3. Байсалды айғыр ат жақтайды, қу бас айғыр құлынын талайды. 4. Ұлдың өзі тугандай, келіні өзі келгендей.

Ал жазушының өзі шығармада жиі қолданған мақалдары:

1. Аштан өлсек те, аттан өлмейік. 2. Жетім қозы тасбауыр, жайылар да отығар. 3. Құдайсыз қурай сынбайды. 4. Ауылым

қонды жотаға, шаңырақ салдым ботаға. 5. Жығылған үстіне жұдырық. 6. Ит сорлысы көшбасшыға ереді. 7. Өзі жарымның сарқытын ішпе. 8. Ит терісінен биялай жасайтын. 9. Иттің иесі болса, бөрінің тәңірісі бар.

Жазушының сөзге деген талғампаздығы мен асқан жауапкершілігі таңдандырмай қоймайды. Автордың қай шығармасын алмасаңыз да оқырманға түсініксіз сөздерге арнайы тоқтап, оның мағынасын, төркінін нақты, тура, қысқа келтіріп берген. Бұл көпшілік қауымға оқырманға деген сөзге, сөз өнеріне деген жауапкершілік. Мысалы : «Келесі жылы жаңбыр шектен тыс көп жауып, астыққа күл түсті. Осындағы «күл» дегеніміз бидайдың дәнін жеп қоятын тат. Күл түскен дәнсіз масақ иілімсі сорайған күйі орусыз қалды». Бұл дегеніміз жазушыға тән шеберлік. Былай айтқанда тура түсіндірмелі сөздік. Қ.Жұмаділовтің сөзге, сөзден құралған бүтін бір шығармаға деген талғамы айқын. Әдебиет деген сыйқырлы әлемде жазушының сңбегі санмен емес, сапамен, мол емес, аз бен де өлшенерін өз шығармашылық мектебімен дәлелдеді. Ғалым З.Қабдоллов айтқандай « ... өмір күнде той емес. Өмір сүру азап бейнет. Өмір сүру – талассыз тартыс, талас, күрес. Адам баласы қашаннан қаранғыдан жарыққа, төменнен жоғарыға, тапшылықтан молшылыққа, бейнеттен рахатқа ұмтылумен келеді. Адамның адам қоғамында өмір сүруі мағынасының өзі осы. Дәл осы мағынада бүкіл әлемдік әдебиеттің, оның ішінде, қазақ әдебиетінің алдында әдебиет, әдебиет болғалы күн тәртібінен түспеген орасан зор өзекті, өте-өте іргелі де күрделі екі ақ-сұрақ тұрған, тұр және тұра бермек. 1. Адам тіршілік ету үшін өмір неге жайсыз? Осыған кім жазықты? 2. Адам жайлы өмірге қайткенде жетпек? Ол үшін не істеу керек. Әр жазушы тек осы екі сұраққа жауап беру үшін ғана өмір сүруі шарт. Әр жазушының өмірі мен өнердегі орны осы екі сұраққа берген жауабымен өлшеуге тиіс». Адам өлсе – өлсін, ақиқат өлмесін, қаламгер не жайлы, кім жайлы жазса да алдымен осы өлшемге сүйенген, оның шығармасы көпке ортақ, рухани дүниеге айналды. Қ. Жұмаділов осы сұраққа жауап тапты деуге болады.

Бұл тарауды қорытындылай келе, бүкіл бөлімді жазушының баспасөз бетіне берген сұхбатымен аяқтауға боларлық.

–Менің қаламымды қозғаушы күш не десеніз, шындықты айтуға күштарлық. Шындықты айтудың да өзіндік ләззаты бар, бойың жеңілдеп, зеңгір көкке еркін қанат қаққандай бір рахат күй кешсең. Сол үшін де өмір сүріп жатқан сияқтымын. Бар сүйенерім қалам ғана. Жұрт білетін иісі қазақ білетін азаматқа айналсам – сол қаламымның арқасы. Қаламнан күшті қару жоқ деп табынатынымда содан. Кезіндегі әдебиетке деген партияның үстемдігі құрылымға кетті. Енді әрбір ұлт өкілі өзінің тарихына, өткеніне үңілуде. Жоғалтқаны мен тапқанын, ұтылғаны мен ұтқанын салмақтауда. Қазіргі әдебиетімізде гүмырнамалық романның белең алғанын осы себептен де түсіндіруге болады. Өйткені қазіргі қоғам, адамға қарай бет бұрғаны өмірдің бар саласынан байқалады. Қазіргі проза, оның ішіндегі роман дамуының бір тенденциясы осы.

Әрбір жанрдың өз ерекшелігі мен өзіндік табиғаты бар. Әдетте бір жанрға қойылған талапты екінші жанрдың табиғаты көтере алмайды. Жазушы романынан қоғамдық-әлеуметтік өмір барысында арасында болатын кейбір қайшылықтар мен тартысының болмысын айқын көреміз. Ең ұтымдысы – жазушы жекелеген тұлғалар төңірегінде қалып қоймай тұтас дәуір портретін барлық қайшылығымен, жетістігімен танытуға талаптанған. Халқымыздың мәдени, рухани, қоғамдық, саяси өмірінде болған кейбір жағдайлардың астарына үңілуге тырысады. Романның даралығын айқындайтын тұс – кейіпкердің екі түрлі қоғамды Қазақстан мен Қытайды салыстыра суреттеуі. Қытай секілді державаның құрамында бодан қазақтың психологиясы бар да, өз елінде еркін жүрген Қазақстандағы қазақ психологиясы бар.

Шығырмада суреттемелерден гөрі баяндау тәсілі басым. Бұл романның көркемдігі солғын деген сөз емес, шығарманың өзіндік сипатының белгісі. Демек, тарихи фактілер әлеуметтік оқиғаның сырын ашуға көмектескен жағдайда ғана көркем болмақ. Яғни мемуарлық романда тек жазушы өмірінің фактілерінің көшірмесі деп қарау ағаттық. «Таңғажайып дүниесі»

романының материалының байлығы, оқиғасының молдығы жағынан «Шежіре» деп атауға тұрарлық.

Романда көрінгендей, автордың негізгі дйттейіні – жазушының ой бостандығы, дүниесі болмысы жексе адамның танымы мен түсінігі арқылы беру, сол арқылы өмір шындығын ашуға деген талпыныс. Бұл кезең қазақ тарихы мен мәдениетінің, әдбистінің кемшілік тұстарын сақтап, жаңа пайымдауға ұсынылған кезең. Алайда әдебиет болған жерде сын болады. Ол – заңдылық. Яғни «Таңғажайып дүние» туралы да сын мақалалар жарық көрді. Біздің қытығымызға тиген, пенделік кішкентай намысымызды қорлаған басқа нәрсе. Жалғыз біз – Мұхтар Мағауин ғана емес. Осыдан үш-төрт жыл бұрын марқұм болып кеткен Бекжан Тілегенов, ескенге еск артып отырған қарт майдангер Ә.Нұршайықов, аға жасындағы Қабдеш Жұмаділов. Аспаннан аяғы салбырап түскен А. Сейдімбек мырза бұл құрметті қаламгерлердің барлығын да жазушы емес деп жарияласа, жазған шығармаларын іске алғысыз етіп жатса, оң болар, теріс болар, түсінігі солай болар деп қоя салар едік. Бірақ А. Сейдімбек мырза Ә.Нұршайықовтың, Б.Тілегеновтың, Қ.Жұмаділовтың және мына мен – Мұхтар Мағауиннің мемуарлық кітаптарын жалғыз ауыз сөзбен мансұқ етумен шектелмейді, осы төртесуінің адамдық намысына, иманына, ожданына тіл тигізген анайы, бейпіл сөздерге барады. Оларды қазіргі қоғам үрдісінен, тәуелсіз ел тынысынан сыртқары қалған, қарақан басының қаракетін күйттеген, адамгершіліктен жұрдай, қазақылық қасиеттен кенде, құнсыз бірденелер ретінде кейіптейді.

Таратып айтсақ, жоғарыда аты аталған міскіндер, яғни Бекжан Тілегенов, Әзілхан Нұршайықов, Қабдеш Жұмаділов және Мұхтар Мағауин :

1) ұлт тағдырының туынан, қара басының, мүддесін артық көреді; 2) үлкен идеалдан ауытқымайтын қасиеттен жаңылған; 3) Сәбит Мұқановтың мемуарындағыдай жазбаған (яғни түйсіксіздігі соншалық Бөкейханов, Байтұрсынов, Міржақып, Мағжан, Сұлтанбектерді балағаттап сөгетін дәрежеге жетпеген; 4) қазақы кісілік бойында қалмаған. Ақын ініміздің момындықпен өткен Бекжан, қалтақтап жүрген мені қойшы,

соңғы он жылда бір бес инфаркт алған абыройлы ақсақал Әз ағана, соңғы үш жыл бойы сүйікті газетінің ерекше ықыласына бөлсініп, естімеген сөгісі қалмаған Қабекенге неге жаны ашымаған. Әлде Ақселеу – сыннан тыс, ал мына кісілер тері тулақша қалай сүйрете берсе де жөн болғаны ма ... Бұл – кім бекіткен заң. Бұл мақала «Алтын Орда» газетінде Ақселеу Сейдімбек жазған, соған «Жұлдыз» журналына қарсы пікір жазған мемуарлық романның авторы М.Мағауин еді.

Ақселеу Сейдімбектің мақаласына қарсы пікір айтуға болады. Онда мемуар жазған адам өзінің дүние танымына сүйенеді. Тек социализмнің қасаң қағидасына сүйенбеу керек. Суреткер адам, қоғам, уақыт үшеуін қатар алып жүргендігі қаламгердің өмірлік кредосы – ар тазалығы, болашақ ұрпақ алдындағы жауапкершілік. Шығармада нағыз қазақы коларит аңқып тұр. Онда көш дәстүрі, қыз ұзату, қолөнер дәстүрі, жоқтау, сөз өнері фольклористикасы бәрі қамтылған. Яғни Ақселеу Сейдімбектің сыны шындыққа жанаспайды. Оны тек жеке басқа тиісушілік деп түсіну керек іштарлық, көрсалмаушылық. Өмірдің қай саласында болсын табыну мен жағыну орын алған жерде оның арты жақсылыққа апармайды. Табыну әсіресе әдебиетке жат нәрсе. Әдебиет әр халықтың рухани қуаты оны ешкімге де жығып беруге болмайды. Мемуар жазатын адам көпті көру керек, соның ішінде қиындықтың дәмін тату керек. Сонда ғана мемуарлық дүние жарық көрседі. Бұл жерде аталмыш оқу құралында осынау керсегар пікір иелеріне баға беру, біреуін мақтап, біреуін даттау біздің міндетімізге жатпайды. Біз тек осынау оқиғалар тұсында айтылған, жазылған ой-пікірлерді ғана келтіріп отырмыз.

Жекелеген жазушыға арналған мақаланың бір түрі әдетте белгілі бір датаға, оқиғаға байланысты жазылатындықтан да мүшелтой деп аталатын негізгі нысаны– қаламгер. Осыған мысал Ш. Елеукуеновтің Қ. Жұмаділовтің 60 жылдығына орай «Қазақ әдебиеті» газетінде «Телқара» атты үлкен мақаласының жарық көруі.

Талай жерді аралаған азамат әр елді көріп, әрқашан елін жоғары ұстаған. «Менің табаным тиген жер, «Шетелі» – бұрын он бес Республика, сонан соң Қытай, Монғолия, Түркия, АҚШ»,

–дейді автор. Поэзиядан прозаға ауысуында. Талай жерде болғандығы да себепші болған шығар. «Өмірдегі көргендерім мен көңілге түйгендерім өлеңге сыймай, арнасынан асқан өзендей тасып жатқан» – дейді. Шеберлік – қабілет көрінісі, қимыл-әрекет иесінің еңбектенген ісін көп ұнамды дәрежеде, өнер таныта атқаруы, соған әбден машықтану. Бұл қасиетті жазушыдан табамыз. Талант – алдымен шыдамдылық, еңбек, тағы да еңбек. Қалам ұстап, ақ қағазбен бетпе-бет келгенде арождан таза болмаса, онда жазу бекершілік дей келе автордың «Таңғажайып дүние» ғұмырнамалық романы жазушының суреткерлік, адамдық болмысының көрінісі, өмірлік тәжірибесінің жемісі.

Қазіргі қазақ әдебиетінде прозалық шығармалардың көптеп шығып жатқаны, олардың тақырыптық, тартыстың, идеялық, шеберлік аумағының мейілінше кеңейуінде.

Проза жанрындағы байқалатын шындық ол – жазушының әлеуметтік, өмір тәжірибелерін зерттеуге ұмытылуы өздерінің дарынына шеберлігіне лайық жанр тандап, мәнер, стиль қалыптастыруы. Бұрынғы жылдардағы қазақ әдебиетіне қасырғ болып жабысқан схематизм, жасандылықтан арылуы оқиға, характер, образ тандау мүмкіншілігінің өсуі, яғни шығармашылық еркіндіктің қалыптасуы.

1999 жылы «Тамыр» баспасынан жарық көрген Қабдеш Жұмаділовтың мемуарлық романы осыған дәлел. Жалпы романға тоқталмастан бұрын ғұмырнама деген не? Қарапайым тілмен айтсақ және оқырман ретінде жарық көріп жатқан мемуарлық шығармалар легіне ден қойсақ, қазіргі таңда ғұмырнамалық шығармаға төмендегіше анықтама берген жөн.

Ғұмырнама (биография) адам ғұмырының жылнамасы. Әдебиеттануда жазушының өмір жолын зерттеу. Бұл зерттеушілік жұмыс үшін өте қажетті, өйткені суреткердің өмірлік тәжірибесін әлеуметтік – тұрмыстық жай күйін, толғаныстарын көркем шығармашылықта көрініс берсді. Көркем образдың прототиптерін білуге, шығармашылық процессте жеке өмірлік материалдардың қорытынды жайын түсінуге суреткердің лабораториялық құпиясын ашуға көмектеседі. Жазушының өнегелі өмірі мен мінез ерекшеліктері

үлкен тәрбиелік те роль атқарады. Күнделіктер, хат естеліктер, суреттер, өзі жазып қалдырған әр түрлі деректер ғұмырнама жазуға негіз боларлық материалдар. Ғұмырнаманың бір түрі – автобиография. Яғни автордың өзі жазып қалдырған ғұмырнамасы. Ғұмырнамалық шығармаларда естелік немесе өмірбаян күнделік сурет түрлерін пайдалану бұл көркемдік тәсіл ретінде қолданылады. Шығармадағы болған оқиғаға нақтылы деректерге сүйене отырып жазылуы керек, яғни шығармада белгілі тарихи кезеңнің айтарлық мәні бар. Жазушы өзі көрген білген оқиғаларды әртүрлі адамның мінезін, іс-әрекетін, сол кездегі алған әсерін сақтай отырып, сондағы қоңір күй әуенімен суреттейді. Бірақ, жазушының сол өткен шындықты еске алып, қорытып, өзінше бағалап бейнелегеніне шығарманы жазған кезде уақыт тынысының келбеті көрінуі керек. Ғұмырнамалық шығармада автордың өзі көріп білген жайларды әртүрлі адамдардың әрекетін анықтап айғақтап айтылатын – бұл жанрдың өзгешелігі және артықшылығы. Баяндалған оқиғалардың нақтылы да әсерлігі де осыдан туады. Ғұмырнамалық мақалалар тек даталарға байланысты емес, басқа да кездерде жазыла береді.

Кеңес дәуірінде адам факторы аяққа тапталған кезде, жеке басқа табыну кезеңінде әдебиетте ғұмырнамалық романды жазу дамымай қалды. Өйткені жеке адамның пікірі, көзқарасы ұжымдық сананың тасасында қалып қоятын, сондықтан да болар, бұл жанр кенжелеп дамыған. Алайда, қазақ әдебиетінің қаламгерлері мемуарлық жанрда біршама шығармаларды дүниеге әкелді. Атап айтқанда, Сәкен Сейфуллин «Тар жол тайғақ кешу», Сәбит Мұқанов «Өмір мектебі», Ғабиден Мұстафин «Көз көрген», Әзілхан Нұршайықов, Мұхтар Мағауин, Қ. Жұмаділов, Қ. Ысқақов, т.б.

Қ. Жұмаділовтің өзі мемуар дегенге мынадай пікір айтады: «Мемуар – біздің әдебиетте кенже дамыған жанр, мемуарда болған нәрсені бүкпей айту – басты шарт десек, оған кеңестік дәуірде екінің бірі тәуекел ете алған жоқ. Күнделікті жазу жазысқан хаттардың түбіртегін сақтау салтқа еңбепті. Негізінен зердеге сүйенуге тура келеді. Адам жадынан артық сүзгі жоқ, қажеттісі есте қалды, қажетсіз ұсақ-түйек ұмытылды. Демек, бұл

шығарманы естен кетпес сәттердің жиынтығы десе де болады деп жұршылыққа үндеу тастаған».

Шығарманың идеясы – тақырып, оқиға және оның құрлысы шығармада қатысушылардың арасындағы тартыс оларды суреттеу әдістері түптеп келгенде – жазушының сол шығармадағы айтайын деген идеясына бағытталғанда қандай идеяны үндеуі жазушының өмірге деген көзқарасы, дүниетанушылығына негізделеді.

Қ. Жұмаділовтың «Таңғажайып дүние» ғұмырнамалық романының мазмұндық құрылымында мемуарлық романдардың әр ұлт әдебиетінде кең тараған стандартты үлгісіне жатқызуға болатын көркемдік-құрылымдық негіздерді жеткілікті деп санауға дәйектер бар. Белгілі бір көзқарастар тұрғысынан алып қарағанда, шаблонға айналған формада жазылған шығарманың оқырманды қызықтыратын жағы, сөз жоқ, оның мазмұны, келтірген деректері мен фактілері, ұсынатын идеяларының ауқымдылығы мен тілдік қолданысы. Көркемдіктің осынау манызды компоненттерін жазушының дұрыс қолдана білуі нәтижесінде туындының эстетикалық шоқтығын едәуір биікке көтере алған деп айтуға болады.

Қазақстанның халық жазушылары, әдебиет – сөз өнерінің майталман білгірлері Ә. Нұршайықов, М. Мағауин, Қ. Жұмаділовтердің шығармашылық зертханасына ерекше назар салып, олардың өзіндік ерекшеліктері мен шығармашылық тәжірибелеріне зерттеу жүргізгенде, шығатын қорытынды біреу ғана екенін көз жеткіземіз.

Жазушылық о баста табиғат берген, туа біткен қасиет болғанымен, шын шеберлікке азапты ауыр еңбекпен, мол тәжірибе, машықпен жетесің. Бірақ ол тәжірибе артқан сайын шығарма жазу оңайлай берсе деген аз емес. Жазушылық өнердің және бір ерекшелігі, ол – жалғыздың кәсібі. Гомер заманынан бері уақытқа бағынбаған, еңбек құралы өзгермеген, бірден – бір көне кәсіп те – осы жазушылық. Қазіргі техника дамыған, өркениеттің уақытында да жазушының құралы қалам мен қағаз. Жазу өнерінің өзге кәсіп ескілді оқып, дайындап үйрететін мектебі жоқ, әлде кімге мұраға қалдыратын қолмен ұстап, көзбен көретіндей қасиеті де жоқ, тылсым өнер.

Шын суреткер әдебиетке өз өмірбаянымен келетіні, өмірбаянына орай төл тақырыбын ала келетіні белгілі. Жазушының концепциясы, стилі, қолтаңбасы дегендер осы тақырыбы ерекшелігінен туындайды. Алайда, сол тақырыпты игерудің өзі біркелкі болмайды. Кейде болашақ шығарманың материалын тынымсыз ізденіс үстінде, тарих қойнауын ақтарып жүріп табатын болсаң, енді бірде тағдырдың асау толқыны сені өзімен бірге дөңгелетіп алып кетеді де, біз қарастырған шығармашылық иелері Ә. Нұршайықов, М. Мағауин,

Қ. Жұмаділовтердің ғұмырнамалараның шығармашылық зертханасының бір – біріне өте үқсас болумен қатар, әрқайсысының өзіндік ерекшеліктері бар екенін көреміз. Бұл үш ғұмырнаманыңда бас идеялары – автор-кейіпкердің көтерген тақырыптарына орай беріледі. Зерттеу нысанамыздың негізгі мақсаты дерек пен көркемдік шешімнің арасындағы суреткерлікпен шеберліктің берілуінің мәнін ашу болатын. Ғұмырнамалық шығармаларда «мен» ұғымын, яғни бірінші жақтан баяндауды жоққа шығара алмаймыз. Себебі, мұнда баяндалар барлығы автордың тікелей басынан кешірген немесе автор қатысып, басы – қасында оқиғаның болған деректерден алынады. Орыс әдебиетінде мемуарлық жанға үлкен үлес қосқан М. Горькийдің өмірде ұшырасатын әр түрлі адам типтерінің ғұмырнамада болуы орынды екендігі туралы айтқаны: «Адамдардың түрлі – түрлі болатынын білеміз, мынауы – мылжың, анаусы – сөзге сараң, мынауы – мазасыз әрі дандайсыған, анаусы – өзіне – өзі сенбейтін, ұялшақ, әдебиетші сараңдардың, пысықтардың, энтузиастардың, мансапқорлардың, қиялшылдардың, дөң мінсздің, сңбексүйгіштердің, жалқаулардың, ақкөңілділердің, қаскүнемдердің, бүкіл дүниеге селсоқтардың т.б. осындайлардың бас қосқан, алқа -қотан ортасында өмір сүретін сияқты», – дейді.

Ә. Нұршайықов, М. Мағауин, Қ. Жұмаділовтердің ғұмырнамасындағы автор-кейіпкерлер де шарлаған өмір торабының барлығында да осындай алуан мінсзді адамдармен қатысты болып, соларды көреді, жазушы тек саяси идеологиялық жағынан емес, өз өмірлерінде аса бір маңызды

мәселелер кезінде біліктілік пен адамгершілік танытқандарымен қатар, күншіл, кекшіл, қиқар мінсзді жандардың тіршілігін толығымен танытады. Авторлардың шығармаларының тақырыбы, жанры, концепциялары ортақ болғанымен, өмірлік жолдары, шығармашылық танымдары әр түрлі болуы себепті өмірлік деректі көркем бейнесге айналдыруларында да белгілі бір дәрежеде айырмашылықтары кездеседі.

Ә. Нұршайықов, Қ. Жұмаділовтер ғұмырнамасында шығармашылық жолды баяндаудан гөрі өмір жолын бейнелеу жағы басым келеді. Мәселен, бұл туралы ойын Ә. Нұршайықов былай деп тұжырымдайды: «Менің замандастарым» өмірбаяндық романы үш кітаптан тұрып, өзімің отыз жылдық өмірімді қамтуға тиіс еді. Бүгін, ауруханада жатып, аяғын қасындағы әйелім Халимаға ауызша айтып, (диктовать) стіп, екінші кітаптың соңына нүкте қойдым. Бұл екі кітапта алпысыншы, жетпісінші жылдар оқиғалары қамтылды. Үшінші кітап сексенінші жылдарға арналып, менің роман-диалогым «Ақиқат пен аңыздың» бас кейіпкері Бауыржан Момышұлына 1990 жылы Кеңес Одағының Батыры атағы берілу салтанатымен және менің Қазақстанның халық жазушысы атағын алуыммен аяқталуға тиіс еді. Ол мақсаттың орындалуы, орындалмауы денсаулыққа байланысты. Осы ақпанның төртінші мен жиырма бірінші арасында тура он рет өліп, тірілгендей болдым. Әйтсеуір, дәрігерлер аман-есен алып қалды. Ар жағын бір тағдырдың өзі біледі.

М. Мағауинде бұл ұстаным мүлде басқаша, жазушы оқырманна шығармашылық өнердің қиындығы мен жүзге асу процесінен мол мағлұмат беруді көзден керек. Сондықтан авторлардың бейнеслер объектісінің

Ә. Нұршайықов пен Қ. Жұмаділов топтасып келу жағы басым болса, М. Мағауинде даралап көрсету басым.

Бұл бір жағынан тағдырлары талай тығырыққа тірелген дүрбелең кезеңге өмірлері тап келген Ә. Нұршайықов пен Қ. Жұмаділовтің ғұмырлық жолдарына сай алынса керек. Жазушылар сол кезеңдегі деректерді оқиғалар көлемінде алып, өздеріне қатысты жағдайларды жан-жақты бейнелейді. Мемуарлық шығармада образдарды ұлттық характерімен

жетілдіріп, келтіріп отырған жазушылардың өздері де, өз халқының ұлттық кескінін өзі арқылы да көрсетеді.

Осы арада мемуар авторларының ұлттық характермен көрінуі де жай шығарма жазушылардан басқаша бояулылау. Олар – біріншіден жазушы ретінде көзге түссе, енді, екіншіден, кейіпкер қатарында байқалады.

Жазушылар өмірде болған адамдарға типтік келбет бергенде, оның мазмұнына белгілі идея ұсынады. Ол идеяның өмірде болған жайлардан туындағанына сөз жоқ. Әрине, жазушы кейіпкерлерін басынан кешірген өмірлік ситуацияларға бейім қалпында суреттеп алып келеді. Зерттеушілер

Ю.Опелянский мен К.А.Федин: «Алайда, тіпті өмірбаяндық туындылар мен құжаттың тарихи романдарда уақыттық жылжуларға, әр түрлі адамдарға тән қасиеттердің бір ғана кейіпкердің бойына жинақтауға жол беріледі» – дегені осы ойларымызға дәл келетіндей.

Образға айналған өмірдің қарапайым адамдары енді бір жағынан, автордың идеясын алған, алып барушы да болады. Автор ол бейнелерге еш те селқос қарай алмайды; енді әр бейне автор өмірі мен қоғам, әдебиет, мәдениет ісіне қосқан үлесімен суреткерге тікелей қарым-қатынасы арқылы бейнеленіп, баяндалмақ. Осы контексте өмірдегі жан ойлауы мен мемуардағы бейне ақыл-парасаты автор идеясымен қабысып та қалатыны фалсапа емес.

Мемуарлық шығарма кейіпкерлерінен де авторды көреміз. Шығармада жазушы кейіпкерін шығармаға енгізуші ғана емес, олардың әр қайсысына өз бағасын, үкім парасатын айтушы ғана емес, әр қаһарманның өмірін өз басынан өткеруші, соларша сөйлеп, соларша өмір кешуші де. Және жазушы кейіпкерлері арқылы бүкіл қоғам жөнінде ой толғаушы да. Осы жайлар авторды атшыл да, бейнешіл деп те танытады. Сондықтан да «Идея кейіпкерге айналуының өзі – нағыз искусство» деген Бальзактың сөзін келтіреді.

Тарихи тақырыпта, деректі, документті шығарма жазудың ерекшелігі, өз амалы тәсілі, бары айтпаса да белгілі кезеңде, нақтылы дәуірде өмір сүріп, ғұмыр кешкен адамды қалай көрсету қажет? Мұнда, ең алдымен айтылар жай сол

көсіп-пішіп қойған, тұп-тура мына үлгіде болу керек деген шартты нұсқа, өлшем жоқ. Әрине, тарихшы жазса, ол өзі алған белгілі адам өмірін бүгес-шегесіне дейін қалдырмай, ай-күнін, жылын көрсете отырып баяндайды. Ал, нақ сол адамды жазушы жаза қалса, ол ең алдымен өзіне кірген, өзі жазбақ, көрсетпек болған бағыт-бағдарына лайықтап, срендеп, скшеп, талдап, там-тұмдап алады.

Біз қарастырып отырған ғұмырнамалық роман жанарындағы өмірлік деректің көркем шешім табуы көбіне жазушының суреткерлік шеберлігінен гөрі оның негізгі идеясынан, қаламгерлік мақсат-мүддесінен туындайтын болса керек. Ә. Нұршайықов, М. Мағауин, Қ. Жұмаділовтер ғұмырнамалық роман жазуда бұл жанрдың ерекшеліктерін жан-жақты ескерген. Сол себепті де олар өмірлік деректің бәрінің ізімен бірыңғай жүріп отырмайды. Бірақ олар одан оғаш, мүлде алшақ кете алмайды. Сол өзі жазып отырған тарихи адам өткен орта, уақыт, адамдар, замана көлемінде, соның шеңберінде жүріп, өзі алдына қойған мақсатты бетке ұстап, тек өзі бетке алған нысанға қарай жүреді. Демек, жазушылар жалған жазбайды, жанынан ештеңе қоспауы да мүмкін, сондай-ақ, ол адам өмірін жіпке тізгендей, байқашағына дейін шағып көрсетуді міндет етіп алдарына қоймайды. Олар өздеріне керек деректі алады. Сол алған деректің өзін идеясына, алған мақсат-мұратына бағындырып алады, соған үйлестіреді. Мемуарлық шығармалардағы бір ерекшелік – оның негізгі сюжет жемісінің құрылымы сондағы бейнелер адамдар мен олардың іс-әрекетінен түзілмей, олардың бәрінің куәсі болған, сол сан уақиғаның нағыз ортасында сезінген жазушының автор – кейіпкерлік өмір жолының болуында. Негізгі сюжеттен таралатын ірілі-уақты көп сюжеттердің де болуы – мемуарлардың баршасында да дерлік біткен жай. Негізге шырмала өскен сюжеттер бір емес, әлденеше болады. Сан сюжеттердің шекарасы көзге айқын – ақ турады. Олардың бәрі өз шегіне жетіп, аяқталса, енді бірі сол аяқталған оқиғалардан бастау алып, өрбіп жатады. Бірінен соң келесісі басталатын ұзақ сюжеттер көшін өрбітіп отыратын бір ойлы ұзақ ырғағы бар. Ол жазушы кейіпкер өткерген жол ізі және оның бет алысы. Бас

сюжет деп отырған негізгінің өзі де осы мемуардағы ұзын жоталы өрлеулік «лирикалық сюжет». Әрине, ол – «адамдар арасындағы арақатынастардың, байланыстардың, қайшылықтардың, тартымдылық пен көріксіздіктің, әрбір қаракеттердің осуі мен жасалуының тарихы да». Мемуардағы бас сюжет көп жайда шығарманың композициясына теңессе келеді.

Ә. Нұршайықовтың «Мен және менің замандастарым» ғұмырнамалық романының негізгі композициялық дінгегі автордың өзі әңгімелейтін естеліктері болса, олардың берілу формаларының өзі біркелкі емес. Автордың бірыңғай баяндаудан гөрі формалық түрлендіруге басымырақ мән бергені көрініп тұр. Айтылып отырған әңгімені растап, бекіте түсу үшін түрлі құжаттарды, баспасөз беттеріне жариялағандарды сыналап кіргізіп отыру – мемуар жанрына тән шығармашылық дәстүр. Бірақ бұлжымастай көрінетін міндетті үрдіс емес. Мұндай құжаттарды көлденең тартпай-ақ жазылған мемуарлық шығармалар қазақ әдебиетінде де кездесседі. Автор алдыңғы айтылған шығармашылық дәстүрді пайдалануға көбірек ден қойған деуге болады.

Бұл дилогияның анықтамасына «естелік-мемуар» деген атау өзінен-өзі сұранып тұр, шығарма табиғатына байланысты солай деп жіктегеніміз қолайлы деп ойлаймыз. Туындының жазылу формасындағы өзгешеліктің қандай көркемдік-идеялық мәні бар деген сұраққа келетін болсақ, осы соны форма арқылы автордың ең алдымен оқырманды өзіне тарту жағына күш салғаны байқалады. Белгілі бір тұлға жайында (айталық, бұл арада Ғабит Мүсірепов) әңгімелей отырып, жазушы көбінесе сюжеттік желілерді өз төңірегіне қарай құрады, одан қалса, қойын дәптеріне жазып алған әртүрлі әңгімелерді тізбелеп, жайып салудан да тартына қоймайды.

Ә. Нұршайықовтың «Мен және менің замандастарым» ғұмырнамалық романындағы шығармашылық маңызды факторлардың бірі – автордың жазушылық лабораториясының ашылуы. Ұсынылып отырған кітаптың қалай өмірге келгенін әңгімелеп берумен шектеліп қалмай, айтып келе жатқан әңгімесін шығарманың кез келген тұсынан автор өзінің

жазушылық лабораториясына қарай икемдеп бұрып алуға бейім. Мұндай үрдіс екі кітаптың да өн бойынан анық бой көрсетіп, атойлап отырады. Әсіресе өзінің күнделік сипатындағы жазбаларына оралып соға береді.

«Мен және менің замандастарым» өмірбаяндық романының авторы Ә. Нұршайықов өзінің шығармашылық өмірінің жарқын жақтарынан гөрі көлеңкелі тұстарын, ағалары мен әріптестерінен көрген қорлықтары мен қиянаттарын басымырақ суреттеп кеткен. Және осы бағытта айтылатын әңгімелердің оқылуы қызық, автор тарапынан жасалатын тұжырымдар да субъективизм нышандары байқалғанымен, оқырманға ой салып, пікір түйетіндей деңгейде.

«Мен және менің замандастарым» – әлеуметтік, қоғамдық, тарихи-өмірбаяндық мәнді мемуарлық роман. «Мен және менің замандастарымда» суреттелетін әлеуметтік жайдың өзі – саяси, саясиының өзі – тарихи, сол саясиы да әлеуметтік өмірді кешкен автордың жазғаны – ғұмыры да публицистикалы – бөлшек-бөлшек очерк тақылеттес келген «Мен және менің замандастарым» жалпы оқиға қоюлығы, суретті, тартысты беруінен роман болады. Онда тарихи жайда, хронологиялық, газет- хаттық формада кездеседі. Бұл – оның суреттер объектісі мен жазылу дәуірінен шығатын өзгешелік. Бұл – біздің әдебиетіміздегі бірінші мемуар, социалистік реализммен жазылған, соңғыға үлгі салған көркем шығарма.

Ә. Нұршайықов естелік жанрына ерекше мән беріп қарайды. Естелік өзінен-өзі салбырап аспаннан түспейді, ойдан және жүректен шығады деп тұжырымдайды. Ол естелік жанрын мынадай формуламен белгілейді:

«Мен + Ол + Орта = Естелік».

Сонда Мен – автор, Ол – естелік объектісі. Ал орта дегеніміз Мен + Ол ғана емес, осы скеуі қақтығысып арасында жүретін толып жатқан әр алуан адам, олардың оңаша немесе өзара әрекеті ғой. Ендеше, өзгелерге соқпай, өзінді қатыстырмай, қалай естелік жазуға болады?

Ә. Нұршайықов шығармашылығындағы жеке тұлғаның рухани адамгершілік сипаттары журналистік сапарлар ізінен («Талқы», «Алыстағы ауданда», «Комбайыншы»), ауызекі

әңгімесінен («Алтын сағат», «Жемпір», «Шешен», «Шляпа»), адалдық пен адамгершілік, жастық пен достық, молдір махаббат мерейінен («Махаббат,қызық мол жылдар»), жауынгер-жазушы

Б. Момышұлының өмірі мен өрлігін, елдік-ерлік жолдарынан («Ақиқат пен аңыз») айқын аңғарылады. Тегінде: «Ә. Нұршайықов шығармаларының, очерктерінің кейіпкерлерін оймен шолып қарасақ, тұлғасы, адамгершілігі жағынан бірінен-бірі асқақтап көрінетін еліміздің ардақты азаматтары көз алдымызға слестейді. Олар Кеңес Одағының батырлары Бауыржан Момышұлы /«Ақиқат пен аңыз»/, Мәлік Ғабдуллин /«Тоғыз толғау»/, Махмет Қайырбаев /«Батырдың өмірі»/, Мәншүк Мәметова /«Несель түбінде»/, Шығыс Қазақстан облысы Ұлан ауданындағы /«Дала Мересьеви»/ атанған атақты шопан, /«Тағдырын жеңген адамдар»/ алтын медалінің екінші иегері Қамза Ақжолов /«Ғажан адам»/, жазушылар Мұхтар Әуезов /«Кездесу»/, Сәбит Мұқанов /«Тапысу»/, Әбділдә Тәжібаев /«Ақын туралы очерк»/, Мұқан Иманжанов /«Мұқан Иманжаов туралы»/, Борис Полсвой /«Борис Полсвой туралы»/, Социалистік Еңбек Ерлері Алтынбек Дәрібаев /«Большевиктің бейнесі»/, Күләй Шарбақбаева /«Әйел тағдыры»/, Илияс Қыдырбаев /«Ағайынды скеу»/, Егемқұл Тастамбаев /«Оңтүстік»/, т.б. бұдан аңғаратынымыз, жазушының қалам алғандағы мақсатының бірі-өңселі азаматтардың өмір жолын, елге еткен еңбегін жазып, бүгінгі күннің тарихын болашақ үшін айқындап беру. Сондықтан да кейіпкерлердің болмысын сөз еткенде жазушының басты назары рухани әлем мен жеке тұлғалардың қасиет саласына ауады. Бұл қасиеттерді ашып көрсетуде қаһарманымен жүздесіп, әңгіме-сұхбат құру барасында оның ішкі элементінен өтеді. Кейіпкерлері тарихи тұлға болған соң болмыс пен характерді шынайы бейнелеуге, сөйтіп оқырманды иландыруға баса көңіл бөледі. Осы тұрғыдан келгенде, жазушы шығармаларының документальдық тірегі болуы оның тарихи маңыздылығын арттырады».

Бұдан шығатын түйін Ә. Нұршайықов өзіндік көзқарас-қолтаңбасы бар қаламгер. Ел-жерді көп аралаған, әр алуан адамдармен кездескен, өмір оқиғаларын, кейіпкерлерді де ойдан емес, керісінше көптің ішінен іздеп, табады. Әр алуан көрініс

жайттардан өзінше байлам-қорытынды шығарып, зерттеп-зерделейді. Жазушы шағын жанрдан көлемді туындыға дейін болашақ шығармасының дерек-материалын молынан жинап, естелік-сұхбат, хат жазбаларға да зор маңыз беріп, көңіл күнделігіне түсіре береді. Мұның соңы белгілі, ауызша әңгімеден роман-диалогқа дейін қалың көпке көркем қалыпта, жүйелі, жинақы тартымды сипат-үлгіде жетеді.

Ә.Нұршайықов шығармашылығына, ондағы өмірлік-қоғамдық жайттардан, көркемдік-стильдік ізденістерден, қаһарманның рухани әлемінен, бейнесілік сырларынан:

– ұлт мұраты, халық өмірі мен тағдыр-ғалайы терең танылады;

– жазушы ізденісі мен көзқарастарынан атамекен абыройы мен орны, ел-жер тағдыры, адам өмірі мен сәбегі, сезім сырлары кең көлемде көрініс береді;

– суреткер шығармашылығынан бейбіт өмір шежіресі, елдік пен ерлік мұраттары, жастық пен достық сипаттары кең орын алады;

– қаламгердің шағын жанрдан – көлемді туындыларға дейінгі сәбектерінен өмір мұраты, адам ақиқаты, гуманизм жеңісі салтанат құрады;

– жазушы сәбегі мен шығармашылық сырлары көркем образ жасау жолдарынан, баяндау тәсілдерінен, мінез қырларынан мақал-мәтелдер мен түрлі афоризм үлгілерінен, характер табиғатын ашатын диалогтар мен мінездеме портреттерден айқын аңғарылады;

– сәбегі негізгі, Ә. Нұршайықов шығармашылығынан: адам әлемі, оның өмірі мен сәбегі, адамгершілік құндылықтары, достық сырлары, сыр сезім сипаттары кемел де көркем, жарқын да салтанатты суреттеледі.

Негізінен алғанда, Ә. Нұршайықовтың шығармашылық мұрасы, ондағы жеке тұлғаның рухани-адамгершілік мұраттары (сипаттары) ізденіс іздерінен, дерек көздерінен, мол өмір тәжірибесінен, көркемдік шындықты арқау еткен «Махаббат жырлары», «Әсем», «Ботағаз», «Тоғыз толғау», «Автопортрет», «Екі естелік», «Махаббат, қызық мол жылдар», «Ақиқат пен аңыз», «Өмір өрнектері», «Қаламгер және оның достары» сынды

танымал туындылар табиғатынан жастық-достық сырлары ерлік пен елдік салттары, ақыл-парасат мерейі, білім-ғылым нұры, адамгершілік әлемі, тәлім-тәрбиесі тағылымдары т.б. оңды, сенімді суреттеледі.

Жазушы еңбегінен кеше-бүгін байланысын, адалдық пен тазалықты ту еткен – қаһарманның рухани әлемінен, достық пен махаббат мерейінен, елдік пен ерлік үлгілерінен – Б. Момышұлы, М. Ғабдуллин, Х. Ақжолов, М. Мәмстова, М. Қайырбеков, т.б. көркем бейнесі нанымды көрінеді. Бұл ретте Ә. Нұршайықов шығармаларын шолып қарасақ, онда қайсарлығы мен үлкен адамгершілігімен, жан сарайының көріктілігімен оқырман жүрегінен жылы орын алатын кейіпкер баршылық. Жазушының сүйекті де кесек сомдалған қаһармандары – Бауыржан мен Мәліктей Алатаудай алып тұлғалары мен асқақтықты танытса, Ербол мен Ментай образды инабаттылығымен, әдептілігімен оқырманын сүйсінтеді. Хамза мен Әділжанды алсақ, бірі-мүгедек, екіншісі–зағип болса да өмірге күштар, қиындыққа төзімді, еңбек сүйгіш жандар, ал Асылгүл мен Биғайша қайырымды да қамқор іс-әрекеттерімен жағымды. Мәншүк Мәмстова, Ыбырай мен Сүлейменов, Төлесен Тоқтаров т.б. бір топ майдандас достарының образдары отаншылдығымен, ел сүйгіштігімен ерекшеленеді.

Кім туралы, не жайында қалам тербесе де, деректі материалдарға, өмірдің ақиқат жайларына сүйенсе отырып, оны көркем сөз өрнегіне түсіру – Ә. Нұршайықов шығармашылығының бір қыры. Кейіпкерлері көбіне тарихи тұлғалар болғандықтан, оның болмысы мен характерін қаз қалпында бейнелеуге ұмтылуы, деректі материалдарға жүгінуі шығармаларының тарихи маңыздылығын да арттырған.

Құндылығын тарихшылардың өзі мойындаған. «Ақиқат пен аңыз» деректі роман-сұхбатында отаншылдығымен, ерлігімен ел аузында аты аңызға айналған халық батыры гвардия полковнигі Бауыржан Момышұлының образын соны әдіспен сомдап, біртуар қаһарманның рухани әлемін жария етіп берді. Ал «Тоғыз толғау» повесть-монологінің кейіпкерлері ғұлама жазушылар

М. Әуезов, С. Мұқанов, Б. Майлин, М. Ғабдуллин сияқты халқымыздың сыйлы азаматтары болуы жазушы шығармаларының тарихилығын байқатады».

Жазушы еңбегінен тақырыптық ізденістер, көркем-жанрлық ерекшеліктер, характердің әлеуметтік-психологиялық аспектілері, қаһарманның рухани әлемі, ішкі монолог пен диалог табиғаты, лиризм элементтері т.б. кең көлемде орын алады. Басы, қаламгер мұратынан – Адам факторы, адамгершілігі мен әсемдігі, өмір-өнерге құштарлық, игілік пен ізгілік сипаттары, жастық, достық сыралаы бар қырынан жарқырай көрінеді. «...Көбіне соның ішінде лиризм, психологизм басым».

Бұл – Ә. Нұршайықов шығармашылығының негізгі ерекшеліктерінің бірі.

Жалпы, әдебиет теоретиктері әртүрлі жанрларды ғылыми тұрғыдан сараптағанда, естеліктің де өзіндік ерекшеліктеріне, оның тіл мәйегінің құнарлы болып келуіне назар аударған. Өйткені оқырманды бірден баурап, көркем тілімен елең еткізбейтін мемуарлық туынды тартымды болып шықпайды. Осы тұрғыдан келсек, Ә.Нұршайықов – естелік жанрын жазуға әбден төселген қаламгер. «Өткелдер» атты өмірбаяндық романының бірінші кітабының бірінші бөлімі әдебиетіміздегі алыптар тобына жататын Ғабит Мүсіреповке арналған. «Өнер» баспасының директоры Сұлтан Оразалинов қазақ халқының осынау ұлы жазушысы туралы естелік жазып беру жөнінде Әзағаңа өтініш хат жолдайды. Ол кісі қолына бірден қалам алып, талантты сөз зергері жайында жазуға шұғыл кірісіп кетеді. Бүкіл қазақтың мақтанышына айналған әдебиет әлемінің бәйтерегі туралы естелігін неден бастарын білмей қалың ойға шомады. Көкейіне келе қалған мынадай тақырыптарды қағазға түсіре қояды: «Асқар таудың аясы», «Ұлттық мақтаныш», «Ана тілінің асқары», «Парасат нұры», «Ұлы ұстаз», «Маңғаз аға», «Майталман шебер». Осылардың қайсысына жіп тағарын білмей қиналады. Ол кісінің бір әдеті кез-келген шығарманы қорқып бастайды. Жазғаны оқырманға ұнамай қала ма деп күдіктенеді. Мақала деп бастағаны үлкен әңгімеге, әңгімесі повестке айналып кетеді. Тапсырыс беруші естеліктің шағын болуын

ескерткен. Не істеу керек? Әзағаң не болса да моландау жазуға кіріседі: «ең арысы қысқартармын», – деген ойға келеді.

Тарихқа көз жүгіртсек ұлы адамдар маңайындағылардың жүрегіне әрқилы із қалдырып отырған. «Мүсіреповтен қалған мұндай іздер менің жүрегімде де бар екен», – деп жазады Ә.Нұршайықов, – олар: 1. 1956 жылы Павлодарда Мүсіреповтің мені сырттымнан Жазушылар одағына мүшелікке алдарғаны; 2. 1964 жылы мені «Қазақ әдебиеті» газетінің бас редакторы қызметінен қудыруға көмектескені; 3. Ғабекеннің тікелей күш жұмсап, табанды түрде қолдауымен 1980 жылы Қазақстан Республикасы Абай атындағы мемлекеттік сыйлығының лауреаты болғаным; 4. Сол кісінің шарапатымен 1984 жылы Халықтар достығы орденімен наградталғаным. Бұл есте қаларлық еңбек пе? Әрине, өзім үшін ұмытылмас оқиғалар. Үлкен адамдардың іс-әрекеттері де үлкен болатындығының бір мысалы осы-ау. Олар сені шарықтатып көкке көтереді немесе құлдилатып төменге қарай «жерге қондырады».

Ә.Нұршайықов осы естелігінде алыптар тобының қайсысымен қандай жағдайда жүздескенін айта кетеді. 1944 жылы майданнан Қазақстанға делегация басқарып келгенде Сәбит Мұқановтың үйінде бір рет қонақта болған. 1956 жылы Ғабиден Мұстафин Павлодарға барғанда обкомның тапсыруымен екі күн қасына еріп, Баянауыл мен Екібастұзды аралатып, артынан Қарағандыға қарай шығарып салған. Ал соғыс аяқталғаннан кейін Қазақ мемлекеттік университетіне келіп түскенінде Мұхтар Әуезовтен дәріс тыңдап, ол кісі 1958 жылы Павлодарға оқырмандарымен жүздесуге келгенде обком қосқан басқа да өкілдермен бірге 5 күн Баянауыл ауданын аралатқанын еске алады. Керекуден қайтқанда ұлы жазушыға үйінен дәм ауыз тигізіп, қолынан автограф алғанын, ал 1960 жылы Алматыға келгенінде Мұхаң үйіне шақырып қонақ еткенін жазады, «Қараш – қараш» кітабына автограф алғанын баяндайды. Ал «Қазақ әдебиетіне» бас редактор болып келгенге дейін Ғабит Мүсіреповпен екі рет тілдесіп, екі рет сөзін тыңдаған.

1956 жылы «Дружба народов» журналының тапсырмасымен Мәскеу газеттерінің тілшілері Григорий

Курснев, Владимир Конопольгенколармен бірге Әзілхан Нұршайықов солтүстік облыстарды аралап, «По дорогам Казахстана» деген очерк жазып, ол «Литературная газетада» жақсы бағаланады. Осыдан бір жарым ай кейін, 1957 жылы 31 қаңтарда Жазушылар одағына қабылданады. Ол кезде Ғ.Мүсірепов Қазақстан Жазушылар одағы президиумының төрағасы ретінде, Әзағанның очеркін оқығаннан кейін бұл авторды дереу Жазушылар одағына мүшелікке қабылдауға нұсқау береді. Мұқан Иманжанов, Сәрік Қирабасов, Мұзафар Әлімбаев мінзедеме-кепілдеме жазады. Жазушылар одағының президиумында Әзағанды мүшелікке алу туралы Ғабеев ұсыныс жасап, Сәбит Мұқанов сөз сөйлеседі. Сөйтіп бірауыздан шешім қабылданады. Бұл әңгіменің бәрін ол кісі Алматыдан Павлодарға арнаулы телеграмма келгенде ғана біледі.

Ә. Нұршайықов шығармашылығының ерекшеліктерінің бірі – естелік, күнделік, хат үлгілері: «Автопортрет» (1977), «Өмір өрнектері» (1987, 2000), «Қаламгер және оның достары» (2000) т.б. кітаптарының басты арқауын құрайды.

Ә. Нұршайықовтың журналистік «Қойын дәптерден» басталған жазбалары әдеби және тұрмыстық күнделіктерге ұласты («Өмір өрнектері» т.б.) жастарға арналған маслихат сөздер, газет-журналдарға берген сұхбаттар, ұл-қыздарға арналған ақыл-кеңестер, оқырмандарға жауап т.б. жазушы шығармашылығының қыр-сырынан мол деректер береді. Академик-жазушы М. Әуезов сөзін еске түсірсек: «Естелік әдебиеттің ең керекті жанрларының бірі. Оны бағалауды орыс әдебиетінен үйренуіміз керек. Естелік орыс әдебиетінің ең бір құнды және жұрт құныға, құмарлана оқитын саласы. Естеліктер арқылы елдің ардагер ұлдары өз халқымен қоса өмір сүреді. Алаңдарға ардақты адамдардың тастан қашалған мүсіндері қойылады. Естелік те сол сияқты. Бірақ бұл сөзден соғылған әдеби мүсін, жанды бейне...».

Демек, естелік-күнделік, хат үлгілері – ұлтқа керек, әдебиетке қанат, келешекке аманат қазыналардың бірі.

Ә. Нұршайықовтың әдеби күнделіктері – «Өмір өрнектері» деген атпен екі рет жарық көрді.

Әдеби күнделіктер кітабының алғашқы басылымы көлем жағынан шағын болса, екінші жарық көрінуінде естелік-эсселермен толыққан, оқырманға хат және түсініктер орын алған. Автордың өз сөзімен айтсақ: «30 жылдан аса қойын дәптерге түрткен «Өмір өрнектері» кірді».

Екі басылымның да алғашқы беттері – «Автордан» деген алғы сөз іспеттес шағын жазбадан тұрады: «Өмір өрнектері» автордың үстел басында отырып жазған кітабы емес. Жолаушы шыққанда зулаған поезд вагонында, зымыраған машина ішінде, самғаған самолет бортында отырып, қалада жүргенде көшеде келе жатып жазған кітабы. Дәлірек айтқанда, бұл менің замандастарымның сырт пішінін, «іс-әрекетін, жүріс-тұрысын және мінез-құлқын көргенде, әр түрлі адамдармен етене танысып, олардың бастарынан өткен оқиғаларды білгенде туған ойларымның ұшқындары: теңеулер, түйінділер, тұжырымдар, диалогтар, мөлтек әңгімелер. Бұл кітапта мен әр жылда әр блокноттың бетіне түскен осы ұшқындарды жинақтап, бір жүйеге келтірдім...»

Кітапты тұтас алғанда оның жанрын әдеби күнделік деп атау орынды. Автор ай сайын, жыл сайын қойын дәптеріне әдеби ойлар өрнегін түсіріп отырады. Әдеби күнделікке күн сайын бір жол жазылмай қалмайды. Тіпті науқастанып, ауруханада жатқан кездердің өзінде де ол «Аурухана әңгімелері» деген тақырыппен әркімдерден естіген өмір оқиғаларын тынбастан дәптеріне түрте береді. Былай қарағанда, бұл кітап автордың творчестволық зертханасына, әдеби-философиялық және әлеуметтік көзқарасына да ұқсайды. «Осы сюжетсіз жазбалармен де оқырманға ой салып, ғибрат ұсынсам, әсіресе, жас адамдарға, жана талап жас қаламгерлерге бұл еңбек пайдасыз болмас» деп үміттенеді.

Мұның бәрінен байқалар жайт, жазушы Ә. Нұршайықов әдеби күнделіктерін жазу арқылы қоғам-кезең көріністерінен өзге, адам мен оның еңбегін, болмыс-бітімін, достық пен махаббат сезімін ардақ тұтады. Ерлік пен еңбек тақырыбын кеңінен қозғайды. Жақсы-жаман, жастық-кәрілік, әйел-ерек, қыз-жігіт, әке-бала, аға-жеске, әже-немере, ұстаз-шәкірт, ар-ұят, намыс-нысап, бата тілсқ, ай-күн, жыл аттары, жан сұлулығы,

өмір-уақыт сырлары, журналист т.б. әр алуан қырынан көрсетіледі. Ең негізгісі, әдеби күнделіктердің авторы Абай айтқан:

Білімдіден шыққан сөз,
Талаптыға болсын кез.
Нұрын, сырын көруге
Көкірегінде болсын көз,

–деген даналық ойлар мәйегін жадында берік ұстап, сол арқылы Отан, патриотизм, адам әлемі мен оның асыл қасиеттері, еңбек, білім, ғылым, ата-ана, ұстаз-шәкірт, жастық, махаббат, денсаулық, дін, тәртіп т.б. зор маңыз береді. Қоғамдағы, өмір-тұрмыстағы орын үлесіне, сыр-сипаттарына ерекше ден қояды.

«Әдеби күнделіктерден» орын алған адалдық, әділдік, әдет, бата, байлық, ақын-жазушы, жастар, әйел, неке, отбасы, нысап, сезім, сыр, талант, тәрбие, тәртіп, ұстаз, шәкірт т.б. тақырыптардағы шағын көлемді жазбалар – адам мен оның өмірін, еңбегін кең көлемде көрсетуге арналған. Автор әрбір тақырып, мәселелерге зор маңыз беріп, артық-кем тұстарды байыпты саралап, соның негізінде ұлттық құндылықтарға, адам мен өмір, еңбек мұраттарына, жастық, достық, махаббат ғаламаттарына зор маңыз береді.

«Әдеби күнделіктердің» кейбір үлгі-өрнектері – «Автопортрет» «Сөзстан», «Жұлдыз», «Жалын», «Қазақстан әйелдері», «Жас Алаш» т.б. баспасөз беттерінде, жекелеген кітап, жинақтарға енгенімен, «Өмір өрнектерінде» жүйелі сипат алған.

Асылы, «Өмір өрнектері» – Ә. Нұршайықовтың әр жылдары жүйелі түрде жүргізіліп келген әдеби күнделіктерінің көрсеткіші, жиынтығы.

Әдеби күнделіктердің тұтас табиғатынан өмір-тұрмыстың, адам мұратының, адамгершілік пен азаматтықтың, болмыс-бедерінің алуан өрнек, үлгілері бар.

Автор күнделік табиғаты туралы: «Мен әдеби күнделіктен басқа тұрмыс күнделігі деген екінші бір күнделікті қоса жүргіземін. Қазір оның 124-ші бетін жазып жүрмін. Оларды роман деп атаса да боларлық. Бірақ романға арналып

ықшамдалып құрылған белгілі сюжет жоқ. Сондықтан мен оларды «Күнделік. Сюжетсіз роман» деп атағым келеді» деп жауап бергені бар.

Ал әдәби күнделіктер кітабы туралы былай деп жазады: «Бұл – «Өмір өрнектерінің» бірінші кітабы. Мұнда 1953-1986 жылдар аралығындағы өмір өрнектері қамтылады. 1987 жылдан күні бүгінге дейінгі «2000 жылдың шілдесіне дейін» «Өмір өрнектерінің» екінші және үшінші кітаптары баспаға және әзір тұр. Егер Нұртай тәрізді ер көңілді азаматтар табылып, демеушілік қолын созса ол кітаптар жарыққа шығып, оқырман қолына тиюі ықтимал. Олар өзім барда жарыққа шыға ма, жоқ па – білмеймін. Ойткені өзім де өмір көмбесіне жақындап келе жатқан «жүйріктердің» бірінмін ғой. Егер көзім тірісінде жарық көрмесе, онда ұрпағым, жора-жолдастарым ол қолжазбадан да менің мінез-құлық, ой өрісімді көріп, мен туралы түсініктерін толтырып, ұғымдарын ұлғайтар деп үміттенемін.

Ал бұл кітаптың аяғы бар ма деген сұраққа келсек, бұл сәқашан аяқталмайтын, жалғасы жоқ кітап. Ойткені өмір ұдайы ілгері ұмтылып, оның өрнектері ұласа береді. Оның өрнектерін бір жазушы емес, бір миллион қаламгер қағазға түртіп, тауыса алмайды. Ойткені өмірдің аяғына сәкімнің гүмыры жетпейді. Сондықтан өмір өрнектері әр ұрпақтың өз ұғымымен әшекейленіп, алмаса береді».

Мұның ақиқатын ұстаз-ғалым Ә. Ыдырысовтың: «Өмір өрнектері» – эпопея! Эпопея болғанда – күнделік эпопея! Эпопеяның жаңа күнделік түрі!» деген салмақты, тағылымды ойларымен түйіндеуге әбден болады.

Жалпы алғанда, «Өмір өрнектері» – уақыт ұсынған тақырыптарды автордың көңіл күнделігіне түсіріп, жүрек таразысына салып, жан шуағы арқылы жеткізген қымбат қазына, рухани олжаларының бірі.

Негізінен алғанда, Ә. Нұршайықовтың әдәби күнделіктері («Өмір өрнектері», «Қаламгер және оның достары» т.б.) өмірден өрбіген, көзбен көрген шындық жайттардың көрінісі болса, ондағы достық, махаббат мәселелері – адам, өмір мұратын, сәбек рахатын, азаматтық-адамгершілік қасиеттерді, жастық, сыр-сәзімдерді ардақтау мен аялаудан тұрады. Басты ерекшелік:

жазушы еңбегі мен шығармашылық шеберханасынан, оның ішінде эпистолярлық мұрасынан адамның асыл қасиеттері – адамгершілік пен азаматтық, қарапайымдылық пен кішіпейілділік, адалдық пен шыншылдық, ақыл-парасат пен білім-ғылым нұры, достық пен махаббат мерейі, еңбек мұраты мен тәлім-тәрбие иірімдері кеңінен көрініс табады. Асылы, Ә. Нұршайықов шығармашылығында бұл мәселелердің бәрі-баршасы – Адам факторы, оның өмірі мен еңбегі төңірегінде кең өріс алып отырады.

Кешеден бүгінге жеткен дәстүр тағылымы, өмір мұраттарының үздік үлгі, өрнектері осыған келіп саяды.

Мемуарлық роман үлгісіндегі жазылған қазақ әдебиетіндегі шығармалардың бірі – жазушы Қалиқан Ысқақовтың «Келмес күндер елесі» деп аталатын ғұмырнамалық романы. Тұтас бір дәуірді қамтыған кең тынысты туындыны роман – эпопея десек те асыра бағалағандық бола қоймас. Кейінгі кезеңде мемуаристика – қазақ әдебиетінде біршама шүйгіні шиырланған жанр. Ескі көз, аға буынның біразы ғұмырнамалық шежіре баяндарды жарыса жазу үстінде. Әр жүйрік, эринс әліне қарай шабады, бірі ілгері, бірі кейін дегендей: солардың көбіндегі ортақ тенденция – өзін дәріптеу, өзіне шаң жуытпау. Көнеінің бәрін басқадан іздеп, әлде-кімдердің астын жездей қақтап, нашарын қылға тізеді. Ал өзі сүттен ақ, судан таза, заманнан қуғын көріп, жапа шеккен, жамандармен алысқан жеке батыр.... Қалағаңа мұндай позиция мүлдем жат, роман басқа ауанда, айналасынан жақсылық іздеп жарыққа үмтылған шуақты сезіммен жазылған. Жазушы өзін аяп, өбсктесмейді, оқиғаның бел ортасына аққа да, қараға да бел ортасынан батып жүреді. Өкініш, қуанышы аралас пендеге тән бұралаң тағдырын бүкпесіз жайып салады алдыға. Қордалы көкірегінің қаттау-қаттау сырына үңілген жазушымен ілссіп, бала Қалихан мен дана Қалиханның арасын жалғастырған уақыт кеңістігіне саяхат жасаймыз. Жазушының жанары қиядағыны шалатын қырағы, еш нәрсені қалт жібермейді. Өмір жолындағы сапырылысқан сан алуан оқиғаларды шырғасын шығармай зсрдессіне тоқи білген, кестенің өрнегіндеі төгілдіріп көз алдымызға тосады. Көне құлақ қариялардан жеткен Алтай шежіресі, қилы

тағдырлар, қызық мінездер, әрнесте алаң көңілдің толғаныстары арқылы ғасырға жуық тұтас бір дәуірдің бейнесі айшықталған. Автор ақ-қараға таразы болудан аулақ. Ештеңені сынап-мінемейді. Тек жанды сурет, өмір бар. Үлкенді-кішілі замандастарын кейіптесе де, орманы оталған атамскен мен бойкүйез, марғау ағайынның қоңторғай тірлігін тілге тиек етсе де бояуып үстемей қаз – қалпында суреттеп, төрелігін оқушыға қалдырады. Яки, одан арғысы сіз бен біздің ой-түйсік, ақыл-парасатымызға сын.

Жазушының өзіне тән машығы бұл шығармада айрықша ұштала түскен сияқты. Қоңыр мұң, қоңыр әуен, бояуы төгілген ғажайып суреттер, кара балдай созылған тіл, қатпар-қатпар қордалы ойлар... Төрт құбыласы толысқан хас шебердің ланалық қалпын көрсетсе керек.

«Келмес күндер елесі» – қазақ көркем ойының бүгінгі биіктерінің бірі. «Жұлдыз» журналына жарияланған жұрт жапырлап, іздеп жүріп оқитын шын мәніндегі бестселлерге айналып кетті. Қалағанның қай шығармасы болмасын қазақ сөзінің құнары, саркылмас қордасы ғой. Асылы, туған тіліміздің жұпарын сағынғанда сол тұнық бастауға қайта-қайта айналып соғарымыз анық.

Қалихан Ысқақтың «Келмес күндер елесі» деп аталатын ғұмырбаяндық романы. Қалыптасқан шығармашылық дәстүрде ғұмырбаяндық туындыларда деректер мен мәліметтер алдыңғы қатарға шығып кетеді де, көркемдіктің екініні ештеп бәсеңсіп қалып жатады. Бір назар аударарлығы – Қалағанның аталған романы көркемдік өресімен де өршіл оқырманның көңілінен шығарлықтай деңгейде екен.

Бұл туындыда өзге ғұмырбаяндық шығармаларда ара-кідік ұшырасып қалатын шалқып-тасулар, көсемсөз мәнеріндегі көсіле сөйлеу үлгілері кездесе қоймайды. Осындай ұстамды тәсілдің нәтижесінде өз кейіпкеріне қатысты айтып отырған жағдаяттар, оқиғалар мен эпизодтар оқырман есінде бұлжымастай болып, нақпа-нақ қалып қояды. Жазушы өзі білетін өмір шындығын көркемдік талаптарымен өрнектей отырып, әсерлі етіп жеткізген. Аталған шығарманың көркемдік

және танымдық құнын тіптен арттыра түсетін негізгі факторлар сипаты осындай.

Қ.Ысқақов мемуарының стиліне маңызды болуы әбден мүмкін жскелген қызықты жағдайларға ұзағырақ тоқталу, адамның эмоциясына, қабылдау сезімдеріне әсер ететін түрлі көріністер мен оқиғаларды тәптіштей суреттеу тән. Өмірбаяндық материалдарды оқырманға жеткізудің басты көркемдік әдісі жүрдек баяндау екенін де байқауға болады.

Ғұмырбаяндық демекші, Серік Байхоновтың баспасөз беттерінде жарияланып жүрген мемуарлық жанрдағы шығармасы да осы қатарды толықтыратын дүние. Қалағанның романында әлеуметтік-философиялық талдауларға басымырақ көңіл бөлінсе, Серіктің дүниесінде ойқастап ал-дыңғы қатарға шығатын көркемдік факторлар – ірілі-уақты оқиғалар мен сүріндірмейтін сюжеттер. Бұл шығармалардың негізгі кейіпкерлері – өзімізге таныс қаламгерлер қауымының өкілдері.

Тақырып жағынан алғанда, өнімдірек қамтылғаны – қазақ тарихына қатысты туындылар. Солардың кейбіреулерін алатын болсақ, Қоғабай Сәрсекке «Дешті Қыпшақ» деп аталатын дилогиясын осы жылдарда жарыққа шығарды. Белгілі ақынымыз Кеңесжан Шалқаров та дилогия жазыпты. Ол қазақ әдебиетінің көрнекті тұлғасы Шәкәрім туралы. Қазақ тарихы мен тұлғаларына қатысты көркем туындылардың өмірге келуі назардан тыс қалмауы тиіс.

Ғұмырбаяндық бағыттағы тағы бір шығарма Ахат Жақсыбасвтың Иса Байзақов туралы романы. Мұнда автор көлденең жайларға көбірек бөгеліп, бүгежектей бермей, өз кейіпкерінің өмір жолындағы қадау-қадау кезеңдерге, қызғылықты деген фактілерге тоқталыпты. Өмірлік материалды көркемдік екшеу мәселесіне мән беріп отырғаны да байқалады.

Бас қаһарманы Бердіқожа батыр болып келетін Қабдеш Жұмаділовтың «Абылайдың ақырғы батыры» атты хикаяты көркемдік-тарихи салмағы жағынан кішігірім романның жүгін көтеріп тұр.

Жанат Ахмадидың «Айтұмар» атты романы қазақ тарихының Жоңғар басқыншылығына қатысты кезеңдерге көркем барлау жасап, шежірелі әңгіме шертеді. Көркем

шығарма болғанымен, жалпы фабулалық негізі тарихи оқиғаларды арқау ете отырып, қазақ халқының тұмырнамасында кәсіретті беттерге айналған сонау Жоңғар шапқыншылығына қатысты шындықтың жекелеген тұстарына тоқталады. Роман нақты тарихи адамдардың есімдерін атаумен шектеліп қалмай, оларды сюжеттік желіні дамытуға себепкер болатын көркем кейіпкерлерге айналдыра алған.

Оқырман қауым бұл шығармадан тақырыптас өзге романдардың беттерінен көріне қоймаған кейіпкерлерге де жолығады. Атап айтқанда, олар – Айқым Әйтсек батыр, Дәулет батыр, Қараш батыр, Бұрқыл би, Шымыр Қойайдар, Ысты Нұрмамбет, Жарылғантың үлкен ұлы Қастек және басқа да өмірде болған белгілі ел адамдарының бейнелері. Бұлардың арасында тәуір сомдалған образдар кездескенімен, кейбіреулері көбінесе бірыңғай тізім ішінде ғана аталып отырады.

Шолушы ретінде маған бірнеше жаңа шығарманы оқып шығудың сәті түсті. Соғлардың арасында жазылу формасының ерекшелігімен назар тоқтатуға тұратындары – Жұмабай Шаштайұлының «Алматы маңында», Тұрысбек Сәукетайдың «Айқараңғысы» романдары. Осы екі туындыны ортақтастырып тұрған көркемдік факторлар қандай десек, олардың патриоттық бағытта жазылуы. Ж.Шаштайұлы романының жанрын ұлт жайлы толғаныстардан тұратын роман-монолог деп атаса да болады.

Тұрысбек Сәукетайдың шығармасы да ұлт тағдыры жайында сыр шерткенімен, монологтық сипат жоқ, кәдімгі қазақ прозасына сіңісті болған көркемдік канонмен жазылған. Бір оқиғадан екіншісі салалап туындап жататын сюжеттік желілер, саяси мәселелерді өзек еткен әлеуметтік-имандылық тартыстары. Қанық суреттермен, соны детальдармен сырт келбеттері де, ішкі әлемдері де айқындалып қалатын толымды персонаждар. Ал осы көркемдік болмысты өрістетуге полигон рөлін атқарып отырған тақырып – 1986 жылғы Желтоқсан оқиғасы. Осынау тарихи мәселенің төңірегінде топтастырылған көркемдік кешендер шоғыры аталған романды елеулі деңгейге көтеріп тұр.

Көрнекті прозашымыз Әлібек Асқаровтың шабытты шағында, қаламының бабында скендігіне оқырман қауым куә болып келеді. Оның соңғы еңбектері жайында Шерхан Мұртазадан бастап, талай қаламгерлер тұшымды пікір айтып келеді. Жазушының «Әйел парасаты» атты кітабына бір цикл құрайтын «Задаш пен Балғаным», «Ғаббас пен Шура» және «Қалжан мен Ләзиза» атты үш шығармасы енгізілген. Көркемдік-идеялық мақсаты – адамгершілікті, имандылықты үндеу. Бастарынан қандай қиындық өтсе де, бастапқы бағдарларынан айнымау – осы шығармалардағы кейіпкерлердің басты кредосы.

Соғыс шындығының айқын көрінетін тұсы – «Ғаббас пен Шура» әңгімесінде. Бұндағы адамдар басынан өткен тақсиретті жазушы оқиғадан оқиғаға өрбіте отырып, сюжетті салалап келеді де, оқырманды түрлі ойға жетелейтін моральдық тартыстарды алға тастайды. Жазушының баспасөз беттерінде сыншылар назарын аудартқан шығармаларының бірі – «Қалжан мен Ләзиза» повесі. Мұнда жеке адамдардың қым-қиғаш тағдырлары арқылы қазақ тарихының қасиретті беттері де көрініп қалып отырады.

Колхоз бастығы Қалжанды түн ішінде келіп, НКВД қызметкерлері алып кетеді де, оны Печорадан бір-ақ шығарады. Одан Ұлы Отан соғысы басталғанда штрафбат құрамында майданға аттанады. Сонда тұтқынға түсіп, концлагерьге айдалады. Одақтастар әскерлері босатқаннан кейін, үйленіп, Францияда тұрып қалады. Ел-жұртын сағынып жүріп, өйтіп-бүйтіп ақырында Кеңес Одағының шекарасына да жетеді ғой. Елінің босағасынан аттай бергенде қызыл қырандар оны шап беріп ұстап алады да, енді оны Магаданға қарай бір-ақ айдайды.

Міне, жасына жетпей қартайған Қалжанның көп сөйлемейтін, тұнжырап, төмен қарап жүретін себепсі осы. Бірақ қанша тауқымет тартса да адамгершілік қасиетінсі, өзінің Отанына деген махаббатынан айырылған жоқ. Оның бойында биік рух бар.

Нақ осындай сюжет Нұрлан Қамидың «Шал» атты хикаятының да фабуласын құрайды. Аты аталмайтын кейіпкер Шал соғыс кезінде немістердің қолына тұтқынға түсіп қалады

да, туған Отанына келгеннен кейін, Сібірге жер аударылады да, небір қиындықтарды бастан кешеді. Ақыры ауру-сырқаулы болып, еліне оралғаннан соң атаусыз қалады. Сол атаусыз қалпында өмірден өтеді. Демек, бұл сол замандарда көп орын алған типтік оқиға. Бірақ екі жазушы осы ұқсас ситуацияларды екі түрлі көркемдік рәсіммен екі түрлі мәнерде орындап шыққан.

Жаңа шығармалар қатары сирексімесе де, шын мағынасындағы жақсы дүниелердің жазылуы оқта-текте ғана. Сол сиректердің бірі ретінде Рахымжан Отарбасовтың «Көрген-баққан» деп аталатын әңгімесін атауға болады. Бұл туынды нарық заманы әкелген қоғамдық-моральдық өзгерістердің негізгі ерекшеліктерін көркемдікпен жинастырып, лайықты арнада ұсына біліпті. Әңгіменің бастан-аяқ өрілуі эстетикалық нысандарға қойылатын көркемдік талаптар деңгейінде. Сюжет дами келе, көтерілетін мәселенің бітімі де ірілене түседі, астары да тереңге қарай тарта бастайды.

Көркемдік арнадан көрініс табатын негізгі ой – тұрмыстық тұрғыдан шектеліп өмір сүретін жекелеген бүгінгі алыстағы ауыл адамдарының мәселесі бүкіл елдің, бүкіл ұлттың тағдырымен ұштасып жатқандығы. Қайдағы бір бақырауық дегбірсіз шалдың ашуын туғызған тұрмыстық мәселенің қоғамдық деңгейдегі биік мүддеге барып ұласатындығы. Заманалар қақпақылында жүріп, қазақ байғұс кімдерге жем болмаған, оның жерінің, суының, ел байлығының қызығын кімдер көрмеген? Төбемізден жиырма бірінші ғасырдың зенгір аспаны төніп тұрса да, жан ауыртатын сол бір ұнамсыз үрдіс әлі де жалғасын тауып келе жатыр екен. Идеялық қазықтың барып тірелетін жері – дүниежүзінің алпауыттары ауыз сала бастаған қазақ жерінің тағдыры, сол жердің бетінде момақан күй кешіп жатқан қазақтың тағдыры енді не болмақ деген сұрақтың айналасында.

Соңғы жылдары көбірек қозғалатын тақырыптардың бірі – табиғат пен адамның тайталасы. Дәлелбек Батырдың «Тілеп алған қасірет», Асқар Алтайдың «Туажат» хикаялары да осы мәселені көтеруге арналған. Рас, «Туажаттың» тақырыптық ауқымы, көркемдік кеңістігі бұдан да кең. Бірақ табиғат пен

адамның қарым-қатынасы да роман мазмұнының құрамдас бөлігін қамтиды.

Мемуар тек объективтік пікір ғана емес, оның авторында жекеленген субъективтік пікірлер де кездеседі. Яғни мемуарлық шығармадағы автор пікірі – оның белгілі бір адамдарға немесе қоғамдағы түрлі жайттар мен құбылыстарға қатысты жеке көзқарасы. Мемуардың ауқымына естеліктің де енетінін айта отырып, автордың өзі шығарған естелік кітабы мен белгілі бір тұлғаға арналған ұжымдық естеліктер жинағы бірдей болмайды. Алғашқысында жеке адамның пікір, көзқарасы бірінші кезекке шықса, екіншісінде бірнеше автордың пікірі келтірілген. Бұл мемуар сияқты ауқымды жанрдың күрделілігін айғақтайтын басты мәселелердің бірі. Екіншіден, ақын-жазушының мемуарлық шығармасы оның көркем туындыларымен біте қайнасып кететіндігі соншалық, кейде әлгі шығармадағы бас кейіпкердің автордың өзі екендігіне бірден көз жеткізу де қиынға соғады. Мәселен, Б. Соқпақпасовтың «Өлгендер қайтып келмейді» романы мен «Балалық шаққа саяхат» повесі өзара үндес, сарындас әрі мемуарлық шығармалар десек, қателеспейміз. Сондай-ақ, Қытайда ғұмыр кешіп, дүниеден озған қазақтың талантты жазушысы Қ. Шабданұлының «Қылмыс» атты романы да жанры жағынан ғұмырбаяндық романға жатады. Кеңестік дәуірде шетелде өмір сүрген ұлтымыздың даңқты перзенті Х. Оралтайдың 1999 жылы «Елімайлап өткен өмір» атты өмірбаяндық романы Стамбулда жарық көрді. Уақыт жағынан алғанда, бұл шығарманың жазылуы кеңестік дәуір тұсында басталған, яғни шығарма Қазақстан тәуелсіздікке қол жеткізген кезеңде жарияланса да, жазыла бастауы тәуелсіздікке дейінгі кезеңге келеді.

Шетелдегі қазақ диаспорасының көрнекті өкілдерінің бірі, қоғам қайраткері, журналист, қаламгер Хасан Оралтайдың «Елімайлап өткен өмір» шығармасын жанр жағынан алғанда, өмірбаяндық роман деуге болады. 1999 жылы Стамбул қаласында жарық көрген сегіз жүз бетке жуық туынды С. Сейфуллиннің «Тар жол, тайғақ кешу», С. Мұқановтың «Өмір мектебі» романдары сияқты автордың басынан кешкен өмір жолынан мол мағлұматтар береді. Мұндай романдар қазіргі

әдбистімізде де бар. Мысалы соңғы онжылдықта жарық көрген Б. Тілегеновтің «Тұйық өмірдің құпиясы», Ә. Нұршайықовтың «Өткелдер», Р. Тоқтаровтың «Бітеу жара», Қ. Жұмаділовтің «Таңғажайып дүниесі», М. Мағауиннің «Мен», Ғ. Мұстафиннің «Көз көрген» романдарын айтуға болады.

Шығарма он бір тараудан тұрады. Бұл тараулар белгілі бір уақыттың кеңістікке қарай, яғни хронология бойынша бөлінген. Бірінші тарауда жазушы өзінің ата-тегі, балалық шағы, қазақтардың Шығыс Түркістандағы өмірі туралы айтылады. Әсіресе, тарауда Қытайдың басқа ұлттарды қанау саясатына қарсы бағытталған көтерілістер жөнінде жан-жақты жазылған. Екінші, үшінші тараулар қазақтардың Шығыс Түркістаннан Үндістан, Пәкістан, Ирак арқылы Түркияға көшуі туралы сөз болады. Сонымен бірге, шығарманың бұл бөлігінде аталған елдерде өмір сүріп жатқан қазақтардың тұрмысы, тағдыры, тарихы туралы да құнды мәліметтер көп. Автордың ат жалынын ұстап азамат болуы, саяси-қоғамдық істерге белсенді түрде араласа бастауы, Түркия үкіметінің көшіп барған қазақтарға жасаған жақсылықтары туралы қаламгер кең тоқталған. Сондай-ақ, автордың Германияға қоныс аударып, «Азаттық» радиосында жұмыс істеген жылдары туралы романның бесінші, алтыншы тарауларында айтылады. «Азаттық» радиосының шетелдердегі қазақтардың ұлттық бірлігіне қосқан үлесі, Кеңес Одағының ұлттарға қолданылып отырған теріс саясатын сынауы жөнінде автор соларға куә болған азамат ретінде жан-жақты тоқталған. «Жалпы батыстық елдер, американдықтар, тіпті, өзіміздің туысқан Түркияның, ондағы әлгі ұлтшылдар ғана емес, түрікшіл түріктердің өзі қазақты, Қазақстанды, оның тарихын, басынан өткен және сол бір кезеңде душарласып отырған ауыр жағдайын жете түсінбейтін» деп жазады да, автор ұлтты, Қазақстанды таныту жолындағы «Азаттық» радиосының мән-маңызына срекше көңіл бөледі. Шығарманың бастапқы тарауларында елінен амалсыз жырақ кеткен қазақтардың мұқалмас жігері, қайтпас қайраты, ержүректігі мен отаншылдық сезімдері туралы қаламгер тебірене толғанады.

Кітап көлемінің жартысынан астамы Қазақстан тәуелсіздік алған алғашқы сегіз-тоғыз жылдай уақытты қамтиды. Бұл

тарауларда қазақтың белгілі азаматтарымен кездесуі, пікірлессуі, Қазақстанға келген сапарлары туралы кеңінен айтылады. Қаламгердің Шерхан Мұртазамен, Әнуар Әлімжановпен, Олжас Сүлейменовпен, Қабдеш Жұмаділовпен, Рымғали Нұрғалимен, Мұхтар Шахановпен, Сәбетқазы Ақатаймен тағы басқа да мәдениет, әдебиет, ғылым өкілдерімен кездесулері, онда көтерілген ұлтымыздың көксікесті мәселелері туралы жан-жақты сөз етіледі. Осындай тұстардан Х. Оралтайдың саяси көзқарастары, ұлтжанды азаматтың бейнесі айқын аңғарылып жатады. Автор кей тұстарда кейбір танымал азаматтарға көңілі толмағандығын да жасырмайды. Мұнда ол адамның жеке мінезін немесе шығармашылық еңбектерін емес, ең алдымен басшылыққа сол азаматтың ұлт тағдырына деген қатынасын, туған халқына істеген қызметін алып отыратыны байқалады.

Жекеленген тұлғаларға арналған «Есте қалған есімдер немесе жеке тұлғалар» аталатын кітаптың оныншы тарауында, автор жиырмасыншы ғасырда түрік, қазақ руханиятына үлес қосқан бірнеше азаматтардың өмір жолдары мен қайраткерлік еңбектеріне баға береді.

Шығарманың соңғы он бірінші бөлімі қосымша іспетті, себебі мұнда автор туралы баспасөз материалдары, құжаттар, фото суреттер жинақталып берілген.

Жалпы алғанда, Хасан Оралтайың «Елімайлап өткен өмір» атты аса көлемді еңбегі саясат құрбаны болып, өз отанынан кетуге мәжбүр болған мыңдаған адамдардың тағдырынан мол мәлімет беретін шығарма. Сонымен бірге бұл шығарманың бағалылығы – тәуелсіз Қазақстан, оның зиялылары сыртта өмір сүретін, Батыс демократиялық елдерінің тұрмысында тәрбиеленген азаматтың көзқарастары арқылы беріледі. Кітап нақты деректерге, автордың шыншыл пікірлеріне құрылған деуге толық болады. Мол материалды қамтып көрсететін кітапты мемуарлық романның жүгін көтерген дүние деп бағалаған орынды сияқты.

Жазушы бастан кешкен оқиғалардың кей реттерде мемуар болып жарияланатынын Ғ. Мұстафиннің «Көз көрген» шығармасынан көруге болады.

Ғабиден Мұстафиннің соңғы туындысы – «Көз көрген». Бұл жазушы жоспарлаған үш томдық мемуарлық кітаптың бірінші томы. Онда өмір тәжірибесін өткен, қазақ халқының феодалдық дәуірден социализмге жеткен ұзақ күресінің куәсі болған жазушы өзі мен өзі туған елдің жаңару, өзгеру жолдарын әңгімелеп беруді көздеген. Кітапта суреттелетін уақиғалар негізінен автордың өз басынан кешкен жайлары. Жалпы мемуарға тән бұл ерекшелікті Ғабиден де аттап кетпейді. Бірақ «Көз көрген» – тек көрген, бастан кешкендерді тізе беретін есеп емес, жазушының өзі өскен ортасы, қазақ қауымының қоғам дамуына ілесіп отырып, өсіп өсеюі, сана-сезімінің оянуы жөніндегі көркем шығарма. Осы негізде қарт жазушы уақыт, заман, революция жайында көңіліне түйгендерін, ойларын ортаға салады. Жексе-жексе новеллалар күйінде берілген шығарма композициясының өзі-ақ автордың бастан кешкен құбылыстарды іріктеп, оның маңыздыларын ғана саралап алғанын танытады.

«Қай жазушының болса да, қартая келе мемуарлық шығарма жазуы – табиғи нәрсе, – дейді Ғабиден «Көз көргенге» кірісер кезіндегі бір әңгімесінде. Өйткені көп жасаған адам өмірді көп көреді. Сол көргендерін ойлай, еске алып отырып, соның маңыздылары жайлы оқушыға айтып беруге бекінеді. Біз Алматының ішінде отырмыз. Қала өмірінің бәрі бірдей көзге түсе бермейді. Егер Алатаудың биігіне шығып алып қарасаң, ондағы тіршіліктің бәрін анық көресің, жақсы мен жаманды сезесің, маңызды мен маңызсызды айырасың. Өмір де сол сияқты. Біз жүйелі білім ала алмадық. Бірақ өмірде көргеніміз бен түйгеніміз көп. Көшпелі ауылда туып, мал ішінде өстік. Жұмысшы да, қызметші де болып көрдік. Үлкен-кіші кісілерге ердік, бірге жүрдік. Қарап, ойлап қарасаң, сол көргендердің ішінде жас ұрпаққа айтып кетерлік маңызды мәселелер де мол. Бұл романды мен, негізінен шындыққа, болған жайлар мен фактыларға құрмақпын. Сол арқылы біздің көз алдымызда өткен ескі өмірдің жаңару процесін, тіршіліктің өзім түсінген мән-мағынасын көрсетпекпін».

«Көз көргеннің» бірінші кітабы 1900–1925 жылдар арасындағы қазақ қоғамы бастан кешкен дәуір шындығын

камтиды. Ширек ғасырлық осы дәуірдің өзгерісті уақиғалары шын, болған күйінде қоспасыз, әзірлеусіз беріледі. Көп жайлар бізді феодалдық көшпелі күйдегі халықтың оянып, орыстармен қарым-қатынасқа түскен, революциялық қозғалыстарды бастан кешкен, Совет өкіметін қабылдаған қазақ қауымының өмірімен таныстырады. Көрсөқыр орағасырлық мешсуліктегі елдің осы бір ауыр-ауыр, түсініксіз, ұғымына жат жайларға бірден тап болуы, осы процесстерді бастан кешу қандай қиындыққа түскенін байқатады. Халық қинала, қателесе отырып, заман, уақыт талабына ілесе ілгері басады. Елібайлардың жерден айырылуы, олардың орнын орыс переселендерінің басуы, осы жайларды пайдаланып, Жүніс, Махамбетше сияқтылардың рушылдық, ұлтшылдық күресстерді қоздыруы, халық батыры Мекештің трагедиялық образы осыны дәлелдсйді. Осы жолмен орыс-қазақ халықтарының пайдалы қарым-қатынасы басталады. Қазақтар орыстардан шаруаның пайдалы түрлерін, еңбекшілікті үйренеді. Революциялар дәуірі туып, таптық жіктелушілік пен тартыс қазақ аулын да камтиды. 1916 жыл уақиғалары, революция дәуірлерінің шындығы, одан кейінгі ауылдың тұрмыс-тіршілігі жалғаса, Ғабиден кітабының негізгі мазмұнын ашып береді. Бұл дәуір оқиғаларының қай-қайсысы болсын алдын ала белгіленген дайын бір схемамен емес, өмірдің қалтқысыз шындық суреттері арқылы дамиды. Шығарманың бас геройы – Сарбаланың ой елегінен өтіп, оның ұғымы мен білігі, танымы тұрғысынан суреттеледі.

Көшпелі ауылда туып өскен Сарбаланың қоғамдық көзқарасын қалыптастырған да дәуірдің қат-қабат шындығы. Ол орыстармен қарым-қатынастың үлгілі түрлерін түсіне қабылдайды. Бұл тұрғыдан әке сөзі, ісі – оған жақсы үлгі. Мұстафа мен Шодыр достығы, Тұрлыбайдың баласын орысша оқытуы, оның отырықшылыққа талабы, өзінің Спасскіде бастан кешкендері оған өмір сабағын танытқанын түсінеміз. Спасск жұмысшыларының алуан түрлі тіршілігі, мұндағы күрескерлер мен патшашылар, жылнос күн көрушілер, саудагер байлар Сарбала сезімін оята түседі. Ол дос кім, әділет кімнің жағында деген ойларға қалады. Махамбетшіні сынаған соқыр ақын сөзін ол ризалықпен тыңдайды. Атасы болса да Ссыткамаловтың

жауыздық істерінен жирене түседі. Онымен бірге шыққан салық жинау сапары болашақ милиция бастығының өмірді кеңірек тануына көмектеседі.

Бас кейіпкер образының дамуында қоғамның өзгеру мен жаңару тенденциясы, жазушының таптық позициясы айқын берілген. Ескі заманның көп жайларына адамдық көзбен қарай алған әке Мұстафа Сарбалаға дұрыс жол сілтейді. Бірақ ескі ұғымды, діндар әке ол жолмен өзі жүре алмайды. Әке әділдікті құдай жолынан іздесе, Сарбала жаңа өмірден, совет тәртібінен табады. Оңаша қалған әке мен баланың қолындағы екі кітап Хожа Ахметтің «Хикметі» мен Абайдың өлеңдері екенін суреттеу де тегін емес. «Кітаптар екеуін екі жаққа: Хожа Ахмет – ахиретке, Абай дүниеге тартады» деп жазады жазушы. Абай өлеңдері Сарбалаға өмір сырын тануға, көрген-білгендері жайлы ойлануға жол сілтейді.

«Көз көргеннің» әр тарауы қазақ қоғамының әртүрлі тобы бастан кешкен белгілі бір уақиғаларды әңгімелеп, содан шығатын қорытындыны түйіп кетіп отырады. Спасекіде жұмысшылар күресімен қатар Сарбала капиталистік дамудың әлсіздерді ысырып шығарып жатқан зорлығын таниды. Бұл бір Сейтқамалов емес, тебелычик Жүсіптің аянышты тағдырын да еске алғызады. Күрес идеясы қарапайым татар отбасы Пахрей үйінде жіктелушілік тудырғаны да қызық. Оның үлкен баласы Құсайын әскерден жаңағы жақ болып қайтса, ортаншы ұлы Мендіхан оған қарсы жолда, большевиктерді құптамайды. Кіші ұлы Шайхы шаштараздықтан пайда іздеп, күн көрістен аса алмай жүр. Ол үшін бас болса болды – кімнің басы болса да бәрібір сияқты. Бұл да дәуір тудырған қайшылықтардың бірі есебінде қабылданады. Әубәкір Сейтқамаловпен бірге ел аралау – Төбеттей төбеттерді көру, Әулие шыққан жалғыз үйдің трагедиясы, Әсияның тағдыры ауылдағы тоза бастаған ескілікті танытып, олардың өзгеріс тілеп тұрғанын аңғартады. Осылар арқылы жазушы заман дамуының заңдылығын ашады, қоғамдық күрестің өрістеуін әңгімелейді. Қарапайым қазақ баласы Сарбала да қоғамдық дамуға ілесе совет жұмысына араласады. Мұқтар болыс сияқты ескінің мықты тірегіне қарсы келіп, оның келініне бостандық әперуге жарайды.

«Көз көрген» – советтік мемуардың дәстүрін жалғастыруда, жаңартуда өзіндік орны бар кітап. Оның бөлшек-бөлшек әңгіме күйінде композициялық құрылысы, көркем, бай тілі оқушыға өзгеше әсер қалдырады. Әңгіме басты герой Сарбала маңында өрби отырса да, әңгімеші емес, автор суреткерлігі тежелмейді. Онда табиғаттың, адамдар арасындағы психологиялық қарым-қатынастың көптеген ұтқыр суреттері бар.

Академик С. Қирабасовтың «Өмір тағылымдары» атты естеліктер кітабында тек өзі куә болған, өзі басынан кешкен жайттар бар. С. Қирабасов – әдебиеттанушы ғалым. Сондықтан да әдебиет сияқты өнердің бір түріне стәне жақын адам болғандықтан әрі әдебиеттану ғылымының қазіргі таңдағы абыз ақсақалы, сондай-ақ принципшіл, өзгеге ғана емес, өзіне де талап қойғыш, өмірден көргені, көңілге түйгені аса мол адам болғандықтан, естелік кітабына құрметпен, бірден-бір объективті пікірлер енгізілген деп жұртшылықтың дұрыс қабылдағаны ақиқат.

Қазан төңкерісінен кейінгі мерзімде классик жазушы С. Мұқанов «Өмір мектебі» атты мемуарлық кітап жазды. Кеңес үкіметі тұсында С. Мұқанов та С. Сейфуллин сияқты сол бүлік жүйесін бірден жатырқамай қабылдады. Кеңес дәуірі тұсында мемлекеттік сыйлық, марапаттауға ие болды. Кеңес үкіметіне С. Мұқановтың жан-тәнімен берілуі оның сол үкімет қуғын-сүргінге ұшыратқан Алашорда қайраткерлеріне қарсы пікір айтуына ұласты. Мына төмендегілер осы айтылғандарға нақты дәлел бола алады.

Қазақстанға Голощекин келген 1925 жылдан бастап «халық жауларын әшкерелеу» ерекше сипат, қарқын алды. Айлакер саясатшы өз ойларын жүзеге асыру үшін қазақтардың арасындағы түрлі алауыздықтарды шебер пайдалана білді. Бақталастық, көре алмаушылық, даңғазалық, әсіресе белсенділік секілді жексұрын мінездерге ерік беріп, оны саяси мақсатына жету жолында шебер қолдана білді. Билік басында жүрген ел азаматтарын бір-біріне айдап салып, кімнің қандай – ескішіл, жаңашыл – адам екенін анықтау басталды. Нәтижесінде елдің, халықтың қамын ойлаған азаматтар жоқ, бәрі де топқа, жікке

бөлініп, қарақан басының немесе тобының қамымен жүргендер, күндіз-түні ойлайтыны «халыққа қайтсем қастандық жасаймын» дейгіндер болып шықты... Ел басында қанша қайраткер жүрсе, сонша топ ашылып, олардың «жікшілдік», «зиянды» іс-әрекеттері әшкереленіп жатты...

Тура осындай жағдай әдебиет майданына да көшірілді. Төңкерістен кейінгі әдебиеттің болашағы қандай болуы керек деген пікір алысулар енді кімнің қай таптың, топтың ақыны екендігін анықтауға ұласты. Кедей таптың қаламгерлерін біріктіруге тиіс ҚазАПП-тың 1926 жылы қарашаның 4-інде қабылдаған 12 баптан тұратын бағдарламасында былай деп атап көрсетілді: «Салт-сана майданындағы мықты құралдың біреуі – көркем әдебиет. Сондықтан қазақтың пролетариат, қара шаруа жазушылары, жалпы қазақ еңбекшілерінің салт-санасын тәрбиелеп, бұқараны социалдық дәуірге жетектеуге, еңбекші таптың мақсатына теріс пікірлермен күрсеуге партияға көмектес болулары керек». Сөйтіп, көркем әдебиетті ашықтан-ашық саяси күрес құралына айналдыру нисті заңдастырылды.

Әдебиеттің партиялық принципін жүзеге асыруда ҚазАПП-тың қайраткерлерінің бірі – С. Мұқанов айтарлықтай белсенділік танытты. Ол өзінің 1923 жылы «Еңбекші қазақ» газетінде жарияланған «Қара тақтаға жазылып жүрмеңдер, шешендер» (№69) атты алғашқы мақаласынан-ақ әдебиеттің партиялығы мәселесін ту етіп көтеріп, өзінің саяси бағытын анық көрсеткен болатын. Қазақстанда «тап күресі шиеленісе түскен» жиырмасыншы жылдарда да ол әдебиет майданының алғы шебінде жүрді. «Көркем әдебиет туралы» (1926), «Көркем әдебиет туралы қорытынды пікірім» (1927), «Байдың толғағы» (1927) сияқты т.б. айтыс мақалаларын жазды. Осылардың бәрінде де Мағжан алашордашыл ақын аталып сыналды.

С. Мұқанов «Терең карауды тілейді» атты мақаласында әдебиетті бағалауда қатал түрде таптық тұрғыдан келуді талап етеді. Автор: «Өлеңдерді жариялау кездерінде аса байқампаздық керек. Мысалы, Мағжан сияқты ескілікті көздейтін, байшыл-ұлтшыл ақындардың өлеңдерін жарияламау керек. Бұл – халыққа дұрыс тәрбие бермейді. Мағжан сияқты ақындарды

жақтаушылардың мақалаларын да қабылдамау керек», – деп жазды.

«Біздің үстіміздегі дәуір – күрес дәуірі, мылтық алып күреспегенімізбен, пікір жүзіндегі күресіміз әлі қойылмайды. Қазақтың өз ішінен шыққан «Алашорда» партиясы бар. Оның Мағжан сықылды өз тобының тілсін мықты ұстайтын ақыны бар. Олар қағаз жүзінде жоғалғанымен әлі өліп біткен жоқ». Осындай бағытты ұстанған автор Мағжанның өлеңдерін саяси тұрғыдан талдап, халыққа жат деп көрсетеді де, «Шолпан» жинағын «көже өлеңдер» деп бағалайды. Сондай-ақ, Ахмет Байтұрсынұлы, Жүсіпбек Аймауытұлы, М. Әуезұлы да байшыл бағыттағылар өкілі ретінде сөз болды.

С. Мұқановтың осы мақаласындағы пікірлерге қарсы Қошқе Кеменгеров «Көркем әдебиет туралы» мақала жазды. Автор ә дегеннен-ақ С. Мұқановтың сол кездегі қазақ әдебиетінің жалпы жай-күйі жайлы ойларымен келіспейтіндігін білдіреді де, «Бірсе-саран Мағжанның өлеңдеріне қарсы сары уайым төгудің қисыны жоқ» деп, ақын туралы көзқарасын ашық айтады. «Мағжанның 4-5 өлеңін кесе-көлденсең тарта берудің қажеті жоқ. Мағжанның ол өлеңді жазуында тарихи себеп бар шығар. Өзі «ұлтшыл» болғанымен, бұқара кедей тұрмысын жазатын болса, не айып-шамы бар?» – деп, оның өлеңдеріне ойлы көзбен қарауды, себеп-салдарларына үңілуді ұсынады. Ақынды «ұлтшыл» деп айыптай берумен келіспейді. Мағжанның жай ғана ақын емес, асқан дарын иесі екендігін, оны қадірлеп, бағалай білуге ой салады: «Мен де (мақтанып жіберейін) бір қазақтың баласындай орыс әдебиетіне таныспын, өлең жазу әдісін де білемін, бірақ қанша тырбансам да Мағжандай бола алатын емеспін. «Кім би болғысы келмейді, бірақ бола алмайды» дегендей, талайлар да Мағжандай болғысы келеді, бірақ талантында кемістік болатын шығар...

Сәбит Қошқенің пікірлеріне қарсы тағы да «Көркем әдебиет туралы қорытынды пікірім» атты көлемді мақала жазды. Төңкерістен кейінгі қазақ әдебиетінің жалпы жағдайына «таптық тұрғыдан» талдау жасауға ұмтылған автор. Мағжан туралы бұрынғы ойларын өрістете түсті. Қазақ қаламгерлерін жасанды түрде кедейшіл, байшыл деп бөліп: «... ел ішіндегі

тұрмысты өзінің болжағанындай шындықпен жазуда еңбекші жазушылар байшыл-ұлтшыл жазушылардан артық. Байшылдар жазған шығармалардың сырты сұлу болғанымен, мазмұны жағынан у болып келеді. Бұл, әсіресе, Мағжанда көп ұшырайды», – деп жазды. Мағжанның жырларына Қалмақан Әбіқадыровтың өлеңдерін қарсы қояды: «Қалмақан ұлтшылдардың көзіне нағыз «жер астынан жік шыққан, екі құлағы тік шыққан» шала хат танытын шын жалшының өзі». «Тұрмыстың ең күшті поэзиясы – осы. Бірақ оған Мағжанның тілі келмейді. Мағжанның тілі келетін тақырып – байларды, хандар мен бектерді мадақтау, күні өтіп, өліп бара жатқан өмірді мадақтау. Ал, біздің Қалмақандарымыздың жаңа өмірді жазуға тілі әбден келмеді».

Мұқанов тіпті «Ұлтшыл не еңбекші деп бөлімсі алғанда жалпы қазақ әдебиеті өзінен-өзі үлгі алатын дәуірге жеткен жоқ», – дейді де, Мағжанның ұлт ақыны екендігіне күмән де келтіретін сияқты. «Мағжанның өлеңдерінің 75 проценті орыс, татар ақындарына сілктесу», – деп, ақынды кеудесінен итереді.

Сол кездегі қазақ қаламгерлерінің басын біріктіріп, шығармашылық жұмыстарға жұмылдырып отыруға тиіс болған ҚазАПП ұйымы керісінше, дау-дамайды өршіте түсті. Шығармашылық мәселесімен емес ақын-жазушыларды жік-жікке бөліп, оның ішінде байшылдық-ұлтшылдық әдебиетке қарсы күресті басты міндеті деп білді. ҚазАПП-тың бағытын жүргізіп, айтыстың қақ ортасында жүрген С. Мұқанов былай деп жазды: «ҚазАПП үш мәселеге ерекше көңіл бөлді: бірінші – әдебиеттегі байшылдық-ұлтшылдық бағытқа қарсы күресті күшейте түсу, ол үшін әдебиет майданында жүріп жатқан айтыстарды қоздырып, байлардың да, байшылдықтың да таптық сырын айқындай түсу, сойтіп тап жауына еңбекші таптың өшпенділігін күшейту». Жиырмасыншы жылдарда жүргізілген әдебиет туралы айтыстардың мақсаты басты өкілі Мағжан болып табылатын «ұлтшыл», «байшыл» атанған Ахмет, Міржақып, Жүсіпбек, Сұлтанмахмұт, Мұхтар сынды ақын-жазушыларды тарихтың сахнасынан күшпен қуып түсіруге алғышарттар жасау болатын...

«Көркем әдебиеттегі» байшылдық-ұлтшылдықты әшкерелеу жұмысы қазақ әдебиетінің даму тарихында 1927-28 жылдары ерекше қарқынмен жүрді десек асырып айтпаған болар едік, – дейді Сәбит Мұқанов. – Оған куә – сол кездегі газет-журналдардың бетінде жарияланған мақалалар. Мен осы қызу айтыстың қалың ортасында жүргендердің бірі болдым. Байшыл-ұлтшылдар пікірлерін бүркешікті түрде өткіземіз деп тырысқанмен, совет әдебиетінің бағытындағылар олардың бет пердесін тез сыпырды да, кім сендіктерді халық алдында айқын көрінген ұлтшылдар саяси ажалы жақындағанын сезіп, бір жүйелер:

«Сонау оннан мен аулақ,

Мен тоқсанмен біргемін», (Мағжан Жұмабасв)

–деп, бұрынғы таптық бетінен жалтаруға тырысты... Сөйтіп, қазақ әдебиетіндегі байшыл-ұлтшылдар 27-28 жылдары идеологиялық майданда қирауға айналды (сонда). Бұл кез Голощекиндік биліктің күшейіп, оның «кіші Октябрь» жасауға кірісіп кеткен тұсы болатын. Байларды тәркілеу, елді колхоздастыру әнс-міне басталғалы тұрған. Соның алдында жүріп жатқан идеологиялық дайындық жұмыстары өз нәтижелерін де бере бастаған еді. 28-жылға дейін жазылған сын мақалаларда Мағжан туралы бірлі-жарымды оң айтылған пікірлер кездесіп отыратын болса, енді ол басы ашық «халық жауына» айналды. Әдебиет жайлы мақалаларда Мағжанның «ұлтшылдық» қоңырауын соқпай кететіндер кемде-кем болатын.

«Өмір тағылымдарындағы» С. Қирабасвтың С. Мұқанов туралы естелігі әр адам жанының күрделілігін ғана емес, жоғарыдағы С. Мұқанов ұстанған жолға да кеңінен қарауға мүмкіндік береді.

Бұл бір қиын кезең еді. Қазақстанда «Ұлтшылдыққа қарсы күрес» науқаны басталған. 1946 жылы партияның «Ленинград» және «Звезда» журналдары туралы» қаулысынан бастау алған бұл науқан біздің республикада өзгеше бір қарқынмен өрістеді. Қазақстан Компартиясының Орталық Комитеті «Қазақстан Ғылым академиясының Тіл және әдебиет институтының жұмысындағы саяси өрскел кателіктер туралы» қаулы (1947)

қабылдады. Ж. Шаяхметов республикалық активте сөз сөйледі. Оның аяғы «Правда» газетінің «Қазақстан тарихы маркетікленіндік тұрғыда баяндалсын» атты мақаласына (1950) ұласты. «Ұлтшылдықты» әшкерелсйтін мақалалар ұйымдастыру жедел қолға алынды. Сәбсн осы кезде Жазушылар одағын басқаратын. Өзі де сынға ұшырап, біресе кітаптары, біресе одақтағы басшылық қызметі мінслумен жүрген. Бір күні Орталық Комитетке барып келді де, бізді, бір топ жас әдебиетшілер мен сыншыларды жинады.

– Ой, жігіттер, қызық болып жатыр. Партия «ұлтшылдарды» табындар, әшкерелсндер дейді. Әбділда, Қасым, Қалижан үшеуіне ерекше шүйлігуде. Сендер жассындар, осы тұста партияға көмектеспесендер болмайды, – деді. Қолына қарындаш алып, кімнің қай тақырыпқа, қай газетке мақала жазатынын нақтылап, өзі жазып отырды.

Жасынан жоқшылықта өсіп, Совет өкіметі мен Коммунистік партияның камқорлығымен білім алып, снбек жолын, жазушылығын бастаған Сәбит партия сөзі, партиялық шара дегенге «тәк» тұратын еді. Партия ұранына сріп, 20-жылдардың өзінде Қазақстанға «ұлтшылдыққа» қарсы батыл күрескен. Бірақ бұл жолы бұрынғыдай белсенділігі байқалмайды. Сірә, «ұлтшылдық» бар дегенмен, сынның ұсақ-түйекті термелеп, кінә іздеуге бет бұрғанын сезетін де болар (өзі де сыналып жүрді ғой), тапсырма алған соң, амал жоқ, мақалалар ұйымдастыруға мәжбүр адам сияқты көрінеді. Бірақ онымен кұтылмады. Қазақстан Компартиясының Орталық Комитеті Жазушылар одағының жұмысы жайлы арнаулы қаулы алды да, Сәбитті орнынан босатты. Жазушылар одағы басқармасының төрағасы болып партия қызметкері Ә. Жаймурзин сайланды. Одақ басшысы жазушы болуға міндетті емес, ол одақта партиялық тәртіп ұйымдастырушы болуы керек деген сталиндік принцип (Щербаков, Поликарповтар одақтық жазушылар ұйымын басқарған) Қазақстанда да іске асты. Кейін бұл Қырғызстан мен Түрікменстанда да қайталанды. Әрине, жазушылардың ішкі жағдайын, психологиясын, шығармашылық адамының сыры мен күйін білмейтін адамға олармен жұмыс істеу оңай да емес еді. Әбексн (Жаймурзин) бұл қиыншылыққа

кездесті де. Сөйтіп жүріп, адал қызмет істеуге тырысты. Аз уақыт істеп, жазушылармен қарым-қатынасын бұзып алмай тұрғанда, аман-сау Мәскеуге оқуға аттанып кетті. Мен Әбсқеннің ақылдылығын осыдан көрдім. Сөйтіп, 1954 жылы бұл орынға Ғабиден Мұстафин отырды.

Қызметінен кеткеннен кейін Сәбит «ұлтшылдықты әшкерелеу» ісіне араласқан жоқ. Тек әділетсіз сын шоқпарынан өз басын арашалаумен жүрді де, республика басшылығы өзгергеннен кейін, әдебиеттің қадірлі ақсақалдарының қатарында сыйлы өмір сүрді.

П.К. Пономаренко, Л.И. Брежневтер ақсақал жазушыларға үлкен құрметпен қарады. Мұхтар, Сәбит, Ғабит, Ғабиден – төртеуі де Жоғарғы Кеңеске депутат болып сайланды. Бұлардан тыс бір орыс жазушысына (Дм. Снегин). Жазушылар одағының екінші хатшысына (Ә. Тәжібаев) депутаттық орын берілді. Алдыңғы төртеуі өздері өмірден кеткенше депутаттығынан айырылған жоқ, кейінгі екі орын қызметіне қарай басқа адамдармен алмасып тұрды. Және жоғарғы төрт ақсақал жазда министрлермен қатар Министрлер Кеңесінің екінші демалыс үйінен саяжай алып пайдаланды. Ал қалған жазушылар үшін үкімет екі ағаш үй (төрт бөлмелік төрт пәтер) салып берді. Ол да бір қызық дәурен екен ғой. Жаз бойы ағалармен араласып, сол демалыс үйін басымызға көтеріп жатушы ек. Балаларымыз да сонда өсті. Сәбеңмен отбасылық араласымыз да осы демалыс үйінен басталды.

Сәбең керемет әңгімеші кісі еді. Әңгімені өзі де қызығып айтады, тыңдаушысын да елітіп отырады. Қиялы күшті адам, қызығып отырып қосып жіберетін әдеті де болатын. Демалыс үйінің асханасынан тамақтанып шыға берсе, Сәбең есік алдындағы ұзын орындыққа жайғасады. Елдің бәрі апыр-жұпыр жиналып, сол кісінің әңгімесін тыңдайды.

– Әй, сен де отыр, – деді бір күні асханадан шыққан маған.
– Мен сендерге Мағжанның Алматыға келуін айтып берсін.

– Мәскеуде, қызыл профессорлар институтында оқып жүрген кезім еді, – деп бастады әңгімесін Сәбит. – Мәриям, бір кішкене балам бар – үшсүміз. Бір күні кешке жақын – апақсапақта біздің елдің бір жігіті (Сәбең атын айтып еді, ұмыттым)

жетіп келді. Оны-мұныға ұрынғыш, бірнеше рет сотталған адам болатын. Мен, қалай тауып келгеніне қайран қалып едім.

– Әй, горсправка бар емес пе? Кімнің қайда тұратынын тез тауып береді, – деді.

Мен оның қайдан келе жатқанын сұрадым.

– Бір жұмысты болып, солтүстік лагерьде болып едім, содан босанып келсем.

Тамақ үстінде әңгімелесіп отырып:

– Лагерьде қазақтар болды ма? – деп сұрадым.

– Болды. Мағжан Жұмабаев бар.

Мен ойланып қалдым. Мағжанды жақсы білем. Бала кезімде мен оқыған курста сабақ та берген. Күшті ақын. Бірақ кеңс өкіметін мойындамай, оған наразылығын жырлаумен өтті. Сотталғанын естіп ем, қайда екенін бірінші рет біліп отырмын. Ертеңіне адресін сұрап алып, Мағжанға хат жаздым. Хаттың мазмұны сол кездің ұғымынан туған. Мен үш қоғамдық құрылыс тұсында шыққан үш үлкен ақынды білем. Олар – феодалдық дәуірде шыққан Абай, буржуазиялық дәуірде туған Мағжан, пролетариат дәуірінде шыққан Сәкен...дей келіп, сізді біз жақсы білсіміз. Қашанғы қыңыр тарта бересіз, қоғам дамуының беталысы сіздің ойыңыздан шықпағанын көріп жүрсіз. Жаңа өмірді қабылдап, бетті беріге бұрыңыз, талантыңызды қор қылмаңыз, – деп жаздым. Мағжаннан жауап болмады. Келесі жылы оқуымды бітіріп, Алматыға келдім. Жазушылар одағы басқармасының төрағасы болып сайландым. Бір күні Мағжаннан хат алдым: «Сәбит қарағым, хатыңды алып едім, кезінде жауап жаза алмадым. Енді босанып, елге келдім. Бір мектепте сабақ берем. Ол да тұрақты емес. Қашанғы шетке қаға бересіңдер. Көп уақыт өтті, көп су ақты дегендей...мені орталарыңа алмайсыңдар ма?» – деп жазыпты. Хатты Сәкенге көрсеттім. Ол: «Мұны басқа ешкім шеше алмайды, бірден Л.И. Мирзоянға бар», – деді. Осы жерде тындап отырған Мұхаметжан Қаратаев сөз қосып:

– Мен сіздің хатшыңыз едім ғой, Сәбе, әуелде Садық Нұрпейісовке барып едіңіз ғой, – деді.

Сәбен оның түзетуін қабылдады да:

– Садық оны шеше алмады. Ол да Мирзоянға сілтеді, – деді.

Сонымен сұранып, Мирзоянның қабылдауына бардым. О кісі кішілсәйіл, төрешілдігі жоқ адам еді, тез қабылдады.

Мен хат туралы, Мағжанның сөзі туралы толық айтып түсіндірдім. Әңгіме үстінде Ораз Исасвты (Халық Комиссарлар кеңесінің төрағасы) шақырып алды. Сонсоң шешімін айтты:

– Шақырындар. Біраз қорлық көрді ғой, ойланған болар. Беті бері қараған шығар. Бірақ сестерінде болсын, ол – жаңа өмірді мойындамаған адам, әрі қарайып қалды. Сендерге жаңа шығарма жазып бере алмайды. Классикалық әдсбист үлгілерінен аударма жасатып алсаңдар да пайда... Қазір онда сшқандай жағдай жоқ. Үй беріндер, баспамен келісіп, аударма жасауға шарт жасасып, аванс төлеңдер, сөйтіп көмектесіндер, – деді.

Осы уәдемен шықтық. Ораз «Кеңестер үйі» деп аталатын қонақ үйінен екі бөлме беруге әмір берді. Барып, кілтін алдым. Баспа өзі келген соң шарт жасасып, ақша беретін болды. Мен телеграмма беріп, шақырттым. Бір күні «келе жатырмыз» деген хабар да келді. Ол кезде машина жоқ, ат-арбамен барып, Бірінші Алматы вокзалынан күтіп алдым. Пойыздан түсті, қасында әйелі Зылиха бар.

Сәбен Зылиханы ұнатпайтын.

– Мен сыйлайтын ақындардың ішінде екі адамның әйелі маған ұнамайды, бірі – осы, – деді. Екіншісін де айтып еді, ұмыттым. Мағжанның бақытсыздығын осы әйелден көрестін.

– Мақа, – дедім күтіп алып тұрып, – үйіңіз дайын. Кілтi менде, бірақ есіз үйге барып түспейсіз ғой, біздің үйге барайық. Ертең апарып салам.

– Сәбит қарағым, інімдсйсің ғой. Қолымда оқып та едің. Өкпелеме, мен сіздің үйге бармаймын. Мен Сәкенге барайын. Бірге өсіп, бірге оқып ек, заман скеумізді екі жолға салды ғой. Ол жеңді, мен жеңілдім. Сәкеннің аяғына жығылайын, – деді Мағжан. Егіліп тұрып айтты. Жасып қалыпты. Аяп кеттім. Бірақ Сәкенге бірден алып баруға бата алмай, «Қазір, тоса тұрыңыз» деп, телефон соқтым. Сәкен:

– Алып кел, – деді ойланбастан.

– Біз келсек, – деді Сәбен әңгімесін әрі жалғастырып, – Сәкен үйіне сыймай, үстіне қара костюм, ақ көйлек киіп, галетук тағып, таранып, бағының ішінде әрі-бері жүр екен.

Екі қолы артында. Келген бетте Мағжанға құшағын жая ұмтылды. Екеуі де көзіне жас алып, құшақтасып амандасты. Сол кешті Сәкен үйінде өткіздік. Ас үстінде, әңгіме арасында болса да, өткен өмірлерінің өкпелі жақтары, айтыс-тартыстары жайлы бір ауыз сөз айтылмады. Көңіл көтерерлік әңгімелер ғана болды. Біз Мағжанды осылай қарсы алғанбыз, – деді Сәбен әңгімесін түйіндеп.

– Кейін не болды? – деп сұраймын мен Мағжанның кейінгі тағдырын білгім кеп.

– Кейін біз ойлағандай болмай қалды. 1937 жыл келіп араласты. Сәкен ұсталып кетті. Мағжанның соның алдында Сәкен үйіне түнделетіп барып қонақ боп кеткенін, Сәкеннің ақшалай көмек бергенін артынан естідім.

– Мағжанды соңғы рет қашан көрдіңіз?

– Күнде жиналыс, күнде әшкерелеу. Сәкен, Бейімбет, Илияс ұсталған соң, маған шүйлікті. Жазушылар одағында үлкен жиналыс болды. Орымнан алды. Партиядан шықтым. Енді қашан ұстап әкетеді деп күтумен жүрдім. Кешке қарай үйге кіруге жүрек дауаламайды, шам жақпай, апақ-сапақта верандада отыр едім, бірсудің біздің үйге беттеген сұлбесі көрінді. Әуелде ұстауға келе жатқан адамдар ма деп шошынып қалсам да, артынан жай адам екенін аңғардым. Мағжан екен, қарсы шықтым.

– Сәбит қарағым, – деді Мағжан, – бәрін де естідім. Сорым арылмаған адаммын ғой, мені шақырғанын да саған таяқ боп тиіпті. Кешірім сұрайын деп келдім, – деді ол. Онымен сөйлесіп тұратындай жағдай менде жоқ еді. Қоштасты да, іңір қараңғылығына кіріп жоқ болды. Содан кейін мен Мағжан тағдырынан көз жазып қалдым. Өлі екенін де, тірі екенін де білмеймін.

М. Мағауиннің «Мен» романындағы мына жолдар – тоталитарлық тәртіпке қарсы қарғыс айтқан, ашынған жанның көзқарасы.

«Ксңеске Мәлік ағам елдің алдымен келді. Темірғали ағам аяқ астынан сырқаттанып қалыпты, келе алмайды, кафедра лаборанты Дәмеш апайға телефон соғыпты. Мәжіліс басталғанда тағы бір адам жоқ еді – менің ең жақын досым, аспирант Рымғали Нурғалиев. Қара көбейту үшін емес, протокол жүргізу үшін қажет еді. Басынан солай келіскенбіз. Кешікпей келсе керек-ті. Көлдесен бірдеңеге ұшырап қалды ма деп қауіптендім. Алмағайып ахуал, өмірлік маңызды іс, менің өзім әксем өліп жатпаса, екі өкпемді қолыма алып жетер едім. Ол да жетті. Аман. Әлдебір маңызды шаруасы болыпты. Жиналыс орталағанда келді. Бірақ бұл кезде мәжіліс хатын жазуға ассистент ағамыз жегіліп қойған болатын.

Жұрт қазақ әдебиеті кабинетіне жиналып, мәжіліс ашыларда мен құрметті ағаларымның бетіне бажайлап, барлай, жеке-жеке үңіліп қарап шықтым. Бажайлап, үңіліп қарауым – жиын басталмай тұрып суық сыз, қорғасын салмақ сезілген. Тәрде Бейсекен. Қалған жұрт тізіліп, немесе қатарласып емес, қоралай, дөңгелене отырыпты. Бәрі де нық. Бәрі де қатал байыпта. Әскери киімді, немесе беделді бір ресми мекеме мүшелерінен құралған топ дәл осындай біркелкі көрінер еді. Тек... киімдері емес, киім есімде қалмапты, киім әркелкі болса керек, түр-тұлғаларында бәріне ортақ тоңазы жаттық бар, сонымен қатар, әрқайсысының мінез ерекшелігі, даралық сыпаты танылып тұр. Бірі – түтігіп, қап-қара болып отыр. Екінші ағам – сыздай көгерген, қозғалған сайын зілмауыр салмақтан – дене салмағы ғана емес, әдебиеттегі, ғылымдағы салмағынан жаншылған орындық сықыр-сықыр етеді. Үшінші ағам – қабағы тікірейіп, құныса түксиген. Төртінші ағам – көзі шатынап, сұрлана қуарып отыр. Алдына қағаз жайып, қолына қалам алған жасы үлкен замандас әлдене дәметіп, бірдеңе күткен, аңыс аңдаған кейіпте. Кафедрадағы жалғыз әйел жан-жағына қарап, таңдана бақырайып отыр. Жайбарақат – көлденеңнен келген батыр ағам ғана. Содан соң жетекшім. Шешімталдық па, именшектік пе, аз-маз ғана дегбірсіздік байқалады. Әйтпесе, әдепкі мінезі. Сүйеніш болуға тиіс, қолдан қанаттандыруға тиіс ағаларымның сықыптын көрген соң, бойымды жинап алдым. Реніш емес, ыза, сескеніш емес, сес

пайда болды. Ол кезде қазіргі, қайтқан, қажыған заманым емес, ештеңеден тайынбайтын едім. Кейін талай майданға түстік, алмағайып, ауыр жағдайлар болды, соның бәрінен тірі ғана емес, еңселі, мерейлі шықтық. Бірақ балаларыма айтып отырам, енді жазудың да сәті түсті, аса күрделі, ұзақ өмірімдегі ең үлкен шайқас – сол, 1965 жылы, 11 қараша күнгі, менің бар, иә жоқ болуымды шешкен ұлан-асыр ұрыс; ең үлкен жеңісім де сол екен.

Мәжіліс ашылды. Бейсекен тақырып мәнісін, яғни бұл – кафедраның бес жылдық жоспарлы жұмысының бір тармағы екенін, менің жөнім, яғни осы жұмысты мезгілінен бұрын жазып бітіргенім, кейбір тарауларын, негізгі тұрғыларын баспасөз бетінде жариялап үлгергенім, кандидаттық минимумдардың тапсырылғанын, ендігі шаруа бүгінгі талқыға тіреліп тұрғанын, өзінің ризашылығын айтты. Бұдан соңғы сөз кезегі маған тиесілі екен. Мен көп созбадым. Айналасы он минут шамасында жұмыстың негізгі тұрғыларын баяндап шықтым. Ешкім аяқ баспаған жер еді, бұрын алай екен, енді былай болды дегем жоқ, аштым, таптым, анықтадым дегем жоқ, именгеннен емес, әден сақтағаннан емес, ашқанымыз, тапқанымыз, шалағайды жетілдіріп, кемісті толтырып, бардың өзін жаңаша байыптағанымыз соқырға таяқ ұстатқандай көрініп тұр: қанша білімдар болса да, бұл ағаларым мен алдыға тартқан жыраулардың ешқайсысының атын да естімеген; талдау, байыптау, толғау мен түйін өз алдына. Бірақ көпті көрген қасқалар ештеңеге селт етпейді екен. Немесе, олардың көңілін аударған – мүлде басқа нәрсе. Басқа тұрғыдан қарайды, басқаша ойлайды. Тұнжырай түнерген қалыптарынан жазбады. Тек бір нәрсеге ғана аз-маз таңырқады ғой деймін. Таңырқаған сыңай білдіріп, қабақтарын кергендей болды. Мен әуел бастан, өзіміздің ажары ашық Абай тұрыпты, жүзі жабық Шәкәрім, сөзі тежсулі Шортанбай, Дулат, Мұраттар тұрыпты, әрқилы эпос үлгілері өз алдына, бүкіл әлемдік поэзия – «Фауст» пен «Евгений Онeginді», Байрон мен Лермонтовтың, Гейне мен Мицквичтің жүздеген жыр шумағын, мыңдаған өлең тармағын жатқа айтар едім, қажет болса, «Илиада» мен «Одиссеядан» да суырып берер едім, жас ғұмырымның бар нәрін салған, апталар,

айлар бойы ежіктеген жыраулар тәніммен, жаныммен біте қайнасып кеткен, құдыреті сондай, алғаш оқығанда-ақ мәңгілік бедермен, түгел жатталып қалған, мен өзімнің қысқаша сөзімнің барысында қисынына қарай, Қазтуған мен Доснамбеттен, Шалкиіз бен Ақтамбердіден, бәріміз білеміз деп жүрген Бұқар жыраудан суыра толғап, біраз сөз келтірсем керек, мұндайды көрмеген ағаларым мен қажетті бір үзіктерді арнайы жаттап айтты деп санаған тәрізді, яғни, сиқырлы жыр жолдарының өзін қабылдамаған, менің лепесім жат, жасанды көрінген, ошпенділік қабындай түскен. Оны да сол сәтінде андадым. Андадым да бекі түстім. Бұл кісілерден сшқандай рақым, мейір, жақсылық күтуге болмайды екен.

Әуелгі сөзді екінші ағам бастады. Табиғатында сабырлы кісі еді, әлденендей дегбірсіз, қыстыққан ашу бар. Мен ұсынған қолжазбаның сыртқы сыпатын мадақтаудан бастады. Әдемі басылған, көркем түптелген. Аспиранттың пәленбай томдық шығармалар жинағының алғашқы кітабы тәрізді. Шынында да кітап. Баспадан шыққан кітап сияқты оқылады деп бір кетті. Содан соң, диссертацияның кафедра мәжілісіне талқыға түптеп ұсынылуының өзі – аспиранттың мықтылығын, өзіне сенетінін көрсетеді, ал сенім – тас жарады, бас жарады деп тағы кетті. Бұдан соң жұмыстың жазылу тәсілін, тіл көркемдігін майын тамыза, мөлшерден асыра, әдемі, сырлы, жылтыр сөздермен сыпыра сылап, аспандата мадақтап өтті. Жазудан шығып, өзімізге көшті. Бір ғұлама айтқан екен, деді, дарын – сұйықтық, мінез – ыдыс деп. Тауып айтқан. Міне, қандай да бір дарынның кәдеге асуы – мінезге байланысты. Жайпақ ыдыс болса, тесік ыдыс болса, түкке жарамайды, төгіледі де қалады, деп, иегін көтеріп, әуелі Бейсекеңнен бастап, Мәлікке тоқтап, отырған жұртты түгел шолып өтті, содан соң маған тік қарады да, қайтадан жоғары, Бейсекеңнің столына түйілді. «Мен бұл жігіттің мінезі қандай екенін білмеймін, – деді, ал таланты...тағы да мәнді, мағыналы пауза, таланты – теңіз!» Мен ғұмырымда бұдан зор мақтау естіп көргем жоқ. Сірә, естімеспін. Кейін, жоғалған пышақ жөнімен, әлдескім мұхитқа теңеп жатса өзі біледі, Оны көрмеспіз. Көргенім, естігенім – жаңағы. Тоқсан жылға жететін толғам. Бірақ... университеттің есігін ашқаннан

дәрісін тыңдаған ұстазым – элхамынан бастап, бар сөзінің нендей мақсатпен айтылып жатқанын аңдап отырмын, бұл теңіз – мені батырып, тұншықтырып, біржола ағызу үшін, көзімді құртып, жоғалтып жіберу үшін керек болып тұр. Мен жымиып күлсем керек, ұстазым оқыс шыгынап, бұдан соңғы сөзін зілді салмақпен айтты. Талдау аз, тамсану көп. Бірақ бұл да талант. Шалкиіз киіз болып жерде илсініп жатады, ал біздің жігітіміз оны найзаға қотеріп, күнге жақындатып қояды. Әлгі... Тайыр ақынның айтатыны бар еді ғой: «Дулыға сыймас басыңа, Биік күн келдім, қасыңа...Советтен үшқан қыранмын!» – деп. Сондай қыран. Өлсеңде, поэзияда жарасымды, ғылымға үйлеспейді. Оның үстіне, объектіміз қара жерде, топырақпен араласып жатса... Міне, осылай кете береді. Аспиранттың кейіптеуінше, Қазтуған деген – керемет. Доспамбет, тіпті, күннен де озып, басқа галактикаға кетіп қалады. Солай болса қуанар едік, ал осы скеуінің өлеңдері де мардымсыз, мардымды болса да, соншама қолпаштауға татымайды. Бұқар жырау – ойшыл, философ депті. Ол рас. Ойшыл, философ. Бірақ қандай ойшыл, нендей философия, философия емес, бұл – Бұқардың тақиясына сыймайтын ұғым, әрқилы қозқарастардың жұрнағы, қандай жұрнақ? Кімнің сойылып соғып, кімнің жыртысын жыртады? Аспирант бұл жағын аңдамаған. Қызық қуып, тамашалап кете береді. Ақындардан өтіп, саяси қайраткерлерге – хандар мен билерге баға береді. Жүсіп – ұлы би депті. Ұлылығы неде? Мұндай ұлы биді біз білмейміз. Осы секілді басқа мәселелер де бар. Мұншама жайылып кетпеу керек еді. Нәтижесінде, сыдырта мақтау, өңшең бір мінсіз ақын, жыраулар тізіліп шыққан. Марксизм классиктері, ұлы көсеміміз Ленин... көркем әдебиет туралы ілім бізге нені үйретті? Қандай тағылым берді? Бірыңғай ағым дегеннің мәнісі неде? Таптық көзқарас деген... әншейін жарнама ма? Жок! Рас... партиямыздың ХХ съзінен соң, өткендегі тұрпайы социологизмнің тамырына балта шабылды. Ол – қателік болатын, асыра сілтеу, лениндік ілімді бұрмалау болатын. Бірақ... әдебиетке, өнерге, өткенге көзқарастың негізі... өзгерді ме? Өзгерген жоқ. Өзгермейді де. Өйткені... «Марксизм күшті, құдыретті, өйткені ол – ақиқат шындық!» – демекші... Ұстазым зорлана күліп, тағы да жұртты төбесінен шолып өтті.

Содан соң маған қадала қарап тұрып, зілді сөзін тәмамлады: «...Арғы жағына бармай-ақ қояйық!..» Бұл домбытпасыз-ақ, айтар сөз түгел айтылды. Өте тайғақ, әрі ауыр айып тағылды. Қылмысты істердің бабы сияқты. Мәселенің өзім ойлағаннан әлдеқайда қиын әрі күрделі және қат-қабат астарлы екенін аңдадым. Басқаның бәріне әзірмін, дәл осындай айып тағылады деп ойлаған жоқ едім. Әсіресе, осы кісі тарапынан. Мені қалай талқандаудың теориялық негізі жасалды, ендігі жерде жағдай бұдан әрмен шатысып, бұдан әрмен матасып, ушыға түсуге тиіс еді.

«Былай ғой, –деп бастады, ернін жымқыра жаланып. Толқыған масаттықтан аузы құрғап кеткен екен. –Былай ғой...» Содан соң қалай екенін айтты. Олай емес. Яғни, біз жазғандай емес. Өткен жылы ғана, бастан-аяқ менен ұрланған деректер негізінде бір мақала жазған. Ғылымдағы ұрлық – сойыс емес, өңештен өте салатын мал емес. Сіңбеді. Дерегін алды, дәйегі қате болды. Дерегінің өзі бұрмаланды, тарих та жоқ, байып та жоқ ұзынқұлаққа айналып кетті. Көпе-көрнеу іс. Ұялса керек еді, ұялмады. Тағы да бір мағлұмат байламдарды тағы бір, бір емес, екі мақаласына енгізген. Соншама жем тауып бергем. Ойланса керек еді, ойланбады. Ұялмауы түсінікті. Ұялатын кісі ұрлыққа бармайды. Ой әуел бастан жоқ; ойлануы керек еді деп отырғаным, соншама архив ақтарған, соншама қағаз қопарған бізді бала да болса пәле, аяғымды тартып басып, ептеп жүрсейін деп именууге тиісті. Именбеді. Енді міне, құдайы жарылқалды. Бұрынғыдай жеке мағлұмат, оқшау дерек емес, хандық дәуірдегі әдебиетті тұтасымен жинақтап, қағазға түсіріп, бастырып, түптеп, қолына бердім. Бермеске болмады, сандық түбіне тыға алмайсың, амалсыздың ісі. Сонымен қатар, жұмыстың негізгі тұрғылары, байлам мен дерек өз атымнан жарыққа шығып кетті, енді көпе-көрнеу олжалай алмас деп көңіл делбегем. Сонымен қатар, осы бір ай ішінде диссертациямды тұтасымен көшіріп алғанын, келесі мақалаларында, кітабында менің деректерім ғана емес, маған тиссілі ой-толғам, байып-байлам, зерттеу-тексеру нәтижесі – тұтасымен осы кісінің нәпақасы боларын тағы білем. Бірақ бұл ретте де, осымен тоқтамаспын, ендігі қалғанын тағы да жекелеген мақалалар түрінде жариялаудың

сәті түсер, мүмкін, кім біледі, аруақ қолдаса, кітап та шығарып жіберермін деген үміт бар. Одан соң көшіре берсін. Өзі күлкі болады.

Әзірге ағамыздың күлкі болар ойы жоқ, бізді жер қылуға біржола ниет еткені көрінді. Манағы, марксизмге жат, бірыңғай ағым теориясын одан әрі дамытты. Таптық көзқарас мәселесін жеріне жеткізді. Бірақ бұл кісінің теориялық білігі төмендеу, шешендігі шамалы, әрі мәдениеті де кем, тым дәрекі кетті. Бұқар жыраудың феодалдық, кертартпа сыпаты ашылмаған. Асан Қайғының да халыққа жат сөздері көп, олардың бәрін жаба тоқып кетеді, тіпті, атап көрсетпейді де. Бізді қойшы, Әуезовке тиіскендей болыпты. Бетімен кетіп бара жатқан бала, өзінен бұрынғының бәрін теріске шығарыпты. Ешкімді сыйламайды, ешкімді мойындамайды. Бұдан ары мені біржола тұралатқысы келсе керек, жұмыста кездесетін деректік қателер, жаңсақ жағдайларға тоқталды. Абылай Орта жүздің ғана ханы болған, аспиранттың айтуына қарағанда, үш жүзді түгел билеген сияқты; жалпы, Абылай орынсыз, артық мақталған, әйтеуір көтере береді. Бұл қате. Жиембеттің руы алшын депті, ол да қате, Жиембет Кіші жүз, оның ішінде Тана, осындайды білмеуге бола ма. «Көксілдер» деп жазады, мәшінкеден кеткен бе десем, бірнеше жерде солай, кітап атын дұрыс жазуға болады ғой, «Көксілдер», ал «Көксілдер» деген не сөз, сондай сөз бола ма. Міне, үлкен ағам, қазір ойымда жоқ, осы сияқты, өзі байқаған қапысыз кінәраттың біразын тізіп шықты. Сөзінің соңында жұмыстың жақсы жақтары да бар, ізденген, талаптанған, жазған, қазір қорғап жатса қарсы емеспін, бірақ көріп отырсыздар, жалғыз мен ғана айтып отырған жоқпын, кемісі көп, әлі де жөндеп, жетілдіру керек, жетілдіру керек емес, жаңағыдай кесапат пен жаңсақтан арылту керек деп тоқтады.

Үшінші ағам – бар ағамның ішіндегі жасы үлкені, әрі атақ-мансабы да барлық жұрттан жоғары, түгі сыртына шығып, түнсер құнысып отырған. Бір жөтеліп алды да, тамағында азғана қырыл бар, орындығында отырған қалпы, қысқа сөйледі. Түгел оқып үлгергем жоқ деді. Бірақ бет алысы жаман емес. Әжеспәуір ізденгені байқалады, жаңа Бейсекен – кафедраның жоспарлы жұмысының бір бөлігі деп айтты. Сондықтан қолдау

керек болар еді. Соңғы бес жылда осы кафедрада бір де бір аспирант, немесе ізденуші жұмысын тиянақтап, кандидаттық қорғамапты. Жоғарғы білім министрлігінің баяндамасына іліндік. Шынында да үлкен кемшілік, ұят болды. Оңған аспирант таппадық. Бәрі босып кеткен, қайда жүргені белгісіз; бұл жігітті де осы үш жыл ішінде осымен екінші-ақ көріп тұрмын деді. Қорғап жатса, қарсылығым жоқ. Жаңа бет алысы жаман емес дедім. Ол – жазуы, сөйлем құрауы. Бірақ ғылымда бар шаруа онымен бітпейді. Мына пәленшекменің, түгеншекменің айтуына қарағанда, олқысы көп, ұрынбасы, жаңғалағы көп. Мұндайда көш жүрс түзеледі деп, бетімнен жібере салып, қарап отыруға болмайды. Бірыңғай ағым деген... зардабын аз шеккеміз жоқ. Байқау керек деп тоқтады.

Төртінші ағам көзі шатынап, мүлде көгеріп кеткен еді. Әуелде көкшіл ғана болатын. Түтіге қойылып, шатынай шалқақтауы кейінірек, талқы үстінде. Мана, әуелгі ұстазым сөйлеп жатқанда, Бейсбектің алдындағы жұмыстың бір данасына қол созған. Басынан емес, аяғынан түсіп ақтарды. Бір сағат бойы осы, алғаш түскен жерінен айнымады. Сірә, түгел үлгермейтіні анық, қорытынды бөлігін қарап жатыр-ау деп ойлағам. Маған жұмысын берген жоқ деп бастады. Оқымасақ та болады деген ғой, ендіше, сөйлемессек те болады. Бірақ сөйлеймін, өйткені, жобасын қарап шықтым, шамасын байқап отырмын. Оның үстіне мына Пәленше, Түгенше және басқа жолдастар бажайлап, талдап, жан-жақты айтты. Толығымен қосылам. Менің айтарым, бұл жігіт қажетті әдебиетті түгел біліп шықпаған. Библиографиясынан көрініп тұрғандай, бұл іске шалағай қарап, көп нәрсені көрмей кеткен. Бұл – ғылымда жараспайтын мінез деп тоқтады. Жұмыстың да ғылыми деңгейіне күмән туады делі содан соң жалт-жұлт етіп, жан жағына қаранып.

Мен кейін, тіпті, күні кешеге дейін осы, 1965 жылғы 11 октябрьде өткен талқы туралы көп ойландым. Өзімді тану үшін, өзгені тану үшін, заманымның сұрқия кебін байыптау үшін қажет еді. Бірақ дәл осылай өткеніне ешқандай шешім таппадым.

Мен университетке он жеті жасымда келдім. Мұрты тебіндеп үлгермеген бала. Ұстаз деген ұлағатты сөз – Бейсеккеме ғана тиісілі, бірақ қалған жұрттың – осы отырған доцент, профессор, әдебиетші, жазушы қасқа мен жайсаңның алдынан өттім. Жақсы жүрдім, жаманатым шыққан жоқ. Бірден аспирантураға қалдым. Бес жыл студент, үш жыл аспирант – сегіз жыл бойы қыздай сызылдым. Көлгірсу емес, жасы үлкен алдындағы әдеп. Кафедрада түргеп сәлем бердім, көшеде қол қуысырып иба білдірдім, ешқайсысының алдын кесе қолденең өткем жоқ; қараптан-қарап жақпай қалатын, әдәби ортадан аулақ, жексе-дара тіршілік кешіп жатырмын, жазғаным жақпай қалды дейтіндей, қанша күлшынсам да, баспасөзге өтпей келдім. Ал соңғы үш жылда осы, алдарына тартылып отырған жұмысты жеріне жеткізуден басқа тіршілік болмапты. Міне, ұсындық. Басқасын айтпағанда, қаншама жаңалық дерегі бар. Әдебиет тарихындағы жаңа сөз демесін, қопарыпты, төңкеріпті демесін, мейірленбей-ақ қойсын, жан салып қолдамасын,-қайткенде де, қарсы болмауға тиіс еді. Ғылым мұратын жинап қояйық, адамдық ар-ұят қайда. Сегіз жыл бойы алдарында жүрген, үлкен өмірге енді ғана аяқ басқан жас баланың обалы... Ойламайды. Жақсымен жақтасудың орнына қастасуды ғана білген адам ешқашан обал, ұятты ойламайды. Десе де... Ол – жоспарлы шаруашылық заманы, мана, ағам айтпақшы, соңғы бес жыл бойы бір аспирант қорғамай, кафедра жаманатқа ілініп тұр. Ана, бастас, бәсекелес ҚазПИ-дің қазақ әдебиеті кафедрасы, бастығынан бастап, лаборантына дейін, мазақ қылатын көрінді. Талай жерде айтылды да. Ғылымға ма, басқаға ма, таласып, тайталасып жүрген екі ұлттық әдебиет кафедрасы, біреуі – көл, біреуі – шөл деп. Міне, осы кезде осындай жұмыс әкелген мені көтеріп әкетсе керек қой. Бұл да бос долбар. Мүмкін, бес жыл-алтыншы, жетінші жылға озса, кафедра меңгерушісін жаңалау қажеті туар. Мұның бәрі кейінгі ой.

Пендешілікті қойып, турасына көшсек, ең мәнді сауал – осы, қаз-қалпында, тек ғылыми сілтемелері ғана шектеліп, «Қобыз сарыны» деген атпен кітап болып басылған монографияның әуелгі талқыда жай ғана қарсылық емес, осыншама ашу-ыза туғызу себебі неде? Көрмесін, бағасын

білмессін, тіпті, қасақана елемессін делік. Нашар, шамалы ғана еңбек екен делік. Ептеп айтып, мақтамен бауыздамаса да, байыбымен тоқтатуға болар еді ғой. Мен буынған ыза, ыза емес, өшпенділік, өшпенділік емес, кайнаған кек көрдім. Мұның бір себесбін «Шытырманда» байыптағандай едік, сыпайылап айтсақ, қабылеті орташа, кісілігі одан да төмен адам – дабыраға ілініп кеткен далбайға табынады, жалындап келе жатқан жасты көтере алмайды. Тану үшін, бағалап, бас ұрмай-ақ қой, байыбын аңдау үшін үлкен қабылет, айрықша көрегендік шарт емес, адамдық ар, мұсылмандық иман болуы керек.

Хош. Біздің төрт ғасыр бойғы қазақ рухын арқалады деген еңбегіміздің әуелгі қабылы осындай болды. Шамырқандық – шамданбадық. Шырықтық – шектен шықпадық. Ой мен байып тең түсті. Қайрат кенересіне толып, батыр бабамның қарсы келген ескеске қылыш шабар сәтіндегі қуатын ғана сезіндім. Жүрек лүпілсіз, тамыр салқын. Еңбек қорғау, атақ алу қиыстап барады. Жалынғанмен жан қалмайды екен. Осы уақытқа дейін қыбын таппағанда, енді қайтсем де ұнамаймын. Қайтсем де бұдан артық шетке шығарылмаймын. Дәл өздері салып берген жоба бойынша, ағаларымды кезекпе-кезек жайпап, тапап шықпақ болдым.

Бұл кезде протокол жазып отырған жігітіміз тіріліп, кеңеске кірген. Өзінен бұрынғылар дұрыс бағалап отыр. Басқа да кінәраты көп. Жетпегені көп. Мәселен, Мұрын жырауға бір тарау арнау керек еді. Сыпыра жырауға бір тарау арнау керек еді. Айтылған сынның бәрі орынды, мақұлдаймын деді. Оның мақұлдауынан өзгергелі тұрған сәттен жоқ. Мақұлдасам да сәттен бұлінбейді. Нағыз бүлдіретін адам енді келе жатыр – Мәлік Ғабдуллин. 1951-1952 жылдардан танымал батыр ағам.

Мәлік Ғабдуллин... Мәлік аға байыппен орнынан тұрды. Алдында жатқан, түптелген, қалың қолжазба кітабымды алақаныммен басты. «Жұмыс мынау. Бажайлап, бастан-аяқ, түгел оқып шықтым. Бір түнде бітірдім, бас көтермей оқыдым. Осы кеше ғана»,—деді. Әлденендей жазу жазылған, шетінен қыстырғышпен бекітілген екі парақ ақ қағазды жоғары көтерді. «Мынау – менің түйінді пікірім емес, алдын ала жасаған ескертпелерім. Екі бет, жиырма... жиырма тоғыз ескертпе.

Мұның бәрі мін емес, сын, ойласу. Көбін түзетеді, байқалмай қалған әріп қателері. Оған дауласпас. Одан ары... кейбір ой, пікір, түйіндерге байланысты. Бұл – менің пікірім, менің білгенім. Дұрыс дегенім. Осыдан бастайтын едім, осы арада біразын оқып бермек едім, енді өйтпеймін, аспиранттың өз қолына берем. Міне, ала ғой... Үйіңе барған соң оқып танысасың. Үй бар ма еді? Жоқ шығар әзір.

Үй дегенде, қазыналық пәтер. Келіншек бар ғой. Бар ма? Жөн. Сол келіннің қасына барған соң, шай ішіп отырып, жақсылап танысып шық. Қабылдамасаң – өзің білсең. Онда сенікі дұрыс болғаны. Сен арнайы зерттедің ғой. Біз дайын нәрсені сыртынан ғана қарадық. Мәлік ағам айтты екен деп, менің көңіліме қарама. Қалай сенсең, солай жаса. Ал енді, бүгінгі әңгімеміздің жайына кошәйік...» Мәлік аға жазыла сөйлеп кетті.

Өмірде көрген жақсылықты, жаман адам ұмытады. Ал сол өмірде естіген жақсы сөзді жақсы адамның өзі ұмытуы мүмкін. Мен ұмытқам жоқ. Әуелгі, әділетсіз әрі ащы ғана емес, зәрлі, жалалы сөздердің бәрі бірдей нақпа-нақ есте қалмапты, бірақ сұлбасы анық, ызғары мен ызбары көңілден әшпек емес. Міне, дәл осы сәтте, тайталаста талыққан әскерге көлденеңнен құйылған тың жасақ тәрізді, Мәлік ағамның суырылып шығып, таразы басын төңкергені қалай ұмытылар. Қуанышқа кенелдім, – деді Мәлік аға. Осындай ұлы мұраның сақталғанына, барлығына. Осындай дарынды жас аспиранттың осы ұлы мұраны жинақтап, зерттеп, осындай тамаша еңбек жазып шыққанына. Бұл – сөз жоқ, әдебиет тарихындағы елеулі құбылыс еді. Сонымен қатар, сіздер айтып жатырсыздар, мен де айттым, ана қағазда, кемшіліксіз жұмыс болмайды, мына Мұханда да (солай, «Мұхан» деді) бар, түзесің, ойлансын, бәрін бірдей қабылдас, өзінің де ойы бар жігіт, мүмкін біздікі қате шығар, қайткенде де талапты жігіттің алдынан керме құруға болмайды. Қорғауға жіберсейік. Осында сшкім де жұмыс жаман деген жоқ, қорғауға бармасын деген жоқ, бәріңіз де көтеріп мақтадыңыз... ал әлгіндей... бір... жастықтан, аңдаусыздан кеткен кінәраттар болса, оны тағы да ойлансын; мен өзім бір кезде бұл тарапта белсенді болған адаммын, білесіздер,

Мұханның – үлкен Мұханның алдынан қайыра өтіп, кінәмді жудым деп жүрмін, бас жағына бармайық, мен мұқият оқыдым, ондай, әлденеге қайшы келетін ештеңе көргем жоқ... Байыпты, алды-артын түгел ойлап жазған... Қорғасын. Жұмысты осы қалпында қорғауға жіберуге әбден болады деп түйіндесді Мәлік аға.

Көмек осылай, күтпеген жерден келді. Мәлік ағамды періште жетелеп университетке әкелген, дәл сол сәтінде бір жақтан мені де жеткізген, қисынсыздан табыстырған. Қолына менің қатер аузында тұрған еңбегімді ұстатқан, сіді, алмағайып айқас үстінде аруақтың аманатын орындап тұр. Егер Мәлік аға қапиядан қосылмаса, дәл сол күні мені жалғыз Бейсекен сүйреп өткізе алмайтын еді. Енді, Мәлік ағаның сөзінен соң, басқа бір тұрғыдан қарағанда, жұрттың бәрі сын ескертпелер айтты, бұл заңды, бірақ жұмыс жарамсыз деген ешкім жоқ, мәжіліс төрағасы қазанның құлағын қайдан шығарса да еркі. Мұның бәрі кейінгі пайым. Мәлік ағамның мені оттан алып шыққанын, әрине, білдім. Бірақ бүгін қалай өтсем де, жуық арада қорғай алмасымды айқын сезінген едім. Сезінгем жоқ, кезбен көріп отырмын. Мына кісілер – түгелімен Ғылыми кеңес мүшелері. Ертең дауыс беретін осылар. Тақырыбым әуелден даулы. Сыртта қаншама дүлсәй қара күш бар. Сонда... мені демсеге, қолдауға тиіс, туған ағаларым осылай, қасарыса тістегеніп отырғанда, Ғылыми кеңестің қалған мүшелері – факультеттің басқа кафедраларынан келген көлденең жұрт, сырттан келмек бөтен жұрт не айтпақ. Қайткенде де, дәл қазіргі сәтте менің алдыма керме қурылған жоқ, ор қазылды, еңбекті ресми қорғау мәселесі белгісіз уақытқа кері шегерілгені анық еді.

Мәлік ағамның сөзінен соң менің ішім жылығанмен, арыным басылмады. Иә, айтпақшы, үнемі көксіімде тұр, кейінгі бір қауымға бүгінгі әдебиет тарихы әуелден-ақ осылай қалыптасып тұрғандай көрінуі мүмкін. Мәселе бізде емес. Электр шамын күнделікті пайдаланған адамның осы шамның күрделі құрылымын білуі, Эдисонның атына қанық болуы, күн сайын еске алып, бас ұрып отыруы шарт емес, әрі қажетсіз, артық, бірақ сол саладағы маманның мұндай ең қарапайым дүниенің тетігі мен тарихын білуі шарт, бұл – үлкен білімнің

әуелгі баспалдағы; халықтың, оның ішінде, отарлық кепте болған, жанышталған, тапалан біздің халықтың арыдағы азаматтық және рухани тарихын танумен қатар, осы тарих қалай қалпына келтірілгенін білу де шарт, онсыз алаш азаматы бола алмайсыз, осы, баяндалып отырған хикая маған тікелей қатысты болғанымен, менің жеке ғұмырбаяным емес, қазақ әдбиеті тарихының қалыптасу шежіресі, алаш рухының қайта тірілуі, елдің ежелгі аруағын қайта табуы, азаматтың өзінің адамдық, ұлттық кейпін қайыра иеленуі жолындағы сан-салалы күрестің бір тармағы, ХХ ғасырдың екінші жартысындағы жаңа серпіліс, ұлттық ояну, ұлттық күрестің елеулі бір көрінісі. Бір кезек эңгіменің арқауы – диссертация төңірегінде өрбігенімен, негізгі мұрат-сибсқ қорғау ғана емес, ежелгі мұраны жарияға шығару, ұлттың рухани тұғырын биіктету болғаны көзі қарақты кісіге бірден аңғарылыса керек. Әрине, ғылыми атақ алу – ол кезде мен үшін аса мәнді іс еді, ол замандағы кандидаттық дәреженің мәртебесі қазіргі докторлықтан жоғары, атағы академиктен артық, басқасын былай қойғанда, пәлен ғылымның кандидаты дәрежесін алсаң – өзіңнің бүкіл болашағыңды қамтамасыз еткенің, бұдан соң жоғарғы оқу орынында, немесе Академияда қызмет атқарасың, айлығы үш жүз сомның мөлшерінде, өте көп ақша, өзіңді ғана емес, қатын-баланды асырауға да молынан жетеді, қолың босап, тынысың кеңейеді, қауымдағы орның белгіленеді, бұдан да биік баспалдақтарға жол ашылады. Бірақ біздің күрестің ғылыми дәрежеден тыс, негізгі нәтижесі бар – қазақ әдбиетінің өрісі кеңейеді, ежелгі тарихы іргеленеді, өлген мұра қайта тіріліп, өшкен рух қайта көтеріледі. Бұрынғы «Қобыз сарыны», «Алдаспан», кейінгі «Бес ғасыр жырлайды», «Ай, заман-ай, заман-ай» және басқа хрестоматиялық кітаптардың қайдан келіп, қалай жасалып, қалай жарыққа шыққанын білмесе де, қолына түсіріп, мұхият оқыған әрбір қазақ бұл сөзіміздің шындығына таласпаса керек.

Сонымен, рухани тайталасты – қантөгіс ұрысқа теңесек, қаруы сай, қуаты мол, шаршап, шалдықпаған тың, әрі қайтпас ер, тұтас бір түмен әскердің тұтқиылдан, төтеден көмекке келуі біздің қан майданда қирата жеңбесек те, абыроймен шығуымызға септесті. Оны бірден аңдадық, бірақ жаңа

айтқандай, ашуымызды тежесек те, арынымызды баса алмадық. Соңғы, жауап сөз кезегі келгенде, сабырмен болмаса да, салмақпен айтқан сияқтымыз. Кіріспе сөзімізден ұзағырақ болды, ағаларыма бас-басына тиісілі сыбағасын үлестіріп шықтым.

Ең соңынан түріп бастадық. Кіші ағамыздың Сыпыра жырау мен Мұрын жырауды іздеуі қисынсыз. Біздің еңбек әйтеуір ақын, жырау туралы емес, XV- XVIII ғасырлар ауқымы. Сыпыра – тым арыда, аңыз, эпостық кейіпкерге айналып кеткен, ол туралы айтылды. Мұрын – күні кеше ғана жасаған, біздің тақырыптың аясынан тыс, бірақ орайы келгенде ол турасында да тиісілі мағлұматтар берілген, жыраудың өнерпаздық және азаматтық тұлғасы туралы тарауда.

Төртінші ағамыздың осы дәуірге қатысты әдебиет толық қарастырылмады, жұмыс-шала, жеріне жетпеген деген сөзінің ешқандай негізі жоқ. Біз революцияға дейінгі дәуірде қазақ тілінде шыққан бес жүз кітапты, Академия архивіндегі мың сегіз жүз бума қолжазбаны, оның үстіне, қазақ тарихына қатысты, орта ғасырдағы Еуразия тарихы, Ресей, Алтын Орда, кейінгі Қырым, Қапқаз, Түркия, Моңғол мен Қытай тарихына қатысты, қолда бар, қажетті әдебиетті түгел ақтарып шықтық, диссертация соңында берілген, ықшамдалған библиографияның өзі отыз үш бет, егер тиісілі, аталмыш әдебиетті түгел тізсек, дәл осындай, тағы бір том түптеу қажет болар еді дедік. Бәлкім, дәл сол жолы менің шамама тиген ең бейсауат сөз-осы, қажетті әдебиетті түгел қарамаған деген кінә болса керек, басқасы басқа, біздің кітап оқуымызда қапы жоқ еді. Тағы не жетпей жатыр – ағамыз дәлелмен, нақты айтсын, нақты жауап та содан соң дедік. Ағам күрсенітіп кетті, ештеңе демеді.

Үшінші ағама жұмыс бұдан бір жарым ай бұрын берілген, енді, алда да біраз уақыт болатын сияқты, бастап оқыған жері ұнапты, қалғаны да ұнайтынына сенемін. Мен осы үш жыл ішінде кафедрада сирек көрінгенім рас, студент емеспін, аспирантпын, Республикалық кітапхана мен Академияның оқу залдарында, қадым қоймаларда отырдым, қол бос болса, күнделікті келіп жүретін едім. Жұмыстың мән-мағынасы –

көріністе емес, мазмұн-сапасында... Бейсекме көзім түсіп еді, қабағын шытып отыр екен. Яғни, байланыспау керек.

Бірақ мен тоқтай алмадым. Байланысқам жоқ, байыппен қарымта сөзімді жалғастырдым.

Үлкен ағамның атап көрсеткен қателеріне арнайы тоқталдым. Жисмбет – алшын емес, Кіші жүз, Тама деді. Алшын – Кіші жүздің жалпы атауы. Ұлы жүз – Үйсін деген сияқты. Бұрынғы тарихи әдебиеттің бәрінде солай жазылған. Тама – Жисмбеттің үлкен әкесі, рулы елге айналуы кейін. Ол заманда Кіші жүз атауы толық орныға қоймаған, сол себепті Алшын дедік, әркім білуге тиіс әліппе. «Көкселдір» деген сөзде мағына жоқ, «Көксілдер», көксіл – дала қыраны және кітаптың сыртқы мұқаба, ішкі атау бетінде солай жазылған, басқаша оқылуы мүмкін емес. Абылай жөнінде келтірілген деректердің бәрі ақиқат, аталған, жазылған тарихи әдебиетке негізделді. Жақсы ма, жаман ба, Абылайдың билігі үш жүзге түгел тарағаны анық. Әсіресе, 1771 жылы Түркістанда хан көтерілген соң. Ресей архивтерінде сақталған, бізде жарияланған дерек осындай. Мен теріске шығара алмадым. Бірақ біз Абылайды мақтады деген сөз – артық. Мақтаған – Бұқар жырау. Сынаған да Бұқар жырау. Біз тиісінше, әдеби-көркемдік тұрғыдан талдадық дедік. Осы тұрғыда, тағы қаншама дерек келтірдік. Өзімізді ақтау ғана емес, ағамыздың сауатсыздығын көрсету үшін.

Осыдан соң ғана ең негізгі саяси айып – бірыңғай ағым және таптық көзқарас, яғни, әуелгі ағам бастап берген межгесі жеттік. Қолмен ұстап, көзбен көруге келмейтін, шимайлы түйін де осы еді. Шимайлы түйін емес, домбыққан жара. Шертіп қалса, астынан сасық ірің ақтарылады. Мен бұл күнге дейін өз басым саяси талқы, қапас түрме көрмесем де, Алаш азаматтарының қалай айдалып, қалай атылғанын жақсы білем, әсіресе, соңғы, 1949-1951 жылдарғы зобалаң жайын мұқият тексерсем, ұлтшылдық сақтық-сауатым өте жоғарғы еді. Менің жұмысымда башпандай бас салатын көпес-көрнеу пәле жоқ, соның өзінде тимесе бұтаққа деген долбармен көр аузына қарай итеріп отыр. Байқап сөйлемей болмады.

Ағамның жоғары бағасы мен көтерме мақтауына рахмет деп бастадым. Теңізбін деп ойламаймын, өз орнында тұрған бір

тостаған болсақ та жарар еді, мына жұмысым мәреге жетер еді. Бейсекем жымып күле берсе тез қатайды. Жаңа айттым, біз өткендегі тарихи тұлғалардың ешқайсысына баға бергеніміз жоқ, нақты деректерді ғана келтірдік, Абылай туралы да,

Есім хан туралы да, басқалар туралы да. Ал «ұлыби» деген – Ноғай Ордасы әміршілерінің атақ дәрежесі, ежелгі Мәскеудегі «великий князь» деген сияқты. Жыраулардың тұлғасы – олар жасаған тарихи кезең ауқымында. Олар жыр толғаған заманда Маркс те, Энгельс те әлі тумаған болатын. Әдебиет теориясынан оқуымыз бойынша, бірыңғай ағым – сол басқашарақ сияқты еді. Қайшылықты көрмеу, жамандықтың өзін сыпыра мадақтай беру. Көтеш ақынның, Шал ақынның өлеңдеріндегі әлеуметтік теңсіздік мәселесі, Бұқар жыраудың толғауларындағы қоғамдық жағдаяттар айтылды, талданды. Ал зерттеліп отырған ақын, жырауларды жоғары бағалау – бірыңғай ағым болмайды. Мақтамау мүмкін емес. Орта ғасырлардағы жыраулар поэзиясы – қазақтың көне сөзінің мәйегі, ежелгі әдебиетіміздің шырқау шыңы, керек десеңіз, әлемдік деңгейдегі құбылыс. Таңырқамау, тамсанбау мүмкін емес. Біз асыра мақтағамыз жоқ, мақтауын жеткізе алмадық. Міне, қараңыздар дедім де, сыпыра суырып Шалкиізге кеттім, тайпалта жайқалтып Қазтуғанға көштім, күңіренге толғап, Доспамбетпен біттім. Түгел емес, әрқайсысынан үш-төрт шумақ, бірер толғау. Бәріңізге рақмет, ой-пікірлеріңізді ашық айтқандарыңыз үшін. Мәлік ағаға рақмет, бір-ақ күнде оқып, уақыт бөліп арнайы келіп, ықылас-пейілін білдіргені үшін. Бейсекемге алғыс айтам, осынша ауыр салмақ түсірдім. Бүгінгі талқы мен үшін өмірлік сабақ болды.

Бейсекем менің сөзімнің аяғын тосқан жоқ. «Сонымен, – деді, манадан бері дегбірсіз күтіп отырғандай, іліп алып, сонымен, бәрі сөйледі, Нұртайдан басқа. Дәмеш жоқ...» – Темкеңнің жоғын ұмытып кетті. Аузына лаборанттың есімі түсті. Келін, жазушы Қалихан Ысқақовтың әйелі. Бәрі сөйледі. Бәріңіздің сөзіңіз бір жерден шықты. Жаңалығы мол, біліп жазылған жұмыс. Кемістік бар. Ханның қызында да болады. Оны ойланады, түзетеді. Сонымен, мен жұртшылықтың пікірінс қосыламын. Жақсы жұмыс. Біліп жазылған... Ендеше, қорғауға ұсынайық. Кафедраның қаулысы: Дәмеш... Кім... жаз: «Мұхтар

Мағауиннің «XV-XVIII ғасырларда жасаған қазақ ақын, жыраулары» атты жұмысы кандидаттық диссертациялар туралы талапқа сай келеді. Қорғауға жіберілісін!..» Болды, жиналыс жабық!»

Бейсекем әлдеқайда асықты, немесе, әсілі де сол, менің жауап сөзімнен соң дау қайта қозар деп қауіптенді, апай-топайда тезірек қорытындылап жіберді, асыққаны сондай, мұндай талқылауға тән, ең бір маңызды мәселе – ресми оппоненттер тағайындау жайын да ұмытты, немесе тағы да сөзбаға түсер, бірден бұлінер деген секеммен аттап кетті.

Жұртшылық қазақ әдебиеті кабинетінен тобыммен, түгел сыртқа шықты, ешкім күттықтап қолымды алмады, тез тарасты. Рымғали ғана аз бөгелді, неге кешіккенін сұрап едім, мана, қатты ренжимін деп ойлағам, енді өкпе айтуға да көңіл жоқ, мен екі сирағым бірдей қырқылып қалмаса, жететін едім деп айтудың өзі артық көрінді, ол да ештеңе демеді, жұрттың соңын ала кете барды. Бейсекең екеуіміз ғана, кафедраға келдік. «Бейсеке, қорғамайтын болдым ғой...» – дедім. Түңілгенім емес, нақты осы сәттегі жағдайды айқындағаным. «Неге?.. – деді Бейсекең тартпасын ақтарып, әлдене қараған болып. – Қорғауға жіберілісін дедік. Қаулы алдық қой». «Ол қаулының құны... көк тиын болып тұр ғой» Бейсекем басылып, төмендеп қалды. «Рахмет, Бейсеке, – дедім. – Қаулыны сіз алдыңыз. Қалған жұрт... Ертең Ғылыми кеңесте дәл осылай белсеніп сөйлейді. Сөйлемесе де қарсы дауыс береді. Оған сырттағы жұрт қосылады». «Өзің сондай күйрек сенсің, – деді Бейсекең. Күлгенде бет-аузы әжім емес, тарам-тарам, жол-жол сызық болып кететін. Күлгені ме, ренжігені ме, белгісіз. Маған тік қарады, Сұлтанмахмұтты білесің ғой. «Тұрмысы бұл дүниенің күреспен тең» – деген. Рас қой. «Тәускел, күреске түс, бар – дағы жең» деген. Жеңгенің сол. Жазып бітірдің. Жақсы жаздың. Басылып жатыр. Дұрыс па? Дұрыс... Ендеше... күшің жетеді, қалғаны өз жөнімен шешіледі. Протоколыңды дұрыстап жаздырып ал. Бітті, уақытыңда орындады деп есеп береміз. Содан соң... Кеңесте қанша мүше? Жиырма сегіз бе? Бас-басына сөйлессіміз. Кәкен ағаң бар – Аханов. Білетін жігіт. Нойыс, бірбеткей. Ешкімге көнбейді, біраз жұртты соңынан сүйреп

әкетеді. Махмұдов бар – Хайролла. Қалған орыс-орман бәрі тыңдайды. Дұрыс па?» «Дұрыс... – дедім мен қартымның көңілі үшін зорлана жымып. Ішім сұп-суық, –Дұрыс, Бейсекке». Бейсекке мээ болып күлді. «Дұрыс қой...» Иә. Бір өзбек айтқандай, билет қалтада, поезд күте тұрады. «Дұрыс». Інім жылы бастады. «Дұрыс, Бейсекке... Мәлік аға адам екен ғой!» «Өй, жаңа білдің бе. Мәлік деген... ол... Мәлік қой. Адамның патшасы... Айтпақшы, келіннің аяғы жеңілсіді ме?» «Иә, – дедім. –Бүгін... жиырма бір күн, кішкентай қызымыз бар...» «Қыз ырыс әкеледі, –деді Бейсеккең. –Атын кім қойдыңдар?» Үміт. «Міне, көрдің бе, үмітің үлкен екен. Бауы берік болсын. Келесі баланың атын Сенім қоясыңдар ма, ұл туса?» Мағжан қоямын дедім. Бейсеккең ойланып, сәл күмілжін қалды. «Сол Мағжан туғанша қалай да қорғайсың!» –деді содан соң.

Иә. Мағжан туғанша. Бір жыл?.. Тым шұғыл. Бес жыл? Ұзақтау. Үш жыл да көп. Екі жыл. Мен екі жыл деген меже қойдым. Құдай берсе, әлі елесі де жоқ нәрестенің дүниеге келу мезгілін емес, жасалған, тұлғаланған, қолда тұрған еңбектің бағы жанар межесін.

Шынында да, екі жылға толмай, жиырма үш ай дегенде Мәскеудегі Жоғарғы аттестациялық комиссия бекіткен кандидаттық диплом қолыма тиді. Мағжан осының алдында ғана, екі ай бұрын туған. Одан үш ай бұрын бар бөгесіннен өтіп, Ғылыми кеңестің ресми мінберіне жетіп едім. Бейсекке болжаған күні-алда ауыр күреске толы бір жарым жыл тұрған. Анығын айтсам, күпірден сақтанып, тежеулі кідіріс уақытын ұзартып белгілеген едім, дәл сол сәтте, жағдайым қанша қиын болса да, әлі де он сегіз ай сүргін кешем деп ойлағам жоқ. Жас кездегі уақыт өлшемі басқа. Бәрі жөн, бәрі хош болған күннің өзінде, ол он сегіз ай кемі үш-төрт жылға, бәлкім, бес-алты жылға татыр еді. Салмағы ғана емес, созылымы. Бірақ өлмеген адам бәрін де көреді екен.

Мұндай алмағайып жағдайда мен жападан-жалғыз, қорғансыз қалуға тиіс емес едім. Түріктің Тәңірі, Алаштың Аруағы бәрін көріп отыр екен. Үшінші күні сес берді, хабар айтты, он жеті күн толғанда астыма ат мінгізіп, қолыма қылыш ұстатты: күш-қуат, қолдау – демсу-туа біткен енішім. Енді

көзбен көріп, құдыретін тануға тура келген, сенім бекіп, қайрат қабындай түскен.

Кафедрадағы қым-қиғаш талқыдан соң, арада небәрі үш күн өткенде, 14 октябрь күні мені ғана емес, мен арқалаған, бәлкім, мені арқалаған, шынында да солай, бәрі жабылып, қансырамасам да қатты жарадар болған, тас қабырғаға мандайым тиіп, мәңгірмесем де дағдарып тұрған мені демеуге біржола ден қойған жырау аталарым алдымнан қасқа жол ашарын, әрине, нақты білсем жоқ. Жарым әскерінен айрылып жеңіске жеткен Эпир патшасы Пирр сияқты, келесі қадам, келесі ұрыстың байыбын барлап тұрғам. Алды-артымды жинақтадым, төрт дана диссертациямды түгел алдым, енді анда-мында мақала тасу керек. Ол өтеді – өтпейді. Жұмыс іздеп көру керек. Оның қисыны тағы аз. Ең дұрысы – Семейге кету. Пединститутқа. Ұзынқұлақтан естуімше, орын бар. Әрі келіншегің үзілген оқуын тәмамдайды. Бірақ Алматыдан, орталық баспасөзден алыстаймын. Мұндағы сұғанақ ағам ай бойы отырып, түгел көшіріп алды. Енді бой-бойымен бастырады да отырады. Байбаламға қарамайды. Құдайдан қорықпайды. Сенің қан төгіп, миыңды сығып жазып бітірген еңбегің итжемсе басқаның иелігіне өтеді. Ең қиыны осы еді. Мен қайткенде де Алматыдан кетпеуге бекіндім. Келер айда ауылға барып қайтпақпын. Кемпір-шалдың барын сыпырып әкелемін. Одан соңғы ілігімді тағы артамын. Айына жүз сом жеткізіп тұрса. Шамалары келмейді. Жоқ, бұрынғы мөлшер – алпыс-жетпіс сом. Бұл да көп ақша. Жиырма бес сомын пәтерге, қалғаны айлық сорпа-суға... жетпейді. Жетеді. Арасында өзім де қаламақы, немесе басқа бірдеңе тауып қалармын. Тек уақыт ұтып, ештеп жылжи беруім керек. Қысты өткеріп, жазға жетсем. Жай жатпаймын, жұмысымды бір белеске шығарсам...

Осылай деп шештік. Екі күн ойланып. Үшінші күні еңсемді жазып, қалаға шықтым. Қандай шаруа болғаны есімде жоқ, сірә, еріккеннен, әйтпесе, әдепкі, жай сәлемдесу, Әбішке көшедегі автоматтан телефон шалдым. Әбіш Кекілбаев, курстас, қанаттас, тілектес досым, бұл кезде Мәдениет министрлігінде әлдебір қызметте отыр. «Кекілбаев...»–деймін. «Ау, әй, сен Тұңғышбаймен сөйлестің бе?» «Қайдағы Тұңғышбай?» –деймін.

«Смағұлов. Сені іздеп жүрген. Білесің бе?» Іздегенін білмеймін, өзін білсем. Университетте бізден бірер курс жоғары оқыды. Орта бойлы, дембелше, ұян, сары жігіт болатын. Ол кезде бәріміз де мықтымыз, адамдық қасиет өлнiсмі – дарын ғана деп ойлаймыз, Тұңғышбай Смағұловтың үлкен дарыны, бәлкім, орташа қабылеті де жоқ, бірақ адал, жақсы жігіт екені, именс сөйлесен сөзінсн, сыпайы жымиған күлкісінсн көрінін тұратын. Мәселе былай екен. Тұңғышбай республикалық теледидарда қатардағы бір қызмет атқарады. Сірә, комментатор. Қазақ руханияты туралы хабар өткізуге тиіс екен. Қазақтың ән-күйі, сәулет енері және ежелгі әдебиеті. Соған мен сөйлеуім керек. Жоспарға енгізіп қойған, эфир – бүгін кешке. Міне, апта болды, сені іздеп таба алмай жүр. «Менің теледидарға шығып, былжырап отыруға ынтам жоқ», – дедім. «Әй, сен де... – Әбіш күйгелектеніп, кейіп қалды; мұндайда бұртиып, балаша өкпелсн, үндемей қалатыны болушы еді, ары қарай жалғастырды, – Әй, сен бара салсаңшы... Жырауларыңды насихаттайсың». «Жыраулар...» мен жырауларымының ауыр ахуалын айта жаздап, іркіліп қалдым, ұзақ әңгіме, қажеті қанша. Мен іркілгенге ойланып тұр деп шамаласа керек, Әбіш шынын айтты. «Сен бармасаң, ол жігіттің жоспарлы хабары құлайды. Обалы маған. Сені енгіз, осындай-осындай кереметі бар деп, аузымнан қағынып айтқан мен едім». «Онда жарайды», – дедім. Әбіш қуанып кетті. Тұңғышбайдың телефонын берді. Сен автоматтан іздеп тапқанша, мен хабарлап қоям деді.

Ол заманда қазіргідей ілкі жазба жоқ, эфир – тікелей. Мезгілді уағында студияға бардым, Тұңғышбай мені сағынып күткен туысындай, қызара күліп қарсы алды; шын жайсаң жігіт екен, сол, теледидардың кезекті, саналы оймен ұйымдастырылған өзгеше бір хабары, оған жаңалықты жыраулар поэзиясын енгізу арқылы менің шырғалаңнан жал тауып, тұйықтан жол табуыма себепкер болыпты, алдағы қаншама жақсылықтың дәнскершісі болыпты, бар қарызы мойнымда қалды, бүгін еске алып, ыстық ықылас, риясыз алғысымды айтсам, марқұмның жолында жанар бір шырақ болсын дегенім. Бір өкініштісі, жұмысбасты, алас-күлес заманда, содан салынсын! Бірақ, біздің ЦК-да отырған

сабаздардың аз-маз түйсік, санасы бар, аз-маз сауаты бар, ол түйсік, сана-ұят пен парасат емес, сақтық пен бақай есеп қана, ол сауат – білім емес, қулық, сұмдық, зұлымдық қана, аз емес, асып төгіледі, яғни, біздің балшабек қайраткерлер өлер жерін де, көмер жерін де біледі. Олардың ұзын құлақтан естуінше, жаңағының бәрі – ғылым деп аталады. Ал ғылымның, баяғы қазақтың шарияты сияқты, тарамы мен тармағы да, дауы мен дамайы да көп, дәлел, дерсгі, сүйсініш, таянышы болады, байлауы жоқ, баяны жоқ бітпес әңгіме. Егер олай емес, қазақтың ежелгі түрікке, қазақ әдебиетінің ежелгі дәуірге қатысы жоқ, мына жыраулар ойдан шығарылған десе, баяғы Қажым Жұмалиев кезіндегі талас қайта қозбақ, ал ЦК-ға тыныштық, қауіпсіздік, тыныштық, қауіпсіздік болғанда, бейбіт, берекелі өмір емес, бірден тарпа басатын, бірден үнсіз тұншықтырып, буып өлтіретін қапысыз іс керек. Ондай қапысыз іс, нақты айғақ – баяғы «Қазақ әдебиеті» газетінде бір-ақ әріптен айқындалған – «пәленбайыншы съездің қыртындылары» сияқты, бадырайып көрініп тұруы керек, бадыраймаса да, бояп қарайтуға, үрлеп күмпитуге жарап тұрсын, яғни, Советке қарсы, үкімет пен партияға қарсы, халықтар достығына, әсіресе, бізді осы бақытқа жеткізген, коммунизмге бастап отырған ұлы орыс халқына қарсы лепес болсын. Болмаса, болдыға айналдыратын ілгішсіз табылсын. Сөйтіп, қырағы көздер «Алдаспанды» ақтарып, тоңкеріп, қағып, сілкіп, иіскеп, тістелеп, тексерсе бастайды. Тыным-тыныштықтан айрылса керек. Ұйқы, күлкі көрмесе керек. Ақыры... ура-а!-табады. Тапқан жоқ, таптық деп ойлайды. Ойлады – бітті. Партия ойға алса, орындайды.

Мен ұлттық мұраға қарсы қиянат пен зорлықтың, қиянат, зорлық емес, қаны сорғалаған қылмыстың Сталиннен соңғы замандағы ең жиіркенішті көрінісі – «Алдаспан» оқиғасын кімдер бастап, кімдер қостағанын, кімдер қоздырып, кімдер өршіткенін нақты білемін. Қаншама арандатушы тасада қалды, оларды да шамалаймын. Менің сезігіме ілінбеген тағы қаншама жандайшап бар шығар. Бәрін бірдей түгендеу мүмкін емес. Мақсат та емес. Мақсат – қазақ рухының қалай тұншықтырылғанын айғақтау ғана. Әйтпесе, қай жерде бұратылып жүрмеген бәдірек құл.

Жанкешті сңбек нәтижесі, ұлттық рухтың өзгеше серпіні «Алдаспан» қайткенде де жарыққа шығуға тиіс еді. Біз есалаң емеспіз, өлер жерімізді білеміз. Диссидент емеспіз – бұдан соңғы дүниеден үміт бар. Аңғырт та емеспіз – үлкен әкем «Алаш Орданың құйыршығы» ретінде іске ілінген, өз әкем «халық жауы» атанып, жиырма бес жылға Воркутаға айдалған, әулетімізде үш адам атылған, әлденеше азамат жалаға кеткен, қаншама жан мешін жылғы ашаршылықта құрбан шәйт, соның бәрі ес білгеннен ойымда, көз ашқаннан көкірегімде тұрған, менен шерлі, менен зарлы, менен қайғылы кім болды екен... арманы асқақ та ешкім болмаған шығар: мен атаулы іс тындыруым керек еді, Алаштың Азаматы болуым керек еді, мені өсірген үлкен әкем дәл осылай тәрбиеледі, боласың деді, жетесің деді; болу үшін, жету үшін оқу керек еді, тоқу керек еді, әлемнің даналығын, екі дүниенің сырын ұғамын деп, бар зейінімді кітапқа салдым, одан да үлкен мектеп көргенім мен естігенім еді, мен орта мектепті әлі бітірмеген, он бес-он алты жасымда, көзқарасы қалыптасқан ұлтшыл едім, толық қарулану, ұлтшыл ғана емес, ұлағатты болу жолындағы түбегейлі оқу, тынымсыз ізденіс университетте ақырғы мұратын тапты, ғылым-білімге ғана қаныққам жоқ, халқымның тағдыр-талайын да таныдым, өмір үрдісін андағандай болдым, ең күрделісі – советтік XX ғасыр еді, оның ішінде, репрессия мен террор – Алаш Орда қайраткерлерінің қалай қапасаққа қамалғанын, одан соңғы, айқайшыл қызыл белсенділердің өзінің қалай құртылғанын, соңғы, 1949-1951 жылғы зобалаңның жай-жапсарын түгел көңілге түйдім, бәрине дайын болдым, бірақ мен түрмеге түспеуге, екіталайда басымды жоймауға тиіс едім, ісім есепті, сөзім байыпты болуға тиісті, ең жақын деген достардың өзіне ішкі сырымды – сыр болғанда, көзқарас-танымымды ашқан емеспін, мен советтік тәртіпті жақсы білетін едім; Тәңірі тағалам көкірегіме құйған, Ата-бабаларымның Аруағы санама сіңірген, өзім бар ындын-иманыммен қабылдаған Ұлттық бағдарлама бойынша жасалмақ ұлан-асыр жұмысым бар, аярлықпен емес, ақылмен, сұмдықпен емес, орайлы ретімен, бітеу қабырғаны сүзбей, жанған отқа түспей, бірақ айнымай, қайтпай, парасатты тегеурінмен атқарып шығуға тиіс едім. Сол

срекше міндет, парыздың әуелгі бір айғақ, көрінісі «Алдаспан» аман-есен жарыққа шығуға тиіс еді. Мен аруақтың аманатын арқалап, бабамның мұраты, ұлтымның қазынасы, жұртымның мәңгілік рухы үшін күрестім. Ал «Алдаспанға» қарсы ойбайлап аттанған қауым не үшін күресті? Жер әлемде орыс өктемдігін орнату мақсатына қызмет еткен, империя құрамындағы бұратана жүртты біржола жоғалтуды көкसेген фашистік-балшабектік идеяның тазалығы үшін бе? Әлде таптық көзқарас, партиялық әдебиет бағдары үшін бе? Жоқ. Оның бірі де жоқ. «Алдаспанға» шабуылдың қаншама есеби, астары бар, оның бәрін түгендеп шығу үшін дербес бір еңбек жазу керек болар еді, оны кейінгілер жазар, мен бар түйінге жалғыз-ақ сөзбен шешім айтар едім: соқыр сезім! Осы, соқыр сезім деген сөздің аясына бәрі де сияды. Бұл соқыр сезімнің қозғаушы күші – мансап болатын. Біреулерді мансапқа жеткізу, өздері мансапқа жету. Бұл сөздің мәнісі – «Жазушы» баспасын тазарту және саяси капитал жинау – бір оқ, екі қоян, екеу емес, жеті-сегіз қоян, қанша қайнатса сарқылмас қазан.

Бұл сабаздар Илияс Есенберлинді құлатып, орнын басқа бір ағайынға алып берсін, менің мойныма бес машинаның құнын артып, қаңғыртып жіберсін, пендешілік дейік, қорқаулық дейік, қастандықтың кісі атуға ұласқан жағдайлары да ұшырасқан ғой, кешірмесең де түсінуге болар, бірақ қалай дегенмен де қазақ еді, сауатты есептелетін, билік басында, сөз төңірегінде жүрген жігіттер еді, сол қазақтың – өзінің ата-бабасының мың жылдық мұрасына – бүкіл халықтық қазынаға, қаншама заман қараңғыда жатып, енді ғана ашылып, енді ғана жарыққа жеткелі тұрған ғажайып поэзияға – осындай жауһар кітапқа, соншама дұшпандықпен, өшпенділікпен қарамауы керек еді... Өшпенділік – артық айтылды. Өшпенділік – оң болар, теріс болар, санадан, сезімнен туындайды. Ал дұшпандық – көбіктене тасып, бұрқырай тулап жатты. Соқыр сезімнің қыстығып шыққан, сақырлап қайнаған көрінісі болатын. Бұл соқыр сезім ынсап – ұятсыз мансапқорлықтан туындады дедік. Есеп біреу-ақ: ежелгі мұраны көму, сол ежелгі мұраның биік қабірінің үстіне орнаған тұғырдан серпін алып, үлкен мансапқа жету. Шынында да солай болды. «Алдаспанды» талқандауға

қатысқан, әлбетте, ертелі-кеш бұдан басқа тағы қаншама былыққа батқан жандайшаптардың барлығы да биік мансапқа жетті, жеткен жеріне біржола байланып, он бес-жиырма жылдан, құрметті партиялық зейнетке дейін отырды, яғни бар ғұмырын, өзін ғана емес, тұқым-туяғын игілікке бөлді. Түгендеп қарасак: ЦК секретары берік бекіді, кейін Жоғарғы Совет Президиумының председателі, яғни, советтік республиканың 2-3-дәрежедегі бастығы мансабын алды, сол қызметінде жүргенде офат тиіп, қалай кетіп, қалай қойылғаны – басқа емес, Шекспир қаламына ғана тән тағы бір хикаяның өзегі; бөлім бастығы ұзақ жылдар бойы сол орында дүрілдеп отырды, кейін министр болды, зейнетке дейін отырды, қазір құрметті демократ; сектор меңгерушісі көп ұзамай беделді баспаның директорына айналды, сол қызметінде қартайғанша отырды, «Алдаспан» оқиғасының бар құпиясы сол кісіді, бірақ естелік жазар түрі көрінбейді; қатарлас бөлімдегі қанаттас сектордың меңгерушісі көп ұзамай ол да шырқай көтеріліп, әуелде бөлім бастығының орынбасары болып, бірер жылда министр дәрежесіне жетті, жақсы ма, жаман ба, он төрт жыл отырды, «Алдаспан» оқиғасына араласқандар ішінде, өкінбесе де қысылған – осы кісі болар, қызмет орайына қарай бізге қолын созған кездері болыпты, Алла жарылқасын, әйтсе де, «Платон – менің досым, бірақ шындық одан қымбат» дегендей, айтпай кетсек сөз өлмес, аруаққа шет боламыз; сол бөлімнің қатардағы қызметкері өз кезегінде сектор меңгерушісі болып, одан орынбасар дәрежесіне жетіп, одан әрі тіпті өрлеп, Журналистер одағының жәнс аға деп есептелетін дүмше, дүлей газеттің бастығы болып тағайындалды, құрметті демалыстан соң да қаламы қолынан түспепті, бір сүйсінерлік жағдай, мінезі өзгермеген, бұрын, билік басында отырғанда, орайына қарай, көзге шұқығысы келіп тұрушы еді, қазір анда-санда телефон шалып қорқытып тұрады, ал менің әзіргі айтып жүргенім – былықтың бергі жағы ғана; жасы кіші, жүрісі жорға тағы бір жай қызметкер, сенімді топтың өкілі ретінде, уақыт оза келе ол да көтерілді, сектор меңгерушісі болды, партиялық мансапты кадрларды шындайтын жоғарғы оқу орнына бастық болды, қазір де дәрежелі, азаттық идеясы, демократия негіздері туралы

мақалалар жазып қояды; осы «Алдаспан» оқиғасында бірі – айқай-аттаншы, бірі үндеместігімен айрықша танылған тағы екі адам – Баспакомның бас редакторы мен «Жазушының» бас редакторы – олар да мұратына жетті, біріншісі – айрықша сенімге өтіп, ЦК-ға көтерілді, онда бөлім бастығының орынбасары дәрежесіне дейін өрледі, енді біздің әр кітабымызды тікелей бағып отыратын болды, одан соң ұзақ жылдар бойы саяси-әлеуметтік баспада директор болды, ақыры, баяғы қызметіне қайта оралып, Баспакомның бас редакторы болып біржола орнықты, көргенінен жазбай, бұл жерде де біздің біраз қанымызды ішті, құрметті зейнеттен соң, ақшалы, арбалы, тыныш бір жерде отырып, ақыр түбінде ажал құрығына ілінді деседі, арғы беттегі тағдыры туралы күмәнсіз хабарды кейін естиміз, көрсеміз; ал жаңағы, екінші кісіміз ол да барақат тапты, отырған орнына тура он бес жылға бірден бекітілді, бірақ біз енді қайтып бұл кісінің қолына түсе қоймадық, ақымақтың өзі бір орға екі рет жығылмайды ғой, айналып өтіп, басқа баспаларды сағалап жүрдік, жығылғандар көп болды, ақымақтан емес, амалсыздан, бірақ Илияс Есенберлиннен басқа тұяқ серіпкен, қарсылық танытқан бір кісі болмапты, сондықтан... ақымақ демейміз, намыссыз, қорқақ деу керек шығар, әйтеуір он бес жыл бойы ешкім амал таппады, енді бұл кісі де құрметті зейнетте, аман-есен жүріп жатыр. «Алдаспан» оқиғасында боққа былғанғандардың барлығы да мұратына жетті. Тек бір адам... шешуші, ресми үкімді шығарған, сырттай түйіндегенде, ең үлкен күнәкар көрінуге тиіс – Баспаком бастығы Мұхаметқали Сужиков қана партияның алқауынан тыс қалды. Қоздырған жоқ, қостаған жоқ, орта жолдан еріксіз араласса керек. Әдеби, ғылыми ортадан алыс, рухани әмірден қағыс адам, көптеген жыл партиялық басшы қызметтерде болған, бірбеткей, тентек, долылығы да бар, бірақ адамдық шеңберінен шықпады, ең бастысы – ұлттық сезімнің жұқанасынан айрылмаған кісі сен; дауды көтерген ол емес, алдына тартылды, басып тастай алмайды, қарау керек, сөгу керек, атқару керек, бірақ арғы бір заманда бұдан үлкен науқанды да бастан өткірген кәрі тарлан мәселені ушықтырмады, тіпті, еппен басты деуге болады, әйтеуір, айқайды одан ары өршітпеді, «халық жауларын»

іздемеді, орындаушы, үкімші ғана болды, соның өзінде тым қатты кетуден тартынды, әсіресе белсенділік танытпады, аяған жоқ, бірақ ардан безбеді, ежелгі мұраны біржола құрту ұранын іске асырмады. Сондықтан да Қазақстан Коммунистік партиясы Орталық Комитетінің идеология жөніндегі секретары, қазақ ұлтшылдығына, қазақ рухына қарсы күрестің бас батыры Саттар Имашевқа жақпай қалса керек. Басқа да жақпаған істері болған шығар, ең негізгісі – баспасөздің бар билігін ұстаған майлы орыны керек екен, «Алдаспан» екінші қайыра басылған соң, арада бір-екі ай өтсін-өтпесте, орташа дәрежедегі пенсияға шығарылып, қайраты қайтпаған күнінде қызметінен шеттетілді. Ілияс Есенберлин бұл жолы қатты сөгіспен қызметінде қалды, бірақ арада жарым жыл өтпей, Жазушылар одағына ығыстырылды, екінші хатшы қызметінде де ұзақ отырмады, алпысқа толар-толмаста, кезекті еңбек демалысында жүргенде жұмыстан сырттай шығарылды. Ал біз «Жалын» журналында міндет атқарушы болып отырған бас редактордың қызметіне бекімей қалдық, Ғылым академиясына барып бой тасаладық, жазған кітаптарымыз жоспарға өтпейтін болды, өтсе, жанжалмен кетіп, кетсе, орта жолдан арызбен, даумен тоқтауы әдетке айналды, нәжіске былғанған сасық саусақтар: «Сен «Алдаспанды» шығарғансың!» – яғни, сенімсіз, күмәнді адамсың деп көзге шұқығысы келіп тұратын болды, дүние күн озған сайын тарыла берді, әйтеуір алас-күлесте алып қалған ғылыми дәреженің төлемі – Академияның Әуезов институтындағы аға қызметкердің мол жалақысы бала-шағаның қарнын ашырмады, бірақ тынымсыз қудалау, тұйық тығырық, нәтижесіз күрестің салмағы тым ауыр еді, жүйкеліміз тозып, жігеріміз мұқала бастады, енді ғылым тұрыпты, көркем жазудың өзі тоқырауға айналған еді, сол кезде бабаларымның Аруағы тікелей медетке келді, көмескіні жаңғыртып, бықсығанды жандырып, көкірекке қайтадан алау жақты, қуат берді, жігер берді, сенім берді, біз қайтадан серпіліп, әуелгі ісімізді жеріне жеткізуге ден қойдық — ақырғы нәтижесі ел-жұртыма мәлім.

«Алдаспан» талқандалды. Табанды күрес, аяусыз айқастың алғашқы кезеңінде Ілияс аға Есенберлин және мен – Мұхтар Мағауин екеуіміздің қанымыз судай ақты дер едім. Бірақ

біржола қансырамаппыз. Қирап жығылмаппыз. Күш жиып, қарсы шабуылға көштік. Нәтижесінде, арада жыл өтпей, «Алдаспан» қайыра басылып шықты. Әлбетте, әуелгі нұсқаның көлсңкесі. Қысқарған, күзелеген. Бірақ ұлы денесі аман еді. Қалған жара уақыт оза келе жазылмақ. Мұраны айтып отырмын. Байырғы жауынгердің тән жарақаты тыртық болып бітеді. Ешқашан орнына келмейді. Менің «Алдаспан» айқасы кезінде алған жарақатым да сол сияқты. Денсаулығым әлсіздеу, жүйкем жұқарак болса, мыйым шайқалып, жүрегім айрылар еді. Шайқалған жоқ, айрылған жоқ. Бірақ жан жарақаты күні бүгінге дейін сыздап ауырады. Мүмкін, осы естелік кітабынан соң сырқырауы азаяр. Бірақ өткен орнына келмейді. Жандайшаптардың жаулығы нәтижесінде менің жолыма талқы түссе, ежелгі мұра алдынан темір тор құрылған. Бұл тараптағы зерттеу тура отыз жылға кері шегерілді. Енді (XXI ғасырдың үлесіне көшіп тұр.

М. Мағауиннің «Мен» ғұмыриамалық романында өзі әзірлеген, ұлттық мүдде үшін жарыққа шығарған кітаптарының ауыр да азапты тағдыры туралы баяндалған. Ресми органдардың пікірі ретінде автор жазушы Б. Тілегеновтің «Тұйық өмірдің құпиясы» романынан деректер келтіреді.

«Алдаспан» ұрысы, оның ақтық нәтижелері туралы) өткен кітапта – өзімнің жазушылық жолым байыпталған роман-эсседі айтқан едім. Айтпағаным одан да көп. Біздің ойдағы естелік, қолдағы деректер тұрыпты, бұрынғы Қазақстан Коммунистік партиясы Орталық Комитетіне қатысты, КГБ-ға қатысты Алматы және Мәскеу қоймаларында қыруар дерек жатқаны күмәнсіз, егер бүгінгі талапайда мүлде жойылып кетпесе, солардың біразы арғы бір заманда жарыққа шығар, біз сырттай шамалаған, немесе мүлде білмеген сұмдықтар ашылар, мен бұл арада қолда бар бірлі-жарым куәлікке ғана жүгінбекпін. Бір ескерте кететін нәрсе, «Алдаспан» оқиғасы – дербес, оқшау құбылыс емес. Көп дабылдың бірегейі болса да, әдепкі, заңды құбылысы. Біздің партия қайраткерлерінің күнделікті қызметтен табатын үйреншікті наны. Енді, сол кезде ЦК-ға жаңа ғана келген, кейін «Тұйық өмірдің құпиясы» заманалық деректерге толы, әдемі де ащы, шынайы әрі толғамды кітап жазған Беккежан

Тілгеновтың естеліктеріне үнілейік, «Алдаспан» оқиғасына тікелей қатысты деректермен ғана шектелеміз. «Тұйық өмірдің күпиясы» былай дейді:

«Жалпы идеологияны басқаратын мекемелердің бәрін ортақ бір қасиет – қырағылық, сезіктенушілік болатын. Осы қасиеттен біздер де құралақан емес едік... Тіпті осындай қауіпті «қастандықтарды» аңдып-бағып отырған цензорлар мен литоның өзімен жарысып, асып түсетін кезіміз болатын.

Совет өкіметіне, заңды үкіметке қарсы ашық, астыртын пікір айтылмаса да көңіліміз толмаған, идеологиялық догманың талабына шақ келмеген, үйреншікті ұрандарға жауап берсе алмаған шығармаларды дереу «тұтқынға алып», «абактыға» қамайтын правомыз болды. Сол правоны мейлінше толық пайдаландық-ау деймін. Қанша кітаптарға қиянат жасадық, қанша жазушылардың сорын қайнатып, жігерін құм еттік.

Партократияның қатаң тәртіп орнату жолындағы шабуылы, идеология саласында жаңа міндет жүктеу әрекеті ең алдымен әдебиет пен өнерде қалыптасқан дәстүрді, ғасырлар бойы жиналған асыл қазына – халық мұрасын талқандаудан басталатын. Партиялық жетекшілеріміз, идеологиялық басшыларымыз, өз халқының дәстүрін, әдебиет пен өнердің көне үлгілерін талқандауда үлкен еңбек сіңірді. Әрине, біз қазір ескі қазынамыз халқымызға қайта оралды деп қуанып жатырмыз, бірақ сол қазынаға қанша қастандық жасалып, қаншасы жойылып кетті деп сұрап жатқан ешкім жоқ. Мәдениеттің қасірет шегіп, қаншама жарқыраған асыл қырлары мұқалып, құрып кеткенін ескермейміз.

Осындай күйге ұшыраған кітаптардың бірі – «Алдаспан» жинағы еді. Осы кезде әдебиетіміздің тынысын кеңейтіп, шеберін ұлғайтып, жасын ұзартқан жаңа еңбектерімен, жаңа көзқарасымен әдебиетке батыл келген Мұхтар Мағауиннің бұл жинағы – әдебиетімізде елеулі құбылыс болды. Бірақ жұрт ризашылықпен жылы қабылдағанмен, біз алақайлап, бәрскелді деп шаттана қойғанымыз жоқ. Тағы бір астыртын бүлік шыққандай көрдік. Бөлім бастығы тағы да әдебиет секторының қызметкерлерін жинап алды. Менің бөлімге жаңа келген кезім болатын. Баспадан шығып жатқан кітаптардың әрқайсысынан

скі дана міндетгі түрде Орталық Комитетке жіберілетін заңды салт бар еді, сол дәстүрмен күн бұрын түскен скі кітаптың бірі алдымызда жатты. Бөлім меңгерушісі мен сектор бастығы өздері оқып шықты ма, жоқ әлде бізге жиі келіп, ақыл-кеңес беріп, жаңалықтарды жеткізіп тұратын жақсы таныстарымыз хабарлады ма, әйтеуір «Алдаспан» туралы шағын әңгімеміз жайсыз өтті. Жинақта идеялық, саяси қате көп екені, бұл кітапты мына түрінде шығаруға болмайтыны айтылды. «Алдаспанды» жазалайтын болдық. Идеологиялық скі бөлімінің атынан жинақтың зиянды, қауіпті тұстары көрсетіліп, басшыларға анықтама қағаз жазылды.

Осы оқиғалардың бәрінс тікелей куәгер болған Бекежан Тілегенов бұдан соң аталмыш қаралы үкімнің толық мәтінін келтіреді. Біз де сол қалпында берейік. Былай депті:

«Алдаспан» атты поэзиялық жинақта өткен кезеңнің мұраларына «Жазушы» баспасының (директоры І. Есенберлин жолдас) сын көзбен қарамауының салдарынан идеялық өрескел қателерге жол берілді. Антологияға өткен дәуірдегі Асан Қайғы, Ақтамберді, Бұқар жырау сияқты ақын-жыраулардың бұрын жарияланбаған кейбір өлеңдері енгізілді. Бұл ақындар шығармаларында тарихи прогреске қайшы келетін идеяларды уағыздады.

Қазақстан үшін XV-XVIII ғасырлар кезеңі – ұлттық тәуелсіздік үшін күрес кезеңі. Сыртқы шапқыншылар (жоңғар, қытай боғдохандары, хиуа-бұхар әмірлері) тарапынан құрып кету хаупі туған кезінде азаттық жолын іздеген қиын уақыт еді. Сол кезеңнің өзінде қазақ қоғамының ішінде болашаққа көрсендікпен көз жүгіртіп, азаттық жолы тек Россиямен, ұлы орыс халқымен одақтасуда екенін күні бұрын болжаған күш айқындала бастады. Өздерінің өктемдік биліктерін, мүдделерін қорғаған феодалдық-хандық топтар осындай прогресшіл ағымға қарсы шығып, халық арасында орысқа қарсы пікір тудырып, Россиямен достық қатынас құруға мейлінше қарсылық көрсетіп келді. Сол кезеңдегі көптеген ақындар, әсіресе, Бұқар жырау, Ақтамберді сияқты сарай ақындары өз шығармаларында кертартпашыл көзқарастарды уағыздап, бүкіл орыс атаулыға өшпенділік ниет тудырып, шарасыздық, үмітсіздік,

торығушылық әуендерін жырға қосты. Қазіргі күндері тарихтың сонау терең түкпірінен осындай ұлтшылдық қоқыр-соқырды қазып алып, халықтар арасында ұмыт бола бастаған ескі жауластықты қайта қоздырып, осынша кекшіл болудың қажеті қанша еді. Осының салдарынан жинаққа идеялық өрескел қатерлері бар өлеңдер енген. Мысалы, Бұқар жыраудың мына бір өлеңдерінде былай делінген:

Мұсылманның баласы,
Сірә, кеңес құрыңыз,
Бір ауызды болыңыз,
Қалған елді тастаңыз,
Бөтен елмен үйір боп,
Іргенізді қоспаңыз.
Кәуір алмас демсеңіз,
Наны қатты, жемсеңіз,
Зәбірі қатты бұл кәуір,
Алмай қоймас демсеңіз.
Көкшетауға салдырған
Қара үңгір жолдары,
Сабантаудан жиылып,
Бес сан болды қолдары.
Өзің қонған Көкшетау
Кәуір қала салды, ойла,
Жарқайың деген жерлерге
Шашылып шеті барды, ойла,
Атбасар мен Қалқұтан
Балығы тәтті су еді,
Өне бойын шандып ап,
Сүзекісін салды, ойла,
Карқаралы деген тауларға
Карқарасын шанышты, ойла,
Бетеге мен көденің
Берсекесі қашты, ойла,
Көкмұрындегес жерлерге
Қыстауын сонан тікті, ойла,
Жылқының суат суына

Шошқасын әкеп екті, ойла,
Ұлытау шеті Созақтан,
Созақтан бергі жерлерден,
Көкорай шалғын көре алмай,
Шұбырын қазақ кетті, ойла.
Нұрада бар Ақмола
Есілде бар Қараөткел,
Екі өткелдің аузынан
Тас қорғанды салды, ойла.
Баян-Аула, Қызыл тау,
Оны да кәуір алды, ойла.
Ішерлікке жетер суды, ойла.
Шүршітпенен құлақтас
Қырғызбенен жұбаттас,
Ортасында ұйығып,
Кетпейін десе, жері тар,
Кетпейін десе, алды-артын
Қоршап алған кәуір бар,
Ұйлыққан қойдай қамалып,
Бүйірінен шаншу қадалып,
Сорлы қазақ қалды, ойла!

Жинақтағы басқа да шығармалар – Асан Қайғының «Ай, хан, мен айтпасам білмейсің», Ақтамбердінің «Көкорай шалғын көк майса», Бұқар жыраудың «Шашырап шыққан кандар көп» деген өлеңдері осы рухта жазылған. Баспа осындай панисламистік, ұлтшылдық идеяларға құрылған шығармаларды жариялағанда, жұрттың өткен заманға назар аударып отырып, қазіргі дәуірдің көксікесті мәселелеріне жауап тапқысы келетінін, тарих материалдарының бүгінгі күндерімізге сәйкес үндестік іздейтінін ескермеген. Ал тарихи материалдарды жариялау – сын көзбен қарауды, марксистік-лениндік эстетика тұрғысынан келуді, таптық, партиялық критерийге сүйенуді талап етеді.

Жинақтағы кейбір өлеңдерді оқып отырғанда, «Жазушы» баспасының басшылары осы жинақты құрастырғанда, әр ұлттық мәдениетте екі мәдениет болатынын көрсеткен лениндік

қағиданы басшылыққа алды ма екен деген заңды сұрақ туады. Тіпті, мына бір мысалды алайық. Бұқар жыраудың «Ақсаңнан биік тау болмас» деген өлеңінде «Құм жиылып тас болмас, құл жиылып бас болмас» деген ой айтылады. Әрине, феодалдық таптың жыршысы болған ақынның еңбекші халық мемлекетті басқара алмайды деп жырлауы заңды еді. Біздің идеологияға, құрылысымызға жат осындай көзқарастарға жол берген «Жазушы» баспасы, антологияны құрастырушы М. Мағауин өздерінің саяси шалағайлығын, көрегенсіздігін көрсетті. Баспа жұмысындағы жауапсыздық, идеялық бағытқа мән бермеу фактілері соңғы кездері жиілеп кетті. Осының бәрін ескере келіп, мынандай ұсыныстар енгіземіз:

1) «Алдаспан» антологиясынан жоғарыда көрсетілген идеялар жағынан жарамсыз өлеңдерді алып тастау керек.

2) «Бұл мәселені Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің бюросында талқылау керек деп санаймыз» деп жазылды.

Екі бөлімнің атынан жазылған осы ортақ пікірді оқып шығып, мазмұнымен келісіп, кітаптан саяси қауіпті, зиянды жолдар алынсын деген шешімді мақұлдадық. Мәлімдеме қағаз жоғарғы қабаттағы бастықтарға жөнелтілді. Олар да қолдарын қойды, сөйтіп, жинақтың тағдыры шешілді. Баспада басылып жатқан жинақтың бұдан былайғы жұмысы дереу тоқтатылды. Басылып қойылған алғашқы даналары тегіс құртылды. Мұны біз ол кезде «пышаққа ілу» («поднож») деп атайтынбыз. Қолдағы бар кітап осы тәсілмен пышаққа түсіп, туратылды. Кітап қоймаларынан облыстарға жөнелтілген сандары тегіс «тұтқынға» алынып, баспаханаға қайтарылды. Олар да тегіс жойылды».

Б. Тілегеновтің «Тұйық өмірдің құпиясы» естелік кітабында «Менің ЦК-ам – Қирабасв» деген тақырыппен материал берілген. Партияның құдіретті пәрменінің адамдар санасына сіңуі, содан барып, түрлі сала қызметкерлері үшін партия органдарының қаһарлы мекемеге айналғанын айта келе, автор Ғ. Мүсіреповтің айтқан бір сөзіне назар аударады да, оқырманға партияның ОК мен сонда қызмет атқарған адам ретінде С. Қирабасвты қоса сынайды. Ал, «Өмір тағылымдары»

естелігінде С. Қирабасов бұл жайт жөнінде өз көзқарасын білдірген.

Елуінші жылдардың басындағы идеология маңындағы айғай-шу Ғабенді де айналып өтпеді. Тікелей сынға сылтауы болғанмен, әр қилы мақалаларда іліп-тартып сыналып жүрді. «Қазақ батыры» повесінде («Қазақ солдаты» әуелде осы аттас повесть болып жазылған) соғыс шындығы нашар көрсетілген деп сынағаны есімде. Соғыс кезінде жазған «Желкелері неден қышиды» деген бір очеркінен «ұлтшылдық» іздеді. Осылардың салдарынан 1952 жылдың соңғы кезінде өткен жазушының елу жылдығы тым жүдеу ұйымдастырылды. Құттықтаулар да аз болды, орден бермеді, баяндама да сынға құрылды. Бірақ Қазақ драма театрында әдебиет сүйгіш халық көп жиналып, жазушыға құрмет көрсетті. Ең бастысы – ел сүйіспеншілігі ғой.

Бұдан кейінгі жылдар Ғабенмен қарым-қатынасымыз ресми ғана өтті десе де болады. Мен баспасөз маңында істедім. Үлкен жазушыға, оның шығармашылығына деген құрметім өзгерген жоқ. «Социалистік Қазақстан» бетінде ол кісі жайлы бір мақала жариялағаным да бар.

1957 жылы Бейімбет ақталған соң Ғабен партиялығын қайтып алып, қайтадан атқа мініс бастады. Бейімбетті ұстаз тұтып, оған жақын жүрген жас жазушының оның адалдығына көзі жеткен тұста «Бейімбет жау болса, мен де жаумын» деген сөзі оны осы уақытқа шейін партиядан да, жауапты қызметтен де ысырып келіп еді. Сондай қиын заманда ұсталмай қалғанының өзіне шүкіршілік. Әуелі жаңадан ашылған «Ара» журналына редактор болды да, кейін Қазақстан Жазушылар одағы басқармасының төрағасы болып сайланды. Бұл тұста мен Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінде істедім. Ол кезде мәдениет бөлімі болмайтын, мәдениет жұмысын үгіт және насихат бөлімі меңгерушісінің бір орынбасары басқаратын. Маған сондай міндет жүктелді. Сыпайы, келісіп жұмыс істеген сияқтымыз. Менің де төрешілдік мінсіз жок, Ғабен алдында баяғы күйде балаша сезінеміз. Ол кісімен сөйлесу керек болса, шақырмай, өзім барам, оны-мұны асығыс шаруа болса, Одақтың жауапты хатшысы Сейітжан Омаровқа тапсырамын, елгезек Сәкен әрқашан керек қағазды уақытында дайындайды. Осы

жолмен одақтың пленумдарын өткізуге, тағы басқа шараларды жүзеге асыруына қолқабысым да тигені есімде. Әкімшілік қызметпен қоса шыншылдық қызметімді де жалғастырып жүрдім. Сәкен ақталып, бір томдық шығармалары шыққан кезде, «Лениншіл жас» газетінің бірнеше санында «Сәкеннің поэзиясы» атты үлкен мақала жариялағам. Осы және басқа жазғандарымды жинап, бір сын мақалалар жинағын бастыруды ойлап, «Жазушы» баспасына ұсынғам. Ол баспаның 1959 жылғы жоспарына да кірді.

Ол кезде сын жинақтарын шығару дәстүрі біздің әдебиетімізде қалыптаса қоймаған еді. 1958 жылы өзі баспаға директор боп барған Мұхамеджан Қаратаев «Туған әдебиет туралы ойлар», «Рожденная октябрём» деген атпен екі тілде мақалалар кітабын жариялаған. Соны көріп, біздің де талпынғанымыз ғой.

1958 жылдың тамызында мен басқа қызметке ауысып, Орталық Комитеттен кеттім. Кешікпей, менің жинағымның жоспардан түсіп қалғанын естідім. Сұрастырсам, Ғабит баспаның жоспарын алып қарапты да, көп нәрселерді сызыпты. Ішінде менің де кітабым кеткен. Оған келген кезде: «Ондай мақалалар әркімде бар, менің де жазғандарым жинаса бір жинақ болады» депті.

Мен өзім сыйлап жүрген үлкен жазушының бұл мінезіне әрі тандандым, әрі ренжідім, бірақ алдына барғам жоқ. Алда жазушылар съезі тұр. Сонда бір ессен қайтарармын деп ойладым.

Міне, менің алдымда сол съезде сөйлеген сөзім жатыр, қолжазбам да, съездің стенограммасы да бар. Бұл – менің өмірімдегі ең бір қатты сөйлеген сөзім. Ғабитке «Менің ЦК-м Серік болды» деп айтқызған сөз. Бұл сөздің қандай жағдайда айтылғанын, оның мазмұнын білмейтін кейінгі ұрпақтың кейбір өкілдері Ғабеннің сөзін тікелей түсініп, ЦК-да істеген кезінде Серік Ғабиттің соңына түсіп, тыныштық бермеген сен деп ұғады. Солай деп жазғандар да бар. Шынында, бұл сөз бірге жұмыс істесіп, мен қызметтен кеткен кезде, менің кітабымды жоспардан сызып тастаған адамға өкпеден туған еді. Ашумен автор одақ жұмысының көптеген кемшіліктерін ашып, бәрін

одақ басшысының жауапкершілігіне артқан. Сөзді түгелдей келтіріп жатпай-ақ қояйын. Ол әрі ұзақ, әрі орысша жазылған. Оқырманған түсінікті болу үшін, оның негізгі қағидаларына тоқталу қажет болар деп ойлаймын.

Сол кездің салты бойынша, сөздің партияның әдебиетке жасап отырған қамқорлығы мен талаптары жайында айтудан басташын да, біздің әдебиеттің кемшін тұстарын көрсетуге көшіппін. Алдымен бүгінгі заман тақырыбына арналған шығармалардың жетімсіздігі және көркемдік сапасының төмендігі, жазушылардың өмірмен байланысының әлсіздігі, сынның әдебиет дамуына көмектесе алмай отырғаны туралы сөз болыпты. Сынның ағайыншылық мінезден арыла алмай отырғаны жайында айтқан Ғ. Мүсірепов сөзін қолдай отырып, баяндамашының өзі де батыл, өткір сынға барған жоқ. Әркімнің ауызмен сөйлесі деп бір түйреп өтіппін. Баяндама талдаудың жетімсіздігінен әдебиет табыстары қатарындағы шығармалар тиісті бағасын алмады. Т. Ахтанов романы жөніндегі Н. Тихоновтың, М. Қаратаев кітабы жөніндегі Г. Ломидзенің пікірлерін қоштайтынын ескертумен баяндамашы тыңдаушыларын алдаңқыратып кетті. «Қазақ әдебиеті» газетінің бетінде сыналған Қ. Бекхожин мен Х. Ерғалиев шығармалары жөніндегі көзқарасын айтып, соңғы екі ақынның кітаптарын әпербақан сыннан қорғауға тырысыптын. Осыдан соң Қазақстанда әдебиет сынының дамуына жағдай жоқтығына, шығармашылық жолсапарларға сыншылар жіберілмейтініне (менің де іссапарға сұранған өтінішім қанағаттандырылмағанына), сыншылар кітаптарының шықпайтынына арнайы тоқтаппын. Бізде жалғыз әдебиет журналы бар. Көлемі сегіз-ақ баспа табақ. Қазақстандағы бүкіл әдебиет жаңалығы осы журнал арқылы өтеді. Ондағы ең көлемді орын прозаға беріледі. Өлең-поэмалар да басылады. Ал сын журналдың ең соңғы беттеріндегі артылған орынға ғана орналасады. Сондықтан редакция сын мақала көлемін шағындауды ескертеді де жүреді. 5-6 әңгіме жазған жас прозашы не он шақты өлең жазған жас ақын жинақ шығарады. Сыншы кітабы шықпайды. Әдебиет сынға өмірін арнаған Б. Кенжебаев, Е. Ысмаилов, Т. Нұртазиндер осы күнге шейін бір

жинақ шығарып көрген жоқ дей келіп, «Бұл мәселеге Мүсірепов жолдастың теріс қарайтыны мені таң қалдырады. Осы тақырыпта әңгіме бола қалса, ол өзін көлденең тартады. Менде де бір кітаптық мақала бар дейді. Ол рас, жолдас Мүсірепов, сізде әдебиет тақырыбына арналған мақалалар көп. Оларды жинап бастырам дессеңіз, ешкім қолыңызды қақпайды. Өйткені әдебиетті жасаушы жазушы тәжірибесі біз үшін үлкен сабақ. Онда әдби шеберліктің мәселелері де сөз болады. Мұндай еңбектер С. Сейфуллинде де, М. Әуезовте де, С. Мұқановта да бар. Оларды жинап бастыру керек. Мәскеу баспалары осылай етеді. Олар Фединнің, Гладковтың, Исаковскийдің, Чуковскийдің жинақтарын шығарды. Сіздің де бұған хұқыңыз бар, Мүсірепов жолдас! Хұқыңызды пайдаланыңыз. Ал пайдаланбайды сенсіз, басқаға бөкет жасамаңыз. Сіз одаққа басшы боп келгенде, біз қуанып едік. Сізден көп үміт күткенбіз. Онымыз ақталмады. Бұл Абайдың «Дәрежең өскенше, тілеуің өзінде, ел де тілсіді. Дәрежең өскен соң, өз тілеуіңді өзін ғана тілейсің» деген сөзін еске түсіреді» деппін. Жоспардан шығып қалған тағы да жеті жас ақынның тағдырлары жайлы айтыппын. Ғабен батқан осы сөздер болса керек. Ышқынып кетті. Мұндай сөздерді әсіресе менен күте қоймаған болу керек. Зал толы. Жазушылар съезіне халық көп жиналатын әдеті. Жазушылардың өздерінен басқа, шақырумен келгендер көп. Олар мен сөйлеп болғанда, ду қол шапалақтады. Сөздің оларға жасаған әсерін басу керек болды да, Ғабен мен сөйлеп болысымен, бірден жауап беруге ұмтылды. Бәрін де жұмсартып, екеуміздің арамызда бұрыннан келе жатқан бір кикілжің бар сияқты көрсетуге тырысты. «Менің ЦК-м Қирабаев болды», – деді. Жұртқа бұл сөз кері әсер етіп, қайта қол соғылды.

Әрине, мен дәл осы тұстағы Ғабен психологиясын түсінемін. Өмірдің азапты, ауыр соқпағынан көп өткен кісілер ғой, өмірлері күреспен өтті. 20-жылдардан бастап қазақ оқырмандарының өзін екі жікке бөліп, ауыр тағдыр айтыстырып қойды. Үлкен жиындарда кімді-кім жеңеді деп қарайтын. Сонда жалған да болса халық көзіне өздерін өктем көрсету үшін алдап кетуге де баратын. 20-жылдар тарихын көп қараған маған ол мінез мәлім еді. Ғабен осы жолы сол кәрі әдісін қолданды.

Аудиторияны алдап кетті. Мұны мен кейін съезд соңында қайта сөз сұрап алып айттым. Бірақ ол кезде залда жазушылар ғана қалған. Сөз терген көп жұрт Ғабең сөзіне иланып кетті.

Ал Ғабең болса мен сөйлегеннен кейін: «Ал, мен қойдым, бірімізден соң біріміз справка беріп жату жараспас» деген сөзбен тоқтады.

Осыдан біраз күн кейін Сафуан Шаймерденов үйіне қонаққа шақырды. Барсақ, Сәбең, Ғабең бәйбішелерімен келітті. Басқа адам жоқ. Қой сойған скен, бірден ет әкелді. Сәбеңе бас тартты. Мәкең (Мәриям – Сәбиттің жолдасы) алдына тіл қойды. О кісілермен қатар отырған Ғабең қалжыңға сүйсіп:

– Сен скеуін, бірін – бас ұстап, екіншің тіл жегенде, біз не жейміз, – деді де, Мәриямның алдындағы тілді өзіне тартып алды. Оның үш жағынан үлкендеу қып кесіп алды да, – Мә, тілің өткір болсын! Осымен қояйық, татуласайық! – деді. Мен «рахмет» айтып, тілді алып жедім. Ғабең қылығын ел мақұл көріп, мәз болып қалды.

– Е, бәсе, дұрыс, – деді Сәбең.

– Өзім де осылай болар деп шақырып ем, Ғабеңнің қолын ал, – деді Сафуан. Мен қолын ұстадым. Осымен өкпе тарқағандай болды.

Сын деген дәрі сияқты ғой. Ащы да болса пайдалы. Менің сол съезде айтқандарым ешкім мақұл деп бас шұлғымағанмен, үн-түнеіз жүзеге асты. Үлкен жазушылардың сыншылық ой-пікірлерін жинап бастыру қолға алынды. Әуелі Мұхаңның «Әр жылдар ойлары», Сәбеңнің «Өсу жолдарымыз» атты кітаптары шықты. Аға сыншылар да кітаптарын бастыру қамына кірісті, менің жоспардан шығып қалған кітабым 1960 жылдың жоспарына кірді. Ал Ғабең өзі де мақалаларын жинастыра бастады. Ол сәл кейіндеу «Суреткер парызы» деген атпен жарық көрді.

Тәуелсіз еліміздің тұсында сөз бостандығы, шығармашылық еркіндікке кең жол ашылғанын ескерсек, Қ. Жұмаділовтің «Таңғажайып дүнис», М. Мағауиннің «Мен» ғұмырбаяндық романдары қоғамда түрлі пікірлер тудырғаны мәлім. Кешегі кеңестік дәуір аясында ғұмыр кешкен адамдар Жұмаділов, Мағауин романдарын ұната қойды деу қиын.

Шығыс Түркістан (Қытай) жеріндегі оқиғалардан біраз жұрт бейхабар-тын. Ал, М. Мағауин романындағы тоталитарлық тәртіпке қарсы ашу-ызасы, лағнет-қарғысы көп жұртты айран-асыр етті. Асылы, шын талант қана найзаның ұшында жүретінін ескерген жөн. М. Мағауинде де, Қ. Жұмаділовте де жекеленген адамдарға берілген баға бар. Бір ескеретін нәрсе, авторлар өз көзқарасын ашық білдірсе де, оны ешкімге таңбаған. Яғни олар – авторлардың өз «Менінен» туған жеке пікірлері. Мәселен, «Таңғажайып дүниеде» төмендегідей жолдар бар.

Жиналыс соңында Әуезов қорытынды сөз сөйлеп, «Абай жолы» эпопеясы өзінің бас кітабы екенін, бойдағы бәр күш-қуаты осы романға жұмсалғанын айтпады емес, айтты. Әйткенмен, Кеңес дәуірінен «жаңа эпопея бастау» дегенге де елігіп қалғаны байқалды. «Өмір болса, ком-мунистік партия мен Кеңес өкіметінің сенімін ақтап», бүгінгі заманнан жаңа романдар циклін жазуға уәде берді...

Кейін аға жазушылармен араласып жүргенде естідім: осы жиналыстан соң жазушының жанашыр іні-достарының бірі Әуезовке:

–Бәрі жақсы-ау, Мұха! Бірақ, кейбіреулер осы сөздерін бұрын неге айтпады екен? Бұрын сізге сойыл сілтегендер бүгін сыпыра мақтауға көшіпті. Ондай екі жүзділерге тым сеніп кетуге де болмас! – деген екен. Мұхаң әлгі кісіге кәдімгідей ашуланып:

–Нең бар? Маған өмірде бір айтылған жылы сөзді де көп көрсең бе? Мақтасын... Маған солардың мақтағаны керек! Осындай мойындауды, мандайдан сипар мадақ сөзді мен күткелі қашан! –деп ұрсып тастапты.

Әрине, ұзақ жылдар бойы солақай сыннан көз аспаған Әуезовті де түсінуге болады. Жазушы да – пенде ғой. Осындай мойындауды, өз еңбегінің бағаланар сәтін зарыға күткені де рас шығар. Әйткенмен, соншама жыл таяқ пен тоқпаққа шыдап келген қайсар жазушының өз принципінен тайып, мақтау-мадаққа, жағыпаздардың жылмаң сөздеріне майдай еріп кетуі таңғаларлық нәрсе. Мұхаңның, әсіресе, жасы алпыстан асқан кезде қыздырманың қызыл тіліне еріп, Кеңес дәуірінің елу жылын қамтитын «Жаңа эпопея жазам» деп уәде беруі –

ойланып жасалған қадам деп айту қиын. Түбі шикі, тек төгілген қанмен, қарудың күшімен сақталып тұрған жалған системаны дәріптен эпонея жазу – адам түгіл құдайдың да қолынан келмейтінін, өзге түсінбесе де, Әуезов түсінуге тиіс еді. Осы шындықты жақсы білген орыстың Шолохов, Федин, Леонов секілді ірі жазушылары өмірлерінің соңғы жылдарында «тырстпей» жатып алды. Съезд сайын торге отырғызып, қолтықтарына қанша дым бүріксе де, сиптемеге сліккен жоқ. Сонда біздің ағаларымыздың елден ерек қара тер болғаны қалай? Әрине, оның себептері аз емес. Ең бастысы – қазақы белсенділік. Қазақта «күлді бәрекеді өлтіріпті» деген сөз бар. Ғасырлар бойы қанымызға сіңіп алған бодандық мінез, жалтақкөз кіріптарлық өзге түгіл Әуезовтей ұлы жазушының да аяғын шалыс бастырды ма деген ой келеді.

Сонымен, ақыры не болды дейсіз ғой? Жазушы жаңа дәуірден романдар цикліін жазамын деп уәде беріп қалды да, амал жоқ, соны орындауға кірісті. Бұл жолы таңдап түскен жері – оңтүстік өлкесі. Біреулер соның өзін сан- саққа жүгіртін: «Әуезов түп төркінін ұмытпай, Түркістанға оралды. Өмірдің шалқыған айдынына енді шықты» деп даурығысты. Оның жаңа жол сапары жайында құлаш-құлаш очерктер, көпірме мақалалар жазылып жатты. Бұл, анығын айтқанда, жазушыны жарға итерумен бірдей еді. Мұхаң жаңа романдарына материал жинау үшін, Оңтүстік Қазақстанға бірнеше дүркін барып, шілденің шіліңгір ыстығында ел аралаумен болды. Жасы алпыстан асып кеткен, еті ауыр, кірпияз адамға бұл жүрістер оңайға түскен жоқ. Нәтижеде, ыстық аймақтың шаңды жол, шалғай ауылдарында өткен мазасыз күндер жазушының денсаулығына кері әсер етіп, ақыры ауруға шалдықтырды.

«Өскен өркен» – болашақ эпонеяның бітпей қалған алғашқы кітабы. Романның бас қаһарманы – обкомның бірінші хатшысы Нил Петрович Карпов. «Абай жолы» мен «Қилы заманның» авторы бұл жолы мүлде басқа қиянға тартқанын осыдан-ақ аңдауға болды. Өзіңіз екі эпонеяның бас қаһармандарын таразыға салып көріңізші: қазақтың ұлы ойшылы, хақим Абай және Кремльдің қолшоқпары боп отырған обком хатшысы... Қандай кереметтік? Бұл енді, мәймөңкелімей

турасын айтқанда, түбі күйреуге апармай қоймайтын құлдыраудың басы еді...

Ал, шала туған осы шығармадан Әуезовтей сөз зергерінің қолтаңбасын тануға бола ма? Болады, әрине, онда да тек стиль, форма жағынан. Мұхаңа тән кең ауқымдылық, оқиғалардың шым-шымдап теректен өрбуі, образ, характер даралығы – жәй кісінің қолынан шықпағанын аңғыртып-ақ тұр. Егер осыны Әуезов жазбай, басқа біреу жазса, тіпті сыйлық беруге де болатындай... Бірақ, керекті не, жалған концепсияға құрылған «Өскен өркен» де – кеңестік қызыл империяның шашбауын көтерген көп сұрғылт шығармалардың бірі болып қала берді.

Өзінің өткелсіз қиына ұрынғанын, андаусыз да қайран талантының тасқа шабылғанын Әуезовтей сұңғыланың сезінбеуі мүмкін емес. Сөз жоқ, сезінді. Бірақ кеш қалды. Өз мүмкіндігін тым асыра бағалағанын, саясатта, отбасы тіршілігінде неше алуан «жүріс», маневр жасауға болғанымен, шынайы онердің ондай бұлтаққа көнбейтінін де кеш ұқты. Жазушыға шегінетін жер қалдырмай, өмір ағысы оны өз оппасына қарай тартып бара жатқан... Ақыры, ұлы суреткерді түбегейлі күйреуден, пәни дүниенің машахатынан Алланың ақ өлімі ғана құтқарып қалды.

Жалпы, әдебиет тарихында шығармашылық дағдарысқа ұшыраған жазушылардың өзіне қол жұмсаған фактілері аз емес. Мұхаңның да өмірінің соңғы кезінде тіршілікке немгұрайлы қарап, өлімнен қаймықпай, әлі толық анықталмаған неғайбіл сырқатқа бола бірден операция үстеліне ұмтылуы – сол «қол жұмсаудың» бір түрі емес пе екен? Бұл – әрине, болжам ғана. Оның анық-қанығына көз жеткізу – болашақ ұрпақтың ісі. Әуезов әуел бастан-ақ өз ортасына өгей, кеңестік жүйеге кірмеп еді. Өзіне жат қоғамды қалам құдіретімен жаулап алғысы келіп қанша талпынғанымен, жемс-жемге келгенде, бәрібір кірігіп кете алмай, сол баяғы өгей, кірме күйінде дүниеден өтті.

Өз басым ұлы ұстаздың алдынан дәріс алып қана қоймай, ол кісімен таныс-біліс, сұхбаттас болғанымды мәңгі мақтаныш егемін. Ал, Мұхаңмен ең соңғы қоштасқан сәтім әлі күнге дейін көз алдымда. 1958 жылы екінші курсты бітірген соң, Алматы мен Ташкентте оқып жатқан шынжандық студенттер елге қайтатын болды. Жоғарыдан келген нұсқауда: «Үрімжіге барып

екі айлық саяси курстан өтесіндер» деп алдаусыратқанымен, оның ақыры неге апарып соғарын ішіміз сезе бастаған. Сондықтан жолға шығар алдында осындағы танысбіліс ағайындарға жөнімізді айтып, қоштасып кетуді жөн көрдік. Төлеубек скеуміз ең алдымен жазушы Ғабдол Сылановтың үйіне бардық. Бас арық пен Ұйғыр көшесінің (қазіргі Абай даңғылы мен Байтұрсынов көшесі) қиылысындағы Сылановтың бір қабатты қора-жайына бұрын да келіп-кетіп жүретінбіз. Сол алғашқы жылдарда шеттен келген бізді бауырына тартып, үй-жайын көрсеткен жалғыз жазушы – осы Сыланов қана. Ешкімді елге-жерге бөліп алаламайтын, кісілігі мол, мұндай үлкен жүректі азаматты біз де төбемізге көтеріп, сыйлап тұратынбыз.

Ғабдол аға бізді бұл жолы да қуана қарсы алды. Күн жексенбі. Ауладағы ас үй жақтан әлдебір қарбаластық байқалды. Қонақ шақырып отырған үйдің қалпы бар. Сондықтан, ішке көп сұғынбай, алмаағаштың саясындағы беседкада отырып әңгімелестік. Сыланов қайсыбіреулер ше, шақырған қонағын жасырған жоқ.

–Бүгін Мұхтар Әуезов бастатқан үш-төрт жазушыға дәм татырайын деп отыр едім. Уақыттарың болса қонақ күтісіп, ағаларыңның әңгімесін тыңдаңдар, –деді шын пейілімен.

Біз, әрине, үлкен қонақтармен қабаттасқымыз келмей, үй иесінен рұқсат сұрап, сінді қайтқалы отырғанбыз. Кенет ашық тұрған қақпаның алдына бір қара «ЗИМ» келіп тоқтады.

–Мұхаң дәлдікті сүйетін кісі ғой. Міне, келіп те қалды! – деді Ғабдол орнынан тұра беріп.

Бәріміз қақпаға қарай емпендедік. Машинадан мандайы жарқырап, Әуезов түсіп жатыр екен. Қасында ешкім жоқ, жалғыз өзі. Үстінде толық тұлғасына құп жарасқан ақсұр костюмі бар. Ыстықта галстук тақпай, ақ жібек көйлектің жағасын сыртына жіберіпті. Мұхаң бәрімізбен қол алысып, қақпадан кіре бере сағатына қарады.

–Әй, Ғабдол, осы мен елден бұрын, тым ерте келіп қалған жоқпын ба? –деді үй иесіне бұрылып.

–Жоға, Мұха, сіз дәл уағында келдіңіз! Басқалар ғой кешігіп жатқан, – деп Ғабдол қалбалақтап жол бастап келеді.

–Әй, осы біздің ағайындар уақытпен санасуды қашан үйренер екен?! – Мұхаң айналасына кіржис қарап сәл тұрды да: – Сол жайбасарлар келгенше көлеңкеде тыныстай тұрайық, – деп жаңағы біз отырған беседкаға қарай беталды.

–Бүгін күн ыстық қой, шөл баса отырыңыз! – деп үй иесі тегенмен қымыз алдырған. Мұхаң, шынында да, шолден келсе керек, салқын қымыздан сіміре жұтып, рахаттанып қалды. Сыланов бір сөздің кезегінде:

–Мына жігіттер – Қытайдан келген бауырларымыз. Жақында елдеріне қайтады екен, қош айтуға келіпті, – деп бізді таныстыра бастап еді, Мұхаң оның сөзін бөліп:

–Е, білем ғой бұларды. Алғаш келген кездерінде-ақ әдейі шақыртып алып танысқанмын. Бұлар және менің лекцияма үнесі қатысып жүреді... Ал, мына Қабдештің анада «Кеңес-Қытай достық күнінде» республикалық үлкен мінбеден сөз сөйлескені бар, – деді бейне бізді зерттеп жүрген кісідей.

Ұлы адамның «сені білсем» деген бір ауыз сөзінің өзі неге тұрады. Төлеубек скеуміз мерейленіп қалдық. Мен соны арқаланып, осы арада Мұхаңа өз жәйімізді айтып қалуға тырыстым.

–Біз елге жүрейік деп жатырмыз, Мұха! Жәй демалыс емес, сондағы саяси науқанға қатысасындар дейді. Ол жақта зиялы қауымға «оңшыл-ұлтшыл» деген айдар тағып, шетінен соттап жатқан көрінеді. Қытайда баяғы 37 жыл қайталана ма деген қауіп бар. Біздің де оқуға қайтып келер-келмесіміз екі талай болып тұр... Не істеуіміз керек? Бізге айтар қандай ақылыңыз бар? — дедім үлкен адамнан бір жәрдем бола ма деген үмітпен.

Әуезов ауыр ойға батқандай бір сәт үнсіз отырып қалды. Әлден уақытта басын көтеріп:

–Мен Қытайдағы қазақтарды түгел көшіріп алу жайында республика басшыларымен сөйлесіп жүрмін. Димаш Ахметұлы тың игеру науқанын тілге тиек етіп, бұл мәселені Хрущевтың алдына қойған екен, ол кісі принципінде қарсы болмапты. Егер елдің арасы осылай жақсы болып тұрса, олжақтағы бауырларымыздың осылай келіп қалуы да ғажап емес! – деп аз-көп бөгелді де, бізге түс тоқтата қарады.

– Ал, енді сендердің мына сапарларың туралы не айтуға болады? Өзге елдің ішкі ісіне қол сұғып, мұндайда араша түсу де қиын... Тек, түбі қайыр болсын деп тілсейік. Өзірге айтарым: істің беті теріске айналған күнде де мойымау керек. Кейде жазушы болам деген адамды тағдырдың өзі осындай шырғалаңға апарып салатыны болады. Содан күндердің күнінде реттеуші күдірет бәрін өз орнына келтіретіні тағы бар... Әлі жассындар ғой, жасымандар! Тағдыр аман-есен көрісуге жазсын! – деді сөзін аяқтап.

Біз осыдан кейін көп бөгелмей, ағаларымызға аман- саулық тіледік те, жолға түстік... Міне, осыдан кейін дар институтын бітірсе, Есенберлин одан сол кейінірек Алматының политехникалық институтында оқыған. Ілексең студент кезінде өндірістік практиканы сол кезде Балқашта бас инженер боп жүрген Димексеңнің қоластында өткізеді. Содан кейін де біразға дейін араларындағы қатынас үзілмеген. Соғыстың соңғы жылдары Қонасов Министрлер кеңесі төрағасының өнеркәсіп жөніндегі орынбасары боп жүргенде, майданнан жараланып қайтқан Ілексеңнің де Орталық Комитеттің өнеркәсіп бөлімінде қатарлас қызмет атқарғаны бар. Бірақ елуінші жылдарға келгенде бұлардың жолы екі айырылады. Қонасов қызмет бабында басқыштап жоғары көтерілгенде, Есенберлин қуғынға ұшырап құлдырайды. Содан екеуі көп жыл көріспей кет- сен. Қонасов кейін Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің Бірінші хатшысы болып тұрғанда да, намысқой Ілексең оның алдына жәрдем сұрап бара қоймайды.

Содан, не керек, кездесудің сәті осы таяуда ғана түседі ғой. Онда да кездейсоқ жағдай көмектескен. Бір күні республика басшысы киностудияны көрмек болып, аралап жүргенде, кенеттен кісінің арасынан Ілексеңді көріп қалып, өзі тоқтап амандасыпты.

–Ау, Ілияссың ба? Барсың ба бұл дүниеде? Өзің мүлде көрінбей кеттің ғой?! – дейді Қонасов оның бас аяғына көз жіберіп.

–Ой, Димеке-ай, әңгіме көп қой! Қайсібірін айтайын?! – дейді Ілексең тар жерде артық сөзге бара алмай.

–Онда, маған бір келсейші. Әнгімелессейік, – дейді Димекен. Деру көмекшісіне бұрылып, тапсырма береді.

Есенберлин көп кешікпей Қонасвтың қабылдауында болып, ескі таныстар ұзақ әнгімелеседі. Осы отырыста Ілекеннің болашақ қызмет орны да шешіліп қалып еді.

–Сен осы баяғыда филармонияны басқарған жоқ па едің? Өртістердің жағдайына қанықсың. Опера-балет театрына директор болып барсаң қайтеді! — дейді Димекен алғашында.

–Қыз-қырқынмен оңай тіл табысатын баяғы заман өтті ғой! - деп Ілекен күлген көрінеді. – Менің әрі әдебиетші екенімді білссіз. Жазған, жазайын деп жүрген көп дүниелерім бар. Маған одан да «Жазушы» баспасын беріңіз! –дейді қолқа салып.

Шіркін, кейде шексіз биліктің де қажет болатын кезі бар-ау! Тілек екі қайталанбапты. Сол сәтте-ақ төменгі жаққа бұйрық түсірілген... Сол жолы республика басшысы өзінің осы бір ізгі де, батыл шешімі арқылы қазақ әдебиетінде жаңа бір оскелең ағымға жол салып бергенін, бәлкім, ойламаған да болар. Бірақ, жолы болмай жүрген бір талантқа қол ұшын беріп, оны батпақтан суырып алғаны анық. Қонасв Ілекенді аса қажетті қызметке тағ гайындап қана қойған жоқ, оның алғашқы шығармаларына үнемі қолдау көрсетіп отырды. Егер Димекен ықылас танытпағанда, Ілекеннің «Айқас» романына да дәл сол тұста Мемлекеттік сыйлық берейік деп тұрған ағайын жоқ болатын. Реті келгенде айта кетейік, Қонасвтың ұзақ жылдық қызметінде басқа қателік-кемшіліктері болса болған шығар, бірақ оның әдебиет пен өнерге, жазушыларға жасаған қамқорлығын ешкім де жоққа шығара алмайды.

Ілияс Есенберлиннің баспаға директор болып тағайындалуы, оның өз шығармаларына ғана емес, сол жылдары әдебиетке келген жастарға да кең жол ашты. Біразымыздың күрделі, қиын тақырыпқа жазылған кітаптарымыз сол тұста жарық көрді. Ал, Ілекеннің өзіне келсек, оның бұл кездегі шығармашылық қарқынын ұзақ жылдар бойы қыстығып келіп, көзін ашып жіберген фонтанға ұқсатуға болар еді. Ол баспаға келгенде «Қатерлі өткел» романының қолжазбасы дайын, «Ғашықтар» романын орталап қалған кезі еді. Ал, «Көшпенділер» әлі жазылмай, «шикі материал» күйінде

папқаларда жатқан-ды. Бір кезде қатардағы редактор болып, мұнда да біраз жыл қызмет істеген Ілексең баспаның жұмысын жақсы білетін. Ол енді ара-арасында кеңеснің шаруасын реттеп тастап, өзінің осында келгендегі басты мақсаты – «Көшпенділерді» жазуға кірісті.

Алдымен трилогияның соңғы кітабы саналатын «Қаһар» келді дүниеге. Ойткені бүгінге дейін талайларды сан- сыратқан Кеңесары туралы ең даулы кітапты алға салуды жөн көрген. Сонан соң 15-16 ғасырдағы сонау Асанқайғы, Әз Жәнібек заманынан бастап, Қасым, Хақназар хандар тұсына дейін баяндалған «Алмас қылыш», оның соңынан 18-ғасырдағы Абылай заманын суреттейтін «Жанталас» романы жазылды. Осылардың ішінде Ілексеңнің барыншы мінсіз шығаруға күш салып, мұқият дайындаған, алғашқы қамал бұзар кітабы – «Қаһар» деуге болады. Егер цензураның қатал сүзгісінен «Қаһар» өтіп кетсе, басқалары да соның ізімен өтер деген үміт барды. Қолжазба машинкадан өткен соң, оны сол кездегі бас редактордың орынбасары Мұхтар Мағауин скеуміз кезектесіп, тағы бір рет мұқият қарап шықтық. «Қаһардың» көркейіп, ширай түсуіне біздің де біраз көмсіміз тиді. Романның алғашқы аты «Хан Кеңе» болатын. Бірақ бұлай атауды уақыт көтермейтін еді. Цензураны да, өзге белсенділерді де адастыратын басқа бір ат қажет болды. Ақыры «Қаһар» деген атқа тоқтадық. Ол – ханның қаһары ма, халықтың қаһары ма, немесе аз халықтарды айдаһардай жалмаған Ақ патшаның қаһары ма, әрқалай түсінуге болады.

1968 жылы жарық көрген «Ғашықтар» романынан бастап, мен Ілексеңнің біраз кітаптарына редактор болып, қол қойдым. «Көшпенділер» трилогиясы түгел дерлік қолымнан өтті. Ақмола облысының Атбасар қаласында туып- өскен, ата-анадан жастай жетім қалып, балалар үйінде тәрбиеленген, мектепте де, институтта да орысша оқыған, мамандығы жөнінен тау-кен инженері – Ілексеңнің қол-жазбаларында стильдік ақаулар аз болмайтын. Жәй сөйлегенде де, маған оның қазақшасынан гөрі орысшасы жатық сияқты көрінегін. Жиналыстарда орысша мүдірмей шешен сөйлеп кетер еді. Әдебиетте қай жағынан олқы соғып жатқанын Ілексеңнің өзі де сезетін-ді. Жалған намыс,

өзімдікі ғана жөн дейтін өркөкіректік ол кісіге жат еді. «Көшпенділердің» қолжазбасын маған алғаш ұсынып тұрып:

– Мен өзі, шынымды айтсам, қаланың жатағымын. Аласапыран кезеңде туып-өстік те, қазақтың байырғы тұрмысына көз қанықтыра алмадым. Сондықтан, менің жазбаларымда қазақтың киіз үйі мен жасау-жиһазына, сауыт-сайман, ат-көлік, ер-тұрманына байланысты дәлсіздіктер кетуі әбден мүмкін. Соларды мұқият қарайтын бол. Ал сөз, сөйлем жағын батыл түзетуіңе болады, қолыңды қақпаймын, – дегені есімде.

Мен, мүмкіндігінше, ағамыздың осы сенімін ақтауға тырыстым. Өйткені біздер, Ілекеннің жас достары, Есенберлиннің қаламгерлік құдыреті сөз-сөйлесімнің әдемілігінде, тіпті тіл байлығында да емес, оның көтеріп отырған тақырыбының ауқымдылығында, әлі ешкім ат ізін салмаған тарих қатпарын батыл ақтаруында, сол арқылы ұлттық сананы оятып, халықтың үзілген зердесін қайта жалғауында екенін жақсы білетінбіз. Сондықтан, қолдан келер көмгімізді аяп қалғынымыз жоқ. Мен Ілекеннің қолжазбаларын көбінесе үйге апарып қарайтынмын. Қолжазба оқылып болған соң, пайда болған сан алуан сұрақтарды оның өз үйінде отырып шешетінбіз. Автордың архивтерін қайта көпарып, әр жерде әр қалай боп жүрген жер, су, адам аттарын, оқиғалардың өткен мерзімін бір ізге түсіретінбіз. Қалам ізі көп тиген қолжазба, міндетті түрде, қайта басылады... Қазір оқып қарасаңыз, «Көшпенділер» мен одан кейін жазылған «Алтын орда» трилогиясының стильдік құрылымында едәуір айырмашылық бар. Авторы – біреу, әрине. Тек, қараған редакторлары әр басқа.

«Көшпенділердің» әр кітабын оқырман қауым зор ықыласпен қарсы алды. Айналасы бірнеше жылдың ішінде Есенберлин бүкіл халықтың сүйікті жазушысына айналды. Ал, былайғы әдеби қауым жөнінде олай айтуға болмас еді. Жастар жағы болмаса, өз замандастары Ілекенді бертіңге дейін мойындаған жоқ. Жыл сайын шығып жатқан романдар тасқыны мен авторға «Көшпенділер» әкелген абырой-беделді аға қаламгерлер, әсіресе оқулықтардан суреті түспейтін «совет жазушылары» кешіре алмады. Жазушылар да пенде ғой. Кейде

үлкен адамдар да қателеседі. Мәселен, Ғабеннің – Ғабит Мүсіреповтың Ессенберлинге ғана емес, жалпы Кенесары қозғалысына қарсы болуы – осы сөзіміздің айқын дәлелі.

Мұның сыртында, сол жылдары біздің әдебиетте өзіне дейінгілерге де, өзінен кейінгілерге де оскырына қарайтын тағы бір тон болды. Олар ұлы Әуезовтың өзіне шәк келтіріп, «Абай жолы» эпопеясы – ел аузындағы аңызға құралған шығарма. Шын мәнісіндегі нағыз роман да, нағыз кәсіби жазушы да мына бізден басталды» дегенге дейін барғаны есімізде... Ал, Ессенберлинді олар мүлде жоққа шығаруға тырысты. «Көшпенділердің» әр кітабы шыққан сайын қарсы мақалалар ұйымдастырып, «оның жазып жүргені көркем шығарма емес, тарихи деректердің хроникасы» дегенді дәлелдегісі келді. Мұның өзі, сырттай қарағанда, өз орталарынан шыққан болашақ «классикке» орын әзірлеген, жүз, ру арасындағы кикілжің сияқты көрінгенімен, шынына келгенде, екі бағыттың, екі түрлі концепсияның арасындағы тартыс болатын. Бір сөзбен айтқанда, ежелден келе жатқан бодандық пен бостандық идеясының шарпысуы. Ессенберлиннің қарсыластары тіпті де осал емес-ті. Бәрі де партия мен үкіметке сүйікті, Мәскеу жақта беделді. Олар жергілікті жерде коммунистік идеологияға арқа сүйесе, Мәскеуде империялық саясаттан қолдау тауып отырды.

Алайда, олардың бұл әрекетін қалың жұртшылық қабылдамады. Бірде Ессенберлиннің «Көшпенділері» мен оған қарсы жазылған мақалалар Жазушылар Одағында талқыланатын болып, газетте хабарландыру берілген. Бірақ жиналыс өтпей қалды. Адам келмегендіктен емес, жиналған халықтың жойдаусыз көптігінен. Бүкіл қала жұртшылығы, жақын маңдағы аудандардан ағылып келгені бар, сол күні Жазушылар Одағының іші-сырты халыққа сыймай кетті. «Әлгі сыншыларды көзімізге көрсетіндерші, солармен біз сөйлессейік» деп шуылдаған жұрт. Бұдан тиісті орындар да хабар тапса керек. Ақыры жиналысты басқаруға келген Ғабит Мүсірепов бүгін сшқандай талқылау болмайтынын айтып, халықты таратуға мәжбүр болды.

Амал не, осыдан кейін де Ессенберлинге қарсы шабуыл тоқтаған жоқ. Жеке Ілекең ғана емес, оның айналасында жүрген

біздерге де таяқтың бір ұшы тиіп жатты. Сол кезге дейін үш кітабым жарық көрген мен жазушылар одағының мүшелігіне 1969 жылы өтуге тиіс едім. Бірақ одақтың секретариаты жасырын дауыс беру кезінде мені «күлатты». Басқалар шауып өткенде, тек мен ғана қалып қойдым. Кейін партия ұйымы бұл мәселені тексергенде, соның бәрін Ә. Нұрпейісовтың астыртын ұйымдастырғаны мәлім болды. Амал жоқ, мен мүшелікке бір жыл кейін өттім. Ілексең директорлықтан ауысқан соң, мені көп ұзатпай «Жазушы» баспасынан да кетіріп тынды.

Жас кезінде өмірдің тепсінін көп көрген, соғыста ауыр жараланған Ілексеңнің денсаулығы бұрын да мықты болмайтын. Оның неге бір жағына сәл қисайып жүретін себебін кейін білдік. Соғыста оқ тиіп, пышаққа түскен оң аяғы сол аяғынан екі-үш сантиметрдей қысқа еді. Бұған енді шығармашылықтың ауыр азабы қосылды. Жан аялап, бой күту, курортқа бару дегенді ол ұмытқалы қашан! Өмірінің соңғы жиырма жылында оның қаламынан он үш роман дүниеге келіпті. Бұл – тек алыптардың ғана қолынан келер шаруа. Әйтсе де, Ілексең әлі тың еді. Қанша қажып жүрсе де, жаңа кітабы шыққан сайын қырандай сілкініп, қайраттанып кететін. Меніңше, жазушының жүйкесін жұқартып, өмірден ертсерек кетуіне мынадай екі түрлі жағдай себеп болды.

Бастаған шығармасын жазып біткенше, жазылған кітабы жарық көргенше тағат таппайтын Ілексең «Мұхиттан өткен қайық» атты бір романын қанша күш салса да шығара алмай-ақ кетті. Бұл сол кезде билік басында отырған бюрократиялық жүйені, жеріне жеткізе әшкерелеген шығарма еді. Кітаптың жарық көруіне Орталық Комитеттің идеология жөніндегі хатшысы С. Имашевтан бастап, баспа маңындағы белсенділер түгелдей қарсы болды. Алматыда қазақшасын шығаруға тиым салынғаны өз алдына, романның орысша аудармасы Мәскеудегі «Новый мир» журналына басылайын деп жатқанда, осы жақтан хат жазып, тоқтатып тастады-ау! Имашев бұл арада коммунистік идеологияны ғана қорғап қоймай, белгілі бір топтың сойылын соққанында күмән жоқ. Жазушыны он жылдай әуре еткен осы кітап оның жүйкесін жеп, күш-жігерін сдәуір сарқып кетті.

Содан кейінгі бір шырғалаң шаруа: Есенберлиннің «Көшпенділер» трилогиясы орысша шығып болған соң, Лениндік сыйлыққа ұсынылған. Ілексең бұл жолы сыйлық алмаймын деп ойлаған жоқ. Басқаларымыз да зор үміт арттық. Өйткені, ол жылдары бір халықтың төрт ғасырлық шежіресін қамтыған мұндай шығарма бүкіл КСРО көлемінде жоқ болатын. Ал, соңғы турға дейін Ілексеңмен таласып келген грузин жазушысы Нодар Думбадзеңің жұқалтаң романы сол кезде әркімдер-ақ жазып жүрген, жәй қатардағы дүние еді. Бірақ, амал не, берекесі мықты, іргесі берік грузиндер мен қазақтың іштеріне шынашақ айналмайтын, күншіл арызқойлары екі жақтап жүріп, Лениндік сыйлықты Есенберлинге емес, Думбадзеге алып берді.

Мәскеу жақтан сәт сайын хабар күтіп жүрген сондай тағатсыз күндердің бірінде, Жазушылар Одағында Ілексеңмен жолығып қалдым. Ағамыздың қабағы пәс, иығы салыңқы екен.

–Жүре сөйлессейік. Әңгіме бар, –деді Ілексең мені қолтығымнан алып.

Қатар жүрген кісіні қолтықтап алатын әдеті-тұғын, Сөйтсек, кемтар аяғына сәл демеу болсын дейді екен ғой. Сол беті скеуміз аяндап отырып, қазіргі Желтоқсан мен Жамбыл көшелерінің қиылысындағы Ілексеңнің үйіне дейін келдік. Жол-жөнскей сыйлық жайында сөз болды.

–Ондағы жағдай мәз емес, –деді Ілексең терсең тыныс алып. – Бұрын аппараттағы кейбір адамдардың сөзіне сенбей жүруші едім, кеше сол жақта жүрген комиссия мүшесі Шыңғыс Айтматовпен сөйлестім. Грузиндер Думбадзеге сыйлық әпереміз деп, артынып-тартынып Мәскеуде жүрсе, біздің жазушылар менің үстімнен қарша боратып, арыз айдап жатқан көрінеді...

–Бұлары сұмдық қой! Сонда не айтады олар? –деймін таңтамаша болып.

Сол баяғы сарын: «Есенберлиннің кітаптары Қазақстанда қатты сынға ұшыраған. Халық қабылдаған жоқ. Ол хан-сұлтандарды мадақтайды, феодализмді көксейді. Бүлікші Кенесарыны көтермелеп, ұлттар достығына іріткі салып жүр...» деп жаппаған жаласы, жақпаған күйесі қалмаған. Орыстардың

да ішінде «ит өліп» жатыр ғой: сол сөздерге иланып қалған секілді...

– Арыз жазғандар кімдер екен, білдіңіз бе?

Ілексең біразға дейін жауап қатпады. Тек, сәлден соң барып:

– Олардың кім екені онысыз да белгілі емес пе?! – деді баяу күрсініп. – Өздерінен басқа сшкімге болсын демейтін, сол баяғы өзің білетін жікшілдер.

Түс мезгілі еді. Ілексең болмай үйге кіргізіп, скеуміз Диляр апайдың қолынан шай іштік. Диляр апай – артық сөзі жоқ, Ілексеңнің қас-қабағына қарап қана отыратын, өте ибалы кісі. Баяғы зұлмат жылдары «халық жауы» делініп атылып кеткен белгілі заңгер, Қазақстанның әділет министрі болған Хамза Жүсіпбековтың қызы. Әрине, бұл мәселе де Ілексеңнің алдынан шықпай қойған жоқ. Соғыстан кейін Орталық Комитетте қызмет істеп жүргенде, «халық жауының» қызына үйленгені білініп калып, сол үшін жұмыстан қуылған... Ілексең бертінге дейін өзін көп ойламай, дімкастау Диляр апайдың денсаулығын уайымдап жүруші еді. Шүкір, ол кісі әлі жасап келеді. Міне, он жылдан бері баласы Қозы Көрпеш скеуі күйсуінің артта қалған шаруасына бас-көз болып, Ілексеңнің кітаптарын шығаруға, Алматыда және Атбасар қаласында мұражай ашуға күш жұмсап отыр.

Қайран Ілексең ортамызда жүрсе, биыл небәрі сексенге келеді екен. Асыл азамат, үлкен жүректі қаламгер өзінің жетпіс жасын да тойлай алмай, арамыздан ерте кетті. Бірақ, артына қанша мұра қалдырды десеңізші! Алпысыншы, жетпісінші жылдарда тарихи романның көшін бастаған ол, қазақ әдебиетінде тұтас бір әдеби мектеп қалыптастырды. Қазақтың ұлттық санасының оянуына, тарихи зердесінің жаңғыруына өлшеусіз үлес қосты. Егер Ілияс Есенберлин сәл ары таман, осы ғасырдың бас кезінде өмір сүрсе, сөз жоқ, Алаш қозғалысының жуан ортасында жүрер еді. Кейде ол менің көзіме кешегі Ахмет пен Әлиханнның, Міржақып пен Мағжанның сарқыты сияқты болып көрінетін. Өз ұлтын жан-тәнімен сүйген Ілексең тәуелсіздік таңын көре алмай, арманда кетті. Алайда біздің азат заманымыздың әр таңында Кеңесары бастатқан құрбандардың

кислі қаны алаулап тұрғанындай, Лияс Ессенберлиннің де қалам ізі сайрап жатыр.

Сонымен, «нанисламуистік, ұлтшылдық, феодалдық-кертартпалық» тұрғыдағы «Алдаспан», яғни, антологияның 1970 жылғы алғашқы басылымы талқандалды. Айқайдың үлкен, түйінді бір көрінісі – Баспаком коллегиясының арнайы мәжілісі турасында ғұмырбаяндық «Шытырман» романында жаздық. Сыртта тілектес көп. Қаны қызғандар да, төбелеске құлшынғандар да жеткілікті. Бірақ олар талқыға қатыстырылмады. Біз жалғыз қалдық. Ешкім ара түспеді. Коллегияға баспасөз төңірегіндегі мансапты біраз азамат шақырылған. Бәрі де үнсіз бұғып отырды. Бүгінгі, жау қашқан замандағы батыр, қауіпсіз заман қаһарманы Шерхан Мұртазасвқа арнайы өтініш жасап едім, «бізді қорғаманыз, ақтаманыз ежелгі мұраның халыққа қажеті туралы бір ауыз сөз айтыңыз» деп, аттап баспады. Бірақ күтпеген жерден Қалаубек Тұрсынқұлов сөйлеп, мұраға бұлай қарауға болмайды, халқымыздың ежелгі қазынасын жарыққа шығару керек деген жақсы лепес айтты; қорықса – осы Қалаубек ағам қорқуы керек еді, Баспаком бастығының көп орынбасарының бірі болып жаңа ғана келген, бізбен де, жүз таныстығы болмаса, сшқандай жақындығы жоқ, ол кезде жазушылығы және байқалмаған, бірақ зорлық жасалып отырғанын ашық айта алмаса да, ата мұраға жанашырлығын көрсетті, оған тіреліп тұрған жауап- кершілік жоқ еді, сойлеуі міндетті емес, әйтсе де бұғып қала алмады. Жан-жақтан қасқырдай талап жатқан жерде Қалаубек ағамның бір-ақ ауыз сөзі қаншалық медет болып еді.

Мен «Шытырманда» – «Алдаспан» оқиғасының бір орамын ерте қайырыппын. Баспаком коллегиясынан соң әуелгі қара дауыл – ЦК-ның идеологиялық хатшысы мен оған тиссілі екі бөлімнің ұсынысы – зиянды кітапты Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің бюросында арнайы талқылау турасындағы талабы тоқырады. Бірақ тоқтамапты. 1971 жылдың басында «Алдаспан» - II басылымы жарыққа шықты. Мінс, осы кезде мәселе қайта ушығыпты. Бюроға жетер, жетпес, ескі жыраулар мұрасын су түбіне біржола жіберу талабымен біздің туысқан ЦК екінші мәрте шабуылға аттанған. Баспадан шыққан,

«жөнделген» кітаптың өзін құрту мәселесі күн тәртібіне қойылыпты. Яғни, «Алдаспан» ауыр жараланса да, өлмей қалды, аяқ-қолы салдырап, қайта көтерілді. Илияс Есенберлин қағаз сөгіс алса да, орнында отыр, «Қаһар» аз болғандай, енді «Алмас қылыш» деген роман жазып бастырмақ. Мұхтар Мағауин «Жалынға» бекімісі қалса да, түрмеге түскен жоқ, әлі тірі, отызға жаңа келді, денсаулығы тәуір сияқты, өз бетімен өле қалмайды, енді қандай пәлелер табары белгісіз. Кітабымен, кісісімен, тұқым-тұяғы, түп-тамырымен түгел құрту керек еді. Басқалар тоқтағандай болды, алшауыт коммунист, рушыл идеолог Имашев тоқтай алмаған. Біз Ілексең скеуіміз қайтадан қатар түзеп, қайтпай ұрысарға бекіндік. Бұған дейінгі қарекет – қорғаныс, ақталу, түсіндіру, үпттеу, жұмсарту, икемге, тым құрса мәмлесе келу тарабында болған. Менің жазушылық архивімде «Алдаспан» оқиғасына қатысты барлық қолжазба, дерек-құжаттар жинақталған, сыртына «Операция «Долой «Алдаспан!» деп таңба басылған жуан бума пәпкі бар; «Шытырман» елден жырақта, Еуропаның қақ ортасы – Прагада жазылды, бұл роман-эссенің «Жазушының жаң азабы» деген анықтама тақырыбы тағы бар, яғни «Мен – жазушы» деген кітап, менің қаламгерлік қызметімнің, бүкіл ғұмырымның ұйтқысы – «Алдаспан» болды, өзім туралы қалай, қай тұрғыдан жазсам да, тастап кету мүмкін емес еді, бірақ ол жолы терсеңге бармағам, бажайлап айтпағам, алыста, Алматыда қалған ескі дерек, құжаттарды да керексімеген едім, ежелгі зиын, көңіл толқынымен жазып тастадым, енді, арада жыл өткенде, енгігімізді басып, күнделікті бырт-шырт шаруадан серпіліп, қаламға қайта көшкенде «ғылымдағы машақатқа» оралдық, тұтас бір ғұмыр – жиырма сегіз жыл бұрын өткен алмағайып, топалаң тартыстың бар тарабын жадымызда жаңғыртып, ескіріп, сарғаюға айналған бумадағы дерек-құжат қағаздарды ақтарғанда, өткен зобалаң оқиға ғана қайта тірілген жоқ, оны жаңа бір қырынан көріп, кеңінен байыптауға да мүмкіндік болған сияқты. Дінмұхамед Қонаевтың назарына дайындалған, бірақ әуелі Саттар Имашевтің алдына тартылған қатынас хатымыздың көшірмесін қайта қарап отырып, оның қандай

жағдайда, қалай жазылғанын есіме түсірдім. Майданның әуелгі жылы аяқталды, Бірінші

«Алдаспан» шәйіт болған, енді Екінші «Алдаспан» қатарға тұрған, осы соңғы басылымды қорғау қажетінен жазылыпты – 17 март, 1971 жыл. Жазған – мен, қол қойған – баспаның ресми бірінші басшысы Лияс Есенберлин. Қатынас қағаз Баспакомның 1970 жыл, 10-декабрьдегі, Бірінші «Алдаспан» талқыланған коллегия мәжілісіндегі қарсы баяндаманың тезистері негізінде жасалыпты. Мұнда «Алдаспанға» тағылған барлық айып тармақтары және соның әрқайсысына біздің қарымта жауабымыз түгел қамтылған. Жалғыз осы хат арқылы ғана бар жанжалдың түйінін тауға болар еді. Әлбетте, әр заманның өз тілі, әр жанрдың өз ерекшелігі бар. Бұл құжат – менің ғылыми немесе көркем шығармам.

Аталмыш екі кітап еліміз тәуелсіздікке қол жеткізген кезде кешегі кеңестік дәуірдің, күдіретті партияның, шовинистік пиғылдың, аз ұлттарға деген өктемдік саясат жүргізген кеңестік империяның бет-бейнесін айғыздап, шыңғырған шындықты жария еткен шығармалар екенін айрықша атағанымыз абзал.

Ш. Мұртазаның тәуелсіздік жылдары жарыққа шыққан «Ай мен Айша» романы мемуар деп аталмаса да, автордың (Барсхан) өзі мен анасы Айша туралы айтқан, сөйтін, отызыншы жылдардың басында туған ұрпақтың бастан кешкендерін баяндаған».

ҚОРЫТЫНДЫ

Мемуарлық шығармалардың басты нысанасы ретінде тарихи тұлға ғұмыры алынып, өмірлік шындықтың көркем бейнесін сомдаудағы нақты деректердің игерілу тәсілдері қарастырылып, бұл еңбекте ғұмырнама жанрының қазақ әдебиетінде даму бағытына тоқталдық. Зерттеу объектісі ретінде алынған Ә. Нұршайықовтың «Мен және менің замандастарым», М. Мағауиннің «Мен», Қ. Жұмаділовтің «Таңғажайып дүние» романдарындағы өмірлік деректің жанр талабына сай сомдалудағы ерекшеліктерін саралап оту мақсатында, оны екі тарауға бөліп қарастырдық.

«Ұлттық әдебиетімізде ғұмырнамалық (мемуарлық) жанрға жол салған С. Сейфуллиннің «Тар жол тайғақ кешу», С. Мұқановтың «Өмір мектебі», Ғ. Мұстафиннің «Көз көрген» романдары, Б. Момышұлының «Үшқан ұя» повесі қазақ мемуаристикасын қалыптастырған іргелі туындылар. Әдебиеттану ғылымында аталған шығармалардың жанрлық табиғаты, образдар жасау ерекшеліктері, стильдік сипаттары, психологизм проблемалары жан-жақты қарастырылған. Ғалымдар пікіріне ден қойсақ, бұл шығармалар бір жағынан қазақ әдебиетіндегі мемуаристика жанрын қалыптастырса, екінші жағынан өзінің көркем болмысымен жалпы қазақ романының өсу, өркендеу, көркемдік шебін алуға да ерекше ықпал еткен туындылар. Әдебиетте жаңа жанр туды, қалыптасты. Енді ол дәстүр түзбекке керек. Аталған шығармалардың дәстүрін іздегенде Ә. Нұршайықовтың, М. Мағауиннің, Қ. Жұмаділовтің ғұмырнамалық, яғни автобиографиялық романдарына ден қоямыз. Сол тұрғыда қазіргі қазақ әдебиетінде осы жанрдың бүгінгі жаңаша қалпын ғылыми-әдеби, теориялық тұрғыдан сараптау үшін, Ә. Нұршайықов, М. Мағауин, Қ. Жұмаділовтердің мемуарлық романдарын алдындағы мемуарлық шығармалармен салыстыра отырып талдау жасадық.

Мемуарлық шығарма автор өмір сүріп отырған қоғамда іргелі өзгеріс, тіпті саяси төңкеріс болып өткен соң, соның соңын ала туындайды екен. Айталық

С. Сейфуллиннің «Тар жол, тайғақ кешу», С. Мұқановтың «Өмір мектебі», Ғ. Мұстафиннің «Коз көрген» мемуарлық шығармаларының тууына XX ғасыр басындағы қоғамдық-саяси жағдай – 1917 жылғы Қазан төңкерісі, төңкерістен кейінгі қоғамдық өзгерістер, ел өміріндегі әлеуметтік жағдайдың басқа арнада дамуы ықпал еткен. «Тар жол, тайғақ кешу» – саяси күрес-көтерілістер ізі суымай тұрып, іле-шала жазылса, «Өмір мектебі», «Коз көрген» араға біраз уақыт салып барып жазылған. Ал, Ә. Нұршайықовтың «Мен және менің замандастарым», М. Мағауиннің «Мен», Қ. Жұмаділовтың «Таңғажайып дүние» аталатын тұмырнамалық романдарының тууына 1986 жылғы жағдай, қазақ елінің тәуелсіздігін алуы, жаңа қоғамның «өтпелі кезеңнен» сараланып отуы ықпал еткен-деп білеміз. Әрбір жазушы бір қоғамдық формациядан екінші қоғамдық формацияға елімен бірге өткенде екі дүниені өзара салыстырып ойланады, толғанады, көргендері мен көңілге түйгендерін елп-екшен, көркемдік жинақтауға түсіріп шығармада бейнелесуді ойлайды. Өзіге көркем туындылар секілді мемуар да солай өмірге келеді.

Зерттеу объектіміздегі үш романның да тұмырнамалық бағдары айқын. Автор-кейіпкерлері өз аузынан баяндалатын оқиғалар тізбесінен, өз өмірі мен өзі өмір сүрген қоғам шындығын өзара сабақтастырып, өзара байланыстырып суреттейді. Алайда, романда бейнеленген өмірлік материалдарының бастау арналары, даму, өрістеу, шарықтау, түюлеуі әр түрлі болып келеді. Мәселен, Ә. Нұршайықовтың «Мен және менің замандастарым» шығармасын өзінің баянсыз балалық шағынан басталмайды, көз көрген ұлы жазушылармен болған қарым-қатынасы туралы жазады. М. Мағауиннің бұл тұрғыдағы ұстанымы тіптен басқаша. Жазушы өз өмірінен гөрі, қоғам ғылым, шығармашылық мәселелерінің тек жеке басына қатысты тұстарын атап, өмірдің өзінен алып бейнелейді. Суреткер Қ. Жұмаділовтің өміріндегі алып екі империяның тұсындағы аламан өмірдің шындығын көркемдікпен игеруге дәйекті, деректі бұрын-соңды әдебиетте аз көрінген сюжетті қызықты баяндаумен ерекшеленеді.

Ғұмырнамалық жанрдың үрдіс алып дамуын зерттеудегі маңызды факторларды анықтаған соң, мемуарлық шығармалардағы кейіпкер танымы мен тағдыры арақатынасын біз осылай анықтадық.

Жалпы, Ә. Нұршайықов, М. Мағауин, Қ. Жұмаділовтердің ғұмыр намаларының композицияларда айтарлықтай айырмашылықтар барын көрсеттік. Ә. Нұршайықов әр жылдары түртіп отырған қойын дәптеріне сүйенсе отырып, өткенді еске алады. Автор-кейіпкер қоғаммен адамның арасындағы рухани, тарихи шындықтың, өткеннің болашаққа қажет деген тұстарын алады. Бұл турасында Ә. Нұршайықов, М. Әуезов, Ғ. Мүсірепов, Ғ. Мұстафин, С. Мұқанов, және т.б. сынды тарихи тұлғалар араларындағы қарым-қатынастың тарихы мен ғылымы үшін керекті естеліктердің деректі негізгі баяндауы басым келеді. Автор-кейіпкер қолданған бұл әдіс ғұмырнама жанрына үйлесімді. Негізінен, автор-кейіпкердің айғақ ретінде сүйенері-өзі жазған күнделіктер мен өлеңдері, ғылыми мақалалары болып келеді. Автор оларды кейде тұтас, кейде бөліп алып қолданады. Сондай-ақ, кейбір оқиғаларға ретроспективалық тәсілдерді қолдану арқылы өткенді көз алдынан өткізе отырып, кешегі шындықты бүгінгі күн тұрғысынан бейнелеу де кездеседі.

Тап осылай тәжірибелік ой-пікірлермен бөлісу Қ. Жұмаділов шығармасының соңғы беттерінде белерлі бейнеленді. Қ. Жұмаділов ғұмырнама жазуда алдыңғы екі жазушы сияқты нақты дерек ретінде күнделікті ізбен жүріп отырмайды. Негізінен, жазушы өзінің сан жылдарғы сарабдал санасына сүйенді. Шығармасының тарихылығы басым болып келетін жазушы өмірінің ең бір қилы кезеңдерін бейнелеуге күш салды. Бірыңғай хронологиялық жүйемен жүрмесе де, жазушы сәбилік, жастық, ағалық шақтарында бастан кешірген ғұмырды өз атынан дәлелді оқиғалар келтірумен сомдайды. Қытай жеріндегі қуғын-сүргін басталған өмір жолының қазақ жеріндегі жалғасын тұтас таныту үшін, қаламгер ғұмырнамасында көркемдікті игеру жағы басым түсіп жатады. Ол кейде Қытай еншісінде кеткен Шығыс Түркістан табиғатын әсем пейзажбен бейнелеп, баяндалар оқиғаға экспозиция ретінде ұсынса, адам

бейнесін тура әлі көркем етіп жеткізу үшін портретті беру арқылы мінездік тұлғаларға ұластырып отырады. Бұлайша оқиғаны айғақты, деректі сомдау автор-кейіпкердің суреткерлік шеберлігін анық танытады. Қазақ қауымына аса таныс емес, Қытай жерінде өмір кешкен тарихи тұлғаның өмірін де осы Қ. Жұмаділов ғұмырнамасынан танып біледі. Барынша өмірлік материалдар негізінде жазылған шығармалар қазақ әдебиетіндегі ғұмырнамалық жанрдың табиғаты мен болмыс бітімін таныту да озық үлгілердің қатарынан санауға келердей. Автор-кейіпкерлер өмірлік деректер негізінен жүріп отырғанымен, олар жалпы бұл деректерді сомдалар шақтың негізгі көзі ретінде пайдаланады. Қазақ әдебиетіндегі ғұмырнамалар көбіне жеке тарихи тұлғаның өткен өмірін бейнелейтіндіктен, олардың, орыс ғалымы Г. Винокур айтқандай, «тарихи мәтіні» басым болып келуі кездесуі заңды да. Дегенмен, көркем-ғұмырнамада бейнелестірілген тарихи оқиғаларда автор-кейіпкерлердің көркем әрі шынайы характерін ашатын тұстары ғана бөлініп алынады. Зерттеліп отырған прозаның тағы бір ерекшелігі кейіпкерлер нақты өмірде болған, тұлғалы жан болуы есепті бұл шығармалардың деректілік, құжаттық айғақтары негізді болып келеді. Автор-кейіпкер үшін ең басты мәселе, бұл тұрғыда, шығармашылық процестің материалдарын жинау, еске түсіру, сұрыптау. Оған ары да қаламгер жұмысы ауырлай түседі. Ендігі жерде шығарманың жүзге асуы процесінде қажетті эстетикалық таным тұрады. Өмірде білу, көру, бастан өткеру бұл ғұмырнаманың бір жағы болса, сол дайын айтылған, деректі дүниені көркемдік танымға айналдыру – ең күрделі тұсы. Ғұмырбаяндық шығармалар айғақтықты, дәлдікті, өмірлікті талап етеді, бұл шығарманың құжаттылығын жоққа шығармайды. Осы тұрғыдан келсек, ғұмырнамалар тек әдеби көркем туынды ғана емес, деректі көркем дүние де болып табылады. Олай болған күнде ғұмырнамалық көркем шығарманы деректі көркем шығармадан бөліп тұратын басты құрылым бұл екеуінің арасындағы танымдық және эстетикалық мүмкіндіктерге байланысты болса керек. Нақты өмірдің өзінсіз алынғандықтан, Ә. Нұршайықов, М. Мағауин, Қ. Жұмаділов шығармаларында көркем қиял

жоғары мәнге ие емес. Жазушылардың кейбір өткен оқиғаларды бейнелеуде айтылар пікір, ойларына қарай көркем-шынайы болжамдардың ара-кідік кездесуі заңды да. Тарих және тарихи тұлғалар мен оқиғалардың автор-кейіпкерлер ғұмырларына қатысты тұстары ғана алынып отырғандықтан, қаламгерлер бұл мәселерге аса сақтық және ыждағаттылықпен қарайды. Көркем туындылар стилінде баяндаудың қызметі жоғары болып келеді. Себебі оқиғаны бастан өткерген автор-кейіпкерлер бірінші жақта өз атынан баяндаса, кейде сол оқиғаның ортасында жүріп бейнелеуі де ұшырасады. Біз қарастырған ғұмырнамаларда өмірлік шындықтың көркемдік шешімін беруде авторлар психологиялық талдаудың түрлі әдіс-тәсілдерін қолдануы кездеседі. Өмірде болған тарихи тұлғалар бейнесінің көркемдік бейнесіне бару үшін, олар кейіпкерлердің ішкі жан-дүниесіне снуге ұмытылады. Өздері бастан кешірген оқиғаларға қатысты кейіпкердің портреттік сөйлеу, іс-әрекеттері арқылы бейнелеп, деректіктен арылып, көркемдікке үйлестіреді.

Қолданылатын тәсілдер көркем ғұмырнамада авторға жекелей жүк артады, автордың стилі, шығармашылық ұстанымы, таланты да тікелей соған қатысты.

Алғы тарауларда нысандағы үш ғұмырнамалық шығарманы жанрына, табиғатына қарай талдай келе:

–ғұмырнамалық шығармалар қоғам өмірінде белгілі бір дүмпулер болып өткен соң, сол қоғамдық өзгерістерді талдау нистімен жазылады.

–өмір шындығы ғұмырнамалық шығармада жанр табиғатына орай көбінекей шыншыл қалпында беріледі. Бірақ, оған қарап ғұмырнамалық шығармада автор көркемдік жинақтауға бармайды деген ұғым тумасқа керек.

–ғұмырнамалық шығармада кейіпкер мен автор өмірінің параллелі бар. Алайда, мемуарист автор өз туындысында өз өмірінің басынан түсіп аяғына дейін өзгеріссіз сипаттай береді деген ұғым тұмауы керек. Ғұмырнамалық шығарма әдебиетте жасалатын образ да алып-қосуларды қажетсінеді. «Ойдан шығарусыз – образ жоқ» (З. Қабдол.);

–ғұмырнамалық шығарма автор өмірі шындығына бейімделгенімен онда қоғамдық құбылыстар, әлеуметтік-саяси құйылыстар көрініс табады;

–ғұмырнамалық туындыда автор-кейіпкер параллелді жүретіндіктен, ғұмырнамалық шығарма жазушының (автордың) шығармашылық шеберханасы ретінде де көрінеді. Ғұмырнама – жазушының шығармашылық құпиясының кілті.

Ә. Нұршайықов, М. Мағауин, Қ. Жұмаділовтер ғұмырбаяндық шығарма жазуда қазақ ұлттық мемуары мен Еуропа, Ресей шығармагерлерінің дәстүрлі жолдарынан зор хабарлары бар екенін танытты және өздері жазған шығармаларында осы игі дәстүрді онан әрі жалғастыра түсті. Әрқайсысы, мәселен, Ә. Нұршайықов «Мен және менің замандастарым» арқылы естелік айтудың ғұмырнама үшін көркемдік маңыздылығын көрсетсе, М. Мағауин өз ғұмырын арқау ете отырып, жазушылық таланттың көркемдік танымының пәлсафасы мен болмысының ерекшеліктерін өз тәжірибесімен танытса,

Қ. Жұмаділов ғұмырнама үшін тарихи танымның көркемдікпен игерілуіндегі қаламгерлік идея мен тақырыптың мән-маңызын ашты. Зерттей келе зерделегеніміз, ғұмырнамалық роман тәуелсіз ұлттық әдебиетіміздің көркем-эстетикалық әлемінің көкжиегін кеңейтіп, тарихи танымымызды терсіндетіп, әдеби көзқарасымыздың біліктілігін дамытуға зор үлес қосып, әдебиеттану ғылымындағы жанрлық осуге мол мүмкіндік беретінін көреміз.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

1. Тұрағұлдың айтқандары // Абай, 1992, №2
2. Дулатов М. // Қазақ, 1914
3. Хан Абылай // Айқап, 1912
4. Қонасов Д. О моем времени (қазақ тілінде «Өтті дәурен осылай»). Воспоминания. А., Дәуір, 1992
5. Кәкішев Т., Ахмет К. Сәбит Мұқанов: Әдеби-ғылыми ғұмырнама. А., 2005
6. Кәкішев Т. Ескермейді естелік. А.: Жазушы, 1994
7. Моруа А. Прометей, или жизнь Бальзака. М., 1971
8. Бахтин М. Вопросы литературы и эстетики // XV, М., 1975
9. Керен А. Воспоминания. Дневники. Переписка. М., 1989
10. Жуков Г. Воспоминания и размышления. М., 1971
11. Василевский А. Дело всей жизни. М., 1979
12. Уәлиханов Ш. Собр. соч. в 5т. А., 1984 – 1985
13. Әуезов М. Шығармалар жинағы. 50 томдық. А., 1997 – 2010
14. Жұбанов А. Құрманғазы. А., 1960
15. Сейфуллин С. Тар жол, тайғақ кешу. А., 1927
16. Мұқанов С. Өмір мектебі. А., 1930 – 1964
17. Көбесов С. Орындалған арман. А., 1951
18. Мұстафин Ғ. Көз көрген. А., 1963
19. Мүсірпов Ғ. Күнделік. А., 1997
20. Бөкстев Е. Жас Қаныш. А., 1972
21. Жұмалиев Қ. Жайсан жандар. А., 1969
22. Нұршайықов Ә. Әскери күнделік. А., 2016; Мәңгілік махаббат жыры
23. Тәжібаев Ә. Ойлар, толғаныстар. А., 1977
24. Талжанов С. Өткен күндер сөйлесіді. А., 1979
25. Есенберлин І. Ойлар, баяндамалар, күнделіктер, хаттар. А., 2015
26. Қирабаев С. Өмір тағылымдары. А., 2007
27. Есенберлин І. Жан сырым. А., 2001
28. Мағауин М. Мен. А., 1998
29. Жұмаділов Қ. Таңғажайып дүнис. А., 1998
30. Ысқақов Қ. Келмес күндер елесі. Астана, 2013
31. Ерғалиев Х. Ғұмырнама. А., 1996

32. Досжан Д. Алыптың азабы. А., 1997
33. Шәкәрімұлы А. Әкем туралы жазбалар. // Жұлдыз, 1993, №6
34. Мұртаза Ш. Ай мен Айша. Астана, 2000
35. Қабдолов З. Күнделіктер. А., 2000
36. Елсуксенов Ш. Шығармалары. 1-т. Астана, 2000
37. Байсейітов Қ. Құштар көңіл. А., 1989
38. Дулатова Г. Алаштың сонбес жұлдыздары. А., 2012;
Шындық шырағы. Ескі кітап. А., 1998
39. Ахмедов Г. Тағы да шығармалар жинағы. 2-т. А., 2005
40. Тілегенов Б. Тұйық өмірдің құпиясы, Алматы, 2012

Хамзин Мәуси

Қазақ мемуарлық романы

Оқу құралы

**Подписано в печать 5.12.2016 г. Формат 60x84 1/16.
Бумага офсетная. Печать офсетная. Объем 15 п.л.
Заказ № 543. Тираж 600 экз. Цена договорная.
Отпечатано в ТОО «Типография Арко»,
г. Караганда, ул. Сатпаева, 15.**

